

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 39; 069 (574) (043)

Қолжазба құқығында

ЕРМЕКБАЕВА АЙНУР ШОКАНОВНА

**Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы,
ғылыми-танымдық маңызы**

8D02205 – Археология және этнология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының кандидаты,
профессор
Нұрсан Әлімбай

Шетелдік ғылыми кеңесші
Хаджи Байрам Вели
Университетінің профессоры, PhD
Еврим Олчер Озунел

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 МУЗЕЙЛЕРДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚОРДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ	
1.1 Этнографиялық коллекцияның қорда жинақталу үрдісі: бастаулары, бағыттары, құрамы, географиясы.....	22
1.2 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің ұйымдық негізінің және тарихи-этнографиялық құндылықтарының алғашқы қорының қалыптасуы.....	35
2 ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ТІРШІЛІКҚАМЫ ЖҮЙЕСІ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ КОЛЛЕКЦИЯСЫ: САҚТАЛУ КҮЙІ МЕН ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
2.1 Тұрғын үй: типтері, құрамдас бөліктері, жиһаз.....	49
2.2 Киім-кешек кешені.....	59
2.3 Ыдыс-аяқтар жүйесі және ас тағамға қатысты материал.....	70
3 ҚОЛӨНЕР, АТ-ӘБЗЕЛ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ІС БОЙЫНША ЖИНАҚТАЛҒАН МУЗЕЙЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ.....	
3.1 Қолөнер бұйымдары.....	76
3.2 Ат-әбзелдер түрлері, олардың қызметі.....	85
3.3 Қару-жарақтар коллекциясы.....	92
3.4 Музыкалық аспаптар қоры.....	98
4 ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯНЫҢ ЭКСПОЗИЦИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛІНУІ	
4.1 Этнографиялық құндылықтардың экспозициялануы, халықаралық және республикалық көрмелерде дәріптелінуі.....	103
4.2 Этнографиялық артефактілерді ғылыми паспорттау, каталогтау және арнайы зерттеу мәселелері	112
4.3 Қалалық, өңірлік және қорық музейлердегі сирек кездесетін этнографиялық артефактілер	119
ҚОРЫТЫНДЫ.....	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	135
ҚОСЫМША А - Қазақстан Республикасы музейлерінің түрлері бойынша бөлінуі.....	153
ҚОСЫМША Ә - Тұрғын үй типтері.....	154
ҚОСЫМША Б - Кілем композициясың негізгі элементтері.....	157
ҚОСЫМША В - Қалалық, өңірлік және қорық музейлердегі сирек кездесетін этнографиялық артефактілер.....	158

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ұлттық музей	– Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Орталық музей	– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі
Өнер музейі	– Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер музейі
ҚазССР ҒА	– ҚазССР Ғылым академиясы
МАЭ РАН	– Ресей Ғылым академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера)
РЭМ	– Ресей этнографиялық музейі
ҚР ОМА	– Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві
КП	– Түсім кітабы (книга поступлений)
НҚТ	– негізгі қор түсімдері
ҚҚТ	– қосымша қор түсімдері
ЖМСКМ	– «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі
НҚ	– негізгі қор
ТК	– түсім кітабы

КІРІСПЕ

Жалпы сипаттама. Диссертациялық жұмыста Қазақстан музейлеріндегі қазақ халқына қатысты этнографиялық коллекциялардың құрамы, жинақталу тарихы мен үрдісі, типологиясы және ғылыми-танымдық маңызы зерттелінеді. Зерттеудің деректік негізін отандық музейлер, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі (Ұлттық музей), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (Орталық музей), сондай-ақ аймақтық тарихи-өлкетану музейлерінің этнографиялық коллекциясы құрайды. Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің нысаны болып отырған еліміздегі музейлердің этнографиялық коллекциясына қатысты төмендегідей кейбір мәселелерді дәйектеудің қажеттілігі туындайды. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2023 жылғы мәліметі бойынша республикадағы музейлердің жалпы саны 275-ке жетті [1]. Олардың ішінде 48 тарихи, 112 өлкетану, 65 мемориалдық, 4 табиғи-ғылыми, 12 өнертану, 14 қорық-музейлер және 20 музей басқа бағыттарда қызмет атқарады (қосымша А). Қарастырылып отырған тақырыптың проблематикалық диапазоны, деректік базасы, зерттеу методологиясы және зерттелуі тұрғысынан екі ғасырға жуық тарихы бар еліміздегі ең көне музейлердің бірі Орталық музей мен Ұлттық музей қорларындағы тарихи-этнографиялық артефактілердің орны мен ғылыми-танымдық тағылымы ерекше екендігі түсінікті жайт болса керек. Сонымен бірге диссертациялық жұмыста әр облыстағы тарихи-өлкетану музейлер қоры да зерттеу нысаны болды. Этноартефактілерді осындай аймақтық-территориялық принцип бойынша қарастыру, біріншіден, тиісті музейлік құндылықтарды аймақтық деңгейде өзара салыстыра зерттеуге әрі оларды аталған екі ірі республикалық музей коллекцияларындағы тиісті артефактілермен өзара типологиялық шендестіре қарастыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде артефактілердің аймақтық ерекшеліктері ғылыми негізделіп анықталды. Екіншіден, олардың сақталу күйі, зерттелу және дәріптелу деңгейі сынды өзекті мәселелер де зерделенілді.

Осы ретте, әсіресе Орталық музей екі ғасырға жуық жинақталған ерекше бай қорының диссертациялық зерттеудің басты деректік негіздемесі болғандығын ерекше атап өткен жөн. Өйткені бұл музей қорында, біріншіден, республиканың өзге музейлеріндегі тиісті артефактілердің барлығының аналогтері және осыларда кездесе бермейтін бірегей үлгілері сақталып отыр. Екіншіден, басқа музейлердегі тарихи-этнографиялық құндылықтарға қарағанда Орталық музей қорындағы тиісті артефактілердің камералық өңдеу және ғылыми паспортталу деңгейі әжептәуір сапалы. Осыған байланысты, үшіншіден, олардың басым көпшілігі ғылыми каталог форматында да, академиялық ғылыми мақалалар түрінде де жүйелі зерттелген әрі сақталу күйі де біршама жақсы деуге болады [2-9]. Төртіншіден, жоғарыда айтылғандай, артефактілердің (музейдегі басқа да археологиялық, нумизматикалық, визуалдық, қолжазба-нарративтік сынды және тағы басқа да сан

алуан құндылықтардың да) камералық өңделуінің, паспортталуының әрі дәріптелуінің жоғары деңгейі олардың ең көрнектілерін көптеген тарихи-этнографиялық зерттеулерге дерек ретінде де тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Әсіресе Орталық музей коллекциясының (әлбетте отандық және ресейлік басқа музейлердегі де) белгілі «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты аса көлемді бес томдық ғылыми энциклопедияның деректік негізі негіздемесі болғандығы ерекше атап өткеніміз лазым [10-14]. Бесіншіден, аталмыш құндылықтардың көптеген көрнекті үлгілері республикалық қана емес, халықаралық деңгейде шет елдерде, соның ішінде АҚШ және Еуропаның біраз мемлекеттерінде арнайы көрмелер және оның аясында ұйымдастырылған ғылыми конференциялар түрінде жақсы дәріптелінді [15-16]. Орталық музейінің этнографиялық коллекциясының танымалдылығы да, әсіресе ғылыми-танымдық репрезентативтілігі өте жоғары десек асырып айтқандық болмайды. Осы жайттарға байланысты Орталық музей қорындағы этнографиялық артефактілер ұсынылып отырған зерттеудің нысаны әрі пәні ғана емес, сонымен бірге басқа отандық музейлердегі тиісті құндылықтарды зерделеу барысында типологиялық паралельдер ретінде пайдаланудың үлгілі негіздемесі ролін атқарды. Диссертациялық зерттеу кезеңінде Орталық музейдегі этнографиялық құндылықтардың ғылыми айналысқа енгізілген сипаттамасы басқа музейлердегі тиісті артефактілерді зерделеу барысында әдістемелік бағдарлама функциясын атқарды. Өңір музейлердегі тарихи-этнографиялық құндылықтарды зерттеу Орталық музей қорындағы этнографиялық коллекцияның негізінде жүргізіле отырып, аймақтық ерекшелікті айғақтайтын артефактілерді анықтау басты назарда ұсталды. Орталық музей қорының негізінде аймақтық музейлердегі тиісті артефактілердің құрамы мен типологиялық ерекшеліктері анықталды. Мұндай ұстаным сөз болып отырған этноартефактілерді методологиялық, әдістемелік деңгейде жүйелі әрі жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді.

Тақырыптың өзектілігі. Диссертацияда сөз болып отырған проблеманың ғылыми-танымдық және ғылыми-іс-тәжірибелік (практикалық) маңызын, өзектілігін бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы төмендегі жайттармен негіздеу болады. Ең алдымен, музейдегі тарихи құндылықтар, соның ішінде, әлбетте этнографиялық артефактілер, басқа да музейлік мәнді бұйымдар сынды, сақтаудың және дәріптеудің нысаны әрі көрнекі «құралы» ретінде ғана емес, музейлік деректану, этнология ғылымының деректік базасы, тарихи дереккөз нысаны ретінде де өте маңызды ақпарат береді. Өйткені музей жинақтары сан алуан, сан қырлы ақпарат түзілген қор болып табылады. Сондықтан да тарихи-мәдени (этнографиялық) құндылықтарды сақтау, ғылыми атрибуцияларын жасап, каталогтау осының негізінде олардағы танымдық тағылымды ақпаратты анықтау және әрі тиісті тақырыптық-проблемалық принцип арқылы зерттеу жолымен ғылыми айналымға енгізу – отандық тарихнамадағы іргелі әрі ғылыми-қолданбалы зерттеу бағыттарының бірі. Әсіресе, дәстүрлі мәдениеттің құндылықтары, соның

ішінде музейлік артефактілер халықтың күнделікті қолданысынан шығып кеткендігіне байланысты олардың маңыздылығы одан әрі еселене түспек.

Расында да этнографиялық музейлік коллекция ұлттық тарих пен мәдениетті зерттеуге байланысты қолданылатын жазба, мұрағаттық, баспасөз, фольклорлық, этнолингвистикалық, тарихи-нарративтік, тіпті археологиялық сынды сан алуан деректер корпусында өзінің визуалды көрнекілігімен де, ақпараттық репрезентативтілігімен де (тарихи нақтылығымен, танымдық ақиқаттылығымен, нанымдылығымен және т.б.) дараланады. Тарихи-этнографиялық дерек атаулының ерекше категориясына жататын этноартефактілердің әсіресе этнология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, когнитивтік антропология, әлбетте тарих ғылымы, тіпті фольклортану мен этнолингвистика сынды ғылым салаларының іс-тәжірибесінде де айырықша бағаланатындығы сондықтан.

Екіншіден, ұлттық құндылықты дәріптеу, әсіресе халықаралық деңгейде де насихаттау ісінде музейлік этноартефактілер, жоғарыда айтылғандай, өздерінің көрнекілігімен және тарихи-этнографиялық репрезентативтілігімен ерекшеленетіндіктен басты рөл атқарады. Мұны, мысалы, еліміздегі соңғы он жылдың ішінде республикалық, ішінара болса да, облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің алыс-жақын шет елдердегі көрмелері мен осы іс-шаралардың аясында ұйымдастырылған ғылыми форумдары айғақтайды [17, 18].

Сонымен қатар, этнографиялық коллекцияларды музей қорларында жинақтау, зерттеу және оларды жасақтаудың қажеттілігін оның ғылыми-танымдық маңызы тұрғысынан ғана емес, қазіргі кезеңде еліміздегі қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси тыныс-тіршілігінің контекстісі жағынан да түсіндіруге болады. Мәселе қазіргі кезеңде социумның барлық салалары мен деңгейлерін жаппай қамти бастаған цифрландырудың нәтижесінде мүлдем шайылып кету күйін кешкен ұлттық мәдени дәстүрді сақтап қалу ісіндегі тарихи-мәдени құндылықтардың, соның ішінде, әсіресе музейлік артефактілердің өлшеусіз орны мен қызметі жөнінде болып отыр. Шынтуайтында, қазіргі жаһандану кезеңінде отандық музейлердегі құндылықтар атаулы қазақ этносының тарихи-мәдени дәстүрін көрнекілікпен дәріптеудің ең тиімді «құралы» функциясын атқарып отыр десек асырып айтқандық болмайды. Бұл жайт диссертациялық зерттеудің өзектілігінің ғылыми-қолданбалы, ғылыми-іс-тәжірибелік (ғылыми-практикалық) қырын да айқын айғақтаса керек.

Сонымен бірге диссертациядағы зерттеліп, анықталған көптеген музейлік этноартефактілердің қазіргі жай-күйі оларды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыруға материалдық-техникалық, технологиялық және ғылыми тұрғыдан қазірден бастап қам жасауға негіз әрі негіздеме бола алады. Ұсынылып отырған диссертацияның ғылыми-қолданбалы тағы бір маңызы да осында.

Сондай-ақ отандық музейлер қорларындағы және экспозицияларындағы этнографиялық артефактілер күні бүгінге дейін диссертациялық деңгейде арнайы зерттеудің нысаны болған емес. Рас, Қазақстан музейлері бойынша музей

қорындағы коллекцияларға байланысты диссертациялық зерттеу саласында шағын болса да іс-тәжірибе жинақталды. Бұл тұста Солтүстік және Шығыс Қазақстан музейлеріндегі палеонтологиялық коллекцияларына арналған диссертациялық жұмыс жөнінде болып отыр [19]. Аталмыш диссертацияның ұсынылып отырған диссертациялық зерттеуге проблемалық-тақырыптық тұрғыдан еш қатысы болмаса да, оның палеонтологиялық артефактілерді зерттеу барысындағы іс-тәжірибесі методикалық тұрғыдан ескерілді.

Зерттеліп отырған тақырып тікелей музейтану мен этнографияның шендескен пәнаралық байланысы қарастырылады. Ғылымда «этнографиялық музейтану» деген ұғым бар. Осы саланың көрнекті маманы ресейлік ғалым Т.В. Станюковичтың берген анықтамасы бойынша, этнографиялық музейтану этнология ғылымымен тығыз байланысты болса да, ең алдымен музейтану ғылымының бір саласы болып табылады [20, с. 111]. Ол – теориялық, сондай-ақ практикалық мәселелерді зерттейтін этнографиялық «қосалқы» пән. Этнографиялық музейтану этнографиялық коллекциялардың (дәстүрлі мәдениет пен қазіргі заман бойынша) қорда жинақталу тарихын, ғылыми құжаттандыру әдісін, музейлік экспозициялау принципін, оларды каталогтау мен ғылыми әдебиеттерде жариялануын, типологиясы және этнографиялық музейлер тарихын, музей экспозиция принциптерін тікелей зерттеумен айналысады. Зерттеу барысында аталмыш ғылыми жайттарды ескеру және диссертациядағы әрбір мәселені осы жайттардың контекстісі мен логикасы тұрғысынан саралау жұмыстың мақсаты мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осы ретте ескерер бірер мәселе – этнографиялық музейтануға қатысты Қазақстан ғалымдары ғылыми мақалалар жариялап жүргенімен, бұл тақырып елімізде кешенді зерттелмеген салаға жатады. Бұл жайтты да ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігін айшықтай түсетін тағы бір аспект ретінде қарастыруға болады.

Зерттеудің жұмысының нысаны – отандық музейлер қорларында жинақталған және қалың көпшілік үшін экспозицияланып әрі ғылыми ортада зерттелініп отырған этнографиялық артефактілер коллекциясы.

Зерттеу пәні – Қазақстан музейлеріндегі, соның ішінде Орталық музей, Ұлттық музей және аймақтық тарихи-өлкетану музейлерінде сақталған қазақ этносының тарихы мен мәдениетін әр қырынан сипаттайтын этнографиялық құндылықтардың қорда жинақталу тарихы, құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық және ғылыми қолданбалы маңызы зерттеу жұмысының пәні болып табылады.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың басты мақсаты – Қазақстан музейлерінде сақталып отырған этнографиялық коллекцияның қалыптасу үрдісін, құрамын, ауқымын, жай-күйін, дәріптелу деңгейін анықтау, зерделеу және оларды қазіргі таңдағы этномәдени мұраны сақтау мен зерттеудің маңыздылығын негіздеу тұрғысынан қарастыру.

Жоғарыда көрсетілген мақсатты орындау үшін төмендегідей мәселелердің

ғылыми шешімін негіздеу міндеттері қойылды.

1. Этнографиялық коллекцияның ауқымын, құрамын және оның қорда жинақталу үрдісін зерттеу;

2. Отандық музей қорларының қалыптасу ерекшеліктері мен дамуының тарихи және әлеуметтік-мәдени алғышарттарын (контекстісін) талдау;

3. Этнографиялық коллекциялардың құрамын және қалыптасу үрдісін аймақтық, хронологиялық және тақырыптық-проблемалық қағидалар бойынша қарастыру;

4. Этнографиялық құндылықтардың экспозициялануы, халықаралық және республикалық көрмелерде дәріптелуінің тарихи кезеңдері және қазіргі жай-күйін зерттеу;

5. Этнографиялық артефактілерді ғылыми паспорттау, каталогтау және ғылыми зерттеу бағыттарына салыстырмалы зерттеу жүргізу.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Ең алғаш музей қазақ өлкесінде XIX ғасырдың 30 жылдары пайда болғанымен, отандық музей ісі тәуелсіздік жылдарына дейін арнайы зерттеу нысаны болған емес. Алайда бұл ғалымдардың музей ісіне көңіл бөлмеді деген сөз емес. Совет дәуірі кезеңінде отан тарихын зерттеушілер музей ісі және оның қызметін мемлекеттің даму контекстінде қарастырды. Әсіресе, музейлердің пайда болуы, оның тарихы және дамуы әр түрлі тарихи кезеңдерге байланысты мәдениет тарихының құрамдас аспектілері ретінде зерттелінді. Бұл мәселе төңірегінде әр кезеңде жарық көрген еңбектер баршылық. Тәуелсіздік кезеңіне дейін одақтық деңгейде жарық көрген еңбектердің басым көпшілігі теориялық және методикалық сипатта жазылған. Бұл топқа жалпы этнографиялық музейтануға қатысты жазылған зерттеулер, соның ішінде «этнографиялық музейтану», «этнографиялық коллекция», «этнографиялық бұйым», «музейлік мәнді бұйым» және оларды зерттеу, теориялық, әдіснамалық бағытында жазылған еңбектерді жатқызуға болады. Бұл диссертациялық жұмыстың теориялық және методологиялық бағытын айқындауға әрі негіздеуге мүмкіндік берді.

1978 жылы этнографиялық музейтану тарихы саласындағы ең көрнекті мамандардың бірі Т.В. Станюковичтің монографиясы жарық көрді [21]. Бұл зерттеуде автор Ресей Ғылым академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (Кунсткамера) негізінде музей қорының қалыптасуы, яғни этнография ғылымының материалдық базасының негізі болған коллекциялардың жинақталу тарихына тоқталған. Сондай-ақ автор Кунсткамера музейі мысалында этнографиялық зерттеудің пәні мен әдіснамасын қалыптастыру жолдарын, сонымен қатар этнографиялық музейдің этнографиялық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау сияқты мәселелерді көтеріп қана қоймай, оларды дендеп зерделейді.

1987 жылы В.А. Дмитриев, Н.М. Калашникованың «О принципах комплектования этнографических экспонатов на современном этапе» деген мақаласы жарық көрді [22]. Мақалада «этнографиялық бұйым», «музейлік бұйым» терминдері негізінде «этнографиялық экспонат» деген музейлік этнография ғылым

саласындағы іргелі ұғымның мәнін оның үш параметрлері бойынша анықтайды. Сөйтіп музейлерде этнографиялық экспозицияны жасақтаудың, мысалы, экспонаттарды тақырыптық-проблемалық немесе хронологиялық принциптер бойынша жинақтауға негізделудің қажеттілігіне байланысты методикалық мәселелерге арнайы тоқталады.

1987 жылы жарияланған «Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников» атты жинақта А.В. Коновалов пен Е.Я. Тимофееваның «Понятие этнографический предмет» атты мақаласы жарық көрді [23]. Авторлар аталмыш еңбекте «этнографиялық бұйым» ұғымына этнография ғылымының нысаны мен оның зерттеу пәні ауқымында, сондай-ақ этнографиялық мәтін категорияларына сүйене отырып анықтама беруді мақсат етіп қойған. Осылайша зерттеушілер жоғарыда көрсетілген ұстанымға сәйкес «этнографиялық бұйым» термині дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің этникалық көріністері туралы ақпаратты қамтитын материалдық заттарды білдіретін ұғым болып табылады деген қорытындыға келеді.

Сондай-ақ аталмыш жинақтағы этнографиялық бұйымдардың музейлерде коллекциялық кешен ретінде жинақталуы, оларды, атрибуция, типологиялық классификация бойынша жіктеу және жүйелі зерттеу мәселелері бойынша Е.Н. Котова [24], Э.Г. Торчинская [25], Э.А. Корсун [26], Н.И. Ивановская [27], О.М. Фишман [28] және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерін атап өту қажет.

Этнография бойынша коллекциялық материалдарды іріктеу принциптері мен әдістемесі, этнографиялық коллекциялардың ғылыми сипаттамасын жасау, оларды паспорттау және каталогтау мәселелері Т.В. Станюкович, К.В. Чистов [29] және О.М. Фишманның [30, 31] мақалаларында айтылады. Ескерер жайт, аталмыш методикалық мәселелер бұл зерттеулерде совет дәуіріндегі Ресейдегі ірі музейлер материалдары негізінде қарастырылады. Бұл және осы құралыптас басқа да зерттеулердің мақсат-мүддесі мен логикасы тұрғысынан оларда отандық музей мәселелері қарастырылмағандығы түсінікті жайт болса керек. Яғни диссертациядағы қаузалып отырған мәселелер отандық музейтану мен тарихнамада күні бүгінге дейін қалыс қалып отырған тың проблемалардың қатарына жатады.

Келесі екінші топқа отандық музей ісі мен оның қалыптасу тарихына байланысты жазылған еңбектерді жатқызуға болады. Олардың ішінен, әсіресе Қазақстанның мәдени даму тарихы және теориялық мәселелерін зерттеуге үлкен үлес қосқан академик Р.Б. Сүлейменовтің және тағы басқа авторлардың еңбектерін атаған ләзім [32-34]. Бұл зерттеулер – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ұжымдық шаруашылыққа біріктіру, «көшпелі тіршілік салтынан социализмге ұлы секіріс жасау» деп аталатын қазақ халқын тарихи трагедияға алып келген үдеріс жағдайындағы мәдени құрылыстың жалпы және арнайы аспектілеріне арналған туындылар. Алайда, тарихи процестің маркстік-лениндік концепциясының рухында жазылған бұл еңбектер мәдени құрылыстың көптеген негізгі аспектілерін түсіндіруде қажетті объективтілікті өз деңгейінде жеткізе

алмады.

С.Ш. Ахметованың 1982 жылы жарық көрген «Историческое краеведение в Казахстане» атты еңбегінің «развитие музейного краеведения и дела охраны памятников» деп аталатын жеке тарауында 20-30 жылдары музей құрылысы мәселесі мен ондағы жекелеген мекемелер мен түрлі қоғамдық ұйымдардың атқарған жұмыстары қарастырылған [35]. Бұл зерттеудің XX ғасырдың 20 жылдары Қазақстанда музей жүйесінің құрылуы мен олардың қызметін алғаш зерделеген еңбектердің бірі ретіндегі өзіндік ерекше орны болатындығы сондықтан.

Орынборда жарық көрген «Труды общества изучения Казахстана (киргизского края)» атты жинақтарында (1921-1929 жж.) орталық музейге келушілер саны, музей көрмелері, сондай-ақ музей қорының толығыуы туралы есеп түріндегі мәліметтер келтірілген [36]. Мұндай мәліметтердің музей тарихын зерделеудегі, соның ішінде, әсіресе, музейлік құндылықтар қорының қалыптасу үрдісін зерттеудегі танымдық тағылымы өлшеусіз екендігі түсінікті жайт.

1930 жылы Қазақстанда музей жүйесі құрылысының бастамасы болған Орталық музейдің «Вестник Центрального музея» атты басылымының жалғыз саны жарық көрді [37]. Онда Халық ағарту комиссариатының Қазақстан музейлеріне, Орталық музей кеңесінің өлкетану-музей мекемелеріне арнаған үндеулері, музей міндеттері жазылды. Осы басылымдағы Орталық, Семей, Жетісу, Сырдария, Петропавл, Ақмола, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Көкшетау музей қызметтері жайында берілген қысқаша мәліметтердің де маңызы ерекше.

1947 жылы Ә.М. Жиреншиннің ҚазССР ҒА Жаршысында «Қазақстан Орталық музейі тарихынан» атты мақаласы жарияланды [38]. Орталық музей тарихы мен қызметіне арналған бұл мақалада музейдің қысқаша тарихы мен кейбір маңызды музей коллекциялары туралы мәліметтер келтірілген. Бұлар қазір де өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Қазақстанда музей жүйесінің қалыптасуы мен оның атқарған қызметтері жайында 1995-1999 жылдары жазылған А.Е. Қайназарованың [39], А.Ғ. Ибраеваның [40], С. Тайманның [41] диссертацияларында Қазақстанға Ресейден келген түрлі экспедициялар мен ғылыми ұйымдардың өлкені зерттеуге қосқан үлестеріне тоқтала келе, олардың өлкедегі алғаш музейлердің қалыптасуындағы атқарған қызметі, әр жылдардағы музей ісінің даму тарихы, мәдени-ағарту жұмыстары мәселелері ашып көрсетілген. Солардың ішінде А.Е. Қайназарованың еңбегінде Қазақстан жерінде алғаш Орынбор, Семей, Жетісу музейлерінің қазан көтерілісіне дейінгі және оның алғашқы жылдарындағы қызметінің негізгі бағыттары қарастырылған. Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдардағы отандық музей ісінің тарихын зерделеуде А.Ғ. Ибраева советтік үлгідегі тарихи-өлкетану музейлерінің ұйымдастырылуын, музей жүйесін қалыптастыруда жекелеген адамдардың музей ісін дамытудағы қосқан үлесін, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметін саралаған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы республика музейлер тарихын зерттеуге арналған С. Тайманның диссертациялық жұмысында

аталмыш кезеңде бейбіт құрылысқа көшу жағдайындағы музейлердің тарихы мен тағылымы, музей ісіндегі мемлекеттік саясаттың музей қызметіне әсері, қаражат тапшылығына байланысты музейлердің материалдық-техникалық базасының нашарлауы, мамандар мәселесінің шешілмеуі, ғимарат тапшылығы сынды мәселелер қарастырылған.

Қазақстандағы музей ісі тарихын сараптау тұрғысынан Б.Санақұлова [42], М.Мұсаханова [43] және Г.Файзуллинаның [44] еңбектерін ерекше атап өту қажет. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі музейлер тарихының өзекті мәселелері мен қызметінің негізгі бағыттары көрініс тапты. Музейлердің мәдени-ағартушылық қызметіне арналған Г.Файзуллинаның еңбегі музейтанудың теориялық мәселелерін қозғаған алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады.

Ең алғаш музей ісіне қатысты тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылып, 2010 жылы қорғалған диссертациясында А.Ғ. Ибраева отандық музей ісінің Орынбор қаласында Неплюев кадеттік корпусы әскери училищенің жанынан 1831 жылы құрылған «Неплюев музеумнан» бастау алатын уақытынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі (2006 ж.) тарихын жан-жақты зерделейді [45]. Ал К.Н. Райымханның докторлық диссертациялық жұмысында бір тараушасы Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекцияны тарихи дереккөз ретінде қарастыру мәселесіне арналған [46]. Сондай-ақ қазақ этнографиялық коллекцияға байланысты Ш.Б. Кунанбаеваның диссертациясын атап өту қажет [47]. Бұл жұмыста Санкт-Петербург музейлеріндегі қазақ халқына қатысты коллекция материалдары дәстүрлі қазақ қоғамы зерттеудің тарихи-этнографиялық дереккөзі ретінде қарастырылған. Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеудің «музей тарихы» бағытында жазылған диссертациялық зерттеулерден ерекшелігі қазақ этнографиялық коллекцияларының қалыптасуы мен топтастырылуын жіті талдануында, «музейлік этнография» бағытын жеке зерттеу нысанына айналуында.

Қазақтың этнографиялық құндылықтарына байланысты ең алғашқы этнографиялық көрмелер туралы еңбектер ретінде Е.А. Жасыбаевтың [48] және Ж.А. Ермекбайдың [49] мақалаларын айтуға болады.

Музейлік бағытта жазылған Б.К. Кожаметов, Г.М. Сафарова, Э.Р. Усманованың бірлескен мақаласында да қазіргі заман музей түсінігі, Қазақстандағы музейлердің пайда болуы, музей құрылымы, оның ғылыми-қор жұмысы, ғылыми-зерттеу ісі бағыттары, музей экспозициясы сияқты музей мәселелеріне қатысты әртүрлі аспектілерді қарастырған [50]. Осы ретте көңіл аударарлық жайт – авторлар «Алты Алаш» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен болған Қазақстанның 83 музейіне жүргізілген ғылыми іс-сапар барысында алынған 66 анкета негізінде Қазақстан музейлерінің ұйымдық, қаржылық күйі, қызметінің бағыт-бағдары, деңгейі және кадрлар құрамы мәселелері бойынша сараптама жасайды.

2012 жылы Г.Ш. Файзуллина, С.А. Асанова, Е.А. Джасибаевтың «Современный музей в Казахстане: вопросы, факты, мнения» атты мақалалар

жинағы жарық көрді [51]. Осы жинақ негізінде алғашқы екі автордың бірлескен «Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики» атты монографиясы 2022 жылы басылымға шықты [52].

Соңғы үшінші топқа музей қорындағы этнографиялық коллекция деректік негіз ретінде пайдаланылған қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті туралы жазылған авторлардың еңбектерін топтастырдық. Осы топтың ішінен Ә.Х. Марғұланның «Казахское народное прикладное искусство» [53-55], М.С. Мұқановтың «Казахские домашние художественные ремесла», «Казахская юрта» [56, 57], Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» [58, 59], В.В. Востров пен Х.А. Кауанованың «Материальная культура казахского народа на современном этапе» [60], Ө. Жәнібековтың «Эхо... по следам легенды о золотой домбре», «Культура казахского ремесла» [61-63], Ә. Тәжімұратовтың «Шебердің қолы ортақ» [64] сияқты еңбектерін ерекше атау қажет. Аталған еңбектерде қазақтардың материалдық және рухани мәдениеттері қамтылған. Ою-өрнек, өрмек, кілем тоқу, ши орау, зергерлік істер, ағаштан, сүйектен бұйымдар жасау сияқты қазақ халқының дәстүрлі қолөнер үлгілері этнографиялық тұрғыдан жан-жақты музей қорындағы артефактілер негізінде зерделенген.

Академиялық ғылыми мақалалар түрінде шыққан Ә.А. Масановтың «Кузнечное и ювелирное ремесла в Казахском ауле (2-я пол. XIX – начале XX в.)», «Из истории ремесла казахов», «Казахские войлочное производство во второй половине XIX – начале XX в.» атты еңбектерін ерекше атап өткен жөн [65-67]. Бұл еңбектерде музей коллекцияларының негізінде жасалынған иллюстрацияланған материалдар берілген.

Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі туралы алғаш рет жарық көрген И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаеваның «Казахская национальная одежда (XIX – начало XX века)» монографиясы тарихнамада осы тақырыпты зерттеу ісіне қосылған үлкен еңбек болып саналатындығы тегін емес. Бұл монография қазақтың киім-кешегінің құрамын, біраз типологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ, киімнің маусымдық (мерзімдік) қолданысына байланысты оның ең басты үлгілерінің тіршілікке функциясын және эстетикасын жан-жақты әрі жүйелі зерттеген еңбек ретінде айрықша құнды [68, 69].

И.В. Ерофеева, Ә.Р. Усманованың «Внешние знаки отличия правящей казахской элиты XVIII – первой четверти XIX века» еңбегінде дәстүрлі қазақ киім-кешегіне арналған тараушада музей материалдары кеңінен қолданылған [70]. Музей материалдары Ш.Ж. Тохтабаеваның [71, 72], С.П. Русаякинаның [73] еңбектерінде де басты дереккөз ретінде қолданылған.

Сондай-ақ Орталық музей қорындағы қазақтың тарихи-этнографиясына байланысты құндылықтар жайында Н. Әлімбаевтың бірқатар ғылыми еңбектері жарияланған [74-88]. Мысалы қазақ кісесі туралы мақаласында дәстүрлі қазақ ортада кісе белдігінің функционалдық әмбебаптылығымен қатар, оның құрылымына, тарихи генезисінің тереңдігіне, эстетикалық болмыс-бітіміне ерекше

тоқталған. Ал қазақ кілеміне байланысты мақаласында аталмыш бұйым түрлерінің типологиясын, оның ою-өрнек композициясы көркемдеу тәсілін ерекше мәтін ретінде зерделеген. Мақаланың деректік негізі мен негіздемесі Қазақстанның әр өңірінен жинақталған Орталық музей қорындағы кілемдер мен тоқыма бұйымдары құраған.

Т. Қартаева [89-95], Г. Кабдолдина, М. Егізбаева [96, 97], Р. Шойбековтың [98] қазақ қолөнері этнографиясынына қатысты жазылған ғылыми мақалаларында дерекқор ретінде музей материалдары пайдаланылған. Сондай-ақ музей қорындағы этнографиялық материалдары негізінде жазылған Орталық музей ғылыми қызметкерлерінің әртүрлі ғылыми конференцияларда жарияланған мақалалары да диссертация дайындау барысында кеңінен қолданыс тапты [99-123].

Осы ретте ерекше ескерер жайт – біздің отандық музейлерге қарағанда Ресейдегі қазақ этнографиялық коллекциялары жақсы зерделенген. Мысал ретінде Батыс Сібір музей қорларындағы қазақ мәдениеті мен тұрмысына байланысты этнографиялық коллекцияларды жан-жақты зерттеген Ш.К. Ахметованың [124, 125], И.В. Захарованың, Г.М. Патрушеваның [126-129], М.С. Каримованың [130], Н.А. Томиловтың [131-137] еңбектерін атауға болады.

1995 жылы Томск Мемлекеттік университеті баспасымен «Культура казахов в коллекциях Омского государственного историко-краеведческого музея» атты кітап басылымға шықты [138]. 2004 жылы сол кітапқа қосымша ретінде музей қорындағы қазақ мәдениеті, шаруашылығы және тұрмыстық бұйымдардың иллюстрацияланған материалдары жарық көрді [139]. Сондай-ақ Батыс Сібір музейлер қорларындағы қазақ этнографиялық коллекциясына байланысты А.В. Смелякова «Казахские этнографические коллекции в музейных собраниях Западной Сибири» атты диссертациялық жұмысты қорғады [140].

Ресей Ғылым академиясы Ұлы Петр атындағы антропология және этнография музейі (МАЭ РАН) мен Ресей этнографиялық музейі (РЭМ) қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты құндылықтар бірегей ескерткіш ретінде ғана емес, сондай-ақ отандық этнология, тарих, мәдениеттану, музейтану, деректану үшін де ғылыми-танымдық маңызы өлшеусіз артефактілердің қатарына жатады. РЭМ-ге қарағанда, МАЭ РАН музейіндегі қазақ этнографиясына қатысты музейлік бұйымдар біршама зерттелген. Сол зерттеушілердің қатарындағы өзінің көптеген еңбектерімен дараланатын И.В. Стасевич қазақтың байырғы және қазіргі кездегі салт-дәстүрін зерттеумен айналысатын белгілі ғалым-этнолог және Кунсткамера музей қорындағы қазақ коллекциясына байланысты біршама ғылыми мақалалардың авторы [141-143].

Кунсткамера қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне арналған фото-иллюстрациялық коллекцияларын зерттеу саласындағы беделді мамандардың бірі В.А. Прищепова болып табылады. Оның «Коллекции заговорили. История формирования МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870-1940)» атты және басқа да ғылыми еңбектері зерттеушілердің арасында ғана емес, көпшілікке де танымал

[144-148]. В.П. Курылевтің бірнеше ғылыми мақалалары да МАЭ РАН қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты құндылықтарға арналған [149-152].

РЭМ қорындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты құндылықтарды ғылыми айналымға жария етіп, оларды зерттеп жүрген Л.Ф. Попованың РЭМ қоры негізінде жазылған бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді [153-156]. Сондай-ақ музейдегі қазақ этнографиясына қатысты коллекциялардың жинақталу тарихы С.В. Дмитриевтің еңбектерінде де жалпылама болса да көрініс тапты [157, 158]. Неплюев әскери училищесінің жанынан құрылған Орынбор «museum» тек Орталық музей ғана емес, аймақтық деңгейдегі басқа да музейлердің қалыптасуына, осы арқылы этноартефактілердің қорда жинақталуына негіз болуды деуге алғашқы құжаттардың маңызы зор [159].

Жалпы жоғарыда аталған еңбектер (музей қызметкерлердің ғылыми конференцияға жариялаған ғылыми мақалаларынан басқа) біздің тақырыбымыздың кейбір қырларын қамтығандары болмаса, көпшілігі музей ісінің қалыптасу тарихына немесе этнографиялық бағытта жазылған еңбектер болып табылады. Яғни бұлар диссертацияда қамтылған мәселелерге жанама ғана қатысы бар.

Жұмыстың деректік негізі. Зерттеу жұмысының деректік негізін төмендегідей топқа жіктеуге болады.

1. Ең алдымен отандық музейлердің этнографиялық артефактілер қоры зерттеудің нысаны ретінде ең басты деректік негізі әрі негіздемесі болды. Соның ішінде а) киім-кешек, ә) тұрғын үй, б) қару-жарақ, в) ат әбзелдері, г) тұрмыстық, ғ) шаруашылық бұйымдар, д) қолөнер бұйымдары, е) музыкалық аспаптар.

2. Қазан төңкерісіне дейінгі ресей зерттеушілерінің ғылыми және ғылыми-публицистикалық еңбектеріндегі музейлік этнография мәселелері.

3. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты қорларынан алынған материалдар. Соның ішінде, әсіресе, төмендегі мәліметтер кешенінің диссертацияның деректік негізі және негіздемесін қалыптастыруда ерекше рөл атқарғандығын айта кету керек. Бұлар зерттеу жұмысының мақсат-мүддесін жүзеге асыру барысында маңызды дерек ретінде қолданылды: а) 30 қор – Халық комиссарлары кеңесі; ә) 81 қор – Халық ағарту комиссариаты бұйрықтары, жұмыс жоспарлары, Қазақстанды зерттеу қоғамы және Орталық музей жарлықтары, есептері мен жоспарлары, бұйрықтары, мәжіліс хаттамалары; б) 1308 қор – Қазақстан Орталық Мемлекеттік музейінің әр жылғы жоспарлары, есептері, бұйрықтары, мәжіліс хаттамалары, сондай-ақ басқа да республика музейлерінің есептері. Сонымен қатар, архив қорларында сақталған музей қызметіне қатысты құжаттардың арасында кіріс кітаптары, музей затының төлқұжаттары сақталған. Мұндай деректер музейдің қор жұмысы туралы, жабдыкталуы, түпнұсқа артефактілерінің саны мен құрамы және экспозицияға қойылу барысы жайлы құнды мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Диссертациялық тақырыпты зерттеу барысында архив қорларындағы музей ісіне қатысты құжаттар әлі де болса дұрыс жүйеленбегеніне көз жеткіздік. Архив құжаттарының диссертацияның дереккөзіне

алынуы этнографиялық қордың қалыптасуын музей тарихының қорларының қалыптасуынан бөліп қарастыру мүмкін еместігінде.

4. Музей заттарының түсім кітапшасы, музей құндылықтарының ғылыми паспорттары, музей коллекцияларының жарық көрген ғылыми каталогтары мен республика және әрбір музей өңіріндегі айтулы оқиғалар, мерекелік даталар құрметіне шығарылған арнайы буклеттер, әлбетте музей экспозициялары жөнінде мәлімет беретін бағдарламалар (guide).

5. Орталық музей, Ұлттық музей және еліміздің облыстық, аудандық тарихи-өлкетану музейлер қорларындағы этнографиялық құндылықтар мен этнографиялық фотоиллюстративтік материалдар.

6. Зерттеу жұмысын жазу барысында құнды мәліметтер шоғырын құрайтын деректік материалдар қатарына әр жылдары этнографиялық артефактілерге (арнайы тақырыптық хабар, реставрацияға алынуы, шетелдік көрмеге шығару, т.б.) қатысты музейлердің іс-қағаздары да құрады. Мұндай іс-қағаз құжаттары музейлердің жабдықтау, ғылыми-қор, мәдени ағартушылық және экспозиция жұмысы туралы мәліметтер алуға мүмкіндік берді.

Музейлерден тікелей алынған және пайдаланылған мәліметтер кешені музейлік этнографиялық құндылықтардың құрамы, олардың ғылыми паспортталуы, атрибуциясы және музейде қандай қорда сақталғаны туралы мәліметтерді жинақтауға және музейлік жұмыстың мазмұнын, бағыт-бағдарын, кезеңдік нәтижелерін зерделеуге негіз болды. Сондай-ақ отандық музейлердің кадрлық әлеуетін зерттеуге де үлкен мүмкіндік ашты.

Диссертациялық жұмыстың географиялық ауқымы. Зерттеу жұмысы Қазақстанның барлық өңірлеріндегі музейлерді қамтиды. Сонымен бірге қажетті салыстырмалы-типологиялық параллельдер жүргізу мақсатында ішінара Ресей музейлеріндегі тиісті тарихи-этнографиялық коллекциялардың озық үлгілері де зерттеуге тартылды.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері. Қазақстан жерінде алғаш музейлердің пайда болуынан, яғни XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін аралықты қамтиды. Расында да отандық музейлер тарихы аталмыш XIX ғасырдың 30-жылдарының бас кезеңінен бастау алады. Осыған байланысты Қазақстан музейлеріндегі қазақ халқына қатысты этнографиялық коллекциялар аталмыш кезеңнен бері қорлана бастады және бұл үрдіс бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер. Диссертациялық жұмыс тарихи этнография, мәдени антропология және музейлік этнографиялық бағытқа құрылғандықтан, осы ғылыми бағыттардың жұмыс тақырыбын ашуға негіз болатын әдістемелік ұстанымдар қолданылды. Отандық музейлердегі этнографиялық коллекция аса ауқымды, саны жағынан өте көлемді, типологиясы жағынан көп типті болуына байланысты диссертациялық зерттеу үшін репрезентативтік тәсіл негізге алынды. Яғни белгілі бір тарихи-этнографиялық

артефактінің бір музей қорындағы болсын немесе бірнеше музейлердегі нұскалары болсын, музейлік маңызын зерделеу мақсатында оның бірегей үлгілері (қажетті жағдайда үлгісі) зерттеудің нысаны ретінде алдын-ала таңдалып алынды. Осы таңдалған артефактілердің музейлік құндылығын айқындау және айғақтау мақсатында тағы бір әдіс қолданылады. Мұны, әсіресе, палеоэтнография, этноархеология және этнология ғылымдарында (сондай-ақ мәдени антропология мен әлеуметтік антропологияда да) жиі қолданылатын «бүтіннің мәнін ашатын компонент» немесе «бүтіннің орнына жүретін компонент» («pars pro toto») тәсілі деп атайды. Осы тәсіл арқылы кез-келген музейлік мәнді этнографиялық бұйымның тиісті тіршілікқамы немесе ғұрыптық, символикалық тіпті әлеуметтік-институционалдық функциясы айғақталынады. Сөйтіп, нәтижесінде зерттелініп отырған артефактінің (артефактілердің) зерттеу нысаны ретінде ғана емес, тарихи, мәдени құнды ақпарат беретін репрезентивті факт ретіндегі болмысы ашылады.

Сондай-ақ өзара себеп-салдарлық байланыстағы құрылымдық және функционалдық әдістердің кез-келген тарихи-этнографиялық артефактінің этностың тіршілікқамы жүйесінің басқа да компоненттерімен бір-бірін өзара толықтырып отыратын қатынасын зерделеуге мүмкіндік бергендігін ерекше атап өткен жөн. Сондықтан теориялық-методологиялық еңбектерде аталмыш тәсілдерді бірыңғай құрылымдық-функционалдық зерттеу әдісі (тәсіл) деп те қарастырады. Зерттеу барысында осы тәсілді қолдану кез-келген этномәдени жүйедегі, соның ішінде дәстүрлі қазақы ортадағы тіршілікқамы жүйесінің компоненттерінің өзара байланысы тек функционалдық сипатта ғана жүзеге асырылып отыратындығын көрсетті. Мысал ретінде киім-кешек пен үй-жайдың немесе көліктің тиісті түрлері, сондай-ақ ас-тағам және осы құралыптас басқа да тіршілікқамы жүйесі компоненттері әлеуметтік субъектілердің тиісті шаруашылық-мәдени қарекеті арқылы ғана өзара байланысқа түсетіндігін айтуға болады. Яғни тіршілікқамы жүйесінің барлық компоненттерінің өзара ықпалдастық байланысы тек тиісті шаруашылық үрдісінің тегеуірінді ықпалымен және соның аясында ғана жүзеге асады. Демек аталмыш байланыс құрылымдық емес. Әлбетте, осы тұста адамның өндірістік, тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени қажеттілігі шешуші рөл атқаратындығын айырықша ескерген жөн. Осы қозғалған мәселелерден диссертациялық зерттеудегі құрылымдық және функционалдық әдіс-тәсілдің эвристикалық тиімділігін айқын аңғаруға болады.

Келесі қолданылған контекстілік немесе контекстуалдық тәсіл арқылы белгілі бір тарихи құбылыстың және материалдық игілік аталуының болмысын және функцияларын әлеуметтік уақыт пен әлеуметтік кеңістіктегі сан алуан тиісті факторлардың (тікелей және жанама) ықпалы тұрғысынан шынайы зерделеуге болады. Осыған байланысты аталмыш әдіс-тәсілдің эвристикалық әлеуетін толықтыратын әрі айғақтайтын келесі факторлық талдаудың қажеттілігі туындайды. Бұл факторлық әдіс-тәсіл тиісті артефактілердің социумдегі сан алуан институционалдық, идеологиялық және саяси, сондай-ақ экономикалық факторлардың ықпалы арқылы табиғатын, қолданыс аясын, функциясын зерделі

парықтауға мүмкіндік береді. Демек контекстуалдық және факторлық әдіс-тәсілдер зерттеу барысында бір-бірін үнемі толықтырып отыратын, сондықтан да өзара себеп-салдарлық байланыстағы ғылыми-танымдық амалдар болып табылады. Осы айтылғандардың мәнін төмендегідей мысалмен ашуға болады. Контекстуалдық тәсіл отандық музейлерде, әсіресе, көп кездесетін киіз үйдің зерттеушіге, бір жағынан, дәстүрлі қазақы ортадағы тіршілікқамы функциясын зерделеуді міндеттесе, екінші жағынан, оның музей кеңістігінде енді басқа функция – танымдық функция атқаратындығын «ескертеді». Яғни экспозициялық немесе көрме аясында киіз үй (әлбетте басқа да сан алуан музейлік артефактілер сияқты) көшпелі тіршіліктің табиғаты жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік беретін өзіндік семиотикалық статусы бар танымдық объектке айналады. Соңғы жайтқа байланысты киіз үйдің көшпелі тіршілік салты жағдайындағы атқарған тіршілікқамы функциясы жөнінде көрермендерге енді музей экскурсоводтары баяндайды. Осы айтылған бірер мысалдың өзі-ақ аталмыш тәсілдердің музейлік артефактілерді, соның ішінде тарихи-этнографиялық құндылықтарды зерттеу ісінде ерекше танымдық тағылымын айғақтайды.

Сондай-ақ тарихи-этнографиялық артефактілерді жүйелі әрі жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланудың методологиялық алғышарты ретінде типологиялық және салыстырмалы-типологиялық тәсілдер қолданылды. Этнографиялық қордағы артефактілердің типтеріне қарай қолданыстық ерекшелігі басты назарда ұсталды. Мысалы, киім кешек коллекциясын саралағанда дәстүрлі қазақы ортада киімді пайдаланудың жыл он екі айдағы мерзімдік, сондай-ақ, әлеуметтік-символикалық, антроморфтық, аймақтық ерекшеліктері мен адамдардың жастық пен жыныстық табиғаты басты назарға алынды. Осылайша киім-кешекті пайдаланудың аталмыш ерекшеліктерін типологиялық жүйелеудің ілкімді принциптері ретінде де қарастыруға болатындығы ескерілді. Ал салыстырмалы-типологиялық тәсіл әр музейлердегі бір типті, бір түрге жататын артефактінің (артефактілердің) мысалы, дәстүрлі қазақы ортада кең қолданыста болған шапанның пішімінің және дайындалуының, сондай-ақ пайдалануының аймақтық, жастық, жыныстық, мерзімдік ерекшеліктерін ғылыми негіздеп көрсетуге мүмкіндік берді.

Диссертацияға негізгі нысан болған этнографиялық коллекцияны зерттеу барысында қосымша төмендегі әдістерге де сүйендік: мәселеге қатысты жарияланған бұқаралық-ақпараттық құрал деректеріне ғылыми сараптауды сапалы жүргізу мақсатында контент талдау және тарихи-аналитикалық зерделеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ диссертациялық жұмысқа этнографиялық коллекция ішінен таңдап алынған бірегей деп саналатын экспонаттың «визуалды тіркеу», «фототіркеуге алу» әдістемесі музейлік талапқа, яғни музейлік әдімстемеге сай орындалды. Мысалы, кимешектің фототіркеуі алдыңғы және қырынан алынса, кілем, текемет сияқты көлемді кеңісті талап ететін экспонаттар фототіркеуі үстінен алу шарттары орындалды.

Этнографиялық коллекцияның диссертациялық талдауға алынған

экспонаттардың ғылыми атрибуциясы жазба және ауызша келіп жеткен деректермен негізделумен қатар, музейлік далалық зерттеудың, яғни қазіргі заманғы қолданыстың аясымен қоса негізделді. Сондай-ақ этнографиялық коллекциялардың қолдану кезеңін анықтауда хронологиялық талдау әдісінен ауытқымау басты назарда болды.

Диссертациялық жұмыста пәнаралық байланыста зерттеуді де басты назарда болды. Музейлік маңызы бар этнографиялық бұйымдарының, олардың типтерінің және оларды жасауға қолданылатын бұйымдардың тұрмыстық атауларын қолдануда этнолингвистика мен фольклорлық деректердің мәліметтері шешуші рөл атқарды. Ал тарихи-этнографиялық артефактілердің байырғы көшпелі ортадағы жасалған материалының ерекшеліктерін, қолданыс аясын, тіршілікке қамы функцияларын зерделеу барысында қазіргі кезеңдегі, әсіресе, этнологиялық (әлеуметтік антропология, мәдени антропология) зерттеулердегі жиі әрі кең пайдаланылатын этноэкологиялық ұстанымдарға сүйендік.

Диссертациялық зерттеуге таңдалған экспонаттардың ғылыми атрибуциясының ғылыми айналымға ендірудің, музейлік заттың табиғатын әрі сан алуан функциясын түсіндіруге бағытталған «музейлік интерпретация» және қоғам мен музей, музей мен келушілердің, сондай-ақ оның ғылыми ортамен байланысын білдіретін «музейлік коммуникация» ұғымдары да зерделеудің «құралдары» ретінде қолданылды.

«Музейлік этнография» бағытындағы ғылыми әдіс-тәсілдерді пайдалану музей қорларындағы этнографиялық коллекцияларды баспалық каталогтау, электронды каталогтау барысында қолданылатын әрбір этнографиялық экспонаттың паспортталуы, ғылыми өңделуі, сипаттамасы, жасалу материалы, кезеңі, сақталу деңгейі, көркемдік шешімі, орындалған өңірі, қолданыс аясы сынды мәселелерді толық қамтып, зерттеуге мүмкіндік ашты.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы

Отандық тарихнама мен музейтану саласында қазақ этносының тарихи-этнографиясына қатысты музейлік артефактілер тұңғыш рет арнайы диссертация ретінде төмендегі параметрлер және аспектілер бойынша жан-жақты әрі жүйелі зерттелініп отыр:

- Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекцияның ауқымы, құрамы және оның тарихи-мәдени құндылықтар ретінде музейлер қорында жинақталу кезеңдері, географиясы және осы үрдістің объективтік және субъективтік факторлары қарастырылды;

- отандық музей қорларының қалыптасу ерекшеліктері мен дамуы оның тарихи және әлеуметтік-мәдени контекстісі тұрғысынан зерттелінді;

- этнографиялық коллекциялардың құрамы, оның қалыптасу үрдісі аймақтық, хронологиялық және тақырыптық-проблемалық ұстанымдар тұрғысынан қарастырылды;

- музейлік этноартефактілердің қазіргі кезеңдегі камералық өңдеуден өту жағдайы, сақталу күйі, экспозициялануы, көрмеге қойылуы, ғылыми паспортталуы және каталогталуы, зерттелуі қарастырылды;

– әсіресе аталмыш музейлік құндылықтардың дәріптелу деңгейіне назар аударылды. Осыған байланысты этнографиялық құндылықтардың экспозициялануы, халықаралық және республикалық көрмелерде дәріптелуінің тарихи кезеңдері және қазіргі жай-күйі мәселелері бойынша отандық тәжірибеге талдау, сараптау жүргізілді;

– отандық музейлердегі этнографиялық қор қазіргі таңда этномәдени мұраны сақтау, зерттеу және елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде де дәріптеудің маңыздылығын негіздеу тұрғысынан қарастырылды.

Демек диссертациялық зерттеуді аталмыш параметрлер бойынша зерттеу жүргізу оның ғылыми жаңалығын айғақтайды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

– Қазақстан жерінде XIX ғасырда пайда болған алғашқы музейлердің функциясы империялық биліктің қазақ тарихын, мәдениетін, дінін, ділін, тіпті өлкелік фауна мен флорасын жан-жақты білу мақсатында құнды заттарды жинақтауға бағытталды. Осы ретте ұлттық музейлік қордың, соның ішінде этнографиялық коллекцияның қалыптасу үрдісінде Орынбор (1920-1925 жж. ҚазАССР астанасы), Семей, Жетісу облыстық өлкетану музейлерінің, әсіресе Орталық музейдің орны мен рөлі өлшеусіз болды. Осыған байланысты диссертацияда Қазақстандағы отандық музейлердегі этнографиялық құндылықтардың коллекциялануы үрдісі зерттелінеді. Бұл тұста аталмыш мәселе ең алдымен Орталық музейдің 1929 жылғы «Алматы кезеңіне» дейінгі тарихы аясында қарастырылатындығы сондықтан;

– Этнографиялық коллекцияның қорда жинақталуының алғашқы кезеңінің басында Ресей билігінің жоғары лауазымды шенеуіктермен қатар, қазақ зиялылары да болды. Басқа да тарихи-мәдени құндылықтар сияқты, этноартефактілердің қорда жинақталуы, зерттелу, дәріптелу үрдісінде сан алуан көрмелер, соның ішінде қазан төңкерісіне дейінгі бүкілресейлік және халықаралық көрмелер де өзіндік үлкен рөл атқарды. Сондай-ақ, орыс географиялық қоғамы, статистикалық комитет ұйымдарының құрылуы нәтижесінде қазақ өлкесі жүйелі түрде зерттеліп, сол ұйымдардың жасаған экспедициялар барысында этнографиялық коллекциялар қалыптаса бастады;

– отандық этнографиялық коллекцияның жинақталу географиясы, жинақталу тарихы Орталық музейден бастау алатындықтан, этнографиялық алғашқы коллекциялардың қорға түсу тарихы Орталық музейдің қалыптасу тарихымен біртұтас контексте қарастырылды. Оның үстіне Орталық музей, біздің диссертациялық зерттеуіміз айқын көрсеткендей, республикадағы басқа да музейлердің, әсіресе ұйымдық жағынан да қалыптасуы және жетілу үрдісінде де өлшеусіз рөл атқарды;

– музейлік этноартефактілердің қазіргі жай-күйін жан-жақты зерттеу оларды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыруға материалдық-техникалық, технологиялық және ғылыми тұрғыдан қазірден бастап қам жасаудың мейілінше

қажеттілігі ғылыми негізделді;

– музейдегі тарихи құндылықтар, соның ішінде этнографиялық артефактілер, басқа да музейлік мәнді бұйымдар сияқты, бір жағынан, сақтаудың және дәріптеудің нысаны әрі көрнекі «құралы» ретінде, екінші жағынан, музейлік деректану, әрісі этнология ғылымының деректік базасы, тарихи және тарихи-этнографиялық деректер корпусының нақтылық пен көрнекілік жағынан айырықша категориясы ретінде де үлкен рөл атқарады;

– отандық тарихнамада күні бүгінге дейін музейлік құндылықтарды, соның ішінде, әлбетте, этноартефактілерді де, тиісті тарихи және этнологиялық зерттеулерде азын-аулақ иллюстрациялық сюжет ретінде ғана болмаса, толықмәнді дерек ретінде пайдаланудың деңгейі төмен десек асырып айтқан болмайды. Осыған байланысты, әсіресе, әлеуметтік антропология және мәдени антропологияның өнегесі озық тәжірибесіне сүйене отырып, кез-келген музейлік артефактілер өздерінің көрнектілігімен де, көрнекілігімен де және тарихи-этнографиялық репрезентативтілігімен де дараланатындығы арнайы сарапталынды;

– қазіргі кезеңде бүкіл әлем жаһандану үрдісіне дендеп ұшырауына байланысты ұлттық құндылықтардың әлеуеті бірте-бірте әлсіреудің, тіпті жойылудың алдында. Осы жайтқа байланысты ұлттық сананы, сол арқылы ұлттық болмысты сақтаудың ең ұтымды жолдарының бірі де, бірегейі музейлік құндылықтарды зерттеудің қажеттілігі өз алдына, оларды ең алдымен, көпшілік арасында, әсіресе, өскелең ұрпақтарға дәріптеудің еліміздегі мәдени жұмыстың іргелі бағытына айналу қажеттілігі ғылыми негізделінді.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыстың толық мәтіні, қосымша ақпараттарымен бірге «тарих», «өнер», «мәдениет» бағытындағы мамандарды даярлайтын ЖОО оқытушы профессор қауымы, білім алушыларының оқу үдерісінде дәріс, практикалық сабақтарда, оқу өндірістік практикасында, оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулықтар жазуға ғылыми әдістемелік негіз ретінде қолдануына болады. ЖОО-ғы «этнология және антропология», әзірше арнайы курс деңгейінде ғана жүргізілетін «мәдени антропология», «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарының бакалавриат, магистратура, докторантура сатысындағы оқу бағдарламаларындағы пәндердің әдістемелік базасын әзірлеуге қолдануға болады.

Диссертация материалдарын Орталық музей, Ұлттық музей, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы Өнер музейі және Қазақстанның барлық облыс орталықтарындағы, аудандардағы тарихи-өлкетану музейлері, қорық музейлер, мемориалдық музейлер, этномузейлер қызметкерлері әдістемелік база ретінде қолдана алады. Сонымен бірге диссертацияның материалы, ондағы автор ұсынып отырған тұжырымдар еліміздегі тарихи-мәдени туризм, «этнотуризм», тарихи туризм сынды туристік индустрияның бағыттарын одан әрі дамыту ісіне өзіндік себін тигізер деген үміттеміз. Осы ретте, әсіресе, қазіргі кезеңде қазақ халқының тарихи этнографиясының сан қырлы, сан салалы бағыттарын Қазақстанның әрбір

аймақтарындағы, ең болмаса ірі қалалардың территорияларында «этноауылдар» құру тәсілі көрсету және осы арқылы ұлттық құндылықтардың болмысы мен бітімін дәріптеу аса өзекті мәселе болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін «медия этнография», «музейлік этнография» бағытында ақпарат тарататын теле-радиокоммукациялық мекемелер арнайы хабарлары, ғылыми-көпшілік документалды этнографиялық фильмдердің сценарий жазу, оларды көпшілікті игілігіне айналдыру, сондай-ақ әртүрлі БАҚ – газет, журналдар басылымдар арқылы «этнографиялық тарихи-мәдени мұралар» тақырыбында шынайы тарихилыққа негізделген ақпарат тарату кеңістігінде ғылыми-әдістемелік құрал ретінде қолдануына болады.

Жұмыстың ішкі құрылымындағы этнографиялық жекеленген бұйымдар талдаулары «этнографиялық анықтамалық», «этнографиялық сөздік» дайындауға негіз болады.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес 10 ғылыми мақала дайындалып, басылып шықты. Олардың ішінде 3 мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен арнайы ғылыми журналдарында, 6 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында және 1 мақала «Scopus» ақпараттық базасына кіретін журналда жарияланды. Диссертациялық жұмысқа қатысты негізгі тұжырымдар республика мен шетелдердегі халықаралық конференция жұмыстары барысында баяндалып, сыннан өтті.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, төрт тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Қосымшада көрсетілген аймақтық ерекшелікті айғақтайтын аз зерттелген құндылықтар қатарына жататын артефактілердің бірегей үлгілері іріктеп алынды.

1 МУЗЕЙЛЕРДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚОРДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

1.1 Этнографиялық коллекцияның қорда жинақталу үрдісі: бастаулары, бағыттары, құрамы, географиясы

Көрнекті музейтанушы ғалым Т.В. Станюковичтың дәйекті дәлелдемесі бойынша, этнографиялық музейтану тарихи-мәдени коллекциялардың қорда жинақталу үрдісі мен тарихын, ғылыми құжаттандыру әдісін, музейлік экспозициялау принципін, олардың каталогтау мен ғылыми әдебиеттерде жариялануын, типологиясы және этнографиялық музейлер тарихын, музей экспозиция принциптерін зерттеумен айналысады [160, с. 111]. Осы тараушада қазақ өлкесінде пайда болған музейлердегі аталмыш коллекцияның жинақталу тарихы, дәстүрлі мәдениет, шаруашылық және тұрмысқа қатысты этнографиялық артефактілерді қорда жинақтау үрдісінің бағыттары, қарқыны, құрамы және географиясы зерттелінеді.

Этнографиялық коллекция басқа коллекциялардан ауқымдылығымен ерекшелінеді. Бұл жайтты этнографиялық артефактілердің күллісі дәстүрлі этномәдени ортаның барлық салалары және деңгейлерінің қалыпты тіршілік ритмін қамтамасыз ететін өз кезінде атқарған сан алуан функциясымен түсіндіруге болады. Мұны этнографиялық артефактілердің құрылымының және функцияларының контекстісі ретінде де қарастырған жөн. Сонымен бірге музейлік кеңістіктегі «этнографиялық коллекцияның» ауқымын түсіну үшін алдымен «этнографиялық бұйым» (этнографиялық дерек) және «этнографиялық коллекция» деген ұғымдарға тоқталу қажет. Этнографиялық коллекцияларды қорда жинақтау үрдісі ең алдымен тарихи, мәдени, әсіресе этнографиялық музейлердің құрылуымен байланысты. «Этнографиялық музей» идеясын 1843 жылы алғаш француз ғалымы Э.Ф. Жомар енгізген. Алайда, этнографиялық заттарды жинақтау одан ертерек басталды. Мысал ретінде алғаш этнографиялық коллекциялардың қалыптасуы Оксфордтағы Эшмол музейі (1683 ж.), Санкт-Петербургтегі Кунсткамера (1714 ж.), Нью-Йорктегі жаратылыстану бағытындағы тарихи музей (1869 ж.) сынды құрылымдардың пайда болу үрдісімен қатар жүргендігін айтуға болады.

Тарихи дәуірлерден келіп жеткен бұйымдарды жаппай этнографиялық затқа жатқызуға болмайды. Орыс ғалымдары А.В. Коновалов және Е.Я. Тимофеев өз зерттеулерінде «этнографиялық бұйым» дегенді этнология ғылымының зерттеу нысаны мен пәніне сүйене отырып былай анықтама берген болатын: «такой материальный предмет, который содержит информацию об этнических проявлениях традиционно-бытовой культуры», – яғни, халықтың дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетінің этникалық болмысы жөнінде ақпарат беретін материалдық бұйымдар ғана этнографиялық құндылықтарға жатады [23, с. 17.]. Бұл жерде ғалымдардың зерттеу нысаны деп отырғаны «этнос» (халық), ал зерттелу пәні – халықтың дәстүрлі-тұрмыстық мәдениеті [161, с. 11]. Біздің ойымызша,

аталмыш ақпаратты тек дәстүрлі-тұрмыстық артефактілер ғана емес, этномәдени, этноәлеуметтік орталарға, тіпті шаруашылық-экономикалық салаға жататын кезінде шаруашылық-мәдени қарекеттің объектісі, нысаны және құралдары болған күллі құндылықтар да береді. Демек, этнографиялық артефактілердің қажетті этникалық ақпарат беретін танымдық бағамын жоғарда аталған ресей ғалымдары айтқандай, тек дәстүрлі тұрмыстық құндылықтармен ғана шектеуге болмайды. Сонымен бірге көрнекті этнолог әрі музеолог ғалым Н.А. Томилов этнографиялық музейлік заттың ұлтаралық мәдени өзара байланысы мен әрекеттесуі жайында да ақпарат беретіндігі туралы айтты [162, с. 20].

Ресейлік музей энциклопедиясында «этнографиялық коллекция» – жүйелі түрде жинақталған белгілі бір этнос немесе этникалық топтың мәдениетін бейнелейтін заттар ретінде бағамдалады. Этностың күнделікті тіршілігінің объектісі, тіршілікқамы құралы сынды функция атқаратын заттар әлгі этномәдени ортадан ажырап, музейлік кеңістіктің құрамдас компоненттеріне айналғаннан бастап тиісті этникалық дәстүр туралы ақпарат сақталған артефактілер болып табылады. Этноартефактілер музейлік бұйымдардың басқа да категориялар сияқты жалпыэтникалық немесе проблемалық-тақырыптық принциптері жіктелген коллекцияларды құрайды. Этнографиялық коллекцияның аталмыш принциптер бойынша жіктеліп, топтастырылуы тиісті музейдің (немесе музейлердің) институционалдық бітіміне байланысты, әсіресе, көп профильді (әмбебап) тарихи, өнертану сынды музейлерде этноартефактілердің күллісі, әдетте бірыңғай этнографиялық коллекцияны құрауы мүмкін. Ал этнографиялық музейлерде мұндай артефактілер міндетті түрде тақырыптық-проблемалық принцип бойынша жіктеліп, топтастырылады. Сондай-ақ кейбір музейлерде (мысалы Ұлттық музейде) артефактілер материалына қарай жіктелуі жайты да кездеседі.

Сонымен, жоғарыда аталған энциклопедиядағы анықтамаға сәйкес, этнографиялық коллекция этностың материалдық мәдениетін (күнделікті тұрмыс-жағдайы, шаруашылығы, өндіріс жайы және т.б.), сондай-ақ материалдық емес мұраларды (салт-дәстүр, наным-сенім, фольклор) бейнелейді. Оның құрамындағы артефактілер өзіне тән ерекшеліктерімен қатар (мысалы, материалы, жасалу технологиясы және т.б.) өзінің қолданыс аясында пайда болған құрылымдық-функционалдық сипаттағы ерекшеліктермен де дараланады (қызметі, типі, қолданыс аясы және т.б.) [163].

Орыс ғалымдары В.А. Дмитриев пен Н.М. Калашникова этнографиялық бұйым этнографиялық экспонат болу үшін ол мәдени-тарихи құндылыққа ие болып қана қоймай, халықтың мәдениетін және оның құрамдас элементтерін көрсететіндей экспозициялық модель құруға жарамды болуға тиіс деген ой тұжырым білдірді [164, с. 363]. Авторлардың берген анықтамасы бойынша «этнографиялық коллекция» этнос мәдениетіне қатысты 3 түрлі құбылысты көрсетеді. Біріншісі, өткен ғасырға тән дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет құбылыстары (тұрмыстық және шаруашылық құралдар мен бұйымдар, архаикалық тұрғын үй

типтері мен киімдер, діни-ғұрыптық заттар және т.б.). Екіншісі, өзіндік этномәдени дәстүрлерді сақтау және олардың бүгінгі күнде тұрмыс-салт тіршілігінде сабақтасып, көрініс табуы (қазіргі заманғы тұрғын үй мен киімнің дәстүрлі элементтері, халық кәсіпшілігінің құралдары мен дәстүрлі бұйымдары). Ал соңғысы, этникалық топ мәдениетіндегі қазіргі заман өркениет тудырған құбылыстардың ұлттық мәдениетте көрініс табуы және оның әсері (көркем өнер бұйымдары, қазіргі танымал мәдениеттегі дәстүрлі заттар, ежелгі мәдениеттің жасанды түрде қалпына келтірілген элементтері және т.б.) [164, с. 363]. Мәдени ортадан этномәдени сипаттағы ақпаратты жоғалтқан зат этнографиялық бұйым бола алмайды [165, б. 136]. Бұдан шығатын қорытынды: мұндай зат музейлік мәнді артефакт статусынан айырылады.

Осы берілген анықтамаларға сүйене отырып, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста «этнографиялық коллекция» ұғымы бүгінгі таңда жойылып бара жатқан немесе қолданыс аясынан шығып кеткен дәстүрлі қазақ өмір-салты мен мәдениет құбылыстарын көрсететін музей қорында жинақталған этнографиялық құндылықтардың негізінде қарастырылады. Олардың хронологиялық шеңбері дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің басым болған уақытын, яғни ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап бүгінгі күнге дейін қолданыста болған этномәдени ақпаратқа ие бұйымдарды қамтиды.

Қазақстанда музейлердің пайда болуы мен қалыптасуы сонау ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан бастау алады [159, с. 439]. ХІХ ғасырдың ІІ жартысы – ХХ ғасырдың басында қазақ жерінің әр өңірінен тарихи және этнографиялық артефактілерді жинастыру ісінде Ресей империясының жоғары лауазымды шенеуіктерінің және зерттеушілердің қор жинақтау ісіне қосқан үлесі айрықша маңызды болды. Олардың көзқарасы мен саяси іс-әрекеттері қазақ өлкесін толық отарлау идеясы және жоспарына негізделгенімен отандық тарихнаманың деректік, ұйымдық (институционалдық) негізін қалыптастыруға қомақты үлес қосты.

Қазақ жерінің әр өңірінен тарихи және этнографиялық артефактілерді жинастыру ісінде Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман, Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский, Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек сынды Ресей билігінің жоғары лауазымды шенеуіктері қазақ этнографиясын әр қырынан танытар сан алуан артефактілер жинақтау ісінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізіп, этнотарихи құндылықтардың музейлік қор коллекциясын қалыптастыру ісіне өзіндік үлес қосты. Оны әсіресе «Ресей этнографиялық музейі» (РЭМ) мен Ұлы Петр атындағы этнография және антропология музейі (Кунсткамера) қорындағы коллекциялар құрамы айғақтайды [80, б. 257].

Соның тағы бір айғақты дәлелі ретінде Ресей билігінің жоғары лауазымды шенеуіктерінің бірі – Орынбор генерал-губернаторы граф П.П. Сухтеленнің тікелей бастамасымен бүгінгі күні Орталық музейінің ұйымдық негізін құрайтын Орынборда әйгілі Неплюев әскери училищесі жанынан музеум (museum)

ашылғандығын айтуға болады. «1830 жылы қарашаның 12 жұлдызында Орынбор генерал-губернаторы граф П.П.Сухтелен жергілікті халықтан және қоныстанған басқа ұлт өкілдерінен өлкенің табиғатын, тарихы мен этнографиясын бейнелейтін жәдігерлерді губерния орталығында ұйымдастырылғалы отырған музей үшін табыстауға шақырады. Бұл ұсыныс қала тұрғындары мен жергілікті халық өкілдерінің қолдауына ие болып, нәтижесінде ашылғалы отырған музей үшін түрлі жәдігерлер жинала бастады. Арасында ескі қару-жарақ, үй тұрмысы және этнографиялық бұйымдар, кітаптар мен портреттер болды. Осы жинастырылған жәдігерлер негізінде 1831 жылы Неплюев әскери училищесі жанынан Орынбор губерниялық музеумы ашылды» [166, с. 40].

Сөйтіп, музей қоры ерікті түрде сыйға тартылған заттар арқылы толығып отырды. 1923 жылы 12 ақпанда №4372-74 түсім нөмірімен музей қорына Кіші Орданың батыс бөлігін билеген сұлтан Баймұхамед Айшуақұлының 18 жебесі бар қылшан түскен. Жебелер ағаштан жасалынған. Сол жылы 30 сәуірде Айшуақ ханың немересі Арслан Жантөреұлының қалқаны, найза, сауыт, болат қалқаннан жасалған қорған тапсырылды [167, КП №4372].

Сондай-ақ, Орталық музейдің жеке қорына 1923 жылы 20 маусымда №4392-4393 түсім кітабындағы мәліметтерге қарағанда, Фатима ханшайымның алтын зермен зерленген бешпенті және көйлегін Жәңгір хан мен Фатима ханшаның жиен немересі Тевкелев әулетінің тумасы Гүлсім Шейх-Алиден 3500 (үш мың бес жүз) рубльге сатып алынған. Осынау баға жетпес құндылықтарды Орталық өлкелік музейдің қызметкері А. Четыркин қабылдап алды [167, КП №4393].

Сол жылдары қоғамдағы шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалға байланысты музейдегі қор жинақтау жұмысы баяулап кетті. Оның үстіне жинақтау ескі принцип бойынша жүзеге асты (кездейсоқтық табылған құнды жәдігерлер және ерікті түрде сыйға тартылған заттар), ал арнайы экспедицияға және экспонаттарды мақсатты түрде жинауға күш те, қаржы да жетіспеді.

Қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты коллекциялардың пайда болуының ең іргелі факторларының бірі Ресей билігі тарапынан сан алуан көрмелердің өткізілуі болды. Алғаш қазақ халқының этнографиялық коллекцияларының қалыптаса басталуы 1731-1733 жылдары Ресей империясына қосылған Кіші Жүз жеріне Тевкелев елшілігінің келуімен байланыстырады. Патша үкіметі сол кезеңде зерттелмеген өлкенің тек табиғат байлығын ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының өмір салтын білуге де алғашқы жүйелі қадамдар жасады. Сондықтан экспедиция құрамында қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне шынайы қызығушылық танытқан орыс ғалымдары болды [168, с. 41-43]. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей мен шет елдерде, ал XX ғасырдан бастап Қазақстанда да өткізілген көптеген көрмелерде қазақ дәстүрлі бұйымдары мен басқа да көне құндылықтар музей коллекциясы ретінде қорлана бастады.

Жаппай көрмелер ұйымдастыру Еуропа елдерінде белең алып, Ресей империясында да көрініс берген өнеркәсіп төңкерісінің технологиялық

жетістіктерімен тығыз байланысты болды. Өйткені халықаралық деңгейде техникалық революцияның үлгілі өнімдерін жемістерін халыққа таныстыру қажеттілігі туындады.

Халықаралық көрмелер Лондон (1851, 1867, 1871), Париж (1867, 1876, 1878, 1889), Чикаго (1873), Филадельфия (1876), Антверпен (1869), Вена (1873), Амстердам (1883) және әлемнің басқа да қалаларында өткізілді [49, с. 109]. Шетелдік көрмелердің мақсаты халық шаруашылығының жетістіктерін, сол аймақты мекендеген халықтардың мәдениеті мен тұрмысын көрсету болды. Мұндай халықаралық көрмелерде павильон ретінде шынайы дәстүрлі құрылыстар немесе олардың көшірмелері де қолданылды [48, с. 82].

1878 жылы Парижде өткен халықаралық этнографиялық конгресте қазақ өлкесінен сәукеле, әшекей бұйымдар мен киіз үй апарылды. Қазақ халқының өнер туындылары 1882 жылы Мәскеу, 1888 жылы Екатеринбург, 1890 жылдары Ташкент және Қазан қалаларында өткен Бүкілресейлік өнер және өндірістік көрмелерде экспозицияға қойылды [53, с. 19].

Шығыс халықтарының сәндік-қолданбалы өнеріне қызығушылықты арттырған оқиға 1890 ж. шығыс кілемдерінің Венадағы көрмесі болды. Еуропалық әлемге қазақ және өзге де шығыс халықтарының бай қолөнер мен қолданбалы өнердің эстетикалық мәдениеті ашылды. Дәл осы Вена көрмесінен кейін зерттеушілер кілем өндірісі үлгілерін жинақтау және зерттеу, баспасөз беттерінде жариялау бойынша көлемді жұмыстар күшейтілді.

Ұлыбританияның Ресеймен сауда қатынастарын дамыту мақсатында 1901 ж. мамыр-қараша айлары аралығында Глазго қаласында халықаралық көрме өткізілді. Ол жерде Қазақстаннан экспонаттар қойылмаса да, қатысу туралы өтінімдер Қазақстанның түрлі аймақтарына бағытталды. Осыған ұқсас жағдай Ресейдің Чикагода 1893 ж. өткен Халықаралық көрмесіне қатысуға дайындық кезінде Орынбор губерниясында да орын алған болатын [48, с. 83].

Айтылған жайтқа байланысты XIX ғ. екінші жартысынан бастап Еуропадағы сияқты Ресейде де музейлік көрмелер ұйымдастырылды. Аталмыш көрмелерде жаңа технологиялық заманауи жетістіктерді көпшілікке көрсетілімі болды. 1829 жылы Санкт-Петербург қаласында «1-ші мануфактуралық бұйымдардың қоғамдық көрмесі» ашылды. Осыдан бастап өнеркәсіптік көрмелер тұрақты түрде Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларында алма кезек өткізіліп отырды. Қазақ өлкесінен барған өнімдер өткізілген көрмелерде жүлделі орындарға ие болып, олар мануфактура музеюміне тапсырылып отырған. 1836 жылдан бастап өнеркәсіп көрмелері губерниялық қалалар да да ұйымдастырылып, болашақтағы жергілікті музейлер коллекциясының негізін қалады [169, с. 77-78].

Мәскеудегі политехникалық көрмені дайындау бойынша Түркістан бөлімі комитетінің Жетісу облысының әскери губернаторы Г.А. Колпаковскийге жазылған хатында көрменің мақсаты империя құрамына жақында қосылған өлкелерді Ресейге толық таныстыру делінген [48, с. 78; 170, п. 40]. Расында да, көрме

ұйымдастырушылардың пайымдауында аталмыш бұйымдар өлкелік аймақтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының жалпы деңгейін келушілердің алдында көрсетуге тиіс болды. Осылайша, елдің шет аймақтарындағы халық шаруашылығының жетістіктерін көрсету мақсатын негізге алған көрме ұйымдастырушылары тарапынан қалың жұртшылыққа қазақ халқының мәдениетін, тарихы мен тұрмыс-тіршілігін көрме «тілінде» паш етті.

Қазақ тұрмысы мен шаруашылығына байланысты жинақталған құндылықтар алғаш рет 1865 жылы Ресей халықтарының өнеркәсіп жетістіктерін көрсету мақсатында өткізілген Санкт-Петербург қаласындағы этнографиялық көрмеде көрсетілді. Үлкен көрме 1867 жылы Мәскеу университеті жанындағы жаратылыстану, антропология және этнография қоғамы ұйымдастыруымен өтті. Көрмеге қойылған экспонаттар ішінде айрықша ерекшеленген бұйымдар Батыс Қазақстаннан әкелінген, генерал Н.А. Крыжановский мен Л.Ф. Баллюзек табыстаған бұйымдар еді. Олар қара-көк түсті шекпен, түйе жүнін жасалынған шекпен, плюштен тігілген шапан, асыл тастармен әшекейленген сәукеле, өңіржиек, әшекей бұйымдары болатын [53, с. 17].

Аталған көрме Ресей халықтарының ескерткіштері мен тарихын зерттеуге терең қызығушылықты танытты. 1867 жылы ауқымды халықаралық резонанс тудырған Мәскеу этнографиялық көрмесінде кешенді әдістің қолданылуы халық өнерінің үлгілерін, тұрмыс бұйымдарын, еңбек құралдары мен киім үлгілерін көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл көрмеде әрбір халық дәстүрлі тұрмысына тән бұйымдар ортасында манекендер көмегімен таныстырылды [171, с. 210].

В.Ф. Миллердің жазбасында көрмеге қойылған экспонаттар ішінде Қарқаралы округінің сұлтаны болған Құнанбай Өскенбайұлына тиесілі белдік пен бас киім болғаны туралы деректер келтірілген [53, с.17].

Ерекше ескерер жайт, музей қорын қалыптастыруда тек орыс шенеуіктері ғана емес, сондай-ақ жергілікті қазақ зиялыларының да үлестері зор болды. Қазақ коллекцияларының болашақ қорын жасақтауға XIX ғасырдың II-жартысында Шоқан Уалиханов, оның әкесі Шыңғыс Уалиханов, Мұса Шорманов, Арынғазы Ханқожин, Нұрмұхамет Сағнаев, Мейрам Жанайдаров, Беркімбаев секілді азаматтар ерекше үлес қосты. Жоғарыда аталған азаматтардың қазақ этнографиясына байланысты жинақтаған құндылықтары Ресей және басқа елдерде өткен халықаралық көрмелерде көрсетілді. II Александр патшаның ұлы, князь Владимирдің 1868 жылы Қазақ өлкесіне келуіне орай, Сібір ведомствосының қарамағындағы дала округтерінің басшылары қазақ өлкесінің кәсіпшілік мәдениетін көрсету мақсатында көрме ұйымдастырды. Сол көрме экспонаттары ішінде Ақмолалық Нұрмұхамет Сағнаевтің және Атбасарлық Мейрам Жанайдаровтың берген қазақ үйлері ерекше көзге түсті. Экспонаттардың көп бөлігі, жүзге жуығы Көкшетау округінің сұлтаны – Шыңғыс Уалихановтың сыйға тартқан заттары болды. Олар киіз үй және оның жабдықтары, қымбат күдеріден тігілген тон, камзол, бөрік, ат-жабдықтары секілді заттар. Осы көрмеде Семей округінің сұлтаны

Арынғазы Ханқожиннің сыйға тартқан киіз үйі және оның жабдықтары, күмістен жалатылған ер-тоқым, сырт киім, ер адам белдігі сияқты заттары қойылды [53, с. 18].

Экспонаттардың басым бөлігін, шамамен жүзге жуығын Көкшетау округінің сұлтаны Шыңғыс Уәлихановтың сыйлықтары құрады. Сондай-ақ, мұнда Семей округінің сұлтаны Аринғазы Ханқожин сыйлаған сыйлықтар да орын алды.

Қазақ көркемөнер туындыларының әлдеқайда толық коллекциясы 1876 ж. Петербургте өткен шығыстанушылардың үшінші конгресі көрмесінде таныстырылды [53, с. 18-19].

Шоқан Уәлихановтың әкесі сұлтан Шыңғыс Уәлиханов қазақ мәдениетін ресейлік шенеуніктері мен ғалымдары арасында насихаттауда үлкен еңбек сіңірді. Э. Ухтомский өзінің бір сапарында бірқатар оқиғаларын былай сипаттайды: «Қымыздан дәм татқан тақ мұрагері қазақ ауылында өзінің құрметіне ұйымдастырылған көрмеге қарай бет алды. Ондағы киіз үйлер жартылай шеңбер түрінде орналасқан. Қонақтар алдымен жоғарыда аты аталған бай қазақ Нұрмұхамед Сағынаевтың киіз үйін тамашалады. Мұнда Николайға той көйлегі мен сәукеле киген қазақ қалыңдығын таныстырды. Үй ішінде кесте тігіп отырған бірнеше қыздар болды. Мұнда қымыз құйылған саба да болды. Кейін қонақтарға ірімшік, құрт жасау және көнек дайындау үшін тері өңдеу процестері, қой мен бие сауу, сондай-ақ екі өркешті түйелер таныстырылды. Бұдан кейін тақ мұрагері мен оған ерген қонақтар қазақтың көне қару-жарақ үлгілерінен көрме жасақталған Мейрам Жанайдаровтың киіз үйіне барды. Мұнда қонақтарға дәстүрлі тағам түрлерінің барлығы дерлік ұсынылып, ағаш өңдеу, темір, зергерлікке қатысты бұйымдар көрсетілді. Сонымен қатар, құрметті қонақтар киіз үйлердің бірінде арнайы жасақталған экспозицияны тамашалады. Мұнда Семей облыстық статистика комитетінің коллекциясы, соның ішінде этнографиялық және археологиялық, зоологиялық және минералогиялық коллекциялар ұсынылды» [145, с. 14-15].

1867 жылғы Мәскеудегі этнографиялық көрме аяқталған соң Шыңғыс Уәлиханов жинақтаған Солтүстік Қазақстан қазақтарының тұрмыс-тіршілігін заттар Румянцев музей қорына тапсырылды. Әр алуан ресейлік көрмелерге қазақ мәдениетіне қатысты заттарды жинақтау, оларды классификациялау, этнографиялық түсініктеме беру, олардың құндылығын анықтау бойынша Шыңғыс Уәлихановтың еңбегі зор болды. Сұлтан ұзақ жылдар бойы Ресейдің ғылыми мекемелеріне Солтүстік-Шығыс Қазақстаннан қазақ өлкесінен қазақ мәдениетінің құндылықтарын «жеткізуші» жалғыз адам болды [172, с. 17-34].

Сібір-Орал ғылыми-өнеркәсіп көрмесінде қазақ этнографиясы бойынша Омбы музей қорынан және Дала өлкесі тұрғындарынан жиналған заттар қойылды. Ақмола уезінің болыс билеушісі Мұстафа Жәнібековтің музейге тапсырған коллекция ерекше ауқымды болды [138, с. 10].

Төменгі Новгородтағы бүкілресейлік көрмеге Императорлық орыс география қоғамының Батыс Сібір бөлімі жинақтаған қазақ этнографиялық коллекциясы қойылды. Императорлық орыс география қоғамы атынан вице-президент П.П. Семенов бөлімге Дала өлкесінің табиғаты мен халқын сипаттап көрсететін арнайы көрме павильонын жасақтауды тапсырды. Экспонаттарды дайындау бойынша көлемді ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Көрмеде Қазақстанның шығыс өңірінде қоныстанған қазақ, ұйғыр, орыс халықтарының тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін этнографиялық материалдардың басым бөлігі халық арасынан жиналып, кейіннен оларға қайта қайтарылды. Бірақ көрме экспонаттарының бір бөлігін иелері Омбы музейіне сыйға тартты [138, с. 11].

Көрме заттарын жинақтап, оларды көрмеге жіберуге қаржыландыру ісімен тек генерал-губернаторлар кеңселері мен империяның орталық мекемелері бөлген қаржылары иеленген көмекші комитеттер ғана емес, сондай-ақ көрмеге қатысушы тарапынан да, соның ішінде ауқатты топ өкілдері көрмеге барып-келу шығындарын толық көтеріп, экспонаттар жинаумен де белсенді айналысты.

Көрме заттары байтақ өлкенің тұрғындарынан сыйға және сатып алынып қана қоймай, бай коллекциясы жеке тұлғалардан да қабылданды. Ал дереккөздердің көрсетуі бойынша, мұндай тұлғалар өлкеде аз болмаған [48, с. 82].

Қазақ мәдениеті мен тарихы жөніндегі әртүрлі артефактілерден тұратын коллекция совет дәуіріне дейінгі империялық биліктің қолдауымен ұйымдастырылған сан алуан көрмелерде қойылды. Бұл ретте Ресей билігінің көздеген мақсаты – ғылыми-танымдық қана емес, XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңде отарлық аймаққа айналған «бұртана» статусына («инородец») ие болған қазақ этносымен Ресейдің интеллектуалдық және саяси элиталарын мүмкіндігінше жан-жақты таныстыру болды. Осы қисын тұрғысынан Ресей империясының ұлт аймақтары халықтарының, соның ішінде қазақ этносының да тарихи этнографиясы, мәдениеті жөніндегі сан алуан материалдардың көрмелерін ұйымдастыруды іс жүзінде метрополияның құрамына күштеп отарландырылған елдер мен олардың территориясын презентациялау ретінде де бағамдауға болады. Демек совет дәуіріне дейінгі кезеңде ұйымдастырылған аталмыш және осы құралыптас басқа да көрмелер шынтуайтында отарлық тәртіпті дәріптейтін идеологиялық функция атқарды деп айтуға болады. Расында да аталмыш кезеңде Ресейдің ірі қалаларында ұйымдастырылған этнографиялық-тарихи көрмелердің бәрі көрермендер тарапынан үлкен қызығушылық туғызды. Ал қазақ өлкесінде осы уақытта құрылған кейбір музейлер ұйымдастырған көрмелердің кейбіреуі империялық билік тарапынан арнайы марапатталды. Мысалы ретінде 1896 ж. «Нижний Новгород» қаласында ұйымдастырылған ауқымды көрмедегі он үшінші және он төртінші бөлімдерді жасақтауға қатысқан Семей облыстық музейі II, IV дәрежелі дипломдарымен марапатталғандығын айтуға болады. Орыс география қоғамы Семей бөлімінің 1902-1927 жж. бойынша есебінде 1911 ж. Омбыда өткен 1-ші Батыс Сібір ауыл шаруашылық көрмесінде

Семей музейінің ұйымдастырған экспозициясы үлкен күміс медальмен марапатталғанын көрсетеді. Зерттеуші Е.А. Жасыбаевтың мәліметіне қарағанда әр жылдары белгілі қазақ этнографы Мұстафа (Мұса) Шорманов «жинақтаған әдеби мұра мен халық қолданбалы өнерінің үлгілерінен құралған жеке коллекция 1861, 1867, 1876 жылдары Мәскеу, Париж, Санкт-Петербургте өткен көрмелерде ең жоғары марапаттарға ие болды» [48, с. 82].

Қазақстанда 1913 жылы Верный қаласында ауыл шаруашылық және өнеркәсіп көрмесіндегі қойылған заттар құрамы жағынан бұрынғы көрмелерде қойылып жүрген бұйымдардан соншалықты айырмашылығы болған жоқ. Аталмыш көрмеге ауыл шаруашылық, өнеркәсіп өнімдері, геологиялық тау жыныстарынан басқа, қолөнер бұйымдарының мүмкіндігінше толық үлгілері жинақталды. Соның ішінде жергілікті зергерлік бұйымдар мен құрал-жабдықтар, кілемдер сияқты этнографиялық құндылықтар көрмеге қойылды [48, с. 78].

«Әр жылдары түрлі көрмелерге қатысу үшін Ресейдің ғылыми қоғамдарының, аймақта қоныстанған халықтардан патша әкімшілігі шенеуніктерінің, жеке коллекционерлерден (сатып алу немесе қарапайым қайырымдылық жолымен) жинақталған бұйымдар мен заттардың» қайтарылмаған бөлігі жергілікті биліктің, сондай-ақ көрме ұйымдастырушылардың шешімімен тиісті музейлердің қорына беріліп отырды [48, с. 83]. Көрнекі мысал ретінде төмендегі жайттарды айтуға болады. XIX ғасырдың 70-жж. соңы – 90-жж. басында Орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімі қатысқан көрмелердің экспонаттары Омбы өлкелік музейі қорының құрамын толықтырды. Дәл осындай жолмен Верный музейінің қорлары да 1902 және 1913 жж. көрмелердің сан алуан материалдарымен толықты. Биліктің 1896 ж. Төменгі Новгородтағы ұйымдастырылатын көрмеге ерекше мән бергендігі соншалықты, осынау іс-шараға тиімді дайындық жүргізу үшін тіпті Торғай облыстық «қосымша комитеті» деген арнайы құрылым жасақталды. Бұл комитет осы облысқа қарасты Бөрте елді мекенінің болысы Нұрмұхамедовтан алған экспонаттарға қосымша жоғарыда аталған қалада ұйымластырылуы тиіс көрмеге қойылмаса да, «болашақ музей үшін» әйел адамның ер-тұрманын жеткізіп тапсыруды өтініп сұраған [48, с. 83]. Осы ретте осындай жолмен, яғни әр жылдары ұйымдастырылған көрмелердің артефактілерін музейлерге, соның ішінде жаңадан бой көтерген қазақ өлкесінің жергілікті музейлеріне де, беріліп отыруы, біріншіден, аталмыш музейлердің қорын толықтырып отырды, екіншіден, жаңа музейлердің пайда болуы үрдісінде де өзіндік рөл атқарғандығын атап өткен жөн [48, с. 83-84].

Метрополия мемлекеттердің халқы арасында жаңа аймақтарды таныстыру мақсатында ұйымдастырған көрмелердің өте табысты өткендігін сан алуан тарихи мәліметтер айқын айғақтайды. Осылайша мұндай көрмелер отарлық кіріптарлыққа ұшыраған халықтардың табиғи ортасының мән-жайымен, оның ресурстармен, жергілікті байырғы халықтың тұрмыс-тіршілігі және әдет-ғұрпымен таныстырды. Оларды ұйымдастыруда экспозициялық өнер техникасының соңғы жетістіктері

қолданылды, сонымен бірге көрсетілім тек тауарлармен, шикізатпен және құнды заттармен шектелмей, көп жағдайда байырғы халықтың мәдениеті және өнерімен таныстыратын театрландырылған көріністермен де сүйемелденді. Көрмелерде қолданылған таныстырылым әдіс-тәсілдері бүкіл әлемдегі музей құрылысы дағдысына, соның ішінде экспозиция құру тәсілдеріне зор ықпал етті. Оның үстіне, музей жайлы қоғамдық пікірлердің бұл әлеуметтік институттың демократизациялану жағына өзгеруін ынталандырды. Кең байтақ қазақ өлкесіне қатысты көрмелер ресейлік шенеуніктер мен ғалымдарға, сондай-ақ жергілікті халыққа ескілік бұйымдарының (мәдени мұраның) құндылығы мен маңызын түсінуге әжептәуір мүмкіндік берді, оларды қорғау тәсілдері мен келешек ұрпақтарға жеткізу туралы сұрақтар туындады. Нақ осы талаптарға жауап беретін мекеме кейіннен музейлердің ашылуына түрткі болды.

Этнографиялық коллекцияның музей қорына түсуінің тағы бір іргелі бағыты – қазақ даласында, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды жүргізілген сан алуан, сан бағыттағы, соның ішінде ғылыми экспедициялардың барысында жинақталған материалдар. Қазақ өлкесін экспедициялық зерттеуді ұйымдастыру ісінде өлшеусіз рөл атқарған, сөз жоқ, 1845 жылы құрылған Орыс географиялық қоғамы (1850 – 1917 жж. Императорлық орыс география қоғамы) болды. Осы ретте жоғарыда айтылғандай, қазақ тарихын, тұрмысын, шаруашылығын, мәдениетін, тіршілік құрған табиғи ортасын дендеп зерттеу XIX ғасырдың 50-ші жылдарының аяқ шенінен бастау алатындығын айтқан жөн. Музейлік құндылығы жоғары артефактілерді қазақ өлкесінің әр өңірлерінен жинақтауда әсіресе аталмыш «қоғамның» 1868 ж. Орынбор қаласында жасақталған Орынбор, 1877 ж. Омбыда бой көтерген Батыс Сібір, 1896 ж. Ташкентте құрылған Түркістан және 1902 ж. Семей қаласында пайда болған бөлімшелерінің орны мен маңызы өлшеусіз болды [159, с. 436-450]. Осылайша кезінде ұлт аймақтарын, соның ішінде қазақ өлкесін отарлау ісіне қызмет еткен экспедициялардың әр жылдары жинаған сан алуан тарихи, географиялық, тарихи-этнографиялық, зоологиялық, ботаникалық, тіпті геофизикалық мәліметтері (есеп түрінде жазылған материалдар) және тиісті артефактілер кейін қазақ өлкесінің әр өңірінде пайда болған музейлердің қорларына түсті [159, с. 436-450].

Қазақстанның әр аймақтарын географиялық, тарихи-этнографиялық, ботаникалық, зоологиялық, геологиялық тұрғыдан зерттеу мақсатында ұйымдастырылған алғашқы экспедициялардың сан салалы, сан деңгейлі зерттеу жұмыстары ең алдымен П.И. Рычков, Н.П. Рычков, П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.П. Фальк, Спасский, сынды саяхатшылар мен зерттеушілердің есімдерімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, Ш. Ш. Уалиханов, А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зерновтың зерттеулері қазақ этнографиясы бойынша баға жетпес құнды деректер көзі ретінде бүгінгі күні ғалымдар арасында қолданылып жүр. Дегенімен, қазақ өлкесін жүйелі түрде зерттеу статистикалық комитет пен орыс географиялық қоғамының бөлімдері құрылған уақыттан бастау алды десек те болады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап аймақтық статистикалық комитеттің орталықтары басқарушылық қажеттіліктер үшін статистикалық материалдарды қалыптастыру бағытында ғана емес, ғылыми және білім беру қызметінің ошақтары болды.

Статистикалық комитет қызметінің халықтың әлеуметтік-мәдени аспектісіне деген қызығушылық бірқатар себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, аймақтық статистикалық есеп орталықтары аймақты ғылыми зерттеудің институционалдық негізін қалады. Екіншіден, дала өлкесінің аумақтық шекараларында облыстық статистикалық комитеттер музей коллекцияларының қалыптастырған мекемелер де болды [173, с. 185].

Статистикалық комитет мүшелерінің ғылыми-ағартушылық қызығушылығының, істің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуінің арқасында жекелеген бағыттар мен музей қорын қалыптастыру бойынша материалдарды жинақтау, өңдеу үдерісі біршама жақсы жүрді. Осылайша құнды археологиялық, этнографиялық, статистикалық материалдарды, сондай-ақ өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы саласындағы құнды деректерді жинақтай отырып, өңірде тарихи-мәдени мұраны сақтауға және ұлғайтуға объективті алғышарттар жасалды.

Дала өлкесінің аумақтық шекарасында алғашқылардың бірі болып 1877 жылы Ақмола облыстық статистикалық комитеті, бір жылдан кейін Семейде де статистикалық комитет құрылды. 1883 жылы Семей қаласында облыстық статистикалық комитеттің зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жәдігерлер мен кітаптар жинастырылып, соның негізінде алғашқы музей мен кітапхана ашылды. Сол кезеңде музей және кітапхана жұмысының жандануына саяси жер аударылған А. Леонтьев, А.А. Блок, Н.Я. Коншиннің еңбегі зор болды. Олар музей қоры коллекцияларының толығы мен олардың ғылыми сұрыпталуына етене араласты [173, с. 185]. Сондай-ақ Құнанбай, Абай Семей музейіне киім-кешек, алаша, кілем, әртүрлі әшекей бұйымдарды сыйға тартты [174, с. 167].

Семей жерінде өлкетану жұмысы мен музей ұйымдастыруда «Ағайынды Белослюдовтар» деген атпен танымал Виктор (1882-1916); Николай (1880-1943); Алексей (1887-1939) Федор (1884-1944) Белослюдовтардың қосқан үлесі ерекше зор. «Осы өңірде бірнеше жылдар бойына түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізген ағайынды Белослюдовтар өз үйлерінен геология, минералогия, палеонтология, антропология, археология және көне бұйымдар бөлімдерінен тұратын музей ашты. Музейде тек археологиядан ғана 600 астам жәдігерлер, нумизматикадан жалпы саны бір мыңнан асатын алтын, күміс және мыс тиындар, қағаз ақшалар болды. Өздерінің жеке музейін ұйымдастырудағы жинаған тәжірибелерін ағайынды Белослюдовтар Семей қалалық музейін құрушыларға үйретіп, бұл істің қыр-сырымен барынша бөлісті. 1911 жылы олар өз жәдігерлері жинағынан қала музейіне 500 аса қымбат бағалы бұйымдарды сыйға тартты. Жан-жақтан түсіп жатқан заттардың негізінде музейдің коллекциялық қоры құрылып, этнология, археология, зоология, палеонтология, тау ісі сияқты жекелеген бөлімдердің

ашылуына негіз болды. Осы кезеңде музей қорында 2296 заттар және 800-ге жуық түрлі атаулы кітаптар тіркелді» [175, б. 93]. Белослюдовтар ауыз әдебиеті үлгілерін аударып жариялап, этнофольклорлық ескерткіштерді жинау ісіне де еңбек сіңірді. Федор Белослюдов Семей, Өскеменде қызметте жүріп, жұмыс бабымен қазақ ауылдарының тыныс-тіршілігімен танысып, күнделікті оқиғаларды фототіркеуге алып отырды. Семей тарихи-өлкетану музейінде сақталған «Белослюдов альбомы» деген атаумен тіркелген альбомындағы этнографиялық фотолар баспалық, яғни басып шығарылған алғашқы түпнұсқасы.

Музейді ұйымдастыруда және оның жәдігерлерімен жабдықталуына Верный статистикалық комитетінің 1896–1907 жылдар аралығында басшысы болған белгілі ғалым Н. Н. Пантусов (1849–1909) көп еңбек сіңірді. Музейді физика-географиялық, археологиялық, этнографиялық және ауылшаруашылық бөлімдері құрады. Музей қоры көбіне жеке адамдардың сыйлықтары негізінде толықтырылып отырды. Осы жайында музей меңгерушісі В.Е. Недзведский Санкт Петербургке былай деп хабарлайды: «Өкінішке орай музей қорын толықтыру мақсатында жәдігерлер сатып алуға қазынадан еш қаржы бөлінбей отыр. Жәдігерлер көбіне жекелеген адамдардың сыйлықтары негізінде жиналуда» [176].

Осылайша қазақ халқының тарихы мен мәдениетін әр қырынан танытатын отандық музейлердің этнографиялық коллекциясы қалыптаса бастады. Осы коллекцияларды қорда жинақтау бағытында, біріншіден, Ресей билігінің жоғары лауазымды шенеуіктері үлкен ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Екіншіден, бұл істе қазақ зиялылары да өз үлестерін қосты. Үшіншіден, этнографиялық коллекцияның жүйелі түрде жинақталуына бүкілресейлік және халықаралық көрмелер негіз болды. Төртіншіден, орыс географиялық қоғамы, статистикалық комитет ұйымдарының құрылуы нәтижесінде қазақ өлкесі жүйелі түрде зерттеліп, сол ұйымдардың жасаған экспедициялар барысында этнографиялық коллекциялар қалыптасты. Бұл үрдіс өз кезегінде қазақ өлкесінде алғашқы музейлердің ұйымдық жағынан да, қажетті құндылықтардың коллекциялық негізі тұрғысынан да қалыптасуында айырықша орын алды.

Жинақталу географиясы. Орталық музей қорындағы Қазақстанның әр өңірінен жинақталған этноартефактілерді зерттей отырып, олардың аймақтық ерекшеліктерін аңғаруға болады. Мысалы музейдің жеке коллекциясын құрайтын қазақтың дәстүрлі киім-кешектің озық үлгілері сақталып отыр. Соның бірегейі – Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі тұрғындары ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың 50-60 жылдары аралығында пайдаланылған киімнің түрлері. Музей коллекциясының құрамы мен олардың құрамдас компоненттеріне (сақтам бірлігі) берілген атрибуцияларға қарағанда, бұл өңірде көбінесе әйел мен ер адамдар шолақ жеңді камзолдар, түйе жүнінен иірілген жіптен тоқылған, жұмсақ сырттық шекпен, жазда шапан, қыста киізден қаусырылған кебенек сияқты жеңіл, сулық киім түрлерін киген. Жетісу және оңтүстік қазақтардың шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек жеңдері ұзын, әшекейлі болып келеді. Оңтүстік өңірдегі әйел

камзолдарының жағасына, белдегі тігісіне моншағы бар күміс теңгелер тағылды. Жетісу аймағында осындай теңгелер екі қатар болып келеді, басқа аймақтарда камзол жиегін, бел тұсын шашақты зер таспамен сәндеген [68, с. 88].

Дәл солай Ұлттық музей қорында сақталған дәстүрлі қазақ этноартефактілердің жинақталу географиясы Қазақстанның әр өңіріне тиесілі. Ұлттық музей Орталық музей және өңірлік тарихи-өлкетану музейлерінен кейін құрылғанымен, оның «ұлттық» статусына ие болуына байланысты, бұл музейде Қазақстанның әр өңірінен жинақталған этнографиялық құндылықтар кездеседі. Осы ретте айта кететін жайт – бұл музейдің негізгі қорының шамамен 90 %-і Қазақстан Республикасы Президенттік мәдени орталыққа қарасты музейінің қоры негізінде құрылды. Нұрсан Әлімбаев басқарған этнографиялық экспедициялар Ұлттық музейдің қазіргі қорын жасақтау ісінде шешуші рөл атқарған. Сондай-ақ облыстық тарихи-өлкетану музейлерінен біршама этнографиялық коллекциялар келіп түскен. Мысалы, Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінен ағаштан жасалған етке арналған табақ, М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінен шаңырақ, кереге, уық, сандық, адалбақан сияқты этноартефактілер Ұлттық музей қорына өткізілді. Одан бөлек музей қызметкерлері қорды жинақтау үшін әр түрлі акциялар өткізген. Сондай акциялардың бірі «Ұлттық музейге сый тарту» деп аталады. Осы акция аясында Ә. Нұршайықовтың домбырасы, сондай-ақ басқа да ел арасында қолданыста болған этнографиялық бұйымдар музей қорына тапсырылды. Коллекциялардың ішінде И. Тасмағамбетовтың жеке жинақтары, Болат Сарыбаевтің жеке музыкалық аспаптар коллекциясынан келіп түскен 400-ге жуық артефактілерді ерекше атап өтуге болады [177].

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы дәстүрлі қазақ этнографиялық бұйымдардың басым бөлігі осы өңірге тиесілі. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында шамамен бір жүз бес мыңға жуық музей құндылықтары сақталған. Соның ішінде, Батыс Қазақстан өңіріне тән өзіндік өрнегімен жасалу стилімен дараланған этнографиялық бұйымдар коллекциясы ерекше. Ұста шеберлері үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әртүрлі металл және сүйек өңдеу ісімен айналысқан. Музей қорында киіз үй жиһаздары мен тұрмыстық заттар қатарына жататын асадал, кебеже, сандық, адалбақан секілді бұйымдар республикаға танымал халық шебері Айдос Мұратовтың қолынан шыққан. Қолөнер шебері Қ. Жұбаниязовтің қолынан шыққан сандық, кебеже, төсек ағаш т.б. заттар этнография залында экспозицияланған. Сондай-ақ Ырғыз уезі Қабырға болысының болысы – Ораз Тәтеұлы (1856-1917 жж.) тұтынған сандық, Арынғазы хан (1785-1833 жж.) пайдаланған қайын ағашынан ойып жасаған қымыз шара, сапты аяқ, тостағандар сақталған. Музей қорында сақталған құнды этнографиялық бұйымдардың бірегейі саналатын – сырты түгелдей сүйектеліп көркемделген қол сандықтар ерекше өрнектелген. Оның төрт жағы сырты түгелдей қақпақтың жиегі мен төбесі толығымен сүйектелген.

Сандықтың бетіне қос мүйіз, ирек оюлары жүргізіліп, шегелермен бекітілген. Ақтөбе өңірі шеберлерінің қолынан шыққан өзге де сүйектен жасалған заттар сақталып келеді. Олар ат-әбзелдер, ер-тұрман, мұрындық сияқты бұйымдар [178].

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде жүз елу мыңнан астам музей құндылықтары бар. Музейде теріден үй тұрмыс-тіршілігіне қатысты, шаруашылық қажетіне жарайтын бұйымдар, сыртқы киім-кешек, ер-тұрман т.б. этноартефактілер жинақталған. Әсіресе теріге басылатын күрделі оюлар, тері илеуде Орталық Қазақстан өңірінің шеберлері ерекшелінеді. Бұл музейде жинақталған этнографиялық құндылықтар Сарыарқаның тарихи-мәдени мұраларына арналған [179].

Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің қорында 24 мыңнан аса музейлік құндылықтар сақталған. Музей қорында жинақталған этноартефактілердің басым бөлігі Жетісу өңірінен. Мысалы киіз үй мен оның ішіндегі заттарды жергілікті қолөнер шеберлері дайындаған. Солардың ішінде XIX ғасырдың аяғында Сарқан ауданының ағаш шебері Ә.Әменов дайындаған, беті малдың сүйегімен және күміс шегелермен безендірілген ағаш төсекті ерекше атап өтуге болады [180].

Отандық музейлер тәжірибесінде ірі кешенді музейлерден басқа мамандандырылған музейлерде тек өз бағытына тиесілі ғана емес, жалпы қазақ халқына ортақ немесе басқа өңірге тиесілі де мұраларды жинақтап, жүйелеуді жолға қою үрдісін ұстанады. Мысалы, Алматы тарихы музейі тек Алматы өңірінің тарихы мен мәдениетін ғана емес, аймақтық ерекшелікті айғақтайтын мұраларды жинау мақсатын қоса ұстанады.

Осылайша музейлерде қорланған этноартефактілердің жинақталу географиясы сол музейлердің орналасқан өңірі мен оның институционалдық-ұйымдық статусына байланысты. Аймақтық тарихи-өлкетану музейлерінде қорланған этнографиялық коллекциялар сол өңірге тән аймақтық-типологиялық ерекшеліктерімен ерекшелінсе, ал мемлекеттік статусы бар республикалық деңгейдегі музейлерде жинақталған этноартефактілер Қазақстанның әр өңіріне қатысты сан алуан музей құндылықтарымен толыққан.

1.2 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің ұйымдық негізінің және тарихи-этнографиялық құндылықтарының алғашқы қорының қалыптасуы

Этнографиялық коллекцияның пайда болуы халықтың немесе этникалық топтардың экзотикалық заттарын жинақтаудан бастау алады. Мұндай заттарды ежелгі дәуір, орта ғасырлар мен ұлы географиялық ашылулар кезеңін зерттеумен айналысқан саяхатшылар мол әкелген еді. Ал этнографиялық коллекцияны ғылыми тұрғыдан жинақтау 18-19 ғасырларда қолға алынды. Алайда, Еуропа ғылымының өзінде XIX ғасырдың I жартысында халық мәдениетіне немесе этникалық топ мәдениетіне жататын материалдық объектілерге экзотикалық деп есептелінген

артефактілерден басқасына аса маңызды көңіл бөліне қойған жоқ. Батыс елдеріндегі ерте уақытқа тән жинақталған экспонаттардың басым көпшілігі байырғы халықтар қолданған экзотикалық артефактілерден тұратындығы сондықтан. Этнографиялық коллекциялардың ғылыми тұрғыда жинақталуы ірі этнографиялық музейлердің ашылу уақытымен сәйкес келеді. Ал тікелей Қазақстан музейлеріне келетін болсақ, жоғары тараушада көрсетілгендей, этнографиялық коллекциялардың жинақталуы шамамен XIX-XX ғғ. жатады. Әр музейдің өзінің қалыптасу тарихы бар және этнографиялық коллекцияның жинақталу географиясы да әртүрлі. Бұл жайтты, әсіресе, Қазақстан музейлеріндегі ең ірі, коллекциясының құрамы жағынан әрі бай және көне музейі болып саналатын Орталық музейдің ұйымдық тарихы мен коллекцияларының қалыптасу үрдісі толық айғақтайды. Осы ретте аталмыш музейдің этнографиялық коллекциясының жинақталу географиясы мен қалыптасу тарихы отандық музейлердегі этноартефактілердің қорда жинақтау үрдісі және географиясы жөнінде біршама толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік беретіндігін ерекше екшеп айтуға болады.

Жоғарыда қысқаша айтылғандай, 1831 жылы 1 сәуірде «Қырғыз (қазақ) өлкесінің» императорлық әкімшілігінің әкімшілік орталықтарының бірі болған Орынбор қаласында Неплюев әскери училищесінің жанынан «museum» ашылады. Бұл музей Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің ұйымдық-институционалдық құрылымының негізін салды. Еліміздің музейлік кеңістігінде Орталық музей тек республика ауқымында ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағында ең ірі тарихи бейіндегі әрі жетекші рөліндегі музейлердің бірі. Музей қорында қазақ, Орталық Азия және басқа ұлттардың материалдық және материалдық емес мәдениетіне қатысты 300 мыңнан астам музей жәдігері бар. Оның 24 мыңға жуығы этнографиялық коллекция құрамына кіреді. Қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен негіз болатын бүгінгі таңда ғылыми орталыққа айналған музей тарихи тағылымға толы күрделі жайттарды басынан өткерді.

Жылдар бойы жинақталып келген музей коллекциясының қалыптасу тарихын кезеңдерге бөліп қарастыру немесе рубрикациялау Қазақстан жерінде музейлердің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан жекелеген тұлғалардың қызметін, олардың отандық музей ісіндегі орны мен қызметін саралауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қоғам дамуының кезеңдеріне сай орын алған мемлекеттік саясаттың әсері, соған байланысты қабылданған тұжырымды өзгерістер мен құрылымдық ерекшеліктер музей қорының коллекция құрамының жинақталуына қандай әсер тигізгенін ғылыми тұрғыда пайымдауға жол ашады.

Ғылыми ортада Орталық музей тарихы шартты түрде «Орынбор» және «Алматы» кезеңі деп бөліп қарастырылады [159, с. 436; 231, с. 272-273]. Музей тарихына байланысты жазылған еңбектердің көбісі тарихи, жүйелілік және салыстырмалы талдау қағидаттары басшылыққа алынып, музей тарихы жалпылама сипаттық түрде жазылып жүрді. Аталмыш музей тарихын кезеңдеу барысында зерттеушілер көбінесе тарих ғылымында қалыптасқан қазан революциясына дейін,

кеңес үкіметі кезеңі және тәуелсіздік жылдардағы қазақстан музейлер тарихы деген хронологиялық кезеңдерге бөліп қарастырып келді. Барлығымызға белгілі жайт, Орталық музей алғашқы коллекциялары Орынбор музейі жинақтары негізінде қалыптасқан. Яғни айтылып отырған музейдің ұйымдық-институционалдық және тарихи-мәдени құндылықтар қорының қалыптасу үрдісі, жоғарыда диссертацияның арнайы тараушасында айтылғандай, сонау XIX ғ. 30-жылдары Неплюев әскери училищесінің жанынан құрылған музеумнен бастау алады. Музеумнің құрылған уақытынан бастап (яғни 1831 жылдан) әр түрлі саяси, экономикалық және тарихи жағдайларға байланысты музеумнан 1929 жылдар уақыт аралығында Қазақстан Орталық өлкелік музейі мәртебесіне дейін ие болған бұл мекеме Алматы қаласына көшірілген уақыт аралығын есептесек, шамамен бір ғасыр уақыт аралығын қамтиды. Осындай ауқымды хронологиялық уақыт аралығын қамтитын орынбор өлкесінде негізі қалыптасқан аталмыш музейдің тарихи кезеңделуін шартты түрде «орынбор» кезеңі деп қарастыру музейдің осы кезеңмен сай келетін бұлыңғыр жазылған тарихы мен қайшылықтар туғызатын мәселелерді айқындап, оларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл кезең 1929 жылы Қазақстан Орталық өлкелік музейінің Алматы Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына толық көшіп орналасқан уақытпен межеленеді. Әрі қарай музей тарихының бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан алматы кезеңі басталады.

Этноартефактілердің жинақталу географиясы мен қалыптасу тарихын зерттеу ісінде, әсіресе, олардың музей қорына түскен уақыты мен жасалған және қолданыста болған өңірі, сондай-ақ типологиялық құрамы тіркелген музейлік түсім құжаттары, әсіресе түсім кітапшасы (книга поступлений – КП), музейдің мерзімдік және «тақырыптық-проблемалық» ғылыми есептері ең басты деректік негізі ретінде шешуші рөл атқарады. Сондай-ақ Қазақстан музейлеріндегі коллекциялар мен қор материалдарының құрылуы, музей ісі мен қызметі, ресми музейлік құжаттардан құнды дерек беретін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының қоры, соның ішінде Орталық музей жоспарлары, хаттамалары, Орталық мемлекеттік музейдің әр жылдардағы есептері, бұйрықтары, Орынбор губерниясынан келген коллекция тізімі туралы мәліметтертердің де танымдық тағылымы өлшеусіз екендігін ерекше екшеп айтқан жөн.

Музейдің пайда болу тарихы өлкетанушылардың назарына тек XX ғасырдың бас кезеңінде ғана іліне бастады. Оған П.Н. Столпянский мен П.Д. Райскийдің еңбектерін жатқызсақ болады [181, 182]. П.Д. Райский өзінің жазбасында «музей древностей» деген атаумен музейдің орналасқан ғимараты, оның ғимараттың тек бір бөлмесін ғана алып тұрғандығы туралы мәлімет келтірген. Музейдің коллекциясының жинақталу тарихына байланысты мәселелерге ден қоймаса да, сол кездегі музей бөлмесінде орын алған заттарға байланысты пайда болған бөлімшілердің классификациясын жазып қалдырған [182, с. 59-60].

Өзара себеп-салдарлық байланыстағы сан алуан мәліметтерге негізделген тарихи хроника Орталық музей тарихының «Орынбор кезеңі» деп аталатын осынау

үрдісті Орынбор облысының әскери губернаторы граф П.П. Сухтеленнің өз құзырындағы өлкеде музей ісі саласындағы 1830-1833 жылдарындағы ұйымдастырушылық қызметімен байланыстырады. Расында да П.П. Сухтеленнің тікелей бастамасымен Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесінің жанынан құрылған «museum» 1831 жылдың 1 сәуірі күні өзінің алғашқы келушілерін қабылдаған еді [183, б. 4]. Сонымен, аталмыш 1831 жылдың 1 сәуірі Орталық музейдің институционалдық-ұйымдық негізі мен құндылықтар қорының қалыптасуының бастауы болды деп айтуға толық негіз бар.

Осы тұста музей тарихын жазып жүрген зерттеушілердің көбісі аталмыш музейдің тарихын бірден 1831 жылы Неплюев училищесінің жанынан құрылған музейумнен бастау алатындығы және 1921 жылы музей Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығының ғылыми бөлімінің құзырына берілгендігі жөнінде мәліметтерді келтіреді. Алайда, 1831-1921 жылдар аралығында айтылып отырған музейумның тарихының мазмұнды тұстары жазылмаған десе де болады. Оған жоғарыда айтылған зерттеушілердің еңбектерінде музейдің бұл хронологиялық шеңбері мүлдем қарастырылмағандығы немесе түсініксіз жазылғандығы дәлел болады. Түсініксіз жазылған тұстары еңбекті жазу барысында басшылыққа алынған тарихи шынайылыққа мүлдем сай келмейді. Сондықтан осындай шешілмеген даулы мәселелерді тарихнамалық талдау арқылы айқындап, архивтік материалдар негізінде нақтылауды қажет етеді.

Бірінші мәселе, ол музейдің ресми атаулары мен даму үрдісі. Зерттеушілердің еңбегінде 1831 жылы ең көне болып құрылған музейумның атауын «Орынбор өлкелік музейі» деп көрсетсе [38, с. 14], енді бірі «Орынбор облыстық тарихи-өлкетану музейі» деп көрсетеді [44, б. 22]. Негізінен жазылып отырған екі атау да, сөз болып отырған Неплюев училищесінің жанынан құрылған музейумге тиесілі, бірақ, бұл атаулар бірнеше жылдан кейін, әр түрлі уақыт аралығында музей ие болған атаулар еді. Сондықтан музейдің қай уақыт аралығында қалай аталғандығы жөнінде, музейдің даму үрдісіндегі толық тарихи көрінісін ашу үшін архивтік материалдармен дәйектеп, зерттеуді қажет етті.

Дәл сол уақытта айтылып отырған музейум жоғарыда көрсетілген атаулармен аталмаған. Оған дәлел, сол ғасырда өмір сүрген Иосиф Дебудің еңбегінен көре аламыз. Ол өзінің жазып қалдырған еңбегінде келесідей мағлұматты келтіреді: «В 1831 году старанием Военного Губернатора Графа Сухтелена начал устраиваться при Неплюевском училище музейум» деген дерек 1837 жылы баспаға жарияланған [184, с. 101]. М.З. Мусаханова мақаласында «в 1831 году стал называться Музейум Оренбургского края» деп жазған [185, с. 93]. Бірақта, оған ешқандай сілтеме келтірмеген.

Осы жерде музейдің құрылу кезінде ескеретін бір жайт, расымен құрылған «музейум» сол заманда музей қызметін атқарды ма деген заңды сұрақ туындайды. Орынбор музейінің құрылу тарихы мәселелері туралы жазып жүрген авторлардың көпшілігі, музей тек Орынбор губерниясының графы Сухтеленнің тапсырмасы

бойынша ашылды делінген. Бірақ музейдің «кунсткамералық» принцип негізінде құрылғанындығы жөнінде аса қатты ешкім тоқталмайды. Әрине, музей дәл осы принцип бойынша құрылды деген архивтік материалдар жоқ, бірақ, музейге түсіп жатқан заттардың көпшілігі музейді ашу барысында талаптарға сай келмегендігі, сондай-ақ, көптеген материалдар өлкеден тыс жерлерден түскендігі музей мәні мен мазмұны жағынан «кунсткамералық» принцип негізінде құрылғандығын көрсетеді. Осы мәселені Н.А. Еремина өзінің диссертациялық жұмысында қозғаған. Ол «басты назар мұндай коллекцияларды жасауға емес, көрменің өзін жасауға емес, бұрын шашыраңқы заттарды бір жерге жинақтау мен жинауға аударылды. Музей кунсткамералық қағидалар бойынша қалыптасты. Өз уақытында музейдің бұл түрі айтарлықтай прогрессивті құбылыс болды» деген [186, с. 17]. Ал, А. Ыбраеваның мақаласында музейдің арнайы тұжырымдамасы (концепциясы) да болмаған деп көрсетілген [175, с. 92]. Яғни осыдан туындайтын қорынтынды, музейум «кунсткамералық» принцип негізінде құрылған. Бұл туралы көп еңбектерде көңіл аударылмаған және айтылмаған.

Бұл көрініс қай уақытқа дейін жалғасты деген сұрақ туындайды. Ол үшін музейдің әрі қарай даму үрдісін зерттеуді қажет етеді.

Орынбордағы музейдің тікелей қалыптасуы және оның ұйымдастыруы орыс ғалымы, алғаш орыс анықтауыш сөздігінің авторы, география қоғамының қайраткері Владимир Иванович Дальдің есімімен тікелей байланыстырады [38, с. 14]. Орынборда болған 8 жыл уақыт аралығында ол Орынбор музейінің қалыптасуына көп еңбек етті. Музейдің құрылуымен қатар, В.И. Даль қазақтар туралы құнды этнографиялық материалдарды жинақтап, оларды зерттеді дейді [37, с. 58].

В.И. Дальдің музей қорын жинақтау барысында зоология бағытындағы заттарды жинақтауға көп көңіл бөлінді. Орынбор губернаторы граф Сухтелен 1833 жылы наурыз айында кенеттен қайтыс болғаннан кейін, оның орнына Василий Алексеевич Перовский Орынбор әскери губернаторлығы қызметіне тағайындалады. Ол Орынборға өзінің арнайы тапсырма орындау қызметіне В.И. Дальді шақырды деген мағлұматтар кездеседі [187, с. 14].

Осы жерде неге зоология бағытындағы заттарды жинақтауға көп көңіл бөлінді деген сұрақ зерттеушіні ойландыру керек. Алғашында Сухтелин «көнекөз заттарды» сыйға тарту туралы жергілікті халыққа өтініш білдірген болатын, сондай-ақ көптеген ғылым жанашырларына, білімге құштар жандар мен табиғат зерттеушілеріне хат жолдап, көне заттарды жинақтауға үлес қосуларын сұраған. Бұл үндеу тек Орынбор губернаторлығында ғана емес, одан тыс аймақтарға да кеңінен таралған. Оған Сухтелиннің жолдаған хаттары мен музейум қорында жинақталған көптеген материалдардың өлкеден тыс жерлерден түскендігі дәлел болады. Ендеше, неге Дальдің кезінде бірден зоология бағытындағы заттарды жинақтауға көңіл бөлген.

Оған себеп болған В.А. Перовский музейді Орынбор өлкесінің иелігіне

өткізуге шешім қабылдайды. Және оны Орынбор өлкесінің «басты музейіне» (Главный Музеум) айналдырмақ ойы болады. Сол мақсатпен, училищедегі коллекцияларды екіге бөледі. Шамамен 1836 жылы Перовский Неплюев училищесінің директоры подполковник Марковтың ықпалымен музейдің бірталай экспонаттары училище қарамағында қалады деп шешім шығарды. Нәтижесінде, музейдің меңгерушісі болған П.К. Занды музейдегі қызметінен босатып, музейді Неплюев училищесінің директоры подполковник Марков мырзаға өткізеді. Училищеде минералогиялық коллекция жиынтығы және нумизматикалық кабинет тарих және статистика бағыттары бойынша оқу үрдісі барысында қажет болады деп қалдырылып, қалған экспонаттар Орынбор өлкесінің «басты музейі» болып саналатын басқа ғимаратқа көшіруді жоспарлайды. Бірақ, Орынбор өлкесінің «басты музейі» болып саналын орманшылық және егіншілік училищесі ғимаратына көшкен музеумде тек зоология бөлімі ғана ашылып, ол «зоологиялық музей» немесе «Орынбор өлкесінің жаратылыстану бағытындағы музей» деп аталды [188, с. 40]. Сол себептен музейге зоология бағытындағы заттарды жинақтауға көп көңіл бөлінді.

1881 жылы әскери генерал-губернаторлықтық таралуы және тағы басқа болған саяси себептерге байланысты музейлер қараусыз қалып, ауыр жағдайға ұшырайды [37, с. 6]. Сол себепті музей экспонаттары қаладағы оқу орындары арасында таратылып жіберіледі.

Құлдырау уақыты 1897 жыға дейін созылды. Архивтік іс пен құжаттарды жинақтау, оларды қалпына келтіру мақсатында құрылған Орынбор ғылыми архивтік комиссиясының (Оренбургская ученая архивная комиссия) көмегімен, музейдің қайта құру жұмыстары жанданды. Оларға жергілікті құнды ескерткіштерді іздестіру, зерттеу, сақтау сияқты жұмыстар міндеттелді. Бірнеше жылдар бойы қараусыз қалған музей қоры қайтадан жинақтала бастады [37, с. 6].

Осылайша Ю. Комлевтің мақаласында айтылғандай, «1887 жылы жиналған архивтік істер мен құжаттарды әрі қарай көбейту және реттеу мақсатында Орынбор ғылыми архивтік комиссия құрылды. Оған жергілікті ескерткіштерді іздестіру, сипаттамаларын жасақтау, сақтау және зерттеу сынды міндеттер жүктелді. Сөйтіп, архивтік комиссия мен Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің он жылға созылған үлкен күш жұмсаудың нәтижесінде «Орынбор Ғылыми Архивтік комиссияның тарихи-археологиялық музейі» (немесе «көне заман музейі») атты жаңа музей құрылды» [189, с. 108].

Алайда, революция мен азамат соғысы кездері музей жағдайы ауырлай түсті. Бұған қарамастан, революция мен азаматтық соғыс кезінде Орынбор бекіністер аймағы әскери кеңесінің 1919 жылғы тамыздағы №152 бұйрығымен музей қызметін күшейтуге тиіс болған Ұйымдастырылған комитеті пайда болды. 1919 жылы 13 қыркүйек күні совет үкіметінің аймақтық басшылары, партия комитет басшылары, Орынбор бекіністер аймағының әскери басшылары «Орынбор өлкелік музейін» ресми түрде ашылды деп жариялады [38, с. 59]. Бұл мәліметтерді архив құжаттары

дәлелдейді. Мемлекеттік Орталық архивтің 1308-қорының 1-тізімдеу, 5-ісінің 1-бетіндегі ақпаратқа сүйенсек 1889 жылы Орынбор ғылыми архивтік комиссиясының бастауымен жаңадан музей құрылып, кейін 1919 жылы музей жұмыстары қайта жанданды [190].

Жоғарыда келтірілген музей тарихында орын алған себеп-салдарлық факторлар тұрғысынан алғанда, аталмыш музейдің пайда болуы кездейсоқ жайт емес. Жоғарыда айтылғандай, сонау XIX ғасырдың 30-жылдарының басынан бастау алатын Орынбор қаласындағы музеумның тарихи эволюциясы нәтижесінде Орынбор өлкетану музейі пайда болды. Мұны тарихи үрдістің нәтижесін бейнелейтін «кумулятивтік эффект» деп аталатын құбылыспен түсіндіруге болады. 1919 жылы аталмыш Орынбор өлкетану музейі пайда болғанға дейін оның институционалдық-ұйымдық, коллекциялар жүйесі, кадрлар негіздері қалыптасты.

Осы тұста аталған «museum»-нің, кейін Орынбор губерниялық өлкелік музейінің Орталық музейге қандай қатысы бар деген заңды сұрақ туындайды. Бұл туралы Н. Әлімбайдың мақаласында былай көрсетілген: «... 1920 жылы 26 тамыз күнінен бастап «Советтік Социалистік Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Республикасының құрылуына байланысты Орынбор қаласы қазақ елінің астанасына айналған болатын. Сөйтіп, біраз губерниялық ұйымдар, мекемелер, соның ішінде Орынбор өлкелік музейі де жаңа республиканың құзырына көшті. Мемлекеттік Орталық архивтің 81-қорының 1-тізімдеу, 26-ісінің 21-бетіндегі мәліметке қарағанда, 1920 жылдың 31 тамызы күні Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығы өкілдерінің және Орынбор-Торғай губерниялық халықтық білім бөлімі қызметкерлерінің бірлескен мәжілісі Орынбор өлкетану музейін аталмыш комиссарлықтың қарамағына беру және оны Жалпықырғыздық (Жалпықазақтық) деңгейдегі музей ретінде қайта құру туралы қаулы қабылдаған болатын. Сондай-ақ, Мемлекеттік Орталық архивтің 81-қорының 1-тізімдеу, 26-ісінің 22-бетіндегі ақпаратқа сүйенсек, аталмыш қаулыны жүзеге асырудың тәртібін пысықтау мақсатында 1921 жыл-дың 10 қаңтары күні аталмыш комиссарлықтың ғылыми бөлімі өкілдерінің және Орынбор-Торғай губерниясының халықтық білім мен музей, тарихи, өнер ескерткіштерін қорғау секциясының қызметкерлерінің бірлескен мәжілісі жоғарыда аталған (1920 ж. 31 тамыздағы) қаулыны негізге ала отырып, Орынбор өлкелік музейін Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығының ғылыми бөлімінің құзырына беру туралы акт қабылдады» [183, б. 4].

Мемлекеттік Орталық архивтің 81-қорының 1-тізімдеу, 437-ісінің 26-бетіндегі мәліметке қарағанда, 1921 жылдың 10 қаңтар күні Орынбор өлкетану музейі Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлықтың қарамағына жалпы саны Орынбор өлкетану музейінен 4738 музейлік бұйым түсті [191, л. 26].

Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығы Орынбор өлкетану музейін қабылдап алғаннан кейін, аталмыш музейді екі музейге бөлуді жөн көрді. Оның бірі «Тарихи-мәдени музейі», екіншісі «Табиғат музейі» деп аталынды. Музейді екіге бөлудің түп мақсаты, «Табиғат музейін» басқа ғимаратқа көшіріп, бос қалған

бөлмелерді «Тарихи-мәдени музейінің» экспонаттарымен толықтыру еді. Алайда оған жеке ғимарат таппай, Табиғат музейі сол бұрынғы ғимаратта қалды [191, л. 28].

Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығының 1921-1922 оқу жылында жасаған есеп деректеріне қарағанда, штаттардың қысқаруына байланысты жоғарыда аталған екі музей 1922 жылдың қаңтар айында бір музейге біріктірілді. Сөйтіп бұл мекеме «Орталық өлкетану музейі» деп аталынды [192, с. 85].

1920 жылдардың бірінші жартысында музей қоры айтарлықтай толығып отырды. Мәселен, 1922 жылы музей қорында 4362 музей құндылықтары болса, 1923 жылы олардың саны 30 данаға өсті. Ал келесі жылы тағы 338 сақтам бірлікке көбейді [36, с. 311]. Бұл кезеңде (1923 жылдың 17 ақпанынан бастап) музей бұрынғы Орынбор гимназиясының интернат үйінің ғимаратында орналасқан еді [193, л. 108].

1923-1924 жылдары музей қоры жаңа заттармен толыға берді, мұны төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 1 - 1923-1924 жылғы түсім (Орынбор кезеңі)

	Бөлімдер				Барлығы
	1. Трехи-этнография	2. Табиғат тарихы	3. ауыл шаруашылығы индустриялық	4. мектепке дейінгі даярлау	
01.10.1922 ж. жалпы саны	4362	2718	6	781	7867
1923 ж. қабылдау	30	12	1	2	45
01.10.1923 ж. жалпы саны	4392	2730	7	783	7912
1924 ж. қабылдау	338	154	166	13	671
01.10.1924 ж. жалпы саны	4730	2884	173	796	8583
Дереккөзі: Отчет Центрального краевого музея за 1923 и 1924 г. // Труды Общества изучения Казахстана. Оренбург, 1925. С. 311.					

1923 жылы музей қорына түскен заттардың ішінде қазақ халқының этнографиясына тікелей қатысты заттар болды. Орталық өлкетану музейінің 1923 және 1924 жылдардың қорытынды есебіне қарағанда оның қоры төмендегідей құндылықтармен толықтырылды: «Кіші Орданың батыс бөлігінің сұлтан-әміршісі Баймұхамед Айшуақовтың 18 садағы бар жебе; Кіші Орданың ортаңғы бөлігінің билеуші сұлтаны Мұхамеджан Баймұхамедтің 8 оғы бар бар белдік; оның піл сүйегі жапсырылған кремный түсті тапаншасы; Қырғыз-Орынбор өлкесінің орта бөлігінің билеушісі Сұлтан Арслан Айшуақовқа тиесілі болаттан құйылған қалқан, найза, дулыға, қорғаныс құралы шарайна; Қырғыз-Қайсақ Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгір ханның әйелі ханша Фатимаға тиесілі алтын жіппен кестеленген барқыт бешмет және парша көйлек; Нұрмұғамет Түбетовке тиесілі – сәукеле; малақай –

Бұрық (қалпақ) және белбау (белбеу), Ержан Шолақовқа тесілі – қалпақ, белбеу»; «...1924 жылы музейге келесідей этнографиялық заттар түсті: Кенже Қазмұхамедоваға тиесілі өткен ғасырдың 70-жылдарындағы алтын жалатылған күміс шытыралармен әшекейленген қызыл барқыт сәукеле; Бүкілресейлік ауылшаруашылық көрмесінен алынған әртүрлі көлемдегі безендіруге арналған тоғыз бау; металл әшекейлері бар шикі тері белдік» [36, с. 311–312]. Бұл жазбада «бау» киіз үй уығына байланатын бау-шуды шикі тері деп кемер белдікті айтып тұрғанын аңғару қиын емес.

Музей заттарының басым бөлігі музейдің өз қызметкерлері жинаған. Олардың ішінде А. Четыркина мен А.Л. Мелковтың еңбектерін айырықша атап көрсетуге болады. Ол туралы А.Ғ. Ибраева мен З.Е. Колумбаеваның мақаласында да жазылған «А. Четыркина Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Батыс Қазақстан, Гурьев, Семей аймақтарына экспедиция жасаған. Оның жинақтаған заттарының ішінде Ақтөбе губерниясынан 1925 жылы жиналып тапсырылған киімдер өте құнды болып табылады. А.Л. Мелков жинағандарының ішінде әйелдердің кеудеге салынатын «өңіржиек» немесе «алқа» аталатын зат әшекейлерін ерекше атап көрсетуге болады. Өңіржиектің біреуі Гурьев жағының адайларынан, екіншісі Орынбор губерниясы, Буырты болысынан 1925 жылы әкелінген» [194, б.134]. Қыздардың шашбауларына тағатын салпыншақты шолпылар мен ауқымды әсем сырға, тас көзді жалпақ күміс білезік, оған ілмеліп тасталған құсмұрын күміс жүзіктер музейдің этнографиялық коллекциялар қорын толықтыра түсті.

Ұлттық-территориялық межелеуге байланысты республиканың барлық басқару органдары Қызылордаға ауыстырылды [195, с. 15]. Алайда, ғимараттардың жетіспеушілігіне байланысты көптеген мекемелер, соның ішінде Орталық өлкелік музей де уақытша Орынборда қалып қойды. Орынбор қалалық Атқару комитеті мен Ағарту комитеті арасындағы қорларды бөлуге байланысты даулар күшейіп кетті. Орынбор губерниялық Атқару комитеті Орталық өлкелік музей қорынан тақырыбы жағынан Орынбор өлкесіне қатысты құнды экспонаттардың жартысын талап ете бастады.

Музей бөліп берген экспонаттардың біразы Орынбор губерниялық Атқару комитетінің сұраныстарын қанағаттандырмағандықтан, бұл өзекті мәселені шешу Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетіне жүктелді [196, с. 14].

Орталық атқару комитеті 1925 жылғы 13 шілдедегі Президиум отырысының шешімімен музейді Қазақстанның меншігіне қалдырды. Дегенмен, Орынбор тақырыбына қатысты экспонаттар бұл шешіммен Орынбор Атқару комитетіне берілуі тиіс болды. Орынбор губерниялық Атқару комитеті бұл шешімге көңілі толмай, Орынбор өлкесіне жатпайтын экспонаттарға меншік құқықтарын талап етіп, музей ғимаратын губерниялық музейге босатуды да талап етті. Бұл даудың шешілуі Орталық Атқару комитетіне жүктелді. 1927 жылғы 9 мамырдағы Президиум шешімімен Орынборға қатысты экспонаттарды Орынбор өлкелік музейіне беру міндеттелді [196, с. 14].

Осындай күрделі әкімшілік-аумақтық межелеу процесі жағдайында Орталық өлкелік музей қорын жинағын Орынбор атқару комитеті мен Қазақстанның Халық Ағарту Комиссариаты арасында бөлісу басталды. Бұл мәселе Н. Әлімбай, Б. Смагулов, А. Ермекбаеваның мақалаларында толығырақ жазылған [159, с. 444; 197].

Дегенмен Республика мен Орынбор билігінің өкілдері біраз уақыт бойы музей құндылықтарын бөлудің критерийлеріне қатысты өзара келісімге келе алмады. Тек 1927 ж. екі тарапты қанағаттандырған келісім жасалды. Орынбор музейінің коллекциясының қоры 1/3 Орынбор өлкелік музейіне қалса, 2/3 қазақ халқының этнографиясы мен мәдениетіне, тарихына тікелей қатысы бар құнды экспонаттар ретінде Қазақстанның Орталық өлкелік музейі қорына берілді. Осылайша алғашқы этнографиялық қор екі мемлекеттің этнографиялық қорының негізін қалады.

Қазақ АКСР Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1927 жылғы 2 наурыздағы қаулысына сәйкес Республика астанасы Қызылордадан Алматыға көшірілді. 1928 жылы Ағарту комиссариатының Коллегиясы осы қаулыны жүзеге асыру үшін Орталық Өлкелік музей және баруға тілек білдіруші қызметкерлерді жедел түрде Алматыға көшіру туралы шешім қабылдады.

Орталық музей тарихындағы Орынбор кезеңі музей құрылысы қалыптасу және даму процестері жүрген ортаның әлеуметтік және саяси өмірлерінің алуандығын қамтуы есебінен, нәтижесінде Қазақстанның болашақ бас музейінің қалыптасуына әкелді. Аталған кезең танымал қарама-қайшылықтармен және әркелкілікпен сипатталады. Ішкі мазмұны мен бағыттылығы тұрғысынан қарастырылатын мерзімде үш өзара шарттасқан кезең ерекшеленеді. Біріншісі жоғарыда аталған «музеум» қалыптасып ашылған 1831 жылдан бастап 1919 жылы Орынбор өлкелік музейі құрылуымен аяқталады. Дәл осы уақыт аралығында бастапқы әрі біршама «пайдалы музей құрылысы» бойынша тәжірибе жинақталып, Қазақстанда, Орынбор қаласында, Орынбор облысы аумағында музейлік дәстүрлердің қалыптасып, кейінгі дамуында іргелі маңызға ие болды. Орынборда музейлер желісінің қалыптасуы мен дамуының бастапқы процесінде ресейлік қоғамның білімді топтарының өкілдері, сонымен қатар жергілікті халықтың ақсүйектері арасынан шыққан танымал тұлғалар сөзсіз маңызды рөл ойнады. Осы орайда, генерал-губернаторлар П.П. Сухтелен мен В.А. Перовскийдің, ғалымдар Т. Зан мен В.И. Дальдің, Ішкі (Бөкей) орда ханы Жәңгірдің, т.б. сіңірген еңбектерін атап өткен жөн. Орталық өлкелік музейдің 1919 ж. қыркүйекте қалыптасуы кездейсоқ болмағанын ескеру керек – музейдің пайда болуы музей құрылысының барлық кезеңімен, ең алдымен Орынбор қаласында дайындалды [159, с. 448].

Екінші кезеңде Орынбор өлкесі музейінің Орталық өлкелік музей болып қайта құрылуының белсенді кезеңі жүргізілді, хронологиялық шеңбері 1919 ж. – 1922 ж. басы. Айрықша атап өтетін жайт, бұл процеске қайсарлық және тұлғалық факторлардың ықпалы өте мықты болды. Мұнда республикадағы кеңестік биліктің жоғарғы мекеме басшылығы қабылдаған арнайы шешімдердің (қаулылардың)

шешуші рөлі, сондай-ақ Орынбор өлкесі музейінің Орталық өлкелік музейге айналу процесті тікелей қамтамасыз еткен ұйымдастырушылық, саяси және тәжірибелік шаралардың шешуші рөлі айтылады. Осы жағдай екінші кезеңнің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Ескеретін жайт, 1922 жылға дейін Орталық музейдің Орынбор өлкесіндегі музей құрылысымен тарихы ортақ. Орынбор өлкесі музейі мен оның музей құрылымының «арғы тектері» болашақ Орталық музейдің қалыптасуы мен кейінгі жұмысына берік іргетас болды.

Үшінші кезеңде 1922 ж. бастап Орталық өлкелік музейдің ұйымдастырушылық құрылымының, қызметтерінің, қор және экспедициялық коллекциялардың, кадрлық құрамының қалыптасуы социалистік құрылыс идеологиясы мен тәжірибесіне сәйкес белсенді жүргізілді. Аталған процесс 1929 ж. Орталық өлкелік музейдің Қазақстанның орталық музейі болып қайта құрылуымен аяқталып, кейіннен оны кешегі көшпенділердің «капитализмді айналып өтіп, социализмге ауысу» жағдайында «партия саясаты мен кеңестік мемлекеттің» институционалды жетекшілерінің біріне айналдырды.

1929 жылы 4 қаңтарда басталған көшуге байланысты дайындық жұмыстары 20 наурызда аяқталды. Дәл осы күні музей директоры «Орынбордағы Қазақстанның Орталық Өлкелік музейі жұмысының аяқталуы» туралы бұйрық шығарды [198, Л. 36.]. 1929 жылы шілдеде Қазақстан Орталық өлкелік музейі Алматыға толық көшіп келді және Вознесенский кафедралды шіркеуінің ғимаратына орналасты. 13 шілдеде музей кеңесінің отырысы «Қазақстанның Орталық өлкелік музейін» «Қазақстан Орталық музейі» деп атау туралы шешім қабылдады.

1931 жылы Жетісу облыстық статистикалық комитеті жанынан құрылған Жетісу облыстық музейінің коллекциялары Қазақстан Орталық музей коллекциясының құрамына қосылды.

1935 жылы Орталық музей Қазақ АССР-ның 15 жылдығына дайындық барысында барлық экспозицияларын қайта құрды. Музей қызметкерлері көшпелілер тұрмысы туралы материалдар жинау мақсатымен Оңтүстік Қазақстанға экспедицияға барып қайтты.

1938 жылы орталық музей Шығыс Қазақстан облысына Абай Құнанбаев туралы материалдар жинау үшін арнайы экспедиция ұйымдастырды. Осы экспедиция нәтижесінде музейге Абайдың жеке заттары: былғарыдан жасалынған кісе белдік, қазақтың тоғыз-құмалақ ойыны және аңшылыққа пайдаланатын құрал-жарақтар, сонымен қатар бірнеше фотосуреттер, атап айтқанда, Абай құлпытасының фотосуреті келіп түсті. Соның нәтижесінде музейде Абайға арналған жеке бір экспозиция құрылды. Ол Абай бюстімен, оның үлкен суретімен толықтырылды [199, л. 2].

1941 жылы Орталық музейге Дін және атеизм музейі қосылды. Музей жұмысы халыққа танымал болуы үшін 1944 жылы ол Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік музейі деп аталды. Музей қорын Қарғалы қазынасының алтын бұйымдары, сақ-скиф алтынының мол коллекциясы, Ыбырай Алтынсариннің

қолы қойылған мақтау қағазы, Тұрағұлдың әкесі Абай туралы қолжазбасы, Шоқан Уалихановтың, Жаяу Мұсаның, Әміре Қашаубаевтің, Сәкен Сейфуллиннің, Күләш Байсейітованың және басқалардың жеке заттары, сондай-ақ суретші Н.Г. Хлудовтың шығармаларының толық жинағымен толықтырылды.

1942 жылы 11 наурызда Мемлекеттік тарихи-өлкетану музейінің директоры болып А.М. Жиреншин тағайындалды [200, л. 310].

1947 жылы орталық музей қорында экспонаттарды түгендеу жұмыстары жүргізілді, оның қорытындысы бойынша музейде құны 1 миллион 860 мың рубльден асатын 12 600 музей құндылықтары сақталған [201, л. 24, 25].

1947 жылы орталық музейде екі кешенді экспедиция ұйымдастырылды: бірі – құрамында тарихшы, археолог, этнограф, суретші және фотооператоры бар Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарына; екіншісі – Қостанай облысына. Экспедиция нәтижесінде колхоздарда болған қазақтың заманауи ою-өрнек өнерінің 1000-нан астам үлгілері жиналды. Бұл ою-өрнектер колхоз ауылының тұрмыс-тіршілігінде сырмақ, тұскиіз, алаша, бауларды көркем безендіруде, сүйекке, ағашқа, темірге ою-өрнек салуда кеңінен көрініс тапты. Әр аймақтың басқалардан ерекшеленетін өзіндік ою-өрнектері мен шеберлігі болды. Экспедиция Кеңес өкіметінің 30 жылдығына орай халық шеберлерінің қолынан шыққан әшекейлі алты қанатты үлкен қазақ үйін әкелді. Колхоз өмірінен көптеген заманауи фольклор да жазылып алынды [202, л. 17].

Экспедицияның мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі және сол кездегі мәдениеті, тұрмысы мен өнері туралы жәдігерлер мен материалдар, сондай-ақ «социалистік құрылыс материалдарын» жинау болды. Экспедиция барысында мыңнан аса музей құндылықтары жиналды. Музей қызметкерлерінің бірқатар жарияланымдары республикалық баспасөздерде жарияланды [203, л. 185]. Құрамында Қазақ КСР-нің халық суретшісі Ә.Қастеев, кинооператор И.Тынышпаев, этнограф Н.Жаналин сынды көрнекті мамандар, археологтар мен тарихшылары бар экспедиция үлкен жұмыс атқарды: мыңға жуық қазақ халқының ою-өрнегінің беймәлім үлгілері жинақталды және «...бұл ою-өрнектер колхоз ауылының күнделікті пайдаланылатын сырмақ, тұскиіз, алаша, сүйекке, ағаш және металлға көркем безендірумен кеңінен қолданылған» [202, л. 17]. Экспедиция барысында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде дәстүрлі ою-өрнектердің кең таралуымен және оларды жасайтын халық шеберлерінің көптігімен қатар, халық арасында патефон, шахмат, шашки сияқты басқа да бұйымдардың енгені анықталды [202, л. 18].

1950 жылдың жазында орталық музей Алматы – Петропавл – Қарағанды – Балқаш – Алма-Ата бағыттары бойынша төрт адамнан тұратын экспедиция ұйымдастырды [204, л. 40, 44].

1959 жылдың қыркүйек айында Қырғыз (Қазақ) КСР-нің құрылғанына 40 жыл толуына орай орталық музей Қостанай облысының Амангелді және Жангелдин аудандарында музей директоры С. Есованың басшылығымен экспедиция

ұйымдастырылды. Жинақталған материалдардың бір бөлігі этнографиялық құндылықтар болды. Атап айтқанда сол экспедициядан «қыпшақ руының бірегей киім коллекциясы: тымақ, далбай, саптама, саптама етік және әйел адамының толық киімін-кешек комплектісі жинақталды» [205, л. 18].

1957 жылы Қазақ ССР Орталық музейі республика аудандарын қамтыған алты экспедиция ұйымдастырды. Соның нәтижесінде музей экспонаты қазақтың XX ғасырдағы қолөнері мен киімдерін көрсете алатын 600ден астам жаңа заттармен толықты [206, б. 155].

1960, 1988-1989 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық экспедициясының Қызылорда облысына жүргізілген зерттеуі мен халық арасынан материалдық мәдениет ескерткіштері мен жәдігерлерін жинау ісі сәтті болды. 1985-1989 жылдар аралығында музей қызметкерлерімен ғылыми іс-сапарлар ұйымдастырылды. Жылына музей қоры шамамен 15-16 мың музей экспонаттарымен толығып отырды [206, б. 155].

1970, 1979 жылдары музейдің этнографиялық экспедиция Алматы облысының Кеген, Нарынқол өңірінде, 1975 жылы Талдықорған жеріне жасалынды. 1971 жылғы Шығыс Қазақстан өңіріне жасалған экспедицияның маңыздылығы өз алдына бір төбе. Орталық Музейі 1986 жылы Батыс Қазақстанның Орал аймағына, 1987 жылы Түркіменстанға этнографиялық экспедиция жасады, нәтижесінде Түркіменстан қазақтары арасынан көне ұлттық және тұрмыстық киім үлгілерін жинап қайтты. Осылайша әр жылдары болып отыратын этнографиялық материалдар жинау мақсатындағы кезекті бір экспедиция 2009 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң автономиялық облысында болып, этнографияға қатысты заттардың бірнеше үлгілерін алып қайтты [206, б. 155].

Алғашқы этнографиялық коллекциясының қалыптасуына музей қызметкерлерінен басқа жергілікті билік өкілдері, әскери шенеуніктер, қазақ жеріне келген зерттеушілер, ғалымдар, көшпелі ортаның жергілікті бекзада өкілдері мен фотографтар, суретшілер ат салысқан. Әр жылдарда, өз лауазымы аясында, Қазақстанның бас музейінің дамуына үлес қосқан Орталық Мемлекеттік музейдің басшылары, тарихшы-ғалым, этнографтар музей коллекцияларының қалыптасуына көп ықпал етті.

Қорыта айтқанда, отандық этнографиялық коллекцияның жинақталу географиясы, қорға түсу тарихы Орталық музейдің ұйымдық және материалдық негізі – XIX ғасырдың 30-жылдары бас кезеңінде құрылған Орынбор қаласындағы Неплюев училищесінен бастау алатындықтан, этнографиялық алғашқы коллекциялардың бастау көздерін, жинақталу тарихын Орталық музей қалыптасу тарихымен бірге қарастырдық. Орталық музей қорының «орынбор кезеңінде» қалыптасу үстіндегі коллекциялардың «музейлік құжатталуы», яғни паспортталуы, сипаттамасы, атрибуциясының жазылуы қазіргі музейлік стандарттарға сәйкес келмесе де, музей қорының алғашқы коллекциясы ретінде маңыздылығы уақыт өткен сайын жоғырылай түсіп отыр. Диссертациялық зерттеуде «жүйелеу»,

«типологиялық талдау» міндетін жүзеге асыру үшін отандық этнографиялық коллекцияның ең үлкен қоры, әрі өңірлік, аймақтық ерекшеліктерді танытатын артефактілердің мол жинақталған қоры ретінде Орталық музейдің негізге алынғаны ғылыми дәйекті.

2 ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ТІРШІЛІКҚАМЫ ЖҮЙЕСІ КОМПОНЕНТТЕРНІҢ КОЛЛЕКЦИЯСЫ: САҚТАЛУ КҮЙІ МЕН ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Тұрғын үй: типтері, құрамдас бөліктері, жиһазы

Тұрғын үй – этностың тіршілікқамы жүйесінің ең маңызды және күрделі элементтерінің бірі. Тұрғын үйді, әсіресе, киіз үйді зерттеу арқылы кезінде көшпелі тіршілік кешкен халықтардың, соның ішінде, қазақтың этникалық және мәдени тарихының, әлеуметтік өмірінің, қоғамдық қатынастар жүйесінің, дүниетанымының, менталитетінің, әдет-ғұрыптардың құрылымы мен функциясы, сондай-ақ басқа этностармен әртүрлі кезеңдеріндегі сан алуан, сан деңгейлі байланыстарына қатысты көптеген мәселелерін ашып көрсетуге болады. Көшпелі ортада тұрғын үйдің стационарлық және жылжымалы деп аталатын екі типі қолданыста болды. Стационарлық тұрғын үйлер қыстауда және тұрақты тұрғылықты елді мекендерде салынды. Киіз үйдің, әсіресе, маусымдық қоныс аудару кезінде көшпелі тіршілік құру жағдайында ең қолайлы тіршілікқамы функциясы айырықша көрінді. [56, с. 8; 207, б. 259-273].

Киіз үй. Зерттеу жұмысының барысында отандық музейлердің сан жылдан бері жүргізіліп отыратын түсім кітапшаларына талдау жасалынды (күні бүгінге дейін барлық музейлерде аталмыш кітапшалар орыс тіліндегі «Книга поступлений» – КП деп аталып отырғандығын қаперге саламыз). Соның ішінде толық мәнді ақпарат беру жағынан болсын, жүйелілік принципін сақтау тұрғысынан да ең көрнектісі, сөз жоқ, Орталық музейдің аталмыш мәселеге тікелей арналған 70 жуық түсім кітапшасы қаралды. Оларда киіз үйдің құрылымы, конструктивтік компоненттерінің әрқайсысының бітімі және функциясы, сондай-ақ үй жиһаздар мен басқа да сан алуан тұрмыстық бұйымдартуралы ақпарат беретін шамамен отыз мыңға жуық музей артефактілері тіркелген.

Музейлік киіз үй коллекциялары музейлік этнографиялық қордың негізгі құндылығы. Киіз үйдің құрылымдық-функционалдық компоненттері жеке коллекцияға топтастырылу принципі бойынша жүйеленбеген. Оның үстіне аталмыш құндылықтардың дені паспортталмаған. Осыған байланысты түсім кітапшаларынан нақты музей қорында қанша киіз үйдің элементтері бар екендігін анықтаудың сәті түспеді.

Жалпы Орталық музей бойынша толық жабдықталған небәрі үш киіз үй бар. Біріншісі – 1958 жылы жасалған Орталық музейдегі (КП 13242/ 1-112) алты қанатты тор көз киіз үй музейге 1975 жылы тапсырылған. Киіз үйдің барлық дәстүрлі канондарын сақтап отырып жасалған өте салтанатты бұл киіз үй 112 элементтерден тұрады. Екіншісі – 188 бөліктен тұратын (20735/1-7) киіз үй 1986 жылы Досжанов Қуатжан деген кісіден сатып алынған. Оның ағаш қаңқасын XX ғасырдың 60-жылдарында Қарақалпақстаннан келген қазақтардан сатып алынған екен. Үшіншісін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

Орталық музейге тарту еткен. Бұл киіз үй Маңғыстау өңірінде жасалған. Өзінің құрылымдық жағынан да, сыртқы бітімі тұрғысынан да қазақ үйшілерінің барлық дәстүрін сақтай отырып жасалған бұл үлгіні Орталық музей қызметкерлері арнайы көрмеде құрып, қазақтың тіршілікқамы жүйесіне байланысты әртүрлі тақырыптағы мәдени-білім іс-шаралары барысында үнемі пайдаланып отырады (Қосымша Ә, сурет Ә. 1).

Ұлттық музейдегі киіз үй 2014 жылы Маңғыстау өңірінен алынған. Қазір қазақы дәстүрге сәйкес толық жасақталып, музейдің этнография залында құрылған бұл үй бас экспонаттың функциясын атқарып тұр. Сондай-ақ киіз үйдің толық жабдықталған үлгілері Ақтөбе, Павлодар, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде экспозициялық залдарда құрылған. Яғни жоғарыда аталған жеті киіз үйдің бесеуі барлық жасауымен толық жабдықталған күйде экспозициялық залдарда орналастырылған.

Әр музейде қазақ этнографиясына арналған экспозициялық залдар немесе арнайы «бұрыш» бөлінген. Сол экспозициялық кеңістіктің осы сегменттерінде музейге келушілердің бірден көңіл аудартатыны – қазақ үй (киіз үй). Музейлерде киіз үй бірнеше тәсіл арқылы экспозицияланған. Жоғарыда айтылғандай, оның толық жабдықталған үлгісін Орталық музей, Ұлттық музей және Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану, Павлодар облыстық тарихи-өлкетану, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде толық құрылған киіз үйдің барлық құрылымдық және компоненттерін көруге болады. Ал кейбір аудандық және облыстық музейлерде мысалы, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану, Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейлерінде жоғарыда орналасқан шаңырақтың аяқталар шеніне дейінгі аумақты ғана қамтитын киіз үйдің жартылай бөлігі ғана экспозицияланған, яғни киіз үй толық құрылмаған. Экспозицияларда тек киіз үйдің 2-3 қанаты, шаңырағы және оларды өзара байланыстыратын уықтар ғана қойылған. Мұндай ашық экспозиция арқылы біріншіден, үйдің құрылымы, екіншіден, жиһаздың құрамы, орналасу тәртібі әрі осы компоненттердің әрқайсысының пошымы, жасалған материалы, эстетикасы және функциясы жөнінде біршама түсінік алуға болады. Яғни бір жағынан мұндай жартылай композицияда киіз үй ішіндегі экспонаттар бірден көзге көрінеді. Алайда, бұл экспозициялық (немесе көрмелік) тәсіл киіз үйдің архитектурникасы мен жиһазы және басқа да тіршілікқамы компоненттері туралы толықмәнді түсінік бере алмайды. Жоғарыда аталған және басқа да отандық музейлердегі толық құрылған көбінесе киіз үйлер алты қанатты болып келеді. Олар тұрмыстық бұйымдармен, соның ішінде ұлттық үй жиһаздарымен жабдықталған. Мұның себебін алты қанатты киіз үйдің дәстүрлі қазақы ортада шаруашылық және тұрмыста қолдануға өте тиімді болғандығына байланысты кең таралғандығымен түсіндіруге болады [207, б. 259-273].

Тағы бір назар аударатын жайт – Қазақстан бойынша экспозицияға қойылған киіз үйлер құрылу жағынан да, жабдықталу жағынан да бір-бірінен айырмашылығы

жоқтың қасы. Өйткені бұл киіз үйлердің барлығы бертін совет кезеңінде және тәуелсіздік жылдары жасалды.

Музей қызметкерлері қор және экспозициядағы немесе көрмеге шығарылған киіз үйдің әртүрлі типтерінің, сондай-ақ олардың конструктивтік элементтерінің әрқайсысының ғылыми әдебиеттегі және архивтер қорындағы тиісті материалдармен өзара байланыстыра отырып, әрқайсысының символдық, тіршілікқамы (виталдық) және шаруашылық функциясын музейге келушілерге түсіндіруге тырысады. Сөйтіп көшпелілердің тіршілікқамы жүйесінің осы компонентінің қазақ тіршілігіндегі өлшеусіз рөлі мен функциясы ашылады.

Ғылыми зерттеулер қазақ даласында киіз үйдің екі түрінің қолданыста болғандығын айғақтайды. Біріншісі – күмбез пошымды қыпшақ (түркілік) типті киіз үй болса, екіншісі – конус пошымды «моңғолдық» деп аталатын киіз үй. Біріншісі, ғылыми әдебиетте, көбінесе, қыпшақ үлгісі деп те аталады. Ал дәстүрлі қазақы ортада оны қазақ үй немесе киіз үй деп атау орныққан. Екінші түрін кейде торғауыт үй немесе қалмақ үй деп те атайды [53, с. 89; 56]. Қалмақ үйдің қыпшақ немесе қазақ үйден айырмашылығы – оның уықтары ұзын және иін тұстары сәл ғана майысыңқы, ал шаңырағы кішкене болып келеді. Сол себепті оны конус пішімді деп атайды. Ал, қыпшақ (түркілік) киіз үйдің уықтары иінді және шаңырағы көлемділеу болғандықтан, оның төбесі күмбез тәрізді жалпақтау келеді. Академик Ә.Х. Марғұланнның мәліметі бойынша, қыпшақ үлгісі Қазақстанның барлық өңірлерінде таралған. Әсіресе Орталық, Солтүстік және Солтүстік-батыс Қазақстан өңірлерінде киіз үйдің қолданыста болған бірден-бір үлгісі болды. Сонымен бірге академик оның қалмақы түрі қыпшақ үлгідегі киіз үймен қатар Жетісу өңірінде қолданылғанын атап көрсетеді [53, с. 89]. Дәл осындай пікірді көрнекті қазақ этнограф-ғалымы М.С. Мұқанов өзінің сан жылдары Қазақстанның көптеген өңірлерінде жүргізген экспедициялар материалдары негізінде айтқан еді [56, с. 210].

Киіз үйдің осындай конструктивтік-құрылымдық бітіміне қарай екі типі туралы құнды мәлімет 1995 жылы жарық көрген «Казахи» атты тарихи-этнографиялық кітапта жарияланған. Авторлар киіз үйдің екі типінің аталмыш конструктивтік ерекшеліктеріне арнайы тоқтала келе, оның қыпшақы түрінің қазақтың көшпелі тіршілік кешкен заманында Қазақстанның барлық өңіріне тән жылжымалы тұрғын үй ретінде негізгі қолданыста болғандығын айырықша атап өтеді. Дейтұрғанмен, авторлардың ден қойдырар мәліметіне қарағанда, қалмақы үй немесе торғауыт үй деп аталатын түрі тек Жетісу аймақтарында ғана емес, Шығыс Қазақстан жерінде де пайдаланған [208, с. 115].

Осы ретте отандық музейлерде киіз үйдің қалмақы түрінің, тіпті оның конструктивтік компоненттерінің бірде біреуі кездеспейтіндігін айта кеткен жөн. Бұл жайтты қалмақы (торғауыт) үйдің қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде аталмыш аймақтарда көшпелілердің тіршілікқамы жүйесінде қосалқы мәнді ғана функция атқарғандығымен түсіндіру қажет.

Негізінен дәстүрлі қазақы ортада көш-қон үйдің бірнеше атауы қалыптасқан.

Оларды шартты түрде этникалық-символдық мәнді және жасалатын материалына байланысты қолданылатын атауларға жіктеуге болады (мысалы қазақ үй, киіз үй, ағаш үй және кереге үй деген атаулар). Бірақ қолданыста кең таралған жалпыэтникалық мәнді атауы – киіз үй немесе қазақ үй [207, б. 259]. Түптеп келгенде екі атау да олардың киізден жасалған дегенді білдіреді. Яғни синоним болып табылатын бұл атаулар, әлбетте, киіз үйдің жабындарының және оның ішкі жасауларының көбісі киізден жасалғандығына байланысты қалыптасты [207, б. 259-273; 209, с. 6; 210, с. 61-68; 211, б. 252; 212, с. 45-55].

Зерттеу барысында отандық музейлерде киіз үйдің түрлерін ғылыми паспорттау, каталогтау, сондай-ақ осы үй мәселесіне байланысты экскурсия және арнайы музейлік сабақтар мен әртүрлі дәрістер барысында дәстүрлі жылжымалы үйге байланысты қазақы ортада қалыптасқан атауларды қолданылатындығы байқалды. Алайда, бұл ретте, тіпті кәнігі, тәжірибелі деген мамандардың өздері біршама қателіктер жіберетіндігі жасырын емес. Осыған байланысты киіз үйге қатысты атаулардың қолдану аясын ескере отырып, оларды төмендегідей ерекшеліктеріне қарай топтастырдық.

Кесте 2 - Киіз үй типологиясы

Киіз үйдің ерекшеліктеріне қарай топтастыру	Дәстүрлі қазақы ортада қолданатын киіз үй түрлерінің атау
Жалпыэтникалық атау	Қазақ үй, киіз үй
Конструктивтік-құрылымдық бітімі бойынша	Қазақ үй, киіз үй (қыпшақ үлгісіндегі немесе түркілік үй) және қалмақ (немесе торғауыт) үй
Ғылыми классификация бойынша	Қыпшақ үй (түркілік үй), қалмақ үй (торғауыт үй), моңғолдық үй
Үй иесінің саяси-институционалдық және әлеуметтік мәртебесі бойынша	Ақ орда, ақ үй, алтын орда -хан мен сұлтандардың үйі, боз үй- орта дәулетті адамдардың үйі, қараша үй – қарапайым қалың көпшілік тұратын үй
Ғұрыптық-символикалық функциясы бойынша	Отау үй
Түр-түсі бойынша	Ақ үй, боз үй, қоңыр үй, қара үй
Киіз үйдің құрамдас бөліктеріне байланысты түрлері	туырлықты үй, туырлықсыз үй, желкөз үй, торкөз үй, үзік үй, ағаш үй, кереге үй және т.б.
Көлеміне (кереге санына) байланысты түрлері	Төрт қанат үй, бес қанат үй, алты қанат үй, сегіз қанат үй, он екі қанат үй, он алты қанат үй және т.б.
Киіз үйдің қолданысына байланысты түрлері	Күрке, қос, жаппа, жолым үй, абылайша үй
Жергілікті ерекшелігі бойынша киіз үйдің әр аймақта аталуы.	оңтүстік аймақтарда – киіз үй, батыс өңірінде – ағаш үй, орталық, солтүстік өлкелерде – қазақ үй. Сонымен бірге Қазақстанның барлық өңірлерінде киіз үймен оның синонимі қазақ үй, сондай-ақ қос, күрке,абылайша, жаппа, жабасалма – жалпыэтникалық атаулар.

Зерттеу барысында отандық музейлерде кездесетін тағы бір жайтты анықтаудың сәті түсті. Киіз үйдің конструктивтік кейбір компоненттерінің дәстүрлі қазақы ортада ертеден орныққан атауларын отандық музейлердің кеңінен ашып бермейтіндігі, әсіресе өңірлік музейлерде киіз үй экспозициясы құрылғанымен толық музейлік түсіндірме мәтін берілмейті белгілі болды. Осыған байланысты төменде қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аса көрнекті білгірі, әйгілі этнограф-ғалым, профессор Х.А. Арғынбаевтың жеке қорынан алынған киіз үйдің осы кісі басқарған экспедиция кезінде суретке салынған схемасы беріліп отыр. Бұл схема арқылы киіз үйдің құрылымы, конструктивтік элементтері және олардың төл атаулары жөнінде нақты түсінік алуға болады (Қосымша Ә, сурет 2).

Киіз үйдің конструктивтік-құрылымдық бітімі бойынша қыпшақ (түркілік) және қалмақ (торғауыт) атты екі түрлі ғылыми классификациясы бар екендігін жоғарыда атап өттік [213]. Сондай-ақ, киіз үйге қолданатын атауларға байланысты, оның үй иесінің әлеуметтік мәртебесін айқындауға болады. Мысалы, *ақ орда* – қазақ хандары мен сұлтандарының үйші-шеберлерге арнайы жасатататын аса салтанатты, ақ, ақ-боз түсті киіз үйдің бұрыннан орныққан атауы. Мұндай салтанатты үйлер иесінің байлығын, жоғарғы әлеуметтік мәртебесін айқындап тұратын символдық функция атқарып отырды. Мұндай үйлер шаруашылық функциясын атқармаған [207, 268 б.]. Осындай көрікті киіз үйдің қатарына Жәңгір ханның Николай І-дің таққа отырған құрметіне сыйға тартылған киіз үйін айтуға болады [212, с. 49]. Ал, *отау үй* - жас үйленген күйеу мен ұзатылып бара жатқан қызға арнап тігілетін киіз үй болды. Бұл символикалық-ғұрыптық мағынада айтылған атау. Алайда құрылымдық-функционалдық бітімі жағынан *отау үй* көшпелі ортадағы күнделікті қолданылатын киіз үйден еш айырмашылығы жоқ. «*Қараша үй*» деп аталатын киіз үйдің түрі дәстүрлі қазақ қоғамындағы қарапайым қалың көпшілік тұратын үйдің атауы болған. Оны кейде *қоңыр үй* деп те атаған. Бұл жабылған киізінің қара, қоңыр өңіне байланысты болған.

Сондай-ақ, киіз үйдің құрастыратын бөлшектеріне де байланысты халық арасында киіз үйдің келесідей атаулары қалыптасқан. Мысалы, *туырлықты үй*, *туырлықсыз үй*, *желкөз үй*, *торкөз үй*, *үзік үй* деген атауларды айтуға болады.

Туырлықты үй – кішігірім киіз үйді туырлықтармен ғана жабылатын жол үй. Ал, *туырлықсыз үй* – аты айтып тұрғандай, туырлықсыз, тек үзік пен түндік қана жабылады. Бұл үйдің түрін ыстық аймақтарда қолданған, себебі туырлықты үйде жаз мезгілінде қапырық әрі ыстық болғандықтан, оның орнына ши қолданылады. Киіз үйдің шаңырақ пен уықтан тұрғызылған түрін *алтыаяқ* деп атаған. Бұл атау қаламдығы шаңыраққа кигізілген уықтардың санына байланысты қалыптасса керек. Мұндай киіз үйдің түрі кезінде Алматы, Жамбыл облыстарында кездеседі. Ал кейбір аймақтарда туырлық бөлігі тігілмейтін үйді *кеуде үй* деп атаған. Оның ерекшелігі – уықтары ұзын, шаңырағы кішірек болған. Керегенің көзі жұдырық сиярлықтай болса – *торкөз үй*, ал қос жұдырықтай сиярлықтай көлемді болса – *желкөз үй* деп атайды. *Торкөз үй* дәстүрлі қазақы ортада мықтылығымен әрі

орнықтылығымен ерекшеленген, әсіресе, ауқатты отбасылардың негізгі жылжымалы үйі болды.

Қолданыс аясына байланысты ас-су, қойма, сарай ретінде, сондай-ақ мал бағу, жорық, аңшылық кезінде жылдам тігілуге лайықты етіп жасалатын түрлері де пайдаланылған. Мұндай үйлер көлемінің шағындығымен, тез құрастырылуымен және жасау-жиһазсыз болуымен ерекшеленеді (қос, күрке, жолым үй және т.б.). Ө. Жәнібековтің айтуы бойынша *қос* сырты жонылған сырықтардан тұратын, үштарын басын қосып жіппен немесе қайыспен байлайтын [61, с. 16]. Оны көбінесе малшылар қысы-жазы ауылдан ұзақ өрісте мал баққанда қолданған. Ал *күрке* үш қанат керегенің әр жерінен тік уықтармен басын қабыстыру арқылы құрастырылған баспана болды. *Күркені* көбінесе мал бағатын, тұрмысы қоңыртөбел адамдар пайдаланған. *Жолым үйлерді* көшіп-қонуға ыңғайлы етіп үш-төрт кереге қанаттарынан шағын етіп тігіледі. Оның шаңырағы болмайды, уықтарының басын біріктіріп байлап, үстіне киіз жабады. Алтай қазақтары жолым үйді басын буып *тіккен үй* деп те атайды. *Жолым үйді* бұрын күйеу қалыңдығына ұрын барғанда ауылдың сыртынан тігетін болған [214, б. 562]. *Жолым үйді* әскери жорық кезінде де пайдаланған. Мәселен Ө. Марғұланның айтуынша, әскери жорыққа арналаған киіз үйдің екі түрі болған. Үлкені – *абылайша*, кішірегі – жоғарыда аталған *жолым үй*. Мұндай үйлердің уықтары қысқа, үш керегеден және кішірек шаңырақтан жасалған. Ал, *абылайшада* кереге болмаған [212, с. 48]. *Абылайшаның* қостан айырмашылығы – абылайша сырықтарының қаламдықтары кішірек шаңыраққа кигізіледі.

Қос, абылайша, күрке, тәрізді шағын үйлер қазақ жерінің әр өңірінде әр түрлі аталған. Дәстүрлі қазақы ортада мұндай үйлерді уақытша тұруға ғана емес, тұрмыстық, шаруашылық мақсатта заттарды сақтауға және ас-тағам дайындау үшін қосалқы үй ретінде де пайдаланған.

Осы ретте ерекше атап өтер жайт – еліміздің музейлерінде жоғарыда аталған жылжымалы үйлердің ешқайсысы кездеспейді. Алайда, музейлердің мәдени-білім бағытында жүргізілетін әртүрлі қызметтерінде, соның ішінде, экскурсия ұйымдастыру барысында киіз үйдің аталмыш түрлері жөнінде тиісті мәліметтер негізінде айтылып отырады.

Жиһаз. Дәстүрлі қазақы ортада киіз үйдегі жиһаздардың орналасу реті бар өңірлерге ортақ. Жиһаздың ең көп қолданыста болған түрлері әдетте алма ағашы, қайын, терек сияқты қолжетімді ағаштардан жасалатын. Осындай материалдан дайындалған абажа, әбдіре, асадал, жүкаяқ, жержастық, жозы деп аталатын ас қабылдайтын жатаған дөңгелек үстел, жүк жиналатын ою-өрнек мол түсірілген көлемді кебеже мен сандық, әдетте сәнді етіп жасалатын күбі, эстетикасы тартымды келген шағын шайсандық сынды және осы құралыптас жиһаздың түрлері үйдің керегесіне ұсталынған кілем, тұскілем, тұскиіз, уық пен шаңырақтың ішкі жағынан құрылған басқұр және т.б. тоқыма бұйымдарымен бірге үйге ерекше салтанатты реңк беретін.

Осы ретте айта кетер жайт – аталмыш жиһазды бояуға әдетте рауғаш, қына, сондай-ақ көрші өзбек елінен әр түрлі сауда жолдарымен жеткізілетін анар сынды өсімдіктер мен жемістерден алынатын бояулар қолданылатын. Табиғи өнімдер болғандықтан, мұндай бояулардың түсі «ашы», яғни тым ашық реңкті емес адамның көңіл күйіне жағымды жылы болып келеді. Бұл тұста киіз үйдің ішінде төрде есік жаққа қарағанда оң жақ немесе ерлер жағы деп аталатын үй кеңістігінің сегментіне орналастырылатын адалбақан жөнінде айтып өткен жөн. Біріншіден, адалбақанды темірден де, ағаштан да (міндетті түрде жас қайыңнан) жасайды. Екеуі де – темірден дайындалғаны күмістеліп әшекейленеді. Ағаштан жасалғаны болса оған ою-өрнек оюланып, қынамен боялады, темірден жасалған ілгектері күміспен күптеледі. Қазақстанның кейбір музейлерінде адалбақанның осы түрінің дінгегі сүйекпен де әшекейленетін нұсқалары да кездеседі. Дәстүрлі қазақы ортада бұл бұйымның эстетикасына соншалықты мән берілгендігін оның молшылықтың символы, яғни ерекше семантикалық мәнді екендігімен түсіндіруге болады. Оған бағалы киімдер мен қару-жарақ ілген.

Үй жиһазының келесі қатарын киізден жасалатын және алдын ала жүннен иірілген жіптен тоқып дайындалатын бұйымдар құрайды. Бұларды айтылған ретпен киіз және тоқыма бұйымдар деп жіктеуге болады. Біріншісіне қазақ тұрмысында белгілі себептермен көп қолданыста болған текемет, әртүрлі пошымдағы сырмақ пен откиіз, сирек те болса киізден жасалған боқжама мен теңнің қарапайым түрлері, сондай-ақ көш-қон барысында киім-кешек, шағын пошымдағы ыдыс-аяқтарды алып жүретін әр көлемдегі киізқаптар және т.б. жатады; екіншісіне алаша мен кілемнің түрлері, тұскиіз (көшпелі ортада үйдің қабырғасына ұсталынатын әсем дайындалған алашаны тұскиіз деп те атай беретіндігін қаперге саламыз), қоржын, тоқыма тең, тоқыма боқжама, керме, тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарды байлауға, бууға, ілуге және бекітуге арналған басқұр, бау, желбау сынды және осы құралыптас тоқыма бұйымдардың көптеген түрлері жатады. Әртүрлі ою-өрнекпен безендірілген бұлар шаруашылық және тұрмыстық функциядан басқа үй ішіне ерекше сән беріп тұратын, яғни үйдің көркін кіргізетін эстетикалық функция да атқарады.

Ал адалбақанның темірден жасалған түрлері, қазан, ошақ, құман, леген сияқты бұйымдар үй жиһазының шағын бөлігін ғана құрады. Бұлардың ең көне түрлері мен нұсқаларының отандық музейлерде біршама кездесетіндігі сондықтан.

Көшпелі тіршілік салты жағдайында ыдыс-аяқтың басым көпшілігі теріден дайындалатын. Жанторсық, пошымы әртүрлі кесеқап, торсық, көлемі бір жылқының терісінен де «бес биенің» терісінен тігіп жасалатын саба, әр көлемдегі мес сияқты ыдыс-аяқ түрлерінің көш-қон барысында қолданыстық тиімділігі, қолайлылығы ерекше көрінді (бұлар жөнінде ыдыс-аяқ коллекциясына арналған тараушада толығырақ айтылады).

Киіз үйдің кеңістігіне тұрмысқа қажетті бұйымдардың барлығы күнделікті тіршілікте мейілінше тиімді қолдануға ыңғайлылықпен орналастырылған.

Жоғарыда айтылғандай Қазақстанның барлық өңірлерінде орналасу реті бірдей киіз үйдің жиһазының орналасу реті музей экспозицияларында да толық сақталды. Осыған орай киіз үйдің тіршілік кеңістігінің төмендегідей сегменттік ретін беруге болады: киіз үйдің төрінде есікке қарап отырған адамның отырған орны 1) төр, оң жағындағы сегменттің есік жаққа жақын тұсы 2) ерлер жағы, ал шаңырақтан еденге тура түсетін «сызықтың ұшындағы» орын 3) «ошақ», оның төрге жақын маңайы 4) «ошақ басы», есікке қараған маңы 5) «оттың қасы», «сызықтың ұшындағы» тұста аяқталатын маңайдан керегеге дейінгі орын 6) қонақ (қонақтар) жағы, осы қонақтар жағы бітетін тұстан сол жақ керегеге дейінгі маң 7) үй иелерінің және жас балалардың жатар орны, одан төменгі есіктің сол қапталына дейінгі тұс 8) әйелдер жағы. Үй кеңістігінің осындай сегменттелу тәртібіне байланысты үй жиһаздарында орналастырудың сан ғасырлық реті қалыптасты: абажа, әбдіре, жүкаяқ, оның үстіне қойылатын жүк (көрпе, жастық), төр мен керегенің арасындағы маңда, бірақ керегеге тақастырып орналастырады. Қонақ жақ үйдің бойжеткен қызы (қыздары) немесе келген қонаққа (қонақтарға) арналады. Қонақ жақтың төменгі ерлер жағына адалбақан орнатылады. Оған отағасының ат-әбзелдері, құрал-жабдықтары, киімдері (қонақтың да) ілінеді. Сол жақ – әйел жағы әйелдің күнделікті тұтынатын тұрмыстық бұйымдары, қазан, сондай-ақ ыдыс-аяқ, азық-түліктің кейбір түрлері сақталатын кебеже, асадал, сабааяқ сияқты бұйымдар орналасатын орын. Осы тұста бойжеткен қыз ұйықтайтын немесе демалатын аталмыш орынды бөліп тұратын шымылдық орнатылады (бүтін шымылдықтың өлген адам жатқан орынды бөліп тұратындығын қаперге саламыз).

Қыстық үй. Қазақтың көшпелі тіршілік жүйесінде киіз үйден басқа да жыл он екі айдың суық мезгілдерінде пайдаланылған тұрақты үй – *қыстау үй* немесе *қыстық үй* деп аталады. Қыстау ұғымына үй ғана емес, оның төңірегінде орналасатын қора-қопсы және қысқы жайылым кіреді. Ал қыстық үй ұғымы көшпелілер отбасы тұратын үймен қатар, мал қоралайтын қора-қопсы сияқты шаруашылық құрылымдарын да білдіреді.

Өкінішке орай дәстүрлі қазақ көшпелі өмір салтында жыл он екі айдың суық мезгілдерінде пайдаланылған үйлердің сақталған түрлері қазіргі кезеңге әртүрлі себептермен жетпеді. Осыған байланысты тиісті мәліметтерді қазан төңкерісіне дейінгі әртүрлі басылымдардан, шінара совет өкіметінің алғышқы екі он жылдығы кезеңінде жарық көрген әдебиеттерден, жинақтардан, архив деректері сияқты тағы басқа да материалдардан ғана кездестіруге болады. Сонымен бірге совет дәуірінде және тәуелсіздік кезеңінде басылып шыққан зерттеулер де аталмыш мәселенің әртүрлі аспектілері жөнінде, мысалы, күздің қара суығында, қыста және ерте көктемде қазақ малшылары тұрған тұрғын үйлердің түрлері туралы біршама түсінік алуға мүмкіндік береді.

Алғашында отырықшы тұрғын үйлер жартылай жертөле түрінде болса, кейіннен құрылыстар саздан, ағаштан және тастан тұрғызылған. Кейіннен төбесі тегіс, қыштан және қыш кірпіштен тұрғызылған үйлер пайда болды. Бұл үйлер

құрылыс материалдарына қарай әр түрлі аталды: кепе, жер-үй, қаратам, там үй, ағаш үй, т.б. Қазан төңкерісіне дейін әртүрлі деректерге қарағанда, қыстық үйлерді пайдалану үрдісі, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күшейді. Бұл жайтты қазақ өлкесін крестьяндарының жаппай отарлауының салдарынан бұрын көшпелі тіршілік кешкен қазақтардың отырықшылыққа немесе жартылай отырықшылыққа көшуге мәжбүр болғандығымен түсіндіруге болады. Бұл, шамасы отырықшы өмір салтына көшу XIX ғасырдың ортасында басталды деген болжамға әкелді.

Алайда, С. Жолдасбаевтың зерттеуіне сүйенсек, қазақтардың қоныстануының бастауын Қазақстанның солтүстігінен емес, оңтүстік-шығысынан іздеу керек делінген. Арал жағалауындағы қоныстар мен этнографиялық зерттеулер қазақтардың қоныстануы мен егіншілікпен айналысуы шамамен орта ғасырларда (XV-XVI ғғ.) Оңтүстік Қазақстанда басталды деуге әбден болады деген мәлімет келтірген [215, с. 27-28.].

Қазақ қыстаулары және қысқы жайылымды пайдаланудың әдіс-тәсілдері жөнінде сан алуан мәліметтердің аталмыш кезеңдегі орыс тарихнамасында да, экспедиция мәліметтерінде далалық өлкені жаппай зерттеу жөніндегі экспедицияның материалдарында да кездеседі [216-218]. Олардың ішінде Н.Харузиннің еңбегі назар аударады [219, с. 54-124].

XIX ғасырдың аяғында Ақмола оязындағы қазақ қыстауларына зерттеу жүргізген Е.Шнэ болды. Өңірдің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, қыстаулардың орналасуы, айырмашылығы және олардың түрлерін жазды. Автордың айтуынша қазақтар «...қыста тұрақты, жылы үй салады. Белгілі аумақтағы жерлерді игеруге және далалық аймақтарда көшіп жүруге шектеу болғандықтан, олар ол жерлерге (қыстау) өз белгілерін қалдырады, мысалы: зираттар, мешіт, құдықтар. Осындай құрылыстардың жиынтығы олар үшін киіз үйге қарағанда тұрақты әрі тиянақты өмір сияқты көрінеді және отырықшылыққа бір қадам болса да жақын екенін байқатады» [217, с. 1]. Қыстаудың қарапайым түрінің сипаттамасы С.И. Руденконың редакциялауымен 1927 жылы жарық көрген «Казаки. Антропологические очерки» атты кітапта келтірілген [220].

Батыс өңірінде болған С.И. Руденко бастаған экспедицияның белсенді мүшесі А.Н. Глуховтың мәліметіне қарағанда, адайлар үй салып отырықшылыққа көшкісі келсе, кез-келген бұлақ жағасына үй салып алуға ерікті болды. Көшпелі отбасылардың жыл он екі айдың суық мезгілдерінде мекендейтін мұндай үйлер мен қора-қопсылары атадан балаға мұра болып қалатын. Оған, әдеттік құқық бойынша, ешкімнің қол сұғуға қақысы жоқ. [218, с. 108-134.]. Бұл автор экспедиция барысында сол кезеңде осы өңірдің қазақтарының қолданысында болған қыстаулардың бірнеше сызбаларын қағазға түсірді. Қосымшада ғылыми тұрғыдан ғана емес, отандық музейлер үшін де өзінің танымдық тағылымын еш уақытта жоғалтпайтын осы сызбалар тиісті түсіндірме сөздермен өзгертусіз беріліп отыр (Қосымша Ә, сурет Ә. 3-5).

Қыстаулардың құрылымы Қазақстанның барлық аймақтарында ерте кезден бір типтес болып қалыптасты деп айтуға болады. Мұны көшпелі тіршіліктің ежелден бастау алатын технологиясының Қазақстанның барлық өңіріне ортақтығымен түсіндіруге болады. Әлбетте қыстау түрлерінің жергілікті өзгешеліктері де болды. Бұл өзгешеліктер, яғни қыстаудың архитектурникасы мен орналасу ерекшелігі және типі малдың түліктік құрамына және жергілікті құрылыс материалдарының түріне, сондай-ақ жергілікті табиғи ландшафтың геоморфологиялық бітіміне тығыз байланысты болды.

Қыстаудың сапасы мен бітімі жергілікті географиялық ерекшеліктерге және материалға, әлбетте, әулеттің дәулетіне тығыз байланысты болды. Мысалы, Шығыс Қазақстанның Орталық және Солтүстік орманды өңірлерінде үй құрылысына қарағай ағашты көптеп қолданса, орман-тоғайы аз өңірлерде негізгі құрылыс материалы ретінде сары топырақтан жасалған саман кірпіш немесе саз пайдаланылды. Қыстық баспананың негізгі шикізаты шым, ши болатын – жертөле, шым-үй; негізгі шикізаты қамыс болатын – шошала; негізгі шикізаты кесек болатын – қоржын үй, тоқалтам сияқты түрлері қалыптасқан. Бұл баспаналар типін ғимараттық музейлерде тек реконструкция немесе диорама, галограмма сияқты әдіс-тәсілдермен экспозицияланбаса, оларды музей ғимаратына әкеліп қою мүмкін емес. Мұндай баспана типтерін ашық аспан астындағы музейлерде реконструкция жасау арқылы немесе олардың өзі тұрған жерлерін музеефикациялау сияқты бағыттарын қолдану арқылы ғана экспозицияланады, алайда отандық музей ісінде тұрақты қыстық баспананың дәлме дәл үлгісін көрсететін этномузей, этноауыл музей немесе ашық аспан астындағы этнографиялық музейі жоқ. Этноауылдар тек киіз үй ашық экспозициясымен шектеледі.

Қысы аса суық болатын аймақтарда тұрғын үй, малқора және өзге де шаруашылық пен тұрмыстық құрылыстар өзара жапсарлас салынып, үсті біртұтас етіп жабылатын. Отын, азық және мал жемінің жеткілікті қорымен қамданған отбасы қыстаудан тысқары шықпай-ақ қыстаған. Мұндай тұрғын үй типтерін музейлерде диорама тәсілі арқылы экспозициялаған. Орталық музей антропология залында және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің У.Шәлекенов атындағы этнографиялық музейінде қыстау диорамасында қоржынтамның сыртқы келбетін ғана көрсететін макет түрінде ғана берілген. Бұл макеттер қоржынтамның ішкі құрылысын таныстырмағандықтан, толық ақпарат бермейді (Қосымша Ә, сурет Ә. 6).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда музейлерде экспозицияланған қыстау үй макеті шын мәнінде деректерде көрсетілген қыстаулар сызбасымен еш сәйкес келмейтіндігін атап өткеніміз жөн. Сондықтан оларды квазиконструкция, дәстүрлі модельдерге толық сәйкес келмейтіндігі жөнінде ерекше екшеп айтқанымыз жөн.

2.2 Киім-кешек кешені

Тараушада киім-кешектің функциясы мен құрамын жүйелеп, ұлттық киімдердің музей қорына қалыптасу тарихы мен жинақталу географиясы қарастырылады. Қазақы киім-кешек те өзінің құрамы жағынан да, тіршілікқамы функциясы тұрғысынан да көшпелілердің тіршілікқамы жүйесінің жоғарыда аталған компоненттері сияқты Орталық Азияның, соның ішінде, әсіресе, аридтік және субаридтік аймақтардың аса қатал климаттық және ландшафттық талғам-талабына мейлінше бейімделгендігімен ерекшеленетіндігін ерекше атап айтқан ләзім. Бұл ерекшелік, ең алдымен сөз болып отырған киім-кешектің барлық құрамдас бөліктерінің әрқайсысының пошымы, пішімі және дайындалу технологиясы (әдіс-тәсілдері) сынды типологиялық бітімінен айырықша білінеді. Себебі, аталмыш тіршілікқамы жүйесі көшпелілердің шаруашылық-мәдени типінің ең басты құрамдас бөліктерінің бірі әрі де бірегейі ретінде қалыптасып, жетілді. Көрнекті ресей ғалымы С.И. Вайнштейннің ой-тұжырымының желісіне салсақ, сонау ежелгі темір дәуірінен бастау алатын Орталық Азия көшпелілердің шаруашылық-мәдени типінің классикалық деңгейде түбегейлі қалыптасуы шамамен ерте түркі заманында – VI-IX ғасырларда аяқталды [210, с. 283-290]. Демек, классикалық тип болып саналатын Орталық Азия көшпелілерінің тіршілікқамы жүйесінің, соның ішінде киім-кешек кешенінің экологиялық мәнді типологиялық ерекшеліктері де аталмыш кезеңде қалыптасты деп айтуға әбден болады. Сонымен бірге киім-кешек кешенінің құрамдас бөліктерінің әрқайсысының, әсіресе, сырт киімдері тіршілікқамы және эстетикалық функциямен қатар, белгілі бір қоғам мүшелерінің әлеуметтік статусын, жыныстық және жастық ерекшеліктерін айғақтап отыратын символикалық функция да атқарды. Кейбір киімнің үлгілерінің, мысалы, бақсының, сал мен серінің киімдерінің, сондай-ақ, тіршілік цикліне, тіпті әдеттік құқыққа байланысты атқарылатын сан алуан салттық, ғұрыптық және құқықтық іс-шаралар саласында ғұрыптық-символикалық және реттеушілік мәні де болды. Сонымен бірге тіршілікқамы жүйесі компоненттердің әрқайсысы, соның ішінде әлбетте киім-кешек кешені де дәстүрлі қазақы ортада материалдық және материалдық емес мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде этносаралық қатынастар саласында өзіндік болмыс-бітімімен дараланатын этникалық сәйкестілік функциясын атқарады.

Орталық музей қорында хронологиялық шеңбері XVIII-XX ғғ. ортасына дейінгі аралықты қамтитын барлығы төрт жүзге жуық киімінің түрлері жинақталған. Киім-кешектің жоғарыда айтылған сан алуан функциясы тұрғысынан басым көпшілігі сирек кездесетін тарихи-мәдени құндылықтардан тұратын аталмыш коллекцияның қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін жүйелі зерттеуге де, тиімді дәріптеуге де өлшеусіз мүмкіндік беретіндігі түсінікті жайт. Айтылған мәселе тұрғысынан отандық музейлер қорларындағы және экспозициялық кешендеріндегі сан алуан киім-кешек үлгілерін атрибуциялау, паспорттау, зерттеу, сақтау және дәріптеу барысында қазақтың ежелгі киім-кешек кешенінің жоғарыда

аталған ерекшеліктерін айырықша ескеру методологиялық тұрғыдан, практикалық іс-шаралар жағынан да мейлінше маңызды екендігін ерекше екшеп айтқан ләзім.

Отандық музейлердегі, соның ішінде, әсіресе Орталық музей қорындағы қазақтың байырғы киім-кешегі арнайы зерттеудің еншісі болған емес. Дейтұрғанмен, күні бүгінге дейін қарастырылып отырған мәселеге байланысты жүргізілген зерттеулер, сөз жоқ, сөз болып отырған тақырыпты дендеп зерделеуге теориялық жағынан да, деректік мәселе тұрғысынан да әжептәуір демеу бола алатындығымен құнды.


Киім-кешектің құрамы мен функциясы. Қазақтың дәстүрлі ұлттық киімінің өзіндік ерекшелігін Орталық Азияның аридтік және субаридтік аймағының климаттық және ландшафттық талғам-талабына ғасырлар бойы бейімделген көшпелі шаруашылық-мәдени типінің болмыс-бітімі тұрғысынан түсіндіруге болады. Өйткені, жоғарыда ішінара айтылғандай, аталмыш киім-кешек кешені көшпелі тіршілікке жүйесінің құрамдас компоненті ретінде қалыптасты. Демек, қатаң континенталды климатта қалыптасқан киім-кешек түрлері қысқы суықтан, жазғы ыстықтан қорғануға және көшпелі өмір салтының ерекшеліктеріне әбден бейімделгендігімен ерекшеленеді [165, б. 137].

Сондықтан да, «табиғи ортаның доминанттық ерекшелігіне бейімделген бірыңғай пошыммен дараланатын қазақтың дәстүрлі киім-кешегі қатаң экологиялық ортада көшпелі тіршілікті ұйымдастыру механизмінің құрамдас компоненттері ретінде тиісті тіршілікке функциясын атқарып отырды» [221, б. 273-279]. Осы тұрғыдан қарастырғанда қазақтың дәстүрлі киім-кешегі көшпелілердің экологиялық ортаның айырықша қатал талап-талғамына бейімделу стратегиясын білдіреді әрі осы жайтқа байланысты халықтың этникалық сәйкестілігінің өзіндік айғағы функциясын да атқарды [12, б. 266]. Киім-кешектің одан да басқа функциялары жетерлік. Мысалы, киім-кешек арқылы қоғам мүшелерінің материалдық жағдайын, оның әлеуметтік-лауазымдық статусын, жыныстық және жастық ерекшелікті айғақтайтын символдық функцияларымен дараланады. Яғни, дәстүрлі киім-кешек «... эстетикалық, магиялық, адамдардың жасына байланысты қызмет және әлеуметтік-жыныстық, осыған орай моральдық, әрі сән-салтанаттық, ғұрыптық, кәсіби, сословиелік пен адамдардың айналысатын кәсібін, діни ұстанымын, аймақтық ерекшелікті айғақтайтын қызметтерімен ерекшелінеді» [3, б. 7]. Сонымен бірге, киім-кешек көшпелі ортадағы айырбас қатынастар саласында да өзіндік реттеушілік функциясын атқарып отырды.

Жоғарыда айтылғандардан туындайтын қорытынды: «көшпелілердің киім-кешегі тарихы, әлеуметтік-антропологиялық, мәдени-антропологиялық, этнографиялық, экономикалық, тіпті, белгілі бір мәселе бойынша әлеуметтік-географиялық сипаттағы сан алуан мәліметтер тоғысқан деректердің ерекше категориясы болып табылады» [3, б. 8].

Осы айтылған киім-кешектің атқаратын сан алуан қызметіне қарай отандық музейлердегі олардың коллекциясын төмендегідей типологиялық жіктерге

топтастыруды жөн көрдік.



Сурет 1 – киім-кешек коллекциясының типологиясы

Әдетте, дәстүрлі қазақы ортада жыл мезгілдерін «жаздық» және «қыстық» деп екі үлкен кезеңге жіктеу қалыптасқан. Осы жайтқа, яғни, киім-кешектің маусымдық қолданысына байланысты қыстық және жаздық деп бөлінеді. «Жаздық» киім жыл мезгілінің сәуір-қыркүйек айлары аралығында пайдаланылады. Ал «қыстық» киім-кешекке қазан-наурыз айларында киілетін киім түрлері жатқызылады. Әлбетте, бұл жерде табиғи ортаның климаттық доминанттық ерекшеліктерін ескерген жөн. Мысалы, Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс, батыс аймақтарында «қыс» мезгілі оңтүстік аймақтарға қарағанда ұзаққа созылады. Демек, аталмыш аймақтардағы қыстық киімнің қолданыс мерзімі де Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығыс өңірлеріне қарағанда әжептәуір ұзактау келеді. Және ауа-райы салқын келетін бұл өңірлердегі «қыстық» киімнің түрлері де көптеу болады. Мысалы ретінде аталмыш өңірлерде, әсіресе, ұзақ мерзімді қолданыста болатын сырт киім мен бас киімнің шапан, шекпен, тон, ішік, күпі, жадағай, камзол, бешпет, кеудеше, тымақ, бөрік, қалпақ, малақай сияқты және тағы басқада киім түрлерін айтуға болады. Керісінше, қазақ өлкесінің оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарында, тіпті қыс айларының өзінде де аң және үй жануарларының терісінен жасалған сеңсең ішік, қалың күпі, түлкі тымақ сияқты жылуды мол сақтайтын киім түрлердің пайдалану сирек жайт болды. Сонымен бірге жыл он екі бойы қолданылатын киімнің түрлері де пайдаланылды. Мысал ретінде сулық пен жалбағайды айтуға болады. Соңғысын далбағай, далбай, башлық, күлпәрә деп те атай береді. Сулықтың ұзындығы тізеден төмен, қондырма жең, қайырма немесе ашық жағалы, етегінің шалғайы кең болып келеді. Кейбірінің басқа киюге арналған күлпарасы бірге болады [14, б. 200]. Ал жалбағай деп аталатын бас киім тымақ тәрізді қалың немесе жұқа ақ киізден де тігілді. Олардың пошымы бір-біріне ұқсас.

Кең мол пішілген, бас киімнің ту сыртынан киіліп, иықты жауып тұратын, жауын, желден қорғайтын бас киімнің ерекше түрі. Материалының және пошымының жоғарыда айтылған ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі қазақы ортада бұл бас киімді әрбір маусымның қолайсыз ауа-райы жағдайында жыл он екі ай бойы пайдалана беретін [3, б. 19].

Қай ұлтта болмасын ұлттық киім-кешекті ең алдымен қоғам мүшелерінің жыныстық ерекшеліктеріне байланысты ер адамның және әйелдің киімдері деп жіктелінеді. Осы типологиялық принцип негізінде И.В. Захарованың және Р.Д. Ходжаеваның қазақтардың ұлттық киімі туралы үлкен еңбегінде де көшпелілер киімінің жыныстық ерекшелігін зерделеуге арналған арнайы екі тарау берілген («одежда, головные уборы и обувь мужчин» және «одежда, головные уборы и обувь женщин») [68, с. 34]. Сонымен бірге осы принциптің аясында зерттеушілер төмендегідей жіктемені ұсынады: а) бала, сәби киім-кешегі; ә) бойжеткен мен бозбала киімі; б) келіншек пен жігіт киімі; в) орта жастағы әйел мен ер адам киімі; г) егде тартқан және қарт адам киімі.

Сондай-ақ көрнекті қоғам және мемлекеттік қайраткері әрі ұлттық этникалық мәдениеттің белгілі зерттеушісі Ө. Жәнібектовтің мәліметіне қарағанда, дәстүрлі қазақы ортада орташа дәулетті қазақтар киімнің төмендегідей алты түрін пайдаланған. Бұлар: жейде, көйлек, дамбал сияқты іш киімдер; ал сырт киімге бешмет (бешпент), шекпен және балағы етіктің қонышына кигізілетін шалбар (сым) жатады [62, с. 152]. Бұл жерде автор, сірә, дәстүрлі қазақы ортада жыл он екі айдың жылы мерзімдерінде ер адамдар киген негізгі киім түрлерін айтып отырған болуы керек. Өйткені автор айтып отырған киім түрлерінің ішінде етіктің қонышына салынатын шалбар да (сым) аталып отыр. Ал дәстүрлі қазақы ортада шалбарын аяқ киімнің қонышына салатындығы жылдың суық айларында шаруашылық, ғұрыптық іс-шараларға немесе жолға шығу жағдайларына байланысты болмаса, өте сирек жайт болатын. Демек, бұл ретте автор, жоғарыда айтылғандай, ер адамдардың күнделікті қолданысында болған тек негізгі киімдер құрамын ғана айтып отыр. Олай дейтін себебіміз – автор әрі қарай жылдың әрбір маусымдық ерекшеліктеріне байланысты көшпелілер киген киімдердің түрлеріне тоқталып өтеді. Автордың мәліметіне қарағанда қысты күні ер адамдар тон, тымақ, саптама етік киген. Көп жағдайда тонның орнына ішіне жүн салынып, тысталған күпі, түйе жүнінен иірілген жіптен тоқылған шекпен де киген. Сондай-ақ автор киізден қаусырылған кебенек түрінен де мәлімет беріп, алайда, оның осы күндері сақталмағандығын, қолданыс аясынан шығып кеткендігі жөнінде жазған [62, с. 158].

Шынтуайтында, оның сыртында зерттеушілердің материалы, әсіресе, сөз болып отырған Орталық музей қорындағы дәстүрлі киім-кешектің сан алуан түрлері айқын айғақтағандай, қазақтардың киген киімдерінің құрамы әлдеқайда мол болды. Мысал ретінде аталмыш музейдің киім-кешек коллекциясындағы бір ғана сырт киімнің әртүрлі үлгілерін айтуға болады. Жоғарыда айтылғандай, 2009 жылы Орталық музей ғалымдары жарыққа шығарған «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі»

атты ғылыми каталогқа енген ерлер мен әйелдердің және балалардың әр жас шамасындағы категорияларының киген сырт киімдері өзінің құрамының алуандығымен дараланады. Айтылған уәждің көрнекі мысалы ретінде төменде орталық музейдің коллекциясындағы сырт киімнің бірнеше үлгілері жөнінде ақпарат беріліп отыр. Олар бешент, камзол (кәжекей, кәзекей), шапан, шекпен, жадағай, күпі, тон, тонның өзінің бірнеше түрі болған (қамқа тон, сеңсең тон, қасқыр тон, шолақ тон, елтірі тон), дақы, ішік, оның өзі тігілу материалына қарай (сеңсең ішік, пұшпақ ішік, түлкі ішік, бота ішік, қасқыр ішік, мамық ішік, қаракөл ішік, елтірі ішік) деген түрлері болған. Осы айтылған сырт киімдер аталмыш музей қорына Қазақстанның бүкіл облыстарынан жинақталған.

Ерлер киімінің барлығына дерлік ортақ түрлері шапан, ішік, бешпет, шалбар, жейде, дамбал киіп, аяқтарына мәсі және саптама етік киген. Ал әйел адам киім-кешектің негізгілері көйлек, ішкөйлек, камзол, көкірекше, белдемше, бешпет, аяқтарына кебіс, мәсі, етік сияқты түрлерін киген. Бас киімдерден сәукеле, бөрік, кимешек, жаулық, күндік, желек, шәлі, қасаба, тақия сияқты түрлері болған [68, с. 145].

Бала киімінің сыртқы түрі мен мезгілдік қозғалысында ересектер киімінен көп өзгешелік жоқ. Сәби туғанда денесіне батпауы үшін тігісі сыртына қаратылған ит көйлек деп аталатын киім кигізетін. Қазақ балаларының негізгі киімі – жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпет, шапан, малақай, құлақшын. Бала киімдеріне жас ерекшелігіне сай әшекейленіп, ою өрнектер салынады. Сонымен қатар көз тиюден сақтайды деген ырым бойынша, тақияға үкі қадап, киіміне тұмар тігіп қоятын болған.

Жас қыздардың сырт киіміне тән басты ерекшеліктің бірі – белінің қынама болып келуі. Олар бүрме етектегі көйлек, қосетектегі көйлек, әшекейленген бешпет, камзол киген. Бастарына үкі тағылған тақия, аяқтарына ою салынған мәсі киген. Бойжеткен қыздар кәмшат бөрік киіп, кейде әшекейленіп өрнек түсірілген ақ шыт тартқан [68, с. 81].

Қазақы ортада боз балалар мен жігіттер барқыт матадан шапан киіп, белін мата белбеумен буынған. Аяқтарына жай табан етіктер мен өкшесін құймалаған етіктер киген. Бастарына кестелі тақия киген. Қажетіне қарай, жас жігіттер төбесіне үкі қадалған сәнді бөрік те киген.

Бас киім әйелдің әлеуметтік, жыныстық және жастық ерекшеліктерін айғақтап тұратын символикалық функция атқарды. Әйел заты жастық кезеңдеріне байланысты төмендегідей бас киім түрлерін киді. Тақия, қасаба – қыз кезең, сәукеле – қалыңдық кезең, желек жамылу – балалы болғанға дейінгі кезең, кимешек – балалы болған кезең, жаулық кию – бәйбіше және кемпір болған әйел адамның ел-жұрт арасындағы беделді кезеңі [68, с. 103-129].

Демек, «аталмыш бас киімнің түрлері әйел адамның ғұмырының тиісті кезеңдерінің символдары болып табылады. Ал жаулықты әйел адамның жоғарыда айтылған жастан бастап пайдалануы оның үй шаруашылығын «дөңгелетіп» алып

кететіндей тәжірибесі мол отбасының ардақты анасы деген мәртебеге ие болғандығын білдіреді» [95, б. 175].

Қарт ер адамдар шапан, ішік, бешпет, жейде, дамбал киіп, аяқтарына саптама етік, мәсі киген.

Дәстүрлі қазақы ортадағы киім-кешектің әшекейлену ерекшелігі адамның материалдық күйіне, әлеуметтік лауазымына, жынысына және жастық категориясына тікелей байланысты болған. Киім-кешекті әшекейлеу, әсіресе, адамның жас ерекшеліктеріне негізделді. Жастардың киім-кешектеріне кестелер көбірек әшекейленіп салынса, егде кісілердің киім-кешектерінің кестеленуі біршама жұпыны болған.

Осы киім-кешек құрылымдық ерекшелігіне қарай ғылыми әдебиетте құрамына қарай «антроморфтық» принцип бойынша жіктеу қалыптасқан: 1) бас киім; 2) сырт киім; 3) бой киім (іш киім); 4) аяқ киім. Жоғарыда аталған Орталық музей қоры мен экспозициясындағы киім-кешек коллекциясының ғылыми каталогы аталмыш принципке негізделген [3, б. 8]. Бұл каталогта Орталық музей қорындағы хронологиялық шеңбері XVIII-XX ғғ. ортасына дейінгі аралықта қамтитын барлығы 371 музейлік құндылықтар аталған антропоморфтық принцип бойынша типологиялық жүйелендіріліп ғылыми сипатталынған. Олардың жасалуы, пішімі, тігу техникасы туралы толық сипаттамаларына қоса заттарға қатысты деректер (жасалған уақыты, орны, шебері, материалы, әзірлеу техникасы), сондай-ақ, қажетті түрлі түсті фотолары берілген. «Киім-кешектің түрлері мен типтерінің «антроморфтық» принцип бойынша жіктеп, жүйелеудің танымдық маңызы сонда, ол әрбір киім түрі мен типінің жалпыэтникалық, жыныстық, жастық, стратификациялық, аймақтық, уақыттық ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді» [3, б. 9].

Қазақстан музейлеріндегі, соның ішінде Орталық музей коллекциясында киім-кешектің төмендегідей түрлері сақталып және дәріптелініп отыр: а) бас киім – мұрақ, бөрік, тымақ, тақия, қалпақ, малақай, қасаба, кимешек, жаулық, желек, сәукеле, бөрік және т.б.; ә) бой киім – көйлек, ішкөйлек, жейде, дамбал, шұлық; б) сырт киім – шапан, шекпен, тон, ішік, күпі, камзол, бешпет, кеудеше және т.б.; в) аяқ киім – етік, мәсі, кебіс, бөтенке, пима және т.б.

Сондай-ақ, дәстүрлі қазақы ортадағы киім кию мәдениеті, оның этникалық айырықша мәнді эстетикалық болмысы киім-кешектің әлеуметтік-лауазымдық және символикалық функциясын көрсететінін айғақтайды. Хандар мен төре тұқымдары, қарапайым шаруалар күнделікті қолданыста аридтік және субаридтік аймақтардың аса қатал климаттық және ландшафттық талғам-талабына бейімделген ортақ сырт киімдерді пайдаланған. Дегенімен, сырт киімдердің пошымы мен жасалу технологиясы жағынан аса қатты өзгешеліктер байқалмаса да, олардың әшекейленуі, матасы сияқты сыртқы ерекшеліктерімен иесінің әлеуметтік мәртебесін көрсетті. Дала ақсүйектерінің өкілдері киімдерді тігу немесе сатып алу кезінде, олар киімнің бірден көзге түсетін бай әсем калоритті элементтеріне, қымбат

мата мен жібек жіптерге, жағалы киімдерге үлкен мән берген. Сондықтан да хан мен сұлтандарды көшпелі ортада бірден ажыратып, оларға тиісінше құрмет білдіретін [69, с. 644].

Хандар мен сұлтандардың киімдері барқыттан, масатыдан, бедерлі жібектен тігіліп, оны әрлеуге кәмшат, сусар, құндыз терілері пайдаланылған. Сондай-ақ, салтанатты жиындарда киетін шапан сияқты сырт киімдері әдемі маталардан тігіліп, түрлі қымбат асыл тастармен, ою-өрнектермен әшекейленуі оның иесінің социумдағы институционалдық және әлеуметтік мәртебесін айғақтап тұратын [70, с. 644]. Ал, қарапайым көшпелілердің күнделікті шаруашылық пен тұрмыста пайдаланылатын киім-кешек түрлерінің материалы, пішімі мен дайындалуы және қолданысы тіршіліккамы жүйесінің тікелей қажеттілігіне негізделгендіктен, олар өзінің қарапайымдылығымен ерекшелінеді.

Адамның әлеуметтік статусын, лауазымын, материалдық күйін бас киімдерді пайдалану үрдісінде ерекше айқын көруге болады. Мәселен, сұлтанның ақ жібек немесе ақ барқытпен тысталған қара түлкіден тігілген бас киімінің оның төре тұқымынан екендігін әйгілеп тұратын символикалық мәні болды [70, с. 656]. «Мұрақты қазақы ортада лауазымды адамдар, хандар мен төре тұқымдары, мысалы сұлтандар, ал шамамен 19 ғасырдың 40-50-жылдарынан бастап билер де киді» [221, б. 277]. XIX ғасырға тән, сондай мұрақтың бірі (КП 530) Орталық музей қорында сақталып отыр. Оның иесі сұлтан Баймұхамед Айшуақов болған. Мұрақ қызғылт, күлгін және жасыл түсті барқытпен тысталған, биік шошақ төбелі, етегі кең етіп қайырылған. Төбесінен етегіне дейін зер жіппен өрнек кестеленген. Сол ғасырға тән тағы бір мұрақ (КП 499) музей экспозициясында орналасқан. Иесі белгісіз. Оның өрнектері жылтыр сары түсті паршамен тысталған, биік төбелі, етегі кең етіп қайырылған. Төбесі қызыл барқытпен, ал милығы сары барқытпен астарланған. Әр жерлеріне металл шытыралар қадалған.

Сондай-ақ аталмыш Орталық музей қоры мен экспозициясындағы әйел адамның басына киген тақия, сәукеле, желек, орамал, кимешек, жаулық сияқты бас киімдер әлеуметтік статусын және жастық ерекшеліктерін айғақтап тұратын символикалық функция атқарды. Ол туралы жоғарыда мәліметтер келтірілген. Осы орайда бас киім ғұрыптық та функция атқарған. Мысалы, «сары жаулық» деген кісі қолынан қаза болған кісінің әйелінің басына жыл бойы – ас беруге дейін салып жүруге арнап жіберілген қара құн құрамында болды. «Сары жаулық жесірдің қаралы екендігін білдіреді. Жоғарыда айтылғандай, қара құнның құрамындағы басқа мал-мүліктер сияқты символдық мәні ерекше сары жаулықтың түсінің сары болуы, сірә, жазатайым жесірлікке ұшыраған әйелдің қайғыдан «сарғайған» солғын күйін айғақтап тұруы тиіс осы бұйымның ғұрыптық-символдық функциясымен байланысты болса керек» [14, б. 165].

Аймақтық ерекшеліктер бойынша да киім-кешектің типологиясы қалыптасқан. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында киім-кешектің аймақтық ерекшеліктеріне қарай үш негізгі аймаққа топтастырылған: батыс,

оңтүстік және солтүстік-шығыс (бұған Орталық Қазақстанның бүкіл аумағы кіреді). Бұл кешенді топтастырылған аймақтар үш жүздің территориялық қоныстану аймақтарымен де сәйкес келеді (батыс - кіші жүз, оңтүстік – ұлы жүз, солтүстік-шығыс – орта жүз). Үш негізгі кешеннің әрқайсысында ішінара кішігірім жергілікті аймаққа ғана тән ерекшеліктерімен ерекшеленеді [68, с. 146].

Батыс Қазақстандағы қазақтардың киім-кешегі бас киімдерімен ерекшелінеді. Мысалы, ер адамдардың бас киімінің бір түрі – қалпақ, осы өңірлерде XIX ғасырларда сирек кездесетін, ал XX ғасырда мүлде қолданыс аясынан шығып кеткен [68, с. 146]. Музей қорында сақталған қалпақтардың жинақталу географиясына қарасақ, осы өңірге тән қалпақтарды кездестірмедік. Есесіне, осы өңірге ғана тән тымақ тәрізді қалың немесе жұқа матадан немесе ақ киізден тігілетін күләпаралар (КП 9756/7, 9756/8) кездеседі. Жалпы, батыс өңіріндегі қазақ қыздарының киімі басқа аймақтарға қарағанда оған тағылған зергерлік бұйымдардың молдығымен және ерекше әсемдігімен ерекшеленеді. Осы өңірдің қыздары басына киетін қасаба Қазақстанның басқа аймақтарында мүлдем пайдаланылмаған деген деректер кездеседі. Алайда, музей қорына түскен қасабалардың географиялық жинақталуына мән берсек, олар Алматы қаласы (КППМ 4077 Б), Орталық (КП 3706) және Батыс Қазақстан (КП 504) өңірлерінен келіп түскендігі туралы ақпарат бар.

Оңтүстік Қазақстанда, көбінесе әйел мен ер адамдар шолақ жеңді камзолдар, түйе жүнінен иірілген жіптен тоқылған, жұмсақ сырттық шекпен, жазда шапан, қыста киізден қаусырылған кебенек сияқты жеңіл, сулық киім түрлерін киген. Жетісу және оңтүстік қазақтардың шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек жеңдері ұзын, әшекейлі болып келеді. Оңтүстік өңірдегі әйел камзолдарының жағасына, белдегі тігісіне моншағы бар күміс теңгелер тағылды. Жетісу аймағында осындай теңгелер екі қатар болып келеді, басқа аймақтарда камзол жиегін, бел тұсын шашақты зер таспамен сәндеген [68, с. 88].

Тымақтың түрлері жалпы типі бір болса да, аймақтық табиғи ерекшеліктерге сай, өзгешеліктермен айқындалады. Солтүстік Қазақстанның тымақтары арқаны түгелдей дерлік жабатын болса, Оңтүстік өңірдің тымақтары жұқалау елтіріден жасалып, жеңілдеу келеді. Географиялық орналасу ерекшеліктері басқа көршілес ұлт өкілдерінің (этноконтакттық аймақтағы) әсері де байқалады. Мысалы, батыс Қазақстандағы әйелдер киімінде көршілес татар, башқұрт, түркмен киім-кешектерінің әсері көрінеді. Ал, оңтүстік өңірдегі қазақтарда өзбек киімдерінің әсері байқалады.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері мен атқаратын функциясы бойынша киім-кешек кешені келесідей топтастырылып, типологиялық түрлері жасалынды. Олардың типологиялық түрі, айқындауыш белгілері және сипаттамасы төмендегі кестеде (кесте 3) көрсетіліп отыр.

Кесте 3 - Киім-кешек типологиясы

Топтастыру және типология түрі	Айқындауыш белгілері	Топтастыру жағдайларын анықтайтын сипаттама
Маусымдық киім-кешек кешені	«жаздық» және «қыстық»	бұл жерде табиғи ортаның климаттық доминанттық ерекшеліктерін ескерілді. Маусымдық қолданысына байланысты болғандықтан, бұл жерде сырт киімдер мен бас киімнің кейбір категориясы жатады.
Құрылымдық киім-кешек кешені	Антроморфтық принцип бойынша топтастыру	Киім-кешекті «антроморфтық» принцип бойынша жіктеу, жүйелеу, ол әрбір киім түрі мен типінің жалпыэтникалық, жыныстық, жастық, стратификациялық, аймақтық, уақыттық ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді
жыныстық және жастық	Жыныстық және жастық ерекшеліктері бойынша топтастыру	а) бала, сәби киім-кешегі; ә) бойжеткен/бозбала киімі; б) келіншек/ жігіт киімі; в) орта жастағы әйел/ер адам киімі; г) егде, қарт адам киімі.
әлеуметтік-символикалық функциясы бойынша топтастыру	киім-кешектің әлеуметтік-лауазымдық және символикалық, ғұрыптық функциясын айғақтау	Адамның әлеуметтік мәртебесін, лауазымын, материалдық күйін көрсететін киім-кешек кешені. Атап айтқанда, күнделікті шаруашылық пен тұрмыста пайдаланылатын киім-кешек түрлері, салтанаттық, той-жиындарда киілетін киім-кешек кешені және әлеуметтік-лауазымдық статусын көрсететін киімдер.
Аймақтық ерекшеліктер бойынша топтастыру	Географиялық орналасу ерекшеліктеріне байланысты	Географиялық орналасу ерекшеліктеріне байланысты көрінетін киімдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары (этникалық сәйкестілік) және басқа көршілес ұлт өкілдерінің (этноконтактық аймақтағы) әсерін көрсететін киім-кешектер.

Киім-кешек коллекциясының қалыптасу тарихы және жинақталу географиясы. Орталық музейдің киім-кешектер коллекциясының қалыптасу тарихын шартты түрде «орынбор» және «алматы» кезеңдеріне бөлуге болады. Мәліметтерге сүйенсек, «орынбор» кезеңінде жинақталған киім-кешектер саны небәрі 8 бірлікті құрайды. Қалғаны, 363 бірлігі «алматы» кезеңінде жинақталды. Бұл жайт қазақ республикасының алғашқы астанасы болған Орынбор қаласынан Қызылордаға, кейін Алматы қаласына берілуімен байланысты [3, б. 8].

Негізінен ғылыми-танымдық жағынан да, мәдени-тарихи тұрғыдан да киім кешектің аз мөлшерде кездесуі таң қаларлық жағдай емес. Нұрсан Әлімбайдың «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі» атты ғылыми каталог жасау барысында жасаған есебі бойынша еліміздегі басқа музейлер және шет елдердегі (ресей, Лондон, ішінара неміс) музейлерде сақталған қазақтың байырғы киім-кешектерінің барлық түрлері мен типтерінің ұзын саны небәрі 450-530 бірлікті құрайды дейді.

Бұл жайтты И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаева орыс капитализімінің қазақ даласына енуіне байланысты экономикалық, мәдени, саяси-идеологиялық тегеуірінді ықпалына түскен қазақтар енді фабрикалық киімдерді тұтынды деп түсіндіреді. Нәтижесінде, әсіресе күнделікті тұрмыстық қолданыстағы киімдерді

ығыстырылды [68, с. 32]. Ал, Нұрсан Әлімбай, осының тағы екінші себебі, «ірі, жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мүлкін кәмпескелеу» негізінде «ескінің көзі» ретінде сақталған небір атадан қалған мұраны символдар ретінде аяусыз жою дейді.

Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегінде де XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында товарлық өндірістің дамуы, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастың нығаюы, әсіресе Қазақстанға орыстардың, украиндардың, немістердің, татарлардың, тағы да басқа халықтардың көптеп қоныс аудару бастауына байланысты қазақ тұрмысына, әсіресе ұлттық киімге өз ықпалын тигізді делінген. Ол «ішкі жейдеден пальтоға дейін дайын күйінде сатып алуға мүмкіндік туғандықтан, үй жағдайында киім тігудің азая түскені, көп жерлерде бұл кәсіп мүлде жойылып кеткен ...» деп дәстүрлі киім-кешектің қолданыс аясынан шыға бастағаны туралы жазған [222, б. 20].

Сондықтан да осындай аз мөлшерде сақталған дәстүрлі киім-кешекті сақтау, оларды зерттеп білу барынша маңызды. Мәселен, ұлттық киімді этнографиялық жолмен, яғни далалық экспедициялар арқылы жинақтау бүгінгі таңда сирек кездесетін құбылыс. Себебі олар қолданыс аясынан шығып кеткен және сақталмаған. Музей қорында негізінен хронологиялық жағынан XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың орта кезеңін қамтитын киімдері сақталған.

1947 жылғы экспедицияда Семей Абай ауданында бірсыпыра киім үлгілері мен қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар жинақталды. 1970, 1979 жылдары Алматы облысының Кеген, Нарынқол өңірінде, 1975 жылы Талдықорған өңірі, 1971 жылы Шығыс Қазақстан, 1986 жылы Батыс Қазақстан облысының Орал аймағына экспедициялар жасалынды. 1987 жылы Түркіменстанға, нәтижесінде түркімен қазақтары арасынан көне ұлттық және тұрмыстық киім үлгілерін жинап қайтты. 1988-1989 жылдары Қызылорда облысына, 2009 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң автономиялық облысында этнографиялық экспедициялар жасалып, қазақ киімдерінің бірнеше үлгілері музей қорына жинақталды [206, б. 155].

Қазақ киімдерінің даму тарихын аңғару үшін музейде тұрған Фатима ханшайымның бешпенті мен көйлегіне (КП 3695) назар салсақ, қызыл барқыттан тігілген, қызыл жібекпен астарланған. Артқы бойына, бел тұсынан майда бұрмелер салып қыналған. Жағасы, өңірі, жеңінің аузы, етегіне айналдыра қызыл сары ширатпа зермен өрнек кестеленген. Бұл бешпент XIX ғасырдың ортасына тән. 1923 жылы музей қорына тапсырылған. Бешпент, шошақ төбелі құндыз бөрік, көксауыр етіктер, бұлардың бәрі XIX ғасырдың ортасына тән бірегей музей құндылықтары.

Сондай бағалы экспонаттардың бірі – қалыңдық жасауының аса маңызды құрамдас бөлігін құрайтын аққу терісінен тігілген ішік (КП 13950). Бұл аққу ішіктің бірегейлігі, «біріншіден, оның қалыптасқан дәстүрге сай аң терілерінен емес, қауырсыны жұлынып, тек қана мамығы қалдырылған аққу терісінен тігілген

ерекшелігінде; екіншіден, ішіктің қазақтың біртуар ұлы, ғұлама ғалым Шоқан Уалихановтың есімімен тікелей байланыстылығында» [115, б. 67].

XIX ғасырдың 2-ші жартысында жасалған Шоқан Уалихановтың бөрігі (КП 9427). Бөрік барқыт, түйе жүнінен, құндыз терісінен жасалған. XIX ғасырдың басында барқыт, зертаспа, киізден жасылған сұлтан Баймұхамед Айшуақтың мұрағы (КП 530), сол сияқты тағы да басқа танымал тұлғалардың бірегей киімдері музей қорында сақталған.

Киім-кешектердің музей қорына түсу динамикасын антроморфтық принцип бойынша көрсетсек, 1923-1928 жылдар аралығында, яғни «орынборлық» кезеңіне сәйкес бас киім – 1, сырт киімдерден – 3, бой киімдерден – 2, аяқ киім – 2. Одан бұрынғы жылдардағы мәліметтер сақталмаған. «Алматылық» кезеңнен бастап соғыс жылдарына дейін бас киімдерден – 8, сырт киімдерден – 18, бой киімдерден – 6, аяқ киім – 11 сақтам бірлігі музей қорына келіп түскен. Ал соғыс жылдары музей қорына небәрі 1 зат киім-кешек коллекциясы түскен. Қалған музей қорындағы киім-кешек коллекциялары әртүрлі зерттеу жұмыстары мен экспедициялар нәтижесінде толығып отырған.

Осы киім-кешек коллекцияларының жинақталу географиясына тоқталатын болсақ, олар Қазақстанның барлық дерлік аймақтарынан жинақталған десек те болады.

Орталық музей киім-кешек коллекциялары Қарақалпақстан (Нүкіс қ., Хожейлі ауданы, Шымбай қаласы), Қырғызстан, Қытай Халық Республикасы (Баркөл қ., Тарбағатай аймағы, Құлжа), Монғолия (Баян-Өлгей аймағы), Ресей (Омбы, Орынбор, Саратов, Таулы Алтай облысы, Челябин облысы), Түркіменстан (Красноводск) жақын елді мекендерінен де этнографиялық экспедиция барысында музей қорына толықты.

Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі өзіне тән ерекшеліктерін сақтап, бүгінгі күні ғылыми-танымдық маңызы артуда, әсіресе, қолданыс аясынан шығып кеткен бірегей музей құндылықтары ғалымдар үшін таптырмас дерек көздері болмақ. Осы орайда айта кететін жайт, мұндай бірегей, бірақ аз мөлшерде сақталған дәстүрлі киім-кешектер коллекциясы музейдегі сақталу күйі өкінішке орай ешқандай сын көтермейді. 1999-2022 жылдары директор болған Нұрсан Әлімбайдың еңбегінде: «...отандық музейлердегі киім-кешектер сақталуы және халыққа көрсетуге тиісті арнайы сақтау бөлмелері мен экспозициялық залдардың қазіргі заман талабына сай қажетті құралдар мен аппаратуралармен түсіндіруге болады. Аталмыш сақтау бөлмелері мен витриналарының қажетті температуралық, ылғалдық және жарық режимдерін қамтамасыз ететін қажетті құралдармен және аспаптармен отандық музейлердің бірде-біреуінің жабдықталмағанында...» деп жазған. Оған қоса көнерген музей құндылықтарын қайта қалпына келтіру шеберханалардың да жағдайы мәз емес [3, б. 8].

Киім-кешектің функциясы мен құрамы, оны жүйелеу мәселелері маусымдық, жастық және жыныстық, антроморфтық принциптері мен әлеуметтік-

символикалық және аймақтық ерекшеліктері бойынша типологиясы жасалынды. Жинақтау жұмыстары арнайы тақырыптарды зерттеу үшін ұйымдастырылған этнографиялық экспедициялар мен тұлғалардың сыйға тартуы және сатып алу негізінде жүзеге асырылып отырған. Ал, киім-кешек коллекциясының жинақталу географиясы мәселесі бойынша, олар Қазақстанның барлық дерлік аймағынан және жақын шетел елдерінен, атап айтқанда Ресей, Түркіменстан, Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан елді мекенін жинақталғаны туралы анықталды.

2.3 Ыдыс-аяқтар жүйесі және ас-тағамға қатысты материал

Ас-тағам адамның күнделікті тіршілігінде аса маңызды орын алады. Күнделікті тіршілікке қажет азық-түліктің кешені ғана емес, сондай-ақ ас-тағамдар жүйесі табиғатты игеруге байланысты қалыптасқан экологиялық тәжірибе, сол тәжірибені пайдалану, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп жеткізетін халықтың этномәдени болмысын бейнелейді. Сонымен бірге, ас-тағамнан халықтың сан алуан әлеуметтік, идеологиялық және дүниетанымдық жүйелердің өзара себеп-салдарлық байланысын аңғаруға болады.

Бұл тараушада музейлер қорында және экспозицияда қойылған дәстүрлі қазақ қоғамындағы ас-тағамға қатысты ыдыс-аяқтар жүйесі қарастырылатын болады. Музей қорында әрі экспозицияда бұл коллекцияның түрі өте ауқымды. Орталық музей, Ұлттық музей және облыстық музейлерде ас-тағамға қатысты қойылған ыдыс-аяқтар жүйесі барлығында дерлік бір типтес десе де болады. Жинақталған материалдар бойынша қолөнер шеберлері ыдыс-аяқтарды тері, ағаш, темір, сүйек сынды көшпелі өмірде қолдануға ыңғайлы, сынбайтын материалдардан жасаған. Жүн, тері сынды мал өнімдерінен ұлттық ою-өрнек салу арқылы түрлі қаптар, ыдыс аяқтарға арналған былғары қаптарды да кездеседі.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бес томдық энциклопедияда ыдыс-аяқ – ас-тағам дайындауға және ішіп-жеуге тікелей падаланылатын ыдыс түрлерінің атауы деп көрсетілген [14, б. 729].

Ыдыс-аяқ ұғымы тек ас-тағамды дайындау және оны қабылдауға пайдаланатын ыдыстардың тобына ғана тікелей қатысы бар. Осы жіктемеге сәйкес, мысалы, кесеқап ыдыс болып есептелгенімен, ыдыс-аяққа жатпайды. Өйткені ол ас-тағамды дайындау және қабылдау үрдісінде пайдаланылмайды. Мұндай жіктеменің маңызы сонда, ол ыдыстың әрбір түрінің функциясын дұрыс зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл туралы Д. Қатран жазған [223, б. 246].

Жалпы, ыдыс-аяқ мәселесі Э. Масанов, Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, Ә. Тәжімұратов, С. Кенжеахметов сияқты авторлардың еңбектерінде кездеседі. Бұл еңбектерде ыдыс-аяқ түрлері, олардың жасалу материалдары, қолданыс аясы сияқты мәселелер қарастырылған.

Ә.Х. Марғұлан өз еңбегінде қолөнер шеберлерінің ұлттық бұйымдарына,

қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқтарына тоқталған. Ғалым ыдыс-аяқтардың жасалу тәсілдерін, оларға салынған ою-өрнектер, қандай материалдардан жасалғаны, олардың функциялық міндеттерін, терминдерге тоқталған [53, б. 195-196].

Үлкен, әрі ауқымды ағаш тегене қымыз құюға арнап жасалынған. Ұзынша немесе сопақтау астауды ет, немесе қыс айларында құрт жібітуге арнаған деп Х.А. Арғынбаев қазақтардың ыдыстарды кең қолданғаны жөнінде қарастырып кетеді [58, б. 34].

Қазақы ортада қолданылатын ыдыс-аяқ түрлері негізінен тері, ағаш, ішінара металл тәрізді шикізаттардан дайындалған. Мұндай материалдан жасалған ыдыстар көші-қон кезінде бүлінбеген әрі жеңіл болған деседі.

Олардың қатарында: қымыз және шұбат өнімдерін сақтауға арналған сабалар үлкен сұранысқа ие болған, бие саууға арналған көнек, қымыз тасымалдауға арналған сүйретпе, жанторсық және т.б. Келесі бір кеңінен қолданылған ыдыс түріне қайың, қара ағаш, арша ағаштан жасалған сұйық өнімдерге арналған шелек, сорпа, қымыз құюға арналған ожау, шөміш, май мен қымыз шайқауға арналған-күбі, піспек, бидай, тары өнімдерін ұсақтауға арналған келі, келісап, ыстық тамақтарға арнайы табақ, тегене және түрлі өнімдерді сақтайтын үлкен құмыралар және т.б. жатады.

Қарлығаш Ерғазықызы қазақтардың дәстүрлі ыдыс-аяқ түрлерін зерттей келе, қазақтардың дәстүрлі ыдыс-аяқтарын қолөнер шеберлері жасаған материалына байланысты бес топқа бөледі:

1. ас-тағам сақтайтын ыдыс-аяқтар;
2. тағам сақтайтын дәстүрлі тері ыдыс-аяқтар;
3. дәстүрлі металл ыдыс-аяқтар;
4. саз балшық, қыш, фарфор тас бұйымдар;
5. жүннен жасалған дәстүрлі ыдыс-аяқтар [224].

Қазақстан музейлерінде, соның ішінде Орталық музей мен Ұлттық музейінде ыдыс-аяқтың бай коллекциясы қалыптасты. Дәстүрлі қазақы ортадағы тіршілікқамы жүйесінің тікелей компоненттері, яғни күнделікті қолданысында болғандықтан бұл бұйымдар қазақ көшпелілерінің байырғы тіршілік салтының қыр сырымен толық мәнді танысуға мүкіндік береді. Өкінішке орай бұлардың басым көпшілігі жоғарыда айтылған үй кеңістігін күнделікті тіршіліктің талғам-талабынан тікелей туындаған сегменттеу принципіне сәйкес орналастырмай келеді. Бұл жайттың әсіресе жас ұрпақтың қазақтың тарихи этнографиясының болмыс-бітімі жөнінде жүйелі түсінік алуға едәуір қиыншылық туғызатындығы сөзсіз. Сонымен бірге осындай «ретсіздік» зерттеу барысында да тұрмыстық бұйымдардың өте қажетті типологиялық қатарын жасауға да үлкен кедергі болды. Тұрмыстық бұйымдардың, соның ішінде ыдыс-аяқтардың ретсіз орналасқандығын төмендегі ыдыс түрлерінен айқын көрінеді. Мысалы ретінде музейлердегі тиісті экспозициялық кеңістіктегі аталмыш үй бұйымдарының қойылу реті, соның ішінде әсіресе, ыдыс-аяқтың күнделікті ас қабылдауға арналғандығын немесе тұрмыстық-

шаруашылыққа пайдаланылатындығын ажырату әжептәуір қиындық туғызады (мысалы, әртүрлі пішінде жасалған тостағандар, жайпақ және шұңғыл ағаш, темір табақ түрлері, ағаш қасықтар, кепсерлер, ағаш ожаулар, темір шыныларды және т.с.с.).

Осындай ретсіздікті күнделікті ас-тағам дайындауға қажетті, соның ішінде таба нан, қатырма нан, жаппа нан, әртүрлі бәліш, тоқаш, бауырсақ сияқты нанның түрлерін жабуға арналған ыдыстардың (қазан, таба және т.б.), ет пісіруге арналған қазандардың, әртүрлі пошымда жасалған темір шелектер немесе тұтас ағашты ойып жасаған шелектер болмаса жеке-жеке мөлшері біркелкі етіп болып дайындалған ағаштарды құрсаулап (екі деңгейде темір құрсау кигізіп) жасалған ағаш шелек түрлерінің, сондай-ақ айран, қымыз, шұбат, сияқты тағамдарды тасымалдауға арналған торсықтардың, қымыз дайындайтын местердің, күбілердің, сабалардың және осы құралыптас басқа да ыдыстардың экспозициядағы орналастыру тәртібінен аңғаруға болады.

Дәстүрлі қазақы ортада, әсіресе ағаш ыдыс-аяқтың сан түрлерін жасауға айырықша көңіл бөлінді. Қазақтардың ыдыс-аяқ жасайтын ағаш ұсталарды темір ұсталарымен бірге ерекше құрметтегендіктері сондықтан. Осы ретте қазақы ортада көп және ұдайы тұтынатын қымызға арналған ыдыстардың алуан түрлілігі назар аударады. «Ағаш ұсталары ыдыс-аяқ жасауға айрықша ден қойған. Соның ішінде қымызға арналған ыдыстар түрлілігімен ерекшелінеді. Негізінен бұл ыдыстарды қайыңнан жасауға тырысқан. Өйткені қайың мықты келеді. Сондай-ақ ол әшекейсіз-ақ әдемі болады. Ұсталардың айтуы бойынша әбден кепкен қайында иіс те, шайыр да болмайды, сондықтан оған құйылған қымыздың дәмі бұзылмайды. Қымызға арналған ағаш ыдыстар тегене, ожау, шара, сапты аяқ, тостаған, күбі және піспек.» [57, б. 128]. Осыған байланысты қымыз ішуге арналған ыдыстардың кез-келген түрі оймышталып және әшекейленіп жасалатындығын ерекше атап өтуге болады.

Қазақстанның қай аймағында болсын, ет тартатын жайпақ табақтар мен шұңғыл астаулар болған. Бұл ыдыстардың көлемі әрқелкі. Мұндай табақтар Қазақстан музейлерінің әр қайсысында кездестіруге болады.

Дәстүрлі қазақы ортада ағаш ыдыстардың ең көп тараған түрі күбі болды. Бұл ыдыстың Қазақстанның әрбір өңірінде жасалуы өзгеше. «Негізінен күбі жасаудың екі түрі болған. Біріншісі, қайың мол өсетін өңірде тұтас қайың кесіндісінің өзегін ұңғып, кеңейту арқылы жасалынса, екіншісі, әр түрлі ағаштардан дайындалған бірнеше бөлек тақтайшалардың теіір құрсаулармен біріктірілуі арқылы жасалынған. Қымызға арналған күбілер әдетте аласалау және жуандау келеді. Мұндай күбінің тамаша бір үлгісі Ақтөбе өлкетану музейінде сақталған. Оның түп жағынан ағаштын өзінен үш қысқа аяқ, қақпағы орнықты болу үшін жоғарғы шетінен үш құлақ шығарылған. Мұның биіктігі 80, диаметрі 30 сантиметр. Күбі сыртындағы оюлар жасыл фонда қызыл бояумен боялған. Ағаш күбілердің қандайы болсын, түп жағы жуандау келеді де, жоғарлаған сайын жіңішкере береді» [57, б.

128].

Ал келі міндетті түрде алдын ала дайындалған тұтас та жуан ағаш кеспектен жасалады. Ол үшін шеберлер әлгі ағаштың ішін ен ортасынан бастап қажетті пошымға және пайдалануға қолайлы деңгейге жеткенше үңгиді. Келсапты да келі жасаған тұтас келген ұзынша ағаштан әзірлейді. Бұл үшін мықты қайың ағашы пайдаланылады. Көрнекті қазақ этнограф-ғалымы профессор Х. Арғынбаевтың ден қоярлық мәліметіне қарағанда «келі-келсап Қазақстанның барлық өңірінде біркелкі болып жасалынады. Тек Ертіс бойындағы елдер келісі биіктеу болып келеді. Сондай-ақ оңтүстік өңірлерді құрама келілер жиі кездеседі. Мұның сыры тұтас ағаш бұл өңірде бола бермейді» [57, б. 128].

Төменде Орталық музей қорындағы кейбір ыдыстардың түрлері, олардың музейге түсу жолы, қысқаша сипаттамасы беріліп отыр.

Шара. 1921 ж. Талдықорған облысы. Ағаш, күміс, оймышталған, штампылау. Дм- 47 см; биіктігі - 24 см. Шебері: Ұғалиев К. ЦМК КП 13327. Ернеуі кең, шұңғыл, түбі биік ағаштан жонылып жасалған қымыз құюға арналған ыдыс. Сырты күмістелген металл пластинкалармен және қаңылтырлармен әшекейленген. Жоғарғы және төменгі жағы металл құрсаулармен тартылған, жалпақ металл тұтқа ілінген. Ортаңғы тұсына айнала жапырық тәрізді металл қалпақты фигуралы шегелермен орнатылған.

Тегене. XIX ғ. аяғы. Татария. Ағаш, металл, токарлы өңдеу, темір соғылған. Құйма, шекіме. Д - 42 см; биіктігі - 25 см; ЦМК КП 3257. Түбі жазық шарты шар тәрізді қымыз құюға арналған тегене. Қақпағы дөңес болып келген, ортасында ұстайтыын тұтқасы бар. Қақпағының беті мен ернеуіне дөңес металл қаңылтырлар қағылған, ал төмен тұсында зооморфтық ою-өрнекті металл пластинкалар орнатылған. Екі жағында 2 металл пластинкалар орналастырылған. Екі жағында 2 металл тұтқасы бар. Қоңыр түспен әрленген.

Тостаған. XX ғ. ортасы. Павлодар облысы. Ағаш, күміс, оймышталған, боялған, әрленген, лакталған, қарала жүргізілген. 16,5 x 7,5 см. Шебер Есалинов А. ЦМК КПД 279/1. Онша биік емес, жазық түбі бар іші терең дөңгелек, жонылған ағаштан жасалған тостаған. Сыртынан, орта тұсынан металмен құрсауланып, жоғарғы жағы қара бояумен боялған. Құрсаудың жоғарғы жағы қара бояумен боялған. Құрсаудың төменгі жағына қарала жүргізілген фигуралы металл пластинкалар жапсырылған. Реңі ашық қоңыр түсті.

Қымыз ожау. XIX ғ. аяғы. Жетісу. Ағаш, оймыш, әрленген. Ұз- 45 см. ЦМК КП 1553. Тұтас ағаштан ойылған, қымыз құюға арналған ожау. Жоғарғы жағы жұмыртқа тәрізді екі жақ ойықтан және ішкі жақтаудан құралған. Тұтқасы түзу, ұзын болып келген, аттың басын ойып салған. Сабының отаңғы бөлігінде ілуге арналған тікбұрышты тұтқасы бар.

Қымыз ожау. XX ғ. басы. Ағаш, металл, ақық, қашалған, оймышталған, сүйектелген. Ұз - 49 см. ЦМК КП 3264. Ағаштан ойылған, қымыз құюға арналған ұзын сапты ожау. Сабы мен шетінің жиектеріне 2 ақық таспен, күміс құйма

орнатылған. Сабының дөңгелек металл ілгегі бар.

Қымыз ожау. XX ғ. басы. Көкшетау облысы. Ағаш, оймышталған, жоңылған, әрленген. Ұз - 43,5 см. ЦМК КП 6706. Иілген ұзын сапты, қымыз құюға арналған ожау. Сабының шетіне екі фигуралы ернеулер салынған. Сабының басында шар тәрізді ағаш сақина ілінген.

Қымыз ожау. 1953 ж. Семей облысы. Ағаш, оймышталған. Ұз - 54 см; 17x10 см. Шебер А.Жақсылықов. ЦМК КП 9219. Жалпақ иілген сапбына ұзына бойы ойықтар жүргізілген, қымыз құюға арналған ожау. Сабының үстіңгі жағына селдір ою-өрнек, бесжұлдыз, орақ және балға салынып, төмендегідей жазу жызылған: «1953 ж.,1/v. Подарок Жумабаю Шаяхметову. Жас. Архаш Жаксылыков.» Ұстайтын тұтқасы дөңгелек, майда ромбиктер ойылып салынған. Ожау басы жарты шар тәрізді екі ойықтан бірігіп, ортасы бөлініп тұрады. Реңі боялмаған ағаш түсі.

Жан торсық. XIX ғ. екінші жартысы. Жетісу. Тері, илеу, тігу, өрнек бедерлеу. Биіктігі – 38 см. ЦМК КП 1137. Қымыз сақтайтын тері ыдыс. Тұлғасы шығыңқы жартылай дөңгелектеніп келіп иілген мүйіз тәрізденіп бітеді. Тұлғасының алдыңғы орта тұсынан шығарылған ұзын мойынының екі жағында қолға ұстайтын тері бауының бекітілетін құлағы бар. Ыдыс бетіне екі жағынан теріні қалыптап қысу әдісімен өрнектер салынған. Дөңгелек жіп іші төртке бөлініп әр қайсысына «қошқар мүйіз» оюы салынған. Жалпы өңге мүйіз және жапырақшалар салынған. Екінші жағында дөңгелек жіптер ішіне араб әрібімен жазылар тоқылған.

Жан торсық. XIX ғ. аяғы. Жетісу. Тері, өрнек бедерлеу. 28 x 20 x 7 см. ЦМК КП 1138. Қымыз сақтауға арналған ыдыс. Тұлғасы дөңес, шығыңқы мүйізбен біткен жартышар тәрізді. Тұлғасының орта тұсынан шығарылған ұзын мойынының ек жағында қолға ұстайтын тері бауы бекітілетін құлағы және ағаш тығыны бар. Ыдыстың екі жақ беті де теріні қалыптап қысу әдісімен өрнектелген. Геометриялық элементтері бар зооморфтық өрнектер салынған.

Көнек. XIX ғ. екінші жартысы. Торғай облысы. Тері, өрнек бедерлеу. dm- 28,5 см; ұз- 27 см. ЦМК КП 3255. Биік емес жазық ернеулі цилиндр тәрізді көнек-шелек. Жоғарғы жағында қолға ұстауға арналған тері бау тігілген. Тұлғасының бір бүірінен төмен қарай иілген шүмек орнатылған. Сыртына терні қалыптап қысу әдісімен ою-өрнек түсірілген. Өрнектері зооморфтық элементтері бар өсімдік оюлары. Түсі ашық-қоңыр реңді.

Кесе қап. XIX ғ. аяғы. Батыс Қазақстан. Тері, металл, өрнек бедерлеу, сыру. Ұз - 58 см. Шебер Мустафин Ш. ЦМК КП 3266. Теріден жасалған үш ұялы кесеге арналған қап. Екі бөліктен: түп және үстіңгі ашылатын кесе сиятын үш жартышар ұясы бар бір қатарға орналасқан қақпағынан тұрады. Үстіңгі бетіне жіңішке жез сымдармен геометриялық өрнектер салынған, және 3 қатар тері баулар жартышар күмбездерге бекітілген. Үстіңгі бетінің ауызында ілуге арналған ілгек, төменгі жиегінде байлайтын тері баулары бар.

Асадал. 1850 ж. Семей облысы. Ағаш, сүйек, металл, оймыш. 118 x 58 см. Шебер Азмағамбет. ЦМК КП 5946. Тікбұрышы жоғары көтерілген, ыдыс-аяқ

сақтауға арналған шкаф. Екі жаққа ашылатын есіктен, сөрелерден тұрады. Алдыңғы бетіне ақ қфигуралы қалпақты шегелермен бекітілген, оймышталған сүйектермен өрнектелген.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде қазақ шеберлерінің қолынан шыққан, теркеш, кесеқап, шынықап деп аталатын мүліктің тарихы 18-ғасырдан бастау алады. Музей қорында сақталған кесеқаптар өте көркем жасалған. Қымыз, шұбат, айран сияқты сусындарды сақтап, тасымалдау үшін түйенің, сиырдың, жылқының жон, сауыр терісінен жасалған торсықтардың бірнеше түрі бар.

Дәстүрлі ортада ыдыстар өзінің өзінің ғұрыптық мәнімен ерекшелінеді. Мысалы, ыдысты бос қайтармайды, және төңкеруге немесе қисайтуға болмайды, ыдыс атаулының бетін ашық қалдыруға қатаң тыйым салынды. Сондай-ақ отбасылық, некелік қатынас жүйесінде де ыдыс-аяқтың этикалық функциясы болған. Оған мысал қыздың жасауы. Ыдыс-аяқтың кейбір түрлері халық медицинасында магиялық қасиеттері бар деп саналды және ырым-тиымдар жүйесінде ғұрыптық қызмет атқарды.

3 ҚОЛӨНЕР, АТ-ӘБЗЕЛ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ІС БОЙЫНША ЖИНАҚТАЛҒАН МУЗЕЙЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

3.1 Қолөнер бұйымдары

Байырғы заманнан бастау алатын қазақ халқының қолөнері оның тіршілікқамы жүйесінің барлық саласымен байланыста дамыды. Өйткені қолөнер бұйымдарының барлық түрлері тіршілікқамы функциясын атқарғандықтан аталмыш жүйенің құрамдас компоненті болды. Қолөнерде қазақтың дәстүрлі тіршілік салтының негізгі салалары – шаруашылық-экономикалық болмысы, тұрмысы, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, тіршілігінің табиғи ортасы, рухани құндылықтары көрініс тапқан. Сонымен бірге шаруалық-мәдени харекеттің бұл саласы да халықтың әлеуметтік және экономикалық қажеттілікке сәйкес дамып отырды. Басқаша айтқанда қолөнердің барлық салалары мен түрлері ең алдымен көшпелі тіршіліктің қажеттілігінен туындады.

Қазақ қолөнерінің даму барысында бірнеше салалары қалыптасты: ағаш ұсталығы, темір ұсталығы, жиһаз жасау өнері, тері өңдеу өнері, зергерлік өнер, сүйек пен мүйіз ұқсату, кілем тоқу, кесте өнері, ши тоқу, киіз басу сияқты түрлері жатады. Олардың біразы, мысалы кілем тоқу, киіз басу, киіз үй жасау, ат әбзелдерін дайындау, ұсталық және де зергерлік бұйымдар соғу кәсіпшілік деңгейге дейін көтерілді. Сонымен бірге қолөнер бұйымдарын жасауды гендерлік принцип бойынша ерлер және әйелдер айналысатын деп жіктеуге болады: зергерлік, ұсталық іспен, ағаш өңдеу және тиісті бұйымдар жасаумен, тері өңдеумен, сүйек, мүйіз ұқсатумен, ат әбзелдерін дайындау саласымен ер адамдар, ал жүн өңдеу, тоқымашылық, кестелеу, киім-кешек дайындау сынды іспен әйелдер айналысты.

Осы тараушада музей қорларындағы кілемдер, тоқыма бұйымдар, соның ішінде кілемнің сан түрлері, ерекше назар аудартады. Кілемдер және тоқыма бұйымдар коллекциясының саны жағынан ең көп жинақталған Орталық музей, Ұлттық музей, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музей (әрі қарай – өнер музейі) қорлары болып табылады. Аталмыш музейлердің түсім кітаптарын зерттеу барысында, әсіресе оңтүстік, оңтүстік-батыс, батыс өңірлерінде кілем тоқу барынша жақсы дамығанын аңғаруға болады. Кілемдер және тоқыма бұйымдардың қолданыс аясы мен жасалу технологиясына қарай келесідей типологиялық маңызы бар ерекшеліктері бойынша жіктеуге болады. Олар түкті кілем, түксіз кілем (немесе тақыр кілем), алаша, қабырғаға ұсталатын кілем (түскілем) және функциясы шаруашылық және тұрмыстық қажеттілікті өтейтін тоқыма бұйымдар.

Негізінен кілемдер, тоқыма бұйымдар коллекциясы отандық музейлердің барлық этнографиялық экспозициясында көрініс тапқан. Жалпы кілемдер тоқылу техникасына қарай түкті (қалы) кілем және түксіз (тақыр) кілем болып жіктеледі. Ғылыми зерттеулерден, сондай-ақ музей қорына жинақталған кілемдердің түсім кітапшалары мен оларға жүргізілген ғылыми паспорттарын зерттегенде қалы кілемдер Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінен екендігін байқауға

болады. Яғни қалы кілем тоқу ісі ғылыми зерттеулерде көрсеткендей Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау облыстарында жақсы дамыған. Ал екінші түрі, тақыр кілем, музейлер қорына еліміздің әр өңірінен келіп түскен.

Кілем коллекциясының каталогын, оған жасаған атрибуция мен ғылыми паспортын қарағанда кілемнің көлі, жиегі, суы, қорғаны деген сияқты кілем бөліктері сипатталған. Осы ретте, әрі қарай кілемдердің ғылыми сипатталған бөліктері түсінікті болу үшін, оның композициясының семантикасына тоқталғанды жөн көрдік. Жалпы кілемнің ою-өрнектері орналасқан ортасын «көл» немесе «табақ» деп атайды. Сол «көлді» зооморфты немесе геометриялық жіңішке ою-өрнекпен айналдыра жалғаса терілген бөлігін «су» деп атайды. Осы «су» өрнегінің сыртынан кілемнің «қорғаны» деп аталатын бөлігі түсіріледі. «Қорғанның» сыртынан жоғарыда айтылған «су» бөлігі қайтадан жүргізіледі. Кілемнің шет бөліктерін оның «жиегі» деп атайды [12, б. 438]. Бұл айтылғандар түсінікті болу үшін қосымшада кілем композициясының негізгі элементтер атауының суретін беріп отырмыз (Қосымша Б, сурет Б. 1).

Осындай композициялық құрылым атауы көбінесе қалы кілемдер композициясында қолданылады. Сондай-ақ бұл композиция құрылымы оңтүстік аймақтағы тақыр кілемдерге де тән. Алайда, батыс өңірлерінде мұндай кілем тоқу үрдісінде толық сақталса да, олардың оңтүстікке тән атаулары кездеспейді. Ал Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлерінде «су», «қорған» кездесе бермейді. Сондай-ақ бұл өңірлерде кілемнің композициялық құрылымын ою-өрнектер атауларымен атау үрдісі сақталған.

Кілемдердің композициялық құрамының атауына тоқталғаннан кейін, Орталық музей қоры негізінде кілемдердің түрлеріне тоқталсақ дейміз. Орталық музей қорында соңғы деректер бойынша 302 сақтам бірлік кілемдер коллекциясы, 80 сақтам бірлік алаша коллекциясы, 141 сақтам бірлік аяққап, қоржындар коллекциясы және 135 сақтам бірлік тұскиіздер коллекциясы жинақталған. Соның ішінде Орынборлық кезеңнен кілем және тоқыма бұйымдарынан 4 сақтам бірлік (КП 874, 896, 926, 936) бүгінгі күнге дейін сақталынып келе жатыр. Оның бірі №874 ақ және қоңыр түсті ромбпен өрнектелген кішігірім кілем 1924 жылы музей қорына түскен. Алайда, музейге қалай түскені туралы белгісіз.

Жоғарыда аталған кілемнің екі түрдің ішінде ең қымбат бағаланғаны – қалы кілем. Қалы кілемді оның көліндегі ою-өрнектердің түрлеріне қарай жіктеудің келесідей халықтық типологиясы қалыптасқан: шаршы кілем, самаурын кілем, шатыргүл кілем, гүлқұмбезді кілем [57, с. 57]. Бұл ою-өрнектер көбіне оңтүстік өңіріне тән.

Музей қорында Сыр өңірінде ру-тайпалық тиістілік принципі бойынша *қоңырат кілем* деп аталатын қалы кілемнің түрі кездеседі (КП 879; КП 882). Ол *Сыр кілемі* деп те аталады (Қосымша Б, сурет Б. 2).

Ал Маңғыстау өңірінде тоқылған кілемдерді «Маңғыстау кілемдері» деп те

атай береді. Ол өңірдің кілемдері түркімен халқының кілемдерінің композициясына ұқсас болып келеді [225, б. 274].

КП 16083 нөміріндегі түкті кілем XX ғасырдың 2-жартысында Қызылорда облысында тоқылған. Ісмері – Азиза Әуезова. Көліне екі қатар етіп шатыргүл өрнегі терілген, бір суы, бір қорғаны бар, екі шеті шашақты қызыл кілем. Шатыргүл өрнегінің ішіне тышқанізі, шаршы өрнектері тоқылған. Аралықтарына тісті шаршы терілген. Жоғары жағының орта тұсында «1970 ж» деген жазу тоқылған. Жиегіндегі қорғанына төртқұлақ өрнегі салынған шаршы айнала тізбектелген. Шетіне айналдыра ақ түсті ашамай өрнегінен тұратын су жүргізілген. Кенересі айнала қара түсті жүн жіптен түкті етіп тоқылып, екі шетіне сұр түсті желі жібінен шашақ шығарылған. 1979 жылы Алматы қаласы тұрғыны Г. Тәжібаевадан алынған.

Келесі КП 19328 нөміріндегі кілем XX ғасырдың 1-ші жартысында Павлодар облысында, Баянауыл кентінде жасалған. Көліне тор көз етіп көп түсті (ақ, қызыл, көк, қоңыр) көгеріс өрнегі тоқылған, үш суы, үш қорғаны бар қызыл кілем. Жиегіне үшқатар иттабан өрнегінен су жүргізіліп, арасындағы қорғанына үш қатар зооморфты, ашамай, жұлдызгүл өрнектері айнала тізбектелген. Кенересі айнала қоңыр түсті жүн жіптен түксіз тоқылған. Музей қорына 1984 жылы Алматы қаласы тұрғыны Н. Құрабаевадан алынған.

Кілемнің екінші түрі, еліміздің барлық өңірінде жасалған – тақыр кілем. Ғылыми зерттеулерде көбінесе композициясы мен орындалу техникасы қарай төмендегідей жіктеу қалыптасқан: біріншісі, композициясына байланысты *шаршы кілем, баднас кілем, тақта кілем, самауырын кілем, шатыргүл кілем* немесе *жұлдызгүл кілем*; екіншісі, тоқылу техникасына байланысты *орама кілем, бескеске кілем, терме кілем*. Тек Маңғыстау өңірінде тақыр кілем рулық-тайпалық «тиістілік» принципі бойынша *адайкілем* деп аталады. Бұл кілемді тоқылу тәсіліне байланысты бескесте кілем деп те атайды [2, б. 275].

Шаршы деп аталатын ою-өрнек мотиві барлық аймақтардағы тақыр кілемдерде кездеседі. Дегенімен кілемнің қандай өңірден екендігін шаршы мотивінің кілем көлінде орналасу ретінен, әсіресе, шаршының ішінде терілген ою-өрнектің жергілікті стильдік ерекшелігінен білуге болады. Мысалы, Қостанай және Торғай өңірлерінің қазақтары тоқыған тақыр кілемнің «көлінде» терілген тікбұрышты шаршылар бір-біріне параллель болып келеді. Шаршылардың ішіне көбінесе қошқармүйіз сияқты зооморфты мотивтер тоқылады. Бірақ, шаршылары батыс пен оңтүстік аймақтардың кілемдеріндегідей отауөрнекпен көмкерілмейді.

Ал, батыс пен оңтүстік қазақтары тоқитын тақыр кілемдердегі «көлге» терілген шаршылар бір-біріне бұрыштармен түйісіп, жалғас орналасады. Олардың көбінесе ромбы түрінде болып келеді және олар отауөрнекпен көмкеріледі. Осы екі өңірдегі шаршы кілемдердің өзара айырмашылығы, батыс кілеміндегі ою-өрнек көбінесе геометриялық түрде, ал оңтүстікте «гүл» мотиві түрінде болып келеді [225, б. 276].

Арабы кілем – тақыр кілемдер ішіндегі өзінің тоқылу техникасы жағынан да, композициясы тұрғысынан да ерекшелінеді. Оның композициясы ою-өрнек

терілген бірнеше көлденең жолақтардан тұрады. Жолақтардың саны кілемнің көлеміне байланысты.

КП 16850 нөмірлі тақыр кілем XX ғасырдың басында Батыс Қазақстан облысында Қамеш Ибрашева тоқыған. Көп түсті жіңішке және жалпақ жолақтардан тұратын, екі шеті шашақты, қызыл-қоңыр түсті тақыр кілем. Кең жолақтарға бір-біріне жалғасқан сопақша шаршы пішінді өрнектер тоқылып, келесі жолақтарға шынжара өрнегі терілген. Жіңішке жолақтарға қазмойын өрнегісалынып, аралықтарына көп түсті су жүргізілген. Екі шетіне қоңыр-сұр түсті желі жібінен қысқа шашақ шығарылған. 1981 жылы музей қорына Алматы қаласының тұрғыны Р. Кукашевтан алынған.

КП 21016 нөмірлі тақыр «орама» кілем. XX ғасырдың 2-ші жартысында Оңтүстік Қазақстан облысы, Шорнақ ауылында тоқылған. Ісмері – Б. Қаржауова. Көліне екі қатар етіп көп сатыланған шаршы өрнегі терілген, бір суы, екі қорғаны бар, екі шеті шашақты кілем. Шаршының ішіне көптүсті жұлдызгүл, омыртқа өрнектері салынған. Көлі айнала жасыл түспен тізбектелген. Кілемнің шеті айнала ирек, тарақ өрнектерімен жиектелген. Екі шеті қара жіптен тоқылып, шетінен желі жібінен шашақ шығарылған. 1987 жылы Алматы қаласы тұрғыны Айтжанов Тұрсынханнан алынған.

КП 2783 нөмірлі арабы кілем. XX ғасырдың 1-ші жартысы, Қостанай облысында жасалған. Бетіне әртүрлі көлемдегі жіңішке, жалпақ жолақтар мен түрлі өрнектер терілген, қызыл-қоңыр кілем. Кең жолақтардың ішіне қара түсті тік су жүргізіліп, оның екі шетіне түрлі түспен құстандай өрнегі салынған. Келесі жолақтарда өрмекші, шаян өрнегі терілген. Араларындағы сумен ажыратылған жіңішке жолақтарға ботакөз, қазмойын және алақұрт жолақтар жүргізілген. Кілемнің екі жанына көлденеңнен екі қатар су жүргізіліп, арасына ботакөз, қазмойын, құсізі, тұмарша өрнектері салынған. Екі шетіне жасыл түсті жіңішке жолақ жүргізіліп, желі жібінен шашақ шығарылған.

Түскілем көбінесе төсектің үстіңгі тұсындағы қабырғаға ұсталады. Оның астыңғы етегі төсектен көрінбейтін болғандықтан «қорғандалмайды». Түскілемнің кез келген түрінің «етегін» ашық қалдыратындығы сондықтан. Түскілем мауыт, қатипа, пүліш немесе барқыт сияқты бұлдың түрлерінен және сирек те болса тері мен күдеріден жасалған. Ол үйдің қабырғасына ұстануға арналған.

Түскілем бетіне түсірілетін ою-өрнектер, әдетте алқызыл, қызыл, күрең қызыл, ақ, сары түсті бұлдан дайындалады. Ою-өрнек түскілемнің «төсегіне» жұмсалатын бұлдың түрлері (қатипа, мауыты, барқыт) немесе сатин сияқты қарапайым материалдан да дайындалады. Өзірленген ою-өрнектер түскілемнің «төсегіне» жиектеліп тігіледі.

Қазақ жерінде тоқыма бұйымдарының кеңінен тараған түрі алаша болып табылады. Алашаны тоқу үшін мақта жіп және мақта мен жүн иірілген жіп пайдаланылады. Әдетте алаша үйдің еденіне төселгенімен, жылы мезгілдерде далада көп шөпті жерге төсеніш ретінде де пайдаланылған. Жалпы кілемдер

сияқты, тоқылу техникасы және композиция бойынша алаша да бірнеше түрлерге (терме алаша, кежім алаша, мақта алаша және т.б.) жіктеледі [225, б. 282].

Музей қорында алашаның бірнеше түрлері сақтаулы. Солардың бірі КП 22535 нөмірлі терме алаша. Ол иірілген жүн жіптен термелеу әдісімен тоқылған, қызыл, сары түстерден құралған он бір жолақтан тұрады. Сары түсті жолақ бетіне өрмекшінің, ал қызыл түсті жалпақ жолақ бетіне жасыл түспен жүз теру өрнегісәлынған. Екі шеті көк түсті матамен көмкерілген.

Шағын тоқыма бұйымдар. Дәстүрлі қазақы тұрмыста боғжама (тең), дорба, жержастық, қаршын, керме, қап қоржын, түйежабу, атжабу, шабадан сияқты түкті немесе түксіз етіп тоқылған шағын бұйымдар кең қолданыста болды. Мысалы, боғжама (тең), шабадан, дорбаның кейбір түрлері сияқты басқа да тоқылған бұйымдардың тұрмыстық қана емес, шаруашылық та маңызы болды. Бұлар, әсіресе көш-қон кезінде киіз бен бұлдан жасалған бұйымдарды, киімді және шағын тұрмыстық заттарды сақтап, алып жүруге кең қолданылды.

Жоғарыда аталған республикадағы ең ірі үш музейдің ішінде Орталық музейдегі тоқыма бұйымдар коллекциясы өзінің алуандығымен және біршама көнелілігімен ерекшеленеді. Оның кілем-киіз бұйымдары қорында XVIII ғ. аяғы мен бүгінгі күнге дейін жасалған – кілем, алаша, тұскілем, сырмақ, текемет, тұскиіз, тұскесте сияқты үй жиһаздары мен откиіз, шайкиіз, тегеріш, қоржын, керме, аяққап, сандыққап, атжабу, асмаддық (түйе жабу), бота жабу, жайнамаз, бау-басқұр, арқан, көген сынды тұрмыстық және шаруашылық бұйымдары сақталған. Сонымен қатар, үзік, туырлық, түндік, ірге киіз, шым есік, шымши сияқты киіз үйдің жабын киіздері мен гобелен, панно сынды сәндік-қолданбалы өнер туындылары да бар. Олардың жалпы саны – 1700-ден астам сақтам бірлікті құрайды [2, б. 266].

Орталық музейден басқа, жалпыэтникалық қана емес, өзіндік аймақтық, тіпті жергілікті ерекшеліктері бар кілемдер еліміздің өңірлік музейлердің қорларында да сақталған. Мысал ретінде төменде Қазақстанның екі түрлі аймақтарындағы а) Ақтөбе облыстық өлкетану музейі және ә) қазіргі Жетісу облысына қарасты «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі қорлары мен экспозицияларындағы кілем мен алашаның бірнеше түрлері келтіріліп отыр. Мұндай таңдаудың басты себебі – аталмыш екі музейдегі тоқыма бұйымдардың, соның ішінде кілем мен алашаның біраз үлгілерінің басқа өңірлік музейлерде кездесе бермейді. Сондықтан бұларды белгілі шарттылықпен бірегей музейлік құндылықтар қатарына жатқызуға болады.

I. Ақтөбе облыстық өлкетану музейі бойынша:

ҚҚТ-8526. Үйдің қабырғасына немесе киіз үйдің керегесіне ілінетін тұскілем мақпалдан тігіліп, қолкестемен әшекейленген;

НҚТ-15732. Тұскілемнің киізден жасалған «төсегінің» үсті тегіс қара түсті мақпал матамен көмкерілген. Матаның үстіне екі «шаршы» өрнегі мотивтері қондырылған. Кілемнің әр тұсына «қошқар мүйіз», «гүл» және басқа да өсімдік тектес мотивтерден тұратын ою-өрнектер салынған. Жиегі айналдыра қызыл, қара

мақпалмен жалпақ етіп тігілген. Материалы – қойдың жүнінен иірілген жіп және фабрикалық мата. Өлшемі: 1,5мХ2,10м;

ҚҚТ-8517. Атлас матадан жасалған түскілем. Оның бетіне жоғарыдан төмен қарай ішіне ою-өрнектер бар 3 қатар шеңбер қондырылған. Шеңбердің саны 24. Өрнектер ақ, қызыл, қызғылт, сары, көк түстерден тұрады. Атлас матаның жан-жағы қызғылт – сары түсті барқытпен жиектелген. Етегі ашық, көмкерілмеген.

НҚТ-16947. Алаша түрлі-түсті, қызыл, жасыл, сары түсті жіптерден термелеп тоқу әдісімен тоқылған. Жарыспалы қошқар мүйіз, сыңар мүйіз сынды мотивтерден тұратын әр өрнек әр түсті жіп санымен теріледі. Батыс өңіріне тән тоқу әдісі. Алаша ұзындығының екі шеті матамен көмкерілген. Тұрмыста төсеніш ретінде пайдаланылған. Материалы – қойдың жүнінен иірілген жіп. Өлшемі: 2,5мХ3,0м.

ҚҚТ-8090/1. Алаша ұзынша етіп, алдын ала тоқылған 8 бөліктен тұрады. Әр бөліктің ені 40см. Бөліктердің арасы иірілген жіппен өзара тігу тәсілі арқылы бекітіледі. Қазмойын, шынжыр сияқты геометриялық ою-өрнектер түсірілген. Мұндай алашаны дайындауда тұрмыста көп қолданылуына байланысты дәстүрлі қазақы ортада сыртқы әсерге төзімді деп есептелінетін қоңырқай, күрең түстер қолданылады. Расында да ұзақ уақыт пайдаланылған бұл алаша түсі мен қалпын жоғалтпаған. Материалы – арасына мақта салып қойдың жүнінен иірілген жіп. Өлшемі: 3,22м.Х1,73м.

Келесі екі алаша өзінің композициялық дара ерекшелігімен көзге түседі. Екеуі де басқұр алаша деп аталады. Біріншісі (ҚҚТ-8091/1) үш жолақ – жіппен өзара тігіліп біріктірілген «басқұрлардан» тұрады. Астыңғы ұзындығы жасыл шашақ баулармен әшекейленген. Әр түрлі түске боялған, түстер үйлесімділігі алашаға әдемі рең беріп, қазақ халқының бай табиғаты мен өнерін көрсетіп тұр. . Өлшемі – 1,65мх1,6м. Екіншісі (ҚҚТ-8091/2) көлденең бес жолақ жіппен өзара тігіліп біріктірілген «басқұрлардан» тұрады. Шағын етіп жасалған алаша. Әр бөлігі жеке дара тоқылып, кіре беріс жерге жаюға арналып жасалған. Материалы – арасына мақта салып қойдың жүнінен иірілген жіп. Өлшемі – 1,59м.х1,0м.

Осылардың ішінде төмендегі бұйымдар өздерінің сыртқы пошымның (көлемінің), композициясының, пайдаланылған материалдың түрлерінің, сондай-ақ ою-өрнектерінің құрылымдық ерекшеліктерімен дараланады. Осыған байланысты паспортқа түсірілген мәліметтер негізінде олардың сипаттамасы біршама толық беріліп отыр. Бұл ретте әсіресе НҚТ-16590 нөмір берілген түрлі-түсті жіптерден тоқылған тақыр кілем (түксіз кілем) өзінің жоғары эстетикалық тартымдылығымен бірден көзге түседі. Паспортындағы мәліметке қарағанда бұл бұйым 1970 жылдардың ортасында арнайы қыз жасауына сәндік төсеніш ретінде дайындалған. Геометриялық сәнді ою, өрнектермен қолдан жасалған өрмекте тоқылған. Материалы – қойдың жүнінен иірілген жіп. Өлшемі – 2,3м X 0,44м. Тағы бір эстетикасымен де, сапалы дайындалғандығымен де ерекшеленетін НҚТ-11873 нөмірлі бұйым – алаша алдын ала жеке-жеке тоқылған 11 жолақты өзара қолмен шуда жіппен тігу жолымен біріктіріліп жасалған (бұйымның паспортында әрбір

жолақ басқұр деп берілген). Ені – 33см. тұратын әрбір «басқұр» сары, жасыл, қызыл түспен боялған жіптерден өрнектеліп тоқылған. Өрнектер қармақ және қошқар мүйізді мотивтерден тұрады. Бұйымның шеті айнала қызыл матамен көмкерілген. Материалы – қойдың жүнінен иірілген жіп. Өлшемі: 3,63м.Х0,93м.

Аталмыш бұйымдардың сақталу күйі халықаралық талғамға әрине сәйкес емес. Әсіресе олардың (және басқа да органикалық материалдан жасалған артефактілердің де) қордағы сақталу жайы сын көтермейді десек асырып айтқандық болмайды.

II. «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі бойынша: бұл музейдегі кілемдер кешені негізіен алаша және кілемшелерден тұрады.

ЖМСКМ нқ тк 1– 67. Орындыққа арналған кілемше. Негізгі түсі қоңыр. Кілемнің «көлінде» самаурынгүл деп аталатын сатылы «құлақтары» төрт жаққа қаратылған әжептәуір үлкен ою түсірілген (бәлкім көшпелілердің дүниенің жаратылысы туралы ежелгі концепциясына сәйкес «төрткүл дүние» мотиві?). Оюдың сатыларының бұрыштары үшкіл етіп жасалған. Сондықтан геометриялық өрнектер категориясына жатады. Жасалған мерзімі XIX ғасыр. Материалы – қойдың жүнінен иірілген жіп. Техникасы: өрмекте қолмен тоқылған. Өлшемі: 34 x 34 см.

ЖМСКМ нқ тк 1– 72. Алаша. Өртүрлі геометриялық өрнектер салынған. Өрнектердің түсі қызыл, сары, жасыл, көк болып келеді. Осындай өрнектердің мол түсірілуіне байланысты болар, бұл бұйымның паспортында ол тықыр кілем деп көрсетілген. Мерзімі: XX ғ. басы. Материалы – қойдың жүнінен иірілген жіп. Техникасы: өрмекте қолмен тоқылған. Өлшемі: 300 x 150см.

Дәстүрлі қазақы ортада бұйымдардың басым көпшілігі күнделекті тіршілікті қамтамасыз етуден басқа, ғұрыптық, коммуникативтік, символикалық сынды сан алуын функция атқарумен ерекшелінеді. Алайда, олар ең алдымен тұрмыстық және шаруашылық саладағы қолданыстық маңызы жағынан бағаланады. Сол сияқты қазақтың кілем және тоқыма бұйымдары да бірінші кезекте тіршілікқамы функциясын атқарды. Мысал ретінде киіз үйге сән-салтанат беріп тұратын әрі қабырғаға ұсталатын және еденге төселетін кілем, алаша, тұскиіз, тұскілем сияқты бұйымдардың күннің аптап ыстығынан да, суықтан да қорғайтын қасиетін айтуға болады [225, б. 271]. Сонымен бірге, кілемнің қарапайым болса да шеберлікпен орындалған үйлесімді де, әсем ою-өрнек желісі халықтың сан ғасырлық эстетикалық талғамын бейнелейді. Музей қорындағы коллекцияларының толығуы және олардың қатарының ұлғаюы, әлбетте, жинақтау жұмыстарын жүргізу және арнайы тақырыптарды зерттеу үшін ұйымдастырылған этнографиялық экспедициялар, жекелеген ұйымдар мен тұлғалардың сыйға тартуы және сатып алу негізінде жүзеге асырылды. Дегенімен, батыс, оңтүстік және оңтүстік батыс аймақтағы музейлердегі бұл коллекция өз ерекшеліктерімен даралаланатыны сөзсіз. Ал салыстырмалы түрде басқа аймақтағы музейлерде бұл этноартефактілердің тек кей түрлері ғана кездеседі.

Осы ретте өнер музейі қорында да қазақтың қолөнерінің түрлері мол жинақталғандығы назар аударады. Бұл жайтты музей қызметкерлерінің ел арасына экспедиция ұйымдастырып құнды этнографиялық бұйымдарды сан жылдар бойы жинағандықтарымен түсіндіру керек. Олар әсем зергерлік әшекейлер, эстетикасы келіскен түкті және түксіз кілемдер, сырмақтар мен тұскиіздер, ағаштан жасалған үй іші бұйымдары. Сонымен бірге музей қоры мен экспозициясынан Қазақстанның барлық өңіріндегі дерлік халық шеберлерінің бертінгі кезеңде, көбінесе совет дәуірі тұсында жасаған үздік туындыларымен де танысуға болады.

Қазақстан музейлері, соның ішінде, әсіресе Орталық музей, өнер музейі, сондай-ақ еліміздің батыс өңірлерінің музейлер қоры мен экспозицияларында да ең көп жинақталған құндылықтар коллекцияларының бір түрі – зергерлік бұйымдар болып табылады. Осы тұста өнер музейі қоры мен экспозициясында қазақтың ұлттық және сәндік-қолданбалы өнердің бай коллекциясы кездеседі. Бұл музейдің қолданбалы өнер туындылары коллекциясы 5000-нан астам сақтам бірлігінен тұрады. Соның ішінде 2000-нан астамы зергерлік бұйымдар [226, б. 11]. Осы тұста Батыс Қазақстан әшекейлерінің сәндік және конструктивті элементтерді сән-салтанатты өрнектерін айқын етіп жасайтынын ерекше атап өткен жөн [120, б. 12]. Әшекейіне қарай әйелдің жасын, әлеуметтік тобын, қай аймақтан екендігін ажыратуға болады [226, б. 11]. Сонымен бірге бұл бұйымдар зергерлік өнердің аймақтық ерекшеліктерін дәл көрсететіндігімен дараланады [53, б. 163; 58, б. 60; 72, б. 124].

Шаш әшекейлері – шолпы, шашбау, шаш, шаштеңгелер. Әйел әшекейлері ішіндегі ең сәндісі – *шолпы*. Қазақтар арасында оның түрлері көп тараған. Шолпыны сән-әшекей ретінде, әрі оның салмағынан шаш ұзын болып өседі деп таққан [55, с. 8]. Шаш өргенде бауын қоса өріп, бауға түрлі күміс шытыралар, теңгелер, үзбелер арқылы ілген шашбаулар таққан. Шашбаулар шолпыға қарағанда салмағы жеңіл болды. Шолпының тағы бір атауы – шаштеңге. Ол алтын, күміс теңгелерден тізбектеліп жасалады [14, б. 655].

Сырға мен шекелік. Қазақ қыз баланы кішкентай күнінен әсемдікке баулып, құлағын тесіп, сырға тағуға дайындаған. Қазақ зергерлері сырғаның тартымды жасалуына қатты көңіл бөлетін. Сырғаның әуел баста кісіге медеу болатын киелілігі бар деп қабылданып, ежелгі заманнан бері оны қыздарға бала жасынан тағатын. Сырғаның тасты, қоңыраулы, шытыралы түрлерін қыз келіншектер, ал айсырға сияқты түрлерін егде тартқан әйелдер тағынатын [226, б. 33]. Сырғаның тағы бір түрі – шекелік. Сырғадан айырмасы – құлаққа емес, екі самай тұсынан шашқа немесе бас киімге тағылады. Шекелік тағу дәстүрі, әсіресе, Маңғыстау өңірінде жиі кездеседі [14, б. 666].

Жүзіктер мен сақиналар – әйел әшекейлерінің ең көп тараған, қолданыстық маңызы жоғары, зергерлердің ең жиі жасаған бұйымы. Қазақ халқының салтындағы құдағиларға ұсынылатын құдағи жүзік — үлкен сый-құрметтің белгісі. Әсіресе, Батыс Қазақстан өңіріне тән бұл жүзік өзінің пішіні мен әсемделуі тұрғысынан

ерекшеленеді. Екі саусаққа қатар киілетін екі шеңберден тұратын жүзік үстіңгі беті біртұтас болып келетін ұлт өнеріндегі бірегей дүние. Ерекшелігі жас жұбайлардың жұбы жазылмасын, екеуі бірігіп тату отбасы болсын дегенді меңзейді [11, б. 634]. Оның басқа жүзіктерден айырмашылығы сондықтан.

Құстұмсық жүзік құстың тұмсығы сияқты бір ұшы үшкірленіп жасалады. Бұл жүзікті ертеректе тұрмысқа шықпаған қыздар оң қолындағы «шылдыр шүмек» деп аталатын саусағына кигізетін. Ұзатылар уақытта болса артынан ерген сіңілісіне салған, немесе өзі тағып кетіп, барған жерінде қайын сіңілісі болса, тарту ретінде соның саусағына салған. Көбіне келіндер қыз күнінде саусағына салған құстұмсық жүзігін сақтап, кейін өзінің қызының немесе немересінің қолына салған. Сөйтіп, құстұмсық жүзік анасынан қызына мұрагерлікке қалып отырған. Бұл жүзіктерде кездесетін өрнектер, өркен жаю, өрістеу идеясын да білдіреді [13, б. 120].

Отау жүзік сақина үстіне күміс сымды шаңырақ немесе күмбез пішінге салып бұрап орау тәсілімен жасалады.

Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі жүзіктер полихромды стиль тән, олардың құрамдас бөліктері де күрделі, әрі көпбөлікті, әртүрлі бояулармен тас орнату жиі кездеседі. Жоғарыда аталған Батыс Қазақстан өңіріндегі жүзіктерге қарағанда жіңішке, жеңіл, әсемделуі жан-жақты болып келеді. Солтүстік Қазақстан жүзіктерінің өзіне тән ерекшелігі бар. Осы ретте мысалы олардың ақықпен көмкерілетіндігін айтуға болады. Сондай-ақ аталмыш өңір шеберлері металл өңдеу мен оған тас кіріктіру, басқа материалдармен үйлесімді пайдалану тәсілдерін жетік меңгерген. Бұлардың қолынан шыққан туындыларының эстетикалық ерекшеліктері де осында. Қарастырылып отырған музей қорында бірнеше жүзік түрі мен шебердің жан-жақтылығын көрсететін экспонаттар мол кездеседі. Шығыс Қазақстан жүзіктері болса өздерінің бітімі мен сәндеуінің қарапайымдылығымен дараланады.

Әшекей бұйымның ең көп кездесетін түрі – білезік. Білезіктердің қос білезік, бес білезік, жұмыр білезік, орама білезік, кавказ білезік, көзді білезік топсалы білезік деген сияқты түрлері бар. Халық арасында, әсіресе Жетісу өңірінде ең көп тараған түрі – жұмыр білезік. Сондай-ақ қазақ қыздары мен әйелдері қос қолына білезікті қатар таққан. Оны қос білезік деп атаған. Қос білезік салушылық Солтүстік Қазақстанда көбірек кездескен. Білезіктердің ішінде ең көзге түсетіні, ең әдемісі болып табылатыны – бес білезік. Ол басы бір-біріне бекітілген шынжыр арқылы қол үстінен өтетін үзбеге үш немесе екі сақина орнатылады [227, б. 80; 10, б. 765]. Ертеректе білезіктің бұл түрі Қазақстанның батыс өңірінде жасалатын. Кейін без білезік Қазақстанның басқа да өңірлерінде кездесе бастады. Мұны осы өңірлерге келін болып түскен батыстық әйелдер арқылы таралу жайымен түсіндірген абзал.

Кеуде әшекейінің қымбат бағалы зергер бұйымына жататын түрі – әйелдің мойнына тағылып, омыраудан салбырап тұратын әшекей өңіржиек деп аталады. Мұндай зергерлік бұйым көбінесе Қазақстанның батыс өңірінде қолданған. Әдетте өңіржиекті саха әйелдер мен жасамыс әйелдер тағынатын. Алқа мен тамақшаны жасөспірім және бойжеткен қыздар тағынған, олардың салмағы өңіржиекке

карағанда жеңіл болған [13, б. 736].

Орталық музей, Ұлттық музей, әсіресе өнер музейінде зергерлік бұйымдардың көбірек кездесетіндері – XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың 20-жылдары жасалғандары. Әсіресе батыс өңірінің зергерлік бұйымдарының сан алуан нұсқаларын жоғарыда аталған музей қорындағы зергерлік бұйымдар коллекциясының мысалында көруге болады.

3.2 Ат-әбзелдер түрлері, олардың қызметі

Отандық музейлердің күллісінде дерлік кездесетін этнографиялық артефактілердің бір түрі – ат-әбзелдер. Бұл жайтты бір жағынан қазақ этносының совет дәуіріне дейінгі уақытта көшпелі тіршілік кешкендігімен, екінші жағынан көшпелілердің өмірінде жылқы түлігінің әсіресе шаруашылық-экономикалық орны мен функциясының айырықша маңызды болғандығымен түсіндіруге болады. Осы тараушада музейлер қорында сақталған ат-әбзелдердің құрамы, олардың функционалдық қызметі, аймақтық ерекшеліктері бойынша жүйеленген түрлері, сондай-ақ экспозициялануы мен сақталу күйі қарастырылады. Осы тұста өзінің сақталу күйі және зерттелуі деңгейі тұрғысынан Орталық музей қоры мен экспозициясындағы ат-әбзелдер кешені біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны болғандығы түсінікті жайт болса керек. Сонымен бірге мұндай «селективтік» зерттеу басқа музейлердегі осындай артефактілермен өзара шендестіре қарастыру арқылы жүзеге асырылды. Дейтұрғанмен негізгі зерттеу нысаны Орталық музейдегі Қазақстанның барлық өңірлерінен кезінде жинастырылған ат әбзелдер коллекциясы болды.

Ат-әбзелдері – қазақ халқының жылқыға міну, оны басқару мәдениетінің ең маңызды бөлшегі саналады. Ол көшпелі қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірімен біте қайнасып, ажырамас бөлшегіне айналды. Хан-сұлтандар, батырлар мен дәулетті адамдар арнайы тапсырыспен асыл тастармен, күміспен безендірілген ат-әбзелдерінің қымбат түрлерін қолданды. Бұл ат-әбзелдерінің әлеуметтік мәртебе көрсеткіші болғанын көрсетеді. Демек, халық шеберлерінің көркемдік талғамының жоғары болғанын әрбір ат-әбзелінің жабдығын дайындауға ерекше мән бергенін аңғаруға болады.

Ат-әбзелдерін жасатушылар ешкімге ұқсамайтын, өзіндік ерекшелігі бар ат-әбзелдеріне тапсырыс беріп, оның әдемі жасалуын қадағалаған. Сондықтан да ата-бабаларымыздың мақтан тұтар бұйымына айналған ат-әбзелдері бүгінде таңда өзінің маңыздылығын жоймаған.

Ат әбзелдер құрамына ер, тоқым, өмілдірік, құйысқан, үзеңгі, айыл, жүген, көпшік, қамшы т.б. жатады [10, б. 309]. Жылқы әбзелдерінің ішінде ең басты бөлігі – ер. Ол – атқа салт мінуге арналған әбзелдің басты бөлігі. Қазақ даласындағы көшпелі өмірдің маңызды бөлігі саналған ер жасалу техникасы, қолданылатын материалы мен сыртқы көрінісіне қарай жергілікті ерекшеліктері болды. Бұл ерекшеліктеріне қарай ерлердің «қазақ ері», «құранды ер», «шошақбас ер»,

«қозықұйрық ер» т.б. атаулары қалыптасты.

Қазақстанның көп өңірінде кең тараған ердің түрі – қазақ ері. Ол өзінің жеңіл әрі ыңғайлығымен ерекшеленіп, көшпелі өмірге бейімделуімен маңызды саналды. Пішіні ерекше, көбінесе қарағаш пен қайыңнан шабылып, шегелеу арқылы бес бөліктен қосылып жасалған қазақ ерінің жасалу техника Х. Арғынбаевтың еңбегінде ерекше зерттелген [58, б. 21].

Қазақ ерінің негізгі ерекшелігі оның қай жынысқа қатысты жасалуында. Яғни, ер мен әйелге арналған қазақ ері жасалу техникасына қарағанда әшекейлеумен ерекшеленді. Еліміздің қай өңірінде болмасын әйелге арналған ерлер өзінің үлкендігі мен әсемделу техникасымен ерекшеленді. Бірақ мұндай ердің сыртқы пошымы әшекейленгендіктен сүйегі ауыр болып келеді. Ал ер адамдарға арналған ердің жасалу техникасында оның ағашына жете көңіл бөлініп, әшекейленбеді. Сондықтан да болар мұндай ерлер жеңіл әрі ықшам болып келеді. Десе де еліміздің көптеген өңірлерінде ер адамдарға арналған ердің әшекейленген түрлері де кездесетеді. Әшекейлеу материалы ретінде алдын ала дайындалып, өңделген сүйек пен мүйіз қолданылды.

Қазақ ерлері зергерлік әдіспен сәнделді. Оны сәндеуде бағалы тастар, алтын мен күміс қолданылып, ер жасаушы шеберден сан қилы тәжірибе мен білімді талап етті.

Белгілі этнограф Х. Арғынбаев ҚР Орталық музей қорында (КП №9148) сақтаулы әшекейленген әйел еріне зерттеу жүргізген: «Әйел ерінің алтындаған бір түрі қазір... Орталық музейде сақталуда. Сүйегі өте ауыр. Ердің сырты түгелдей ойылған темір әшекейлермен жабылған, олардың астынан қызыл барқыт төселген. Темір әшекейлердің бетіне күміс шауып, оның үстіне үшкір біз және дөңгелек бедерлі қадаубаспен әр түрлі гүл-жапырақтардың бейнесі жүргізіледі. Бұдан соң кейбір әшекейлердің бетіне алтын жалатады, ердің маңдайына қызыл түсті шыны орнатылады. Алдыңғы қасының жиектеріндегі күмістелген темір көмкерулерге араб әрпімен жазылған өлең жолдары бар: Қажекем бұйырған соң істеп бер деп, Кәрібаев Нәби ұста соққан ері...» [58, б. 22].

Профессор Х. Арғынбаевтің аталмыш музейіндегі түсім кітабына түскен мәліметтер негізінде жазған анықтамасы бойынша, «бұл ер Көлбай қажының арнайы тапсырысымен 1937-1938 жылдары Қытайдың Шыңжаң өлкесінде жасалынған. Ел аузындағы мәліметтер бойынша ұста тапсырыс берушінің үйінде алты ай бойы тұрған. Ер сүйегін, қаңқасын дайындау кезеңін қосқанда тоғыз ай уақыт кеткен. Ұста ұрпағының бірі Бекмұрзаевтің берген дерегі бойынша, ер-тоқымды 100 қой беріп, өздеріне қайтарып алған. Бұл ер-тоқым 1956 жылы музей қорына алынған» [11, б. 176].

Қазақ ерлерінің ішінде атауы, сыртқы пішіні және жасалу техникасы ерекше ердің түрі – *шошақбас ер* деп аталады. Негізінен еліміздің Жамбыл және Алматы облыстары аймағында кеңінен тараған. Қазақтың басқа ерлеріне қарағанда басты айырмашылығы атауында, ал жасалу техникасы бойынша ортақ тұстары көптеп

кездеседі.

Шошақбас ерді қарағаш, емен және қайың секілді өте берік ағаштан жасайды. Содан болар бұл ердің сыртын қосымша материалдармен беріктігін арттыру үшін қаптамайды. Тек сәндік мақсатта алдыңғы қасының айнала шетін күміс немесе жез секілді металлмен көмкеріп, әшекейлеген. Ердің алды-артын көк немесе қара түспен бояп, әдемілігін арттырған. Шошақбас ердің көп бөлігін ер жасаушы шеберлер шауып қиюластырып, жекелеген бөліктерін шеге арқылы ұстатқан. Мұндай жасалу техникасы қырғыз шеберлеріне де тән. Олар ерді бір бөлек қарағаш кесіндісінен тұтас шауып шығарған [11, б. 162].

ҚР Орталық мемлекеттік музей қорында (КП 22961) бес бөлек қарағаштан кесіліп, құралған шошақбас ер сақтаулы. Ердің орта ағашын екі қапталдың ортасынан шауып шығарған. Ал сәндік мақсатта үстін былғарымен шегелеп, ердің алды мен артын қара түспен бояған. Ердің алдыңғы қастың биіктігі 34 см, ал артқы қас 22 см құрады, ал қапталының ұзындығы 42.5 см, ені 19 см [11, б. 163].

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Жамбыл, Шымкент, Қызылорда және Қарағанда мен Қостанайда кеңінен тараған ердің түрі – *құранды ер* деп аталады. Белгілі зерттеуші Х. Арғынбаевтың зерттеу еңбегінде құранды ердің аталуына қатысты келесі мәліметтер ұсынылған: «бірнеше бөлек ағаштардан құралып қосылатындықтан» құранды ер деп аталды. Бұдан бөлек «... ершілердің ағашты үнемдеп жұмсауына қолайлы мүмкіндіктер де туғызған». Демек, ердің атауы оны жасау техникасы мен қолданылатын материалына байланысты болды. Ал, жоғарыда келтірілген аймақтарда қолданылуы, жасау техникасы мен пішінінде үлкен өзгешелік кездеспейді [58, б. 24].

Орталық музей қорында сақтаулы (КП 26799/1-6) бүркіттің басы тәрізденіп жасалған құранды ердің алдыңғы қасының биіктігі 29см, артқы қасы 18см. Ердің алдыңғы қасынан керсеннің артына дейінгі ұзындық 50 см (халық арасында ердің артқы қасын да, адам отыратын екі қасының арасын да *керсен* деп атаған), қастың жарпақтығы 40 см. Артқы қасы жалпақ келген кең пішінде, алдыңғы қасы тікшелеу, күрең түсті былғарымен қапталған [11, б. 164].

Қазақтың дәстүрлі ер-тоқымының ішінде еліміздің батыс аймағына тән, салт жүріске ыңғайлы ер түрі – қозықұйрық немесе адай ері. Ерді жасауда металл, ағаш, қайыс, тері секілді материалдар қолданылады және құранды ердің жасалуы жағынан ұқсастықтары бар болып келеді. Бірақ оны құранды ердің бір түрі деп атауға болмайды. Қозықұйрық ердің басқа ерлерден ерекшелігі – жеңіл әрі төзімді болуында. Сонымен қатар, алыс сапарға шыққанда және жорық кезінде үстіндегі адамды шаршатпайды. Бұл оның жөке ағашынан жасалуына байланысты. ҚР Орталық мемлекеттік музей қорында (КП 18535/6) жөке ағашынан құрастырылған қозықұйрық ер сақтаулы. Ердің сыртқы әсемдігіне қарап шебердің жасау техникасы жоғары эстетикалық талғаммен жасалғанын аңғартады. Артқы қасы көтеріліп, қозының құйрығына ұқсас иілген. Сыртқы бөлігі жұмсақ былғарымен қапталып, күміс шегемен шегеленген. Алдыңғы қасының биіктігі 28,5 см, артқы қасы 17 см,

қапталының ұзындығы 38 см, ені 9,5 см. [12, б. 667].

Х. Арғынбаев ерлер туралы өз еңбегінде қозықұйрық ерінің төмендегідей бір өзгешелігі туралы жазды. Ғалымның айтуынша, қозықұйрық ерінде орта ағаш болмайды, оның орнына *көн* немесе *қайыс* тартылады деген [58, б. 25]. Көн деген мал мен аңның кептірілген және шала өңделген терісінің атауы. Ал, «*көндеу*» – дәстүрлі шаруашылықта қолданған бұйымдардың беріктігін, төзімділігін арттыру мақсатында көн терімен қаптау. Көндеу бұйымдарды сақтау және пайдалану кезіндегі жағымсыз әсерден қорғап, жарылудан, сынудан, қажалудан сақтайды. Сондықтан, көбінесе жиі пайдалынатын шаруашылық құралдары, бұйымдар, мүліктер мен аспаптар көнделген. Көндеуге негізінен түйе, өгіз және жылқының терілері пайдаланған. Көндеу ердің сыртын қаптауда жиі қолданылған. Көндеу тұтас шабылған немесе құранды ердің беріктігін арттырумен қатар сәнді болуын қамтамасыз етеді. Ер әсем болуы үшін қапталған көнге бедерлеп ою салған. [12, б. 325]. XX ғасырдың 1-жартысында жасалған Орталық музей қорында сақтаулы қозықұйрық ердің (КП 27027/1) алдыңғы қасы мен аттығы тұтасымен көнмен қапталған. Мұндай конструктивтік ерекшелігі бар ер отандық музейлердің қоры мен экспозицияларында өте сирек кездеседі.

Х. Арғынбаев өткен ғасырдың 60-70 жылдары өзінің жетекшілігімен жүргізген экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде анықталғандай, Көкшетау, Торғай және Ырғыз өңірінде «*үйрек бас*» ер кеңінен тараған. Ердің бұлай аталуы оның алдыңғы қасының пішіні үйректің басына ұқсас болуына байланысты. Жасалу технологиясы бойынша бірнеше негізгі бөліктерін құрастыру арқылы жүзеге асырылатындықтан, құранды ерте ұқсас болып келеді. Ер жасаушы шеберлер төзімді әрі серпімді болуы үшін қайың, беріктігін арттыру үшін кей жағдайларда емен немесе қарағашты қолданған [58, б. 26].

Көрнекі мысал ретінде орталық музей қорында сақтаулы (КП 20665) төрт бөлек қайың ағашынан шабылып, бір-бірімен шеге арқылы бекітіліп, сырты қалың былғарымен және киізбен қапталған үйрекбас ер ерді айтуға болады. Алдыңғы қасынан басқа пішіні құранды ерге ұқсас болып келеді. Ердің үсті мен алдыңғы қасы мыс пластинамен және әртүрлі кескінді шытыралармен әшекейленген.

Қазақтың жылқыға міну мәдениетінің маңызды элементі саналатын ер-тұрман маңызды жабдықтардан тұрады. Бұл жабдықтардың өзіндік атауы, атқаратын қызметі мен жасалу жолдары бар. Ер-тұрман бөліктеріне ауыздық, жүген, тебінгі, үзеңгі, құйысқан, тартпа, шылбыр, желдік, тартпа жатады. Қазақ халқы күнделікті өмірде бұл элементтерді ер-тоқым, ат әбзелі, айыл-тұрман деп атаған [58, б. 27].

Қазіргі кезеңде отандық музей қорлары мен экспозицияларында өте сирек кездесетін бұйым тоқым болып табылады. Расында да диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізу барысында анықталғандай, аталмыш бұйым тек Орталық музейдің қорында ғана кездеседі. Оның өзінде бұл бұйымның әбден тозығы жеткендігі көрініп тұр. Тоқым – ердің ат арқасына батпауын қамтамасыз ететін ердің ең басты құрамдас бөлігі. Негізгі компоненті ер болып табылатын әбзелді ер-

тоқым деп аталатындығы сондықтан. Тоқым, әдетте, киізден сырып тігіледі де, жиегі матамен көмкеріледі, кейде тоқымның сырты түгелдей былғарымен жабылады. Сонда сырылған киіз былғары тоқымның астары сияқты болып шығады. Тоқымның көлемі де, пішілу кескіні де әртүрлі болады. «Әйел еріне арналған тоқымдар үлкен (көлемі 140-150x50-65 см) болып, көркем әшекейленеді. Ал, еркектердің еріне арналған тоқымдар ықшамдау (көлемі 90-100x50-55 см) келеді» [11, б. 170]. Орталық музей қорында сақталған (КП 26916/б) өткен ғасырда жасалған тоқым қалың былғарыдан тысталған, астары киізден сырылған. Тоқымның ұзындығы 123 см, ені 61 см. Тоқымның айнала жиегін барқыт матамен көмкеріп, екі бүйірін шашақтап, сыртын түгелдей қалың былғарымен жапқан. Бетіне бедерлі ою-өрнектер түсірілген, күміс темір әшекеймен көмкерілген. Жоғарыда айтылғандай бұл бұйымның тозығы жеткендігі аңғарылады. Яғни, реставрациялық жөндеу, қалпына келтіру жүргізу керек.

Тебінгі – тоқымға төмен қарай жалғастыра тігілген немесе тағылған шалбардың балағын, аяқкиімді аттың терінен сақтайтын жалпақ қалың былғары. Х. Арғынбаевтің мәліметіне қарағанда мұндай былғарыға: «...бетін арнайы өрнектермен бедерлеп, күміспен қаптап әшекейлеген. Тебінгі ат-әбзелінің маңызды бөлігі ретінде аяқты қажу мен терден сақтайды және әсемдік үшін де тағылды» [58, б. 31].

Тебінгі киіз тоқымдарға жапсырыла тігіледі. Бұл тәсіл тоқымның үзеңгі бау тиетін тұсын тез тозбауын қамтамасыз етеді. Тоқым жұқа болған жағдайда астынан терлік, ал үстінен желдік салатын болған. Терлік киізден не жабағыдан жасалады. «Егер ер жайлы болса екі терлік, ал желдік болған жағдайда, бір терлікпен де қанағаттанады» [58, б. 31].

Үзеңгі – атқа мінуде, сондай-ақ ат үстінде екі аяқты салып тіреп, мығым отыру үшін қолданылатын ердің екі қапталына бекітіліп тұратын әбзел. «Үзеңгі темірден, қолады және ағаштан жасалады. Ағаш үзеңгінің қыстыгүні қолданады, өйткені қатты аяздарда темір үзеңгі адамның аяғына да, атқа да жайлы тимейді. Үзеңгіні ерге тағу үшін қалың қайыстан не былғарыдан екі қабаттап айылбасты *үзеңгі бау* жасайды» [58, б. 31].

Үзеңгі ердің екі қапталына үзеңгі бау арқылы бекітіледі. Үзеңгі бау бекітілу үшін ердің екі қапталында арнайы ойығы болады. Оны *үзеңгілік* деп атайды. Орталық музей қорындағы қайыс пен ағаштан жасалынған үзеңгі (КП 20762) түрі өте қарапайым жасалынған. Ол қайыстан өрім етіп өріліп, сопақша ағаш табанға екі шетінен тесік арқылы өткізілген. Басына үзеңгі бау өтетін саңылау жасалынған [58, б. 31].

Темірден жасалынған үзеңгілер күнделікті тұрмыста жиі пайдаланылады. Оны тұтас темірден соғып, табаны бөлек дайындалып, кейін оны үзеңгіге қондырады. Темір үзеңгілердің бетін күміспен қарала түсті болып көрінетін ою-өрнек жүргізеді [58, б. 31].

Айыл – ердің жылқы арқасына берік тұруын қамтамасыз ететін жіптен не

қайыстан жасалынған әбзел. «Бір ерде екі айыл болады. Бірі – төс айыл, екіншісі – шап айыл. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау келеді де, жалаң ердің үстінен тартылса, төс айыл ат көрпенің үстінен тартылады» [58, б. 31].

Ал құйысқан болса, ер-тоқымды алға жылжып кетпеу үшін ұстап тұруға арналған ат әбзелі. Орталық музей қорындағы (КП 16660) құйысқан қайыстан жасалынған. Құйысқанның бір ерекшелігі, оны зергерлер өте сәнді қылып әшекейлеген. Х. Арғынбаев «... құйысқандардың бетіне түгелдей құйма күмістен күмістелген не алтындалған темір әшекейлерден, түрлі түсті тастардан көздер салынып безендіріледі» деп жазған [58, б. 31].

Өмілдірік – аттың омырауына тағылатын, ер-тоқымның аттың артына қарай сырғып кетпеуін қамтамасыз ететін әбзел. Ол екі жақтау, айылбас және салпыншақтан тұрады. Өмілдірікті күнделікті мініс аттарына қолдана бермейді. Көбінесе той-думандар мен дүбірлі астарда мініс аттарына сән үшін тағатын болған. Өмілдірікті қалың былғарыдан жасайды немесе қайыстан мықты етіп өреді. Өмілдіріктің бетіне күмістен құйылған әшекейлермен безендіреді. Орталық музей қорындағы (КП 9805) өмілдірік қайыстан жасалған. Ол күмістеліп өрнектелген металл пластиналармен және домалақ пішіндегі үш айырғыш тоғамен безендірілген. Қайыс таспаға пластиналарды қалпақшасы бар тойтарма шегелермен бекіткен [13, б. 725].

Жүген – атты басқару үшін қолданылатын әбзелдің атауы. Ол келесі бөліктерден тұрады: ауыздық, жақтау, сағалдырық, желкелік, тізгін, сулық (негізгі бөліктері); шылбыр, қасқалық және кекілдік (қосымша бөліктері) [11, б. 602]. Жүген жасауда темір, былғары және қайыс секілді мықты материалдар кеңінен қолданылды.

Белгілі этнограф Х. Арғынбаевтың еңбегінде жүгеннің негізгі бөліктеріне қатысты келесідей мәліметтер берілген: нокта, ауыздық, шылбыр және тізгін жүгеннің негізгі бөліктерін құрайды. Ол жылқыны басқарудың негізгі элементтері болып табылады. «Алдымен нокта шығып, кейін оған ауыздық салудың нәтижесінде жүген қалыптасқан. Нокта – екі жақ, бір-бірден милық, кеңсірік және сағақ сияқты бөлшектерден» құралады [58, б. 31].

Ауыздық – жылқыны басқаруға (тоқтату, жылдамдығын реттеу, бұру), қимыл-қозғалысын реттеуге арналған темірден жасалған ат-әбзелі. Ауыздық екі бірдей темірден құрастырылып, жүгенге бекітілу арқылы аттың аузына салынады [58, б. 31].

Сулық – атты басқаруда маңызды рөл атқаратын ат-әбзелінің бірі [58, б. 31]. Ол ауыздық пен тізгіннің арасында қысқа қосымша бау ретінде қолданылады және ауыздықтың сырғып кетуіне жол бермейді. Қазақтың ат-әбзелдерінің ішінде сулықты да күміс немесе басқа да металдармен әшекейлеп, өрнектеп жасайды.

Желкелік – жүгенді үлкейтіп, кішірейтіп отыру қызметін атқарады.

Кеңсірік – екі жақтауды бір-біріне жалғастыра, жылқының кеңсірік тұсына бекітілетін жүген бөлігі. Бұл жүген жақтауларының артқа жылжымауын

камтамасыз етеді [58, б. 31].

Сағалдырық – жылқының иегінің астынан өтетін және жүгеннің қызметін реттеуші бөлігі.

Тізгін – аттың қозғалыс бағытын реттеу, басқару үшін қолданылатын жүгеннің негізгі бөлігі.

Кекілді, кекілбасар (милық) – аттың маңдайын түрлі жарақаттан қорғайтын, әрі сәндік мақсатта қолданылатын ат әбзелі.

Қасқалық – былғары немесе қайыстан жасалған ат әбзелінің бір түрі. Оның негізгі қызметі жүгеннің сырғып кетуіне жол бермеу. Көбінесе асыл тастармен әшекейленіп, сәндік мақсатта да қолданылады.

Шылбыр – атты қолға үйрету, жетекке алу мақсатында қолданылатын жұмсақ былғарыдан жасалған арқан.

Ат-әбзелдерінің тағы бір түрі, атты тұсауға арналған тұсамыс, кісен, және шідер. Қазақтың дәстүрлі этнографиясында «ат бекіту» деген ұғым бар. Ат бекіту деген «жол жүргенде, жорықта, күнделікті шаруашылықтағы қолданыстағы жылқы ұзап кетпеу үшін, жүрісін шектеу тәсілдері» [10, б. 311]. Тұсамыс пен кісен тек алдыңғы екі аяққа салынса, өре аттанар жақ алдыңғы және артқы аяқтарға салынады. Ал, шідер алдыңғы екі аяқ пен аттанар жақ артқы аяққа салынады және ол арқан және қайыстан арнайы жасалады.

Тұсау, тұсамыс – мініс жылқысының алысқа ұзап кетпеуі үшін оның екі аяғын тұсайтын жіп [10, б. 311]. Ол жылқының жылына жүнді араластырып есілген жіптен немесе жұқа қайыстан жасалады. Ал кісен дегеніміз – көшпелі халықтар арасында жылқыны белгілі бір аумақта бағу немесе оны ұрлаудан сақтау мақсатында қолданылатын металлдан жасалған тұсау құралы [58, б. 33].

Орталық музей қорында қара металлдан шынжырлап, құлыппен жабылатын кісендердің XX ғасырдың басында соғылған үлгілері сақтаулы.

Орталық музейінің қорындағы ерлер мен ер жабдықтары дәстүрлі қазақы ортада төмендегідей әртүрлі әдіс-тәсілдердің қолданылғандығын айғақтайды:

КП 9148. Ер жабдықтары. 1938 ж. Семей облысы. Металл, ағаш, тері, киіз, түсті тас. Соғылған, оймыштау, қалыптау, шеку, күміс қақтау, нақыштау, бедерлеу, алтындау. Ұзындығы – 50 см; ені – 33 см. Күміс қақталған өрнектелген металл құймаларға, алтын жалатылған, боялған шыны тастармен, нақышты оюлармен тығыз өрнектелген жабдықтарымен жасалған салтанатты әйел ері.

КП 117. Ер. XIX ғ-ң соңы. Павлодар облысы. Ағаш, металл, бояу, күміс қақталған, қалыптау, қара бағдар. Ұзындығы – 55 см; биіктігі – 25 см. Қызыл түске боялған ер. Алдыңғы, артқы қастары күміс қақталған және қарала жүргізілген металл пластинкалармен әшекейленген. Оюы өсімдік тәріздес.

КП 1013. Ер. XIX ғ. Орталық Қазақстан. Ағаш, металл, тері, соғылған, қалыптау. 43 x 25 см. Қоңыр түсті терімен қапталған әйел ері. Алдыңғы қасы қалыпталған төртбұрышты және үшбұрышты пластинкалармен әшекейленген. Үзеңгісі темір, күміс қақталған.

КП 10445/1. Ер. 1945 ж. Семей облысы. Ағаш, тері, металл, күміс қақталған. Биіктігі – 47 см; қасының биіктігі – 28 см. Салтанатты әйел ері. Ер жабдықтары күміс қақталған және алтын жалатылған, өрнектелген металл құймалармен әшекейленген.

КП 21063/6. Ер. XIX ғ-ң басы. Батыс Қазақстан. Ағаш, тері, сүйек. Алдыңғы қасының биіктігі – 35,5 см, артқы қасының биіктігі – 14 см, ұз – 41 см. Иленбеген терімен қапталған, баланың құранды ері. Ердің қалған бөлігі толқынды және үшбұрышты оюлар салынған сүйектермен өрнектелген.

КП 3419. Ер. XX ғ-ң басы. Оңтүстік Қазақстан. Ағаш, тері, ақ металл, тастар. 32 x 40 см. Қоңыр терімен қапталған, қасы ақық орнатылған күміс пластинкалармен әшекейленген әйел ері. Үзеңгісі күмістелген, түсті тастар орнатылған, оюланған пластинкалармен өрнектелген.

КП 21061/6. Күміс қамшы. XIX ғ. соңы. Батыс Қазақстан. Металл, тері. Ұз.-86 см, ені-2 см, ұз. Бауы -23 см. Сүйек сапты, 11 сақина пластинкамен қапталған, екі бүйірінен фигуралы ақ металл орнатылған қамшы. Сабында қолға кигізіліп ұсталатын бауы ілінген. Түстері: жасыл, қызыл, сары. Бауына моншақты шашақтар ілінген. Қамшысы 4 тері өрімнен тұрады. Тері шашақтармен әшекейленген. Ұшында тері бөлігі қалдырылған.

КП 22076. Өрме шідер. XX ғ. басы. Шымкент облысы. Иленбеген тері. Ұз.- 116 см, Шебері Әбдіхалық Макимов. Жылқының аяғына арналған тұсау. Шаш бұрымы тәрізді өрімнен, соңы күрделі ілгекті үш өрімнен және жұмсақ үш ағаш ілгекке ілінетін баудан тұрады.

Музей қорында ат әбзелдердің жалпы саны 800-жуық сақтам бірлігі сақтаулы. Олардың басым бөлігі XIX-XX ғасырлардағы шеберлердің қолынан шыққан.

3.3 Қару-жарақтар коллекциясы

Орталық музей қорындағы қару-жарақ коллекциясы қазақтың дәстүрлі қару-жарағының жинағын XIX ғасырдағы қаруларының нұсқаларын және қазіргі замандағы әскери суық қарулар мен отты қарулардың үлгілерін қамтиды. Музей залындағы қазақтың дәстүрлі қару-жарағының нұсқалары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Орыс Географиялық қоғамының мүшелерінің бастамасымен Қазақстандағы алғашқы музейлер – 1831 жылы Орынбор қаласында Орынбор музейі және 1898 жылы Верный қаласында, Жетісу облыстық статистикалық комитетінің жанында, Жетісу музейі құрылғанда, басқа этнографиялық заттармен бірге жинала бастаған болатын.

Орынбор музейі, жоғарыда айтып өткендей, 1929 жылы Алматыға көшкен соң, оған Жетісу музейінің коллекциясы қосылған болатын. Жетісу музейіндегі қазақ қару-жарақ заттары қазіргі Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс Қазақстан территориясынан жиналса, Орынбор музейінде қарулардың көпшілігі Батыс Қазақстаннан, Бөкей Ордасының территориясынан жиналды. Музейге түскен қару-жарақ заттарының құжатталған тіркелуі Жетісу музейінің түгендеу кітабында 1898 жылдан бастап, ал

Орынбор музейінің Түсім кітабы мен түсім хаттамаларында 1923 жылдан бастап тіркелген.

Жекелеген ескі қару-жарақ пен оның жабдықтары қарапайым азаматтардан және елге белгілі адамдардан, түрлі мекемелер мен ұйымдардан, жергілікті және ведомстволық музейлерден түсті және Қазақстанның барлық облыстарында болған музей экспедициясының нәтижесінен де жинақталып отырды. Бұл заттардың кейбірі музейге әртүрлі адамдардан сый ретінде түссе, кейбірі халықтан сатылып алынған.

Орталық музей коллекциясында қазақтың суық қаруларының, қол ату қаруының және оқ-дәрімен атылатын қарулар мен оларды қолдануда қажетті жабдықтардың барлық түрлері дерлік көрініс тапқан. Музей залына қазақ қылыштарының, сапыларының, қанжарлар мен пышақтардың, найза мен сүңгілердің, жауынгерлік балталар мен айбалталардың, гүрзілер мен шокпарлардың әртүрлі типтерінің нұсқалары қойылған. Қазақтың дәстүрлі қорғаныс жарағынан музей залына сауыттар, дулығалар, шарайнаның, қалқанның, жауынгерлік белдіктің жекелеген үлгілері бар.

Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясын музей қоры негізінде Қ. Ахметжан зерттеп, кезінде осы тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғаған. Кейін 2006 жылы сол ғылыми жұмысының негізінде «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» атты ғылыми зерттеу жазды [228]. Сол ғалымның еңбегіне сүйене отырып, отандық музейлерде, соның ішінде орталық музей қоры мен экспозицияларындағы ер қаруының келесідей түрлерінің сақталып отырғандығын айқындадық: ату қаруы (садақ, оқ), кесу арқылы жарақат салатын қарулар (семсер, қылыш, пышақ, қанжар), түйреу арқылы жарақат салатын қарулар (найза, сүңгі), шабу арқылы жарақат салатын қарулар (балта, айбалта), соғу арқылы жарақат салатын қарулар (шокпар, күрзі, босмойын) [228, б. 93].

1) Ату қаруы (садақ, оқ). Садақ – негізгі екі функциональды бөліктен тұрады: серпінді етіп, ағаштан жасалған, негізгі ату функциясын атқаратын бөлігі – адырна, оған керілген оқты тіреп қоятын жібі – кіріс деп аталынады. Садақтың жеке жасалып, атылу арқылы жарақат салатын элементі – оқ. Оқтың түрлі материалдан жасалып, негізгі жарақат салуға арналған бөлігі – жебе, жебе бекітілетін бөлігі – сабы деп аталады. Музейлік материалдар қазақ оқтары сабының жуандығы өне бойында біркелкі болмайтынын көрсетеді. Этнография залына қойылған садақ және қазақ оқтары мен олардың жебелерінің жасалу уақыты 19 ғасырларға жатады.

2) Кесу қаруы (қылыш). Кесу қаруының бір түрі - басы бір жүзді болып соғылатын, сыртына қарай қайқы болып келген қылыш. Мұндағы қылыш типтері, басының қайқылығынан басқа, сайының, балдағының өзіндік пішіндерімен ерекшеленеді. Музейлік материалдарда бұл қылыштардың басының ұзындықтары әдетте, 75-88 см, жүзінің ені 3-3,5 см аралығында болып келеді. Саптарының ұзындықтары 10-13 см аралығында. Қазақ қылыштарының саптары әдетте сүйектен, мүйізден, ағаштан және пілдің сүйегінен жасалған, саптың қырлары

жетесіне дәнекерлеп бекітілген күміс пластиналармен жабылып, әртүрлі әдіспен өрнектелген [13, б. 164].

Қысқа жүзді кесу қарулары (қанжар мен пышақ). Бастары қысқа болып келген кесу қаруларына қанжар мен пышақ көмекші қаруларға жатады. Қанжар – басы қысқа, екі немесе бір жүзді кесу, сұғу арқылы жарақат салатын суық қару [12, б. 573]. Музей қорында Жанғожа батыр мен Қаумен батырдың ұстанған қанжарлары сақталған. Қанжарлардың бастарының ұзындығы 70 см шамасында, жүздерінің ені 4,5 см аралығында болып келеді.

Өткен ғасырларда қазақтар кісе белдікке міндетті түрде пышақ іліп жүретін, сондықтан белдікке ілінген пышақ қазақтың ұлттық ерлер киімінің бір тұрақты элементіне айналды. Қазақ пышақтарының басы формасына сәйкес екі топқа бөлінеді. Пышақтың бірінші тобының басы түзу, бір жүзді, ұшы сыртына қарай дөңгелене үшкірленген, екінші топқа жататын пышақтардың басы сәл қайқылау болып келеді. Қазақ пышақтарының сабы мүйізден, сүйектен және ағаштан жасалды, түбі және жүзімен қиылысқан тұсы әдетте металмен қапталып әшекейленді. Кейде саптың түгелдей металмен (алтын, күміс, жез) қапталғаны да болды. Металл әшекейлер қарала жүргізу, қақтау, сіркелеу әдістерімен көркемделіп отырды [228, б. 112].

3) Түйреу қаруы – атты жауынгердің негізгі қаруларының бірі. Жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста сауытсыз қарсыласқа қолданылатын қару түрі – найза. Ал темір сауытпен жарақтанған қарсыласқа қарсы қолданылатын қару түрі – сүңгі деп аталады. Қазақтың халықтық дәстүрлі қару терминологиясында найза мен сүңгінің түйреу арқылы жарақат салатын, металдан соғылатын негізгі бөлігі «жебе» деп аталды [228, б. 114]. Жебенің конструкциясына байланысты ұшы, жүзі, қыры және ұңғысы деп аталатын элементтерден тұрады. Кейбір найзамен сүңгі жебелерінің ұшы мен ұңғысының арасында домалақ келген бір не екі күмбезі болды [13, б. 456; 14, б. 228]. Залға қойылған найзаны И.Н.Тасмағамбетов өзінің жеке коллекциясынан музейге тарту еткен.

Сондай-ақ, сүңгі жебелерінің ұштары ұзын және жіңішке болып үш қырлы, төрт қырлы, конус формалы төрт қырлы, бірақ қырлары ішіне қарай ойыс болып жасалған типтері де бар. Музей коллекцияларындағы сүңгі ұштарының ұзындығы әдетте 20-22 см, ұңғысымен алғанда 30-40 см аралығында болып келеді. Кейбір сүңгі ұштарының қырларына алтынмен қақтау әдісі арқылы өрнекті ою салынды. Жебені бұлай әшекейленуі осы қаруды ұстаған адамның әлеуметтік статусын ерекшеледі. Музей қорында XIX ғасырдың екінші жартысында Кіші Жүздің Батыс бөлігінің сұлтан-билеушісі болған сұлтан Арыстан Жантөриннің сүңгісінің осындай ұшы өрнектелген жебесі бар [228, б. 115].

4) Шабу қарулары (жауынгерлік балта, айбалта) – жауынгерлік шабу қаруы негізгі екі функционалдық бөліктен тұрады: қарудың металдан жасалып, жарақат салуға арналған негізгі бөлігі - «басы», қолға ұстайтын бөлігі – «сабы» деп аталады. Балта басының жалпақ келіп шабуға арналған жағы «жалманы», шабатын жері

«жүзі», жүзіне қарсы жағы «шүйдесі» (желкесі), сапқа кигізілетін тесігі – «ұңғысы», балтаның басының сабы мен түйіскен жері – «сағағы» деп аталады [10, б. 535].

Көрмеге қойылған айбалталардың бір шоғыры – жүзі жалпақ, жалманы жарты ай сияқты дөңгелене келген айбалта шабу қаруының екінші түріне жатады. Басының формалық ерекшелігіне сәйкес бұл балта түрінің атауына «ай» сөзі қосылған. Бұл балта басының шабумен бірге кесу арқылы да жарақат салу мүмкіншілігі бар [228, б. 120]. Айбалтаның дөңгеленген жүзі кесу арқылы жарақат салатын қайқы қылыштың дөңгеленген жүзіне ұқсас. Бұл әскери балта түрінің бірнеше типтері де бар. Айбалталардың шүйдесі тегіс, төртбұрышты балта формалы етіп жасалған немесе домалақ басты балға түріндегі типтері де болады. Айбалта жүздерінің ені әдетте 15 – 20 см дейін жетеді [10, б. 95].

5) Соғу қаруы – соғу, ұру арқылы зақым салатын қару түрі. Соғу қаруы негізгі екі конструктивтік бөліктен тұрады. Қарудың соғуға, ұруға арналған бөлігі – басы, қолға ұстайтын бөлігі – сабы. Қару басының сабымен жалғасқан бөлігі – мойны, ал басының сабымен түйіскен жері – сағағы деп аталады. Сабының төменгі жағына, қаруды айқас кезінде қолдан түсіріп алмас үшін қолға іліп алуға арналған, қайыс бау – бүлдіргі тағылды. Қазақтың соғу қаруы қызметіне сәйкес түрге, жасалған материалына қарай типке, басының формасына қарай үлгіге бөлінеді. Оның алғашқы пайда болған бірінші түрі – шоқпар. «Шоқпар» деп негізінде басы мен сабын біртұтас қылып, түбірлі ағаштан жасалған соғу қаруын айтады. Жасалуы оңай болғандықтан ағаш шоқпарларды қазақтар жауынгерлік қару ретінде соғыста да, малшы қаруы ретінде жылқы баққанда да, барымтада жиі қолданады [14, б. 682].

Бастары металдан бөлек жасалып, сапқа орнатылған соғыс қаруының екінші түрі – «гүрзі» немесе «күрзі» деп аталады. Көшпелі халықтарда гүрзінің бастары шойыннан қорғасыннан құйылы, артынан болат темірмен қапталған [228, б. 126].

Соғу қаруының келесі бір түрі – «бос мойын шоқпар» немесе «босмойын». Бұл атауда осы қаруды соғу қаруының басқа түрлерінен айырықшалайтын басты ерекшелігі – басының сапқа босаң болып бекітілуі көрініс тапқан. Босмойынның басына қайыс немесе темір шынжырдан мойындық жалғанып, оның төменгі жағына металдан соғылып жасалған ұңғы бекітіліп, сол арқылы сапқа орнатылады [228, б. 128]. Орталық музей қорындағы (КП 2028) босмойынның басы домалақ шар пішінде темірден құйылып жасалған, ал сырты терімен қапталып, сабын қайысбаумен бекіткен. Сап ағаштан жасалған [10, б. 697].

Қорғаныс жарақтарының түрлері сауыт, жеңсе, қалқан, дулығы жатады. Ұлттық музей қоры негізінде қорғаныс жарақ түрлері туралы С. Хасеновтың зерттеулері ерекше маңызға ие [229, б. 76-87].

Музейге әртүрлі жеке адамдардан түскен қазақтың ескі қаруы мен қару жабдықтарының заттары олардың ата-бабаларынан қалған немесе өздері тұтынған заттар, сонымен бірге адамдар әртүрлі жағдайда кездейсоқ тапқан заттар да болды. Музейге XX ғасырдың басында түскен заттардың ішінде Қазақстан тарихында белгілі тарихи тұлғалармен байланысты мемориалдық заттар аса тарихи-музейлік

құндылығымен ерекшеленеді. Олардың бірі Баймұхаммед Айшуақовтың оқтар салынған қылшаны (КП №1905), Мұхаметжан Баймұхаммедовтың тапаншасы (КП №1883) бар. Бұл заттар 1923 жылы олардың ұрпағы Сейіт Мұхаметжанұлы Баймұхаммедовтан түскен болатын. 1923 жылы Орталық музейінің қорына Арыстан Жантөреұлы Айшуақовтың жеке қарулары – қалқан (КП №2328), бадана кіреуке (КП №2086) шарайна (КП №2158) және сүңгісінің жебесі (КП №1977) түсті. Оны сұлтанның ұрпағы Қайыр Қасымов өткізген [228, б. 115].

1983 жылы белгілі тарихшы, т.ғ.д., профессор У.Х.Шәлекенов музейге қазақтардың XIX ғасырда орыс патша отаршылдығы мен Хиуа билігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі - батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының қанжарын (КП №24568) тапсырған болатын. Осыған ұқсас бір қанжар XIX ғасырда өмір сүрген Қаумен батырдікі, ал бір найзаның жебесі (КП №10242) аңыз бойынша арғын Құлсары батырдікі саналады [228, б. 109].

Музей коллекциясындағы қару-жарақ заттарының жиналу, түсу уақыты XX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы болғанмен, дәстүр бойынша қазақтарда жауынгерлік қару-жарақ атадан балаға мирас болып сақталып қалатындықтан, жасалу уақыты жағынан кейбір қару нұсқалары XVIII ғасырға да жатады. Бұл қарулар үлгілері кейін жасалынбайтын болғанмен (мысалы кіреуке сауыттар), қазақтардың кейбір әулеттерінде реликвия ретінде сақталып, кейін біраз уақыт қолданыста да болған [228, б. 157].

Бүгінде Орталық музей қорындағы қазақтың дәстүрлі қару-жарағының бұл мол коллекциясы XVIII ғасырдың аяғынан XX ғасырға дейінгі қазақтардың қару-жарағының және қару жасау ісінің деңгейін көрсететін, және де қазақ халқының тарихы беттерінен, белгілі тарихи тұлғалардың өмірінен сыр шертетін бай тарихи материал десе болады.

Қазақтың қару-жарақтары сан ғасырлар бойы соғыс өнерінің нәтижесі ретінде қалыптасқан. Қару-жарақ қазақ жауынгерлерінің әскери құралдары болып табылады. Атқаратын қызметіне қарай жауынгерлердің соғыс құралдары екі топқа бөлінеді. Олардың біріншісі шабуыл құралдары, ал екіншісі қорғаныс құралдары. Қару-жарақ деген қос сөздің құрамындағы қару сөзі әскери істе қолға ұстап қолданылатын шабуыл құралдарының атауы. Ал жарақ дегеніміз шайқас кезінде әскери құрал ретінде қарумен бірге қолданылатын, әрі жаудың қаруынан қорғану үшін денеге киілетін және қолға ұстайтын сауыт, дулыға сияқты басқа да қорғаныс құралдарының жалпы атауын білдіреді [228, б. 130].

Экспозицияда қазақ жауынгерінің қару-жарақ витринасында, жауынгердің соғыс, шайқас кезінде пайдаланатын сауыт-сайман, қару-жарағының жиынтығы қойылған. Мұндағы бұйымдар рет-ретімен орналасқан. Мысалы, солдан оңға қарай айтқанда, ұзын сапты шойын шоқпар 1898 жылы жасалған. Ал соның жанындағы ұзын сапты ағаш шоқпарды 1916 жылғы Орта Азия мен Қазақстанды қамтыған «Ұлт-азаттық көтеріліс» кезінде Торғай өңірінің қазақтары соғыс кезінде қолданған. Шоқпар дегеніміз жауынгерлік соғу қаруының бір түрі. Шоқпарды

әдетте басы мен сабын біртұтас қылып түбірімен алынған қатты ағаштан жасаған [228, б. 129].

Келесі, қыпшақ жауынгерінің дулығасы, XVII ғасырда жасалған. Дулыға – соғысқа шыққан батырлар, жауынгерлер киетін металдан, теріден және басқадан материалдардан жасалатын баскиім түрі. Қазақ жауынгерлері дулығаны қорғаныс жарағы ретінде XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып келді [228, б. 154]. Ал, денеге киіліп, кеудені қорғайтын жарақ түрлері сауыт, шарайна деп аталады. Жауынгерлік сауыт жасауға металл түрлері, сондай-ақ, тері, сүйек, мүйіз, киіз, мата пайдаланылды. Сауыт сыртынан кеудеге, белге киілетін қорғаныс жарағы шарайна деп аталды. Шарайна дөңгелек не төртбұрышты бірнеше болат тақталардан құралып жасалады [228, б. 145]. Қалқан – жаудың қаруынан қорғану үшін қолға ұстап қолданылатын қорғаныс жарағы. Бұл қорғаныс жабдығының атауында оның қолдану ерекшелігі – денені қалқалап қорғану әдісі көрініс тапқан.

Шабу-соғу-ату жарақтары. Қабырғадағы садаққапта жақ (садақ), қорамсақта және оның сыртында бірнеше садақ оқтары, яғни жебелер ілінген. Жақ (садақ) – қолдың күші пайдаланылатын ату құралы. Қорамсақ – садақ оғын салатын, тасымалдайтын бұйым. Ал, жебенің қызметіне қарай пішіні әртүрлі болып келеді. Жебені сауытпен жарақталған қарсыласқа қарсы қолданатындықтан, кейде оны сауытбұзар деп те атайды.

Келесі қару түрі найза деп аталады. Найзамен түйреу-шаншу арқылы зақым салады. Қазақтар найзаны жауынгерлік қару ретінде XX ғасырдың басына дейін қолданды. Дәстүрлі ортада еркек кіндіктің бар екендігін білдіретін белгі ретінде оң жақ босаға сыртынан найза қадайтын әдет болған. Ол үйді, отбасын қорғаушы қызметін атқарған, атап айтқанда үйді әртүрлі пәлекеттен сақтайды деп сенген [228, б. 113].

Қылыш – басы бір жүзді, қайқы келген кесу-шабу-түйреу арқылы жауға зақым салатын қару түрі. Қанжар – басы қысқа, екі немесе бір жүзді кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Жүзі жалпақ келген, жарты ай түрінде дөңгелете соғылған, шабу-кесу арқылы зақым салатын жауынгерлік қару айбалта деп аталады. Айбалта басы болаттан, темірден соғылып, сабы ағаштан жасалып, берік болу үшін металмен, терімен қапталады. Құрылымдық ерекшелігіне қарай айбалта әмбебап қару деп саналады [228, б. 106].

Кісе белдік пышақ, оқ-дәрі, шақпақ тас және оның білтесін салатын қын, оқшантай сияқты заттарды салып жүруге арналған қалталары болғандықтан, жауынгер киімінің ажырамас бөлігі іспетті белдік түрі болған.

Атқарған міндетінің маңыздылығына қарай дәстүрлі мәдениетте жауынгерлік қару-жарақ ерекше мәртебеге ие болып, қоғамда көпфункционалды қызмет атқарды. Қазақтың этнографиялық мәдениетінде қару-жарақ түрлі ғұрыптарда, салт-дәстүрлерде де кеңінен қолданылды. Қазақтың қару-жарақтары темір ұқсатудағы халықтық білімнің, темірші, темір ұсталығы кәсібінің ерекше дамығандығының айғағы.

3.4 Музыкалық аспаптар қоры

Музыка аспаптарының шығу, пайда болу негізін сараласақ, олардың көпшілігі алғашқыда қорғаныс құралы, қару ретінде қолданылып, аңға шығу, бақсылардың діни жоралғыларын орындауға, жиынға шақыру, аң мен құстың даусын салу үшін пайдаланылғаны ешқандай дау туғызбаса керек. Кейін түрлене келе музыкалық мақсатқа, би қимылдарын сүйемелдеуге қолданыла бастады. Бұл эволюция жалпы барлық халықтардың музыкалық аспаптарының даму сатысына тән [230, б. 55]. Ертеректе музыкалық аспаптар қарапайым түрде, мәселен, тұтас ағаштан ойылып жасалып, шанақтары әдетте көн терімен қапталып, кейбірінің шанағы ашық қалдырылған.

Белгілі аспап зерттеуші ғалым Б. Сарыбаев өзінің 1981 жылы жарық көрген «Қазақтың музыкалық аспаптары» деген еңбегінде музыкалық аспаптарды жіктеудің жүйесін талдап ұсынды [231, б. 58]. Қазақ халқының музыкалық аспаптары келесідей топтарға бөлген: шулы музыкалық аспаптар; ұрмалы музыкалық аспаптар; ішекті музыкалық аспаптар; үрмелі музыкалық аспаптар; тілшелі музыкалық аспаптар.

Осы жүйені негізге ала отырып және Орталық музей қорларында сақтаулы музыкалық жәдігерлердің құрамын ескере отырып, оларды төмендегідей топтарға бөлуге болады: 1) Ішекті музыкалық аспаптар. Орталық музей қорында ішекті аспаптардың екі түрі сақталған. Олар: 1. Шертіп ойналатын – домбыра, жетіген, шертер. 2. Қияқпен ойналатын – қылқобыз. 2) Сым тілшелі. Шаңқобыз. 3) Үрлеп тартылатындар. Орталық музей қорында үрлеп тартылатын аспаптардың сыбызғы, саз сырнай, үскірік, мүйіз сырнай сияқты түрлері сақталған. 4) Ұрып ойналатындар. Орталық музейінде ұрып ойналатын аспаптардан дабыл, тоқпақ, дауылпаз сақталған. 5) Сілкіп ойналатындар. Орталық музей қорында сілкіп ойналатын аспаптардан асатаяқ сақталған.

Домбыра қазақ халқының тұрмысына кең тараған, екі ішекті, шертпелі көп пернелі музыкалық аспабы болғандықтан, музей қорындағы домбыра саны басқа аспаптармен салыстырғанда көбірек. Ертеде домбыраны ән, жыр, ертегі аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданған болса, қазір жеке шығармаларды орындайды. Солардың бірі – музей қорындағы белгілі ақын Жұбан Молдағалиевтің домбырасы (КП13228). Атақты ақын Жұбан Молдағалиевтің жеке мүлкі. Орталық музей қорына 1975 жылы алынған. Материалы: ағаш, сүйек, өлшемдері: ұзындығы – 99см, ені – 29см. Оның шанағы 9 сегменттен желімделіп жасалған. Ішектері шанағының пластмасс түймесіне және екі қара бояумен боялған құлағына бекітілген. Домбыраның бетінде екі ішек көтеріп тұратын тиегі және дыбыс шығатын ойығы бар. Беті мен шанағы оюмен әшекейленген. Мойны ұзын, төменгі жағы саусақтардың еркін жылжуы үшін дөңгеленген, жоғары жағы жалпақ, оған 13 перне орналастырылған. Басы сүйекпен безендірілген. Домбыраның бетіне ақын өз қолымен: «Қазақстанның Орталық Музейіне тартуым. Жұбан Молдағалиев. 2555/ІІІ. 1975» деп көк сиямен жазып, тапсырған.

Келесі музыкалық аспап шертер. Ол – қазақтың үш ішекті көне, шертіп ойналатын аспаб. Музей қорындағы шертердің (КП 24358) шанағы трапеция тәрізді, бет жағы ашық түсті ағаштан жасалған және ол ойып өрнектелген. 1999 жылы шебер Сапарбек Ділманов жасаған. Орталық музей қорына 2008 жылы алынған. Материалы: ағаш, тері. Өлшемдері: ұзындығы – 85см, ені – 21,5см. Бетінің төменгі жағы теріден жасалып, оюмен әшекейленген. Қара бояумен боялған үш ішегі құлақтарында және шанағында орналасқан үш пластмас түймеге бекітілген, тиегі бар. Бөліктерін желімдеу арқылы жасап, ысып жылтыратқан. Шертерді Ділманов Сапарбек Әліұлы деген шебер 1999 жыл жасап, 2008 жылдың 4 сәуірінде музейге тапсырған.

Қазақ халқының ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көне аспаптардың бірі – ол қылқобыз. Ол ысқышпен ойналатын, қос ішекті музыкалық аспап. Музейдегі сақтаулы қылқобыздың (КП 18395) ішектері ат қылынан тағылып, шанағының беті ашық болып келген, астыңғы беті терімен қапталып жасалған. Орталық музей қорына 1983 жылы суретші Юлдабаевтан алынған. Материалы: ағаш, тері, сүйек, металл. Ұзындығы – 75см, ені – 21,5 см. Қылқобыздың күйге келтіретін құлағына, шанағының іші – тысына дыбыс әсерлігін күшейте түсу үшін темірден жасалған, бетінде өсімдік тәрізді оюлары бар 5 сылдырмақ теңгелер шығырықтар арқылы бекітілген. Оның жалпы түрі дөңгелек, шұңғыл, бос ыдыс сияқты. Мойны қысқа, жалпақ, сәл артқа қарай иіліп жасалған. Басының бет жағы сүйекпен оймышталып, өсімдік тәріздес және геометриялық оюлармен өрнектелген. Үстіңгі жағында ағаш сабы бар, басында жүрек бейнелес пернелері жоқ. Төменгі жағынан тізегі тіреу үшін таяққа бекітілген. Бұл қылқобызды 1983 жылы 20 шілдеде суретші Юлдабаевтан сатып алынған.

Орталық музей қорында сым тілшелі көне аспаптың бірі – шаңқобыз сақталған. Музейдегі шаңқобыздың (КП 20179) құрылысы күрделі емес. Шаңқобыз – ежелден келе жатқан қазақтың дыбысты өзі шығаратын тілшелі музыкалық аспабы. 1958 жылы Алматы облысының Райымбек аулының тұрғыны А. Хасеновадан алынған. Материалы: металл. 8х3 см. Оның қорабы әйелдің кебісі сияқты етіп, өңделген металл таспалардан жасалған. Екі жақ ұшы сүйірленіп келген, ортасында жіңішке, сүйір тілшесі бар. Ойнау кезінде ауыздың екі ұрты қызмет атқарып, дыбысты күшейтеді. 1985 жылы 1-ші қыркүйекте Алматы облысы, Каскелен ауданы, Райымбек ауылының тұрғыны Хасеновадан сатып алынған.

Тағы да бір аспап жетіген – жеті ішекті, шертіп ойнайтын, бұрауы жоқ музыкалық аспаптардың бірі. Бұрауы жоқ болғандықтан, оның құлақ күйін жеті асықты ілгерлі- кейінді орналастыру арқылы келтіреді. Музейдегі аспап (КП 14198) тұтас ағаштан ойып жасалып, терімен қапталған, жылқы қылынан ішектер орнатылған, бір бүйірінде күйге келтіретін ағаш құлақтары бар.

Жетіген – жеті ішекті шертіп ойналатын музыкалық аспап. Орталық музей 1977 жылы Оразғазы Бейсенбаевтан алынған. Материалы: ағаш, жылқы қылы, тері. Ұзындығы – 89см, ені – 23см Музейге жетіген құлақ күйін келтіретін асықтарыңыз

өткізілген. Дыбыс ішектерді саусақтармен іліп – қағу арқылы шығады. Аспап 1977 жылы 28 қыркүйекте албан руынан шыққан шебер Оразғазы Бейсенбаевтан сатып алынған.

Ал үрлеп тартылатын аспаптардан музей қорында сыбызғы түрлері де сақталған. Ел арасында кең тараған сыбызғының түрі қурайдан жасалады (КП 26618/1). Ұзындығы-52 см, енінің диаметрі -1,8 см.

Үрлеп тартылатын аспаптың тағы бір түрі – сазсырнай. Ол уілдеуіктер қатарына жатады. Біз қарастырып отырған сазсырнай (КП 20181) саз балшықтан жасалған. Алматы облысы Райымбек ауылының тұрғыны А. Хасеновадан алынған. Материалы: саз балшық, жылтырауық, өлшемдері:12х6см. Көлемі мен формасы жұмыртқа пішіндес, дыбыс шығаратын жеті тесігі бар. Ақшыл сары түстес, сырты өсімдік тәріздес өрнектермен безендіріліп, жылтыратып боялған. 1985 жылдың 1-ші қазанда Алматы облысы, Қаскелен ауылының А. Хасеновадан сатып алынған.

Асатаяқ – халық арасында ерте заманнан пайдаланып келе жатқан көне музыкалық аспап. Қарастырып отырған асатаяқ (КП 24295) жыланнның басына ұқсас ағаштан жасалған, оған жеті қола қоңыраулар ілінген. 1992 ж. Алматыда алынған. Материалы: металл, ағаш. Ұзындығы – 50,5см. Балғасы – 14х2см. Музыканың ырғағына қарай сілкіп ойнағанда одан бір-біріне ұласа сыңғырлаған нәзік үн шығады. Екі бүіріне ою-өрнектер салынған. Асатаяқты ертеде бақсылар пайдаланған. 1992 жылы Алматы қаласының «Скиф» салонынан сатып алынған.

Музей қорында сақтаулы келесі бір музыкалық ұрмалы аспап – тұяқтас (КП 22319/3аб). Кейде тайтұйақ деп аталатын бұл аспап, бұрын саятшылардың құралы болған. Материалы: жылқының тұяғы. Өлшемі: 10см Музей қорындағы тұяқтас аттың тұяғынан жасалған. Беті жағы қызғылт сары түсті өрнектермен әшекейленіп, қызыл және қола түсті екі жолақ түсірілген. 1988 жылдың 19 қазанында Гурьев облысының «Атырау» ансамблінен алынып, музейге тапсырылған.

Дауылпаз – қазақтың ұрып ойналатын көне саз аспабы (КПД 286). Ол қандай да белгі беретін әскери және аңшылық кезінде қолданған аспап. Материалы: металл, ағаш, тері. Биіктігі – 35,5 см, диаметрі – 45х29,5см. Ол күрделі және көне аспаптар қатарында жатады. Дауылпаздың шанақтары қазан сияқтанып жасалған да, ашық беті көне терімен қапталған. Аспаптың формасы конус тәріздес және түбі жайдақ болып келген. Ұрылатын беті жылқы терісімен қапталып, айналасына ағаштарды тігінен желімдеп, сыртынан қызыл түске боялған. Оның жан – жағында терісін керіп не босатып тұратын, сондай-ақ, дыбысын жоғарылату немесе төмендету үшін жасалған бұралмалы төрт винттері бар. Аспап 1958 жылы Москва қаласында өтетін декадаға арналып, Қарағанды қаласындағы музыкалық аспаптар жасайтын фабрикада жасалған.

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музей қорында қазақ халқының музыкалық аспаптарымен қатар әлемнің 40-тан астам елінің музыкалық мәдениетімен таныстыратын 1400-ге жуық музыкалық аспаптар бар.

Музыкалық аспаптар музейде тек экспонат ретінде сақталып қана қоймай,

тұрақты түрде ұйымдастырылатын дәстүрлі кештер барысында дыбыстандырылып отырады. Соңғы жылдары музей қоры қазақ музыка өнерінің ірі өкілдері – Ақан сері, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Құрманғазы Сағырбайұлы домбыраларымен толыққан.

Мемориалдық музыкалық аспаптар залында Абай, Шәкәрім, Құрманғазы, Дина, Жамбыл, Қазанғап, Ақан сері, Біржан сал, Кенен, Сүгір, Ахмет Жұбанов, Нұрғиса Тілендиевтің қолданған домбыралар мен сырнайлары қойылған.

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музей қорындағы ең көне музыкалық аспап – Жарас бақсының қобызы дейді. Аталмыш аспаптың түсім кітапшасы мен паспортында берілен мәліметтерге сүйенсек, қобыз XVI ғасырда жасалған екен. Музей қорына 1983 жылы қабылданған. Ең көне аспап екендігі жөнінде талай газет пен интернет порталдарында мақалалар жарық көрген [232].

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын.

Домбыраның түрлері. Қазақтың домбырасы бұрында тұтас ағаштан шауып жасалған. Қазақ халқында домбыра аспабында күй тартудың негізгі екі жүйесі қалыптасқан:

1. Төкпе күйшілік дәстүр (Батыс Қазақстан аймағы).
2. Шертпе күйшілік дәстүр (Шығыс Қазақстан аймағы).

Осыған орай қазақтарда домбыраның ең кең тараған екі түрі бар. Олар – Батыс Қазақстан, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Ауғаныстан жеріне кең тараған қауақ (жұмыр шанақ) домбыра және Алтай-Тарбағатай, Жетісу мен Сарыарқа, Қаратауға тараған қалақ домбыра.

Батыс домбырасының негізгі өзгешелігі, шанағы үлкендеу, мойны жіңішке, тұрқы ұзындау келсе, шығыс домбырасының мойны жуандау, әрі қысқарақ болады. Домбыраның осы екі түрі де күй орындаудағы ерекшеліктерге, дыбыс шығару сапасына байланысты және музыкалық қажеттіліктен туған [11, б.76].

Батыс домбырасына жататын Махамбет Өтемісұлының домбырасы бес шанақты жұмыр етіп жасалған. Домбыра екі ішекті және он үш пернелі.

Күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлының домбырасы – екі ішекті, шанағы тік, сопақша пішінді музыкалық аспап. Бет тақтайында үш кішкене және оң жақ жанында қосымша бір дыбыс ойығы бар. Бір құлағы артынан, екінші құлағы жанынан бекітілген. Бүгінде түпнұсқа домбыра Астрахань қаласында орналасқан Құрманғазы атындағы мәдени орталық қорында. Бұл көшірмені белгілі домбырашы, домбыра жасаушы шебер 2018 жылы Едіге Нәбиев арнайы Астраханьға барып, аспаптың дәлме-дәл өлшемдерін сақтай отырып жасап, сол жылы Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне өз қолымен табыстады.

Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының үш ішекті домбырасы музей қорында сақталған. Ол қалақша пошымды, сегіз пернелі болып келген. Музыкалық аспаптың паспортына сүйенсек, аспапты ұлы Ақылбай қолданған екен. Кейін ол мұра ретінде

оның баласы Исраилға беріліпті. Кейін оның қыздары Абайдың домбырасын Семейдегі Абай Құнанбайұлының әдеби-мемориалдық музейіне тапсырған екен. Ал Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорына 1981 жылы түскен екен. Кейін осы домбыраның төрт көшірмесі жасалынған дейді сол музейде қызмет жасайтын ғылыми қызметкерлер.

Сондай-ақ музей экспозициясына Жамбыл Жабаевтың, Қазанғап Тілепбергенұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Күйші-композитор Дина Нұрпейісованың домбыралары қойылған. Қазанғап Тілепбергенұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының домбыралары қалақша пішіндес етіп жасалған. Шәкәрім Құдайбердіұлының домбырасының шанағы тұтас қарағайдан шауып жасалынған және он үш пернелі болып келген. Ал Дина Нұрпейісованың домбырасы жұмыр шанақты және шанағының саны жеті юолып келеді. 1981 жылы Өзбекәлі Жәнібековтың ықпалымен аталмыш домбыра Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорына Атырау тарихи-өлкетану музейінен алынған.

Семей тарихи-өлкетану музейі, «Жидебай-Бөрілі» қорық музейі, Шығыс Қазақстан облысы тарихи-өлкетану музейі, Баян-Өлгей аймақтық тарихи-өлкетану музейіндегі қалақ домбыралар коллекциясы дәстүрлі тарихи домбыра үлгісін әрі қазақ жерінің шығысында кең қолданылған үлгісін дәріптейтін мұра.

Қорытындылай келе XX ғасырдың 1960 жылдарына дейін қолданыста қобыз, домбыра, сыбызғы және дауылпаз аспаптары ғана пайдаланылып келсе, кейін осы аталған аспаптардан басқа да қазақтың отыздан астам түрлі музыкалық аспаптары бар екені анықталды. Олар жоғарыда айтылған музейлер қорында сақтаулы. Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі бір бағытқа мамандандырылған «этнографиялық музей» деп қарауымызға болады. Әсіресе, халық музыкалық аспаптар музейінде аспаптар шертіп ойнау, үрлеп ойнау, ұрып ойнау, сілкіп ойнау деген тәрізді түрлеріне қарай жүйеленіп, «тақырыптық экспозиция» үлгісінде берілген.

4 ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯНЫҢ ЭКСПОЗИЦИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛІНУІ

4.1 Этнографиялық құндылықтардың экспозициялануы, халықаралық және республикалық көрмелерде дәріптелінуі

Музейдің ғылыми-зерттеу қызметінің өзіндік ерекшеліктері бар: ең алдымен музейдің қорын сан алуан тарихи және мәдени құндылықтармен толықтыруды, сақтауды, жүйелі зерттеуді және дәріптеуді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін, біріншіден, әртүрлі музейлік мәнді бұйымдарды камералық өңдеу, есепке алу, алғашқы атрибуциялық сараптамадан өткізу, одан әрі этникалық, тарихи, тіпті, физикалық, химиялық, биологиялық сияқты жан-жақты ғылыми негізделген атрибуциялық зерделеу, ғылыми паспорттау, бүлінгендерін қажетінше қалпына келтіру, инвентарлық каталогтау, ғылыми каталогтау сынды ерекше ғылыми-зерттеу жұмыстары атқарылады.

Екіншіден, аталған іс-шаралардың логикалық жалғасы ретінде сан алуан уақытша көрмелер мен экспозициялық кешендерді жасақтауға байланысты олардың әрқайсысының тақырыптық-проблемалық концепциясын түзу, тақырыптық-экспозициялық (көрмелік) жоспарын құру, осы жоспарды жүзеге асырудың сценарийін жасау сияқты қыруар ғылыми-зерттеу жұмысы да атқарылып отырады. Өзара себеп-салдарлық байланыстағы аталмыш екі іс-шаралар музейдің сан салалы функциясының негізі мен негіздемесі болып табылады. Бұл іс-шараларға кез келген музейде айрықша көңіл бөлінетіндігі сондықтан.

Сондай-ақ, музейдің ең басты функцияларының бірі – музейлік құндылықтарды үнемі дәріптеу болғандықтан, тиісінше жергілікті тұрғындармен қатар, алыс-жақынды қонақтарды музейге тартуға байланысты сан салалы ұйымдық іс-шаралар да жүргізіледі. Осыған байланысты, әсіресе, аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі музейлерде алдын ала педагогикалық, социологиялық, мәдениеттану сынды ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып отырады. Осылайша, ғылыми негіздемесі жасалынған кез келген іргелі мәдени-білім іс-шаралар, әдетте, нәтижелі болып шығады.

Айтылған ғылыми бағытта жүргізілген іс-шаралармен қатар, музейде іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары да міндетті түрде атқарылуы тиіс. Онсыз музей функциясының тиімділігін елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл жағынан музейдің атқаратын ғылыми-зерттеу жұмысы негізінен жоғары оқу орындары мен өзге ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми міндеттерімен және функциясымен сәйкес келеді.

Сонымен, музейтану және музей құрылысы саласындағы әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, музейдің ауқымды ғылыми базасының болуы ғана осынау институттың өзінің негізгі функциясы – мәдени және тарихи құндылықтарды мейлінше тиімді дәріптеуге мүмкіндік береді. Демек, ғылым музейдің ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру институты ретінде түрлі бағыттағы және түрлі

деңгейдегі қызметтерін нәтижелі жүзеге асыруда басты кепіл болып табылады.

Осы тұрғыдан қазір еш әсіресіз республикалық деңгейде ірі ғылыми-зерттеу мекемелерінің біріне айналып отырған Орталық музейде тарих, археология, антропология, этнография, деректану, мәдениеттану, өнертану сынды ғылым салаларға қал-қадерінше ерекше көңіл бөлінеді. Осындай іс-шараларды атқарудың тағы бір тиімді жағы – осы қиындығы айрықша мол үрдісті қазіргі замана талабына сай ғылыми тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру музей қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттырады әрі жоғарғы методологиялық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған музей қызметінің басты бағыттарының бірі – экспозициялық, музей экспозициясын құру жұмысы. Тұрақты немесе уақытша экспозиция музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін ғылыми айналымға енгізудің өзіндік формасы, әрі музей құндылықтарын зерттеу нәтижесін жариялаудың ұтымды жолы болып табылады.

«Экспозиция» термині латынша «*expositio*» (көрсету), кең мағынада кез-келген заттар жиынтығын арнайы көрсету ұғымын береді. Бүгінгі күні музейтану ғылымында қолданылып жүрген экспозицияның қарапайым анықтамасы: музей жинағының көрсетуге арналған бөлігі [230, б. 54].

Музейдің негізгі экспозициялық қызметі – экспозицияларды жобалау. Оның өзі екіге бөлінеді, біріншісі – ғылыми жобалау, яғни тұжырымдамасын, құрылымын дайындау, тақырыптық-экспозициялық жоспарын әзірлеу, екіншісі – көркемдік жобалау, ол сәулеттік көркемдік қағидалары мен шешімдерді әзірлеу. Екіншіден, музей экспозициясы ғылыми, заттық, коммуникативтік, тарихи-хронологиялық және кешенді тақырыптық принциптер негізінде құрылады. Экспозициялық-көрмелік шараларды ұйымдастыру және өткізу барысын алқалық ғылыми-консультациялық орган – экспозициялық көрме кеңесі қадағалайды. Кеңес құрамындағы музейдің жетекші мамандары тұрақты экспозиция және көрме экспозициясын құру барысын бақылайды. Кеңес көрмелер мен экспозициялар тақырыбы, көрмелер тақырыбының музейдің бағыты, мүддесіне, сондай-ақ ғылыми бөлімдер қызметінің бағытымен сәйкестігі, тұжырымдама жобасы, тақырыптық құрылымы, тақырыптық экспозициялық жоспары, сәулеттік-көркемдік шешімі, басты және түсіндірме мәтіндердің дәйектілігі сияқты мәселелерді қарастырады.

Этнографиялық бейіндегі экспозицияны жобалау этнография ғылымының дамуымен тікелей байланысты болып табылады. Этнографиялық экспозицияны жобалау барысында музейлік заттарды неғұрлым толық әрі үйлесімді көрсету үшін этностың рухани және материалдық мәдениетінің ерекшеліктері, мәдениеттердің өзара ықпалы зерттеледі. Музейдің ғылыми-зерттеу қызметі халық тұрмысында пайдаланылған заттардың тарихы, қолданылған аясы, тағы да басқа ерекшеліктерін зерттеу арқылы ұлттық болмыстың белгісіз қырларын ашып, қазақ дүниетанымын саралайды. Осы ретте, Нұрсан Әлімбайдың жетекшілігі және ғылыми концепциясы бойынша экспозициясы жаңартылған Этнографиялық залын атап өту қажет.

Экспозициялық зал қазақтардың дәстүрлі мәдениетіне, шаруашылық және тұрмыстық салтына, рухани мәдениетіне арналған. Осыған орай Орталық музей этнографиялық экспозициясының концепциясына толығырақ тоқталуды жөн санадық.

Экспозицияны құру үшін, ең әуелі экспозицияның концепциясы жазылады. Орталық және Ұлттық музейлердің этнография залының концепциясының авторы профессор Нұрсан Әлімбайдың айтуы бойынша ең алдымен экспозиция құрудың негізгі принциптеріне назар аудару керек. Орталық музейде экспозицияны құрудың жүйелі негізі ретінде проблемалық-хронологиялық принципке негізделген, ол этносаяси құрылымдар мен мәдени-тарихи дәстүрлердің эволюциясы мен трансформациясының көпвекторлы үдерісін олардың заттық көрінісінде жүйелі және дәйекті түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Экспонаттарды белгілі бір орынға орналастыру тәртібі диахронды және синхронды әдістерге негізделген. Осылайша, аталған әдістердің әдістемелік тұрғыдан үйлесімділігі олардың осы принципті жүзеге асырудың ерекше тәсілі ретінде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Экспонаттарды іріктеудің негіз принципі – экспонат мәдени-тарихи құндылыққа ие болып қана қоймай, халықтың мәдениетін және оның құрамдас элементтерін көрсететіндей экспозициялық модель құруға жарамды болуға тиіс. Осы орайда, «заттың болмысы емес, этностың мәдениетінде қалыптасқан жағдай мен оның көрінісі экспозицияны жинақтау үшін негізгі өлшем және түпкі мақсат болып табылады. Экспозицияның тақырыптық құрылымы: қазақ хандығы, қазақтардың дәстүрлі мәдениеті: мал шаруашылығы, егіншілік, балық аулау және аң аулау, "Қыш шеберханасы", "зергерлік шеберхана" инсталляциясы, тұрмыстық заттар, әйелдер және ерлер киімі, зергерлік бұйымдар, бас киімдер, ерлер мен әйелдер белдіктері, кілем және киізден жасалған бұйымдар.

Композициялық жағынан зал кіші және үлкен айналымнан тұрады. Залдан орын алған этнографиялық материалдар қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмысы мен дүниетанымдық көзқарастарынан, бай рухани және материалдық мәдениетінен сыр шертеді.

Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің негізгі құрамдас бөліктері – тұрғын үй, қоныстану жүйесі, тамақ, жиһаз (интерьер), тұрмыстық бұйымдар, киім, халықтық білімнің түрлі салалары (медицина, күнтізбелік, метеорологиялық, өлшемдік және т.б.), олар өзара тәуелді және бір-біріне шартты байланыстарда этникалық организмнің тіршілікқамы жүйесін қамтамасыз етеді. Этнос мәдениетінің осы саласы, атап айтқанда, қазақтардың мәдениеті, көшпелі шаруашылық мәдени қызметінің көшпелі өмір салтына тән экологиялық, мәдени-тарихи сипаттамаларын және параметрлерін айқын түрде бейнелейді.

Бұл экспозициялық кешен келушіге қазақтардың дәстүрлі мәдениеті туралы жүйелі түсінік береді, яғни көшпелілердің Еуразия даласының экстремалды жағдайларына бейімделуінің әлеуметтік (қоғамдық) ұйымдастырылған механизмі

ретінде ақпарат береді. Киіз үй мен оның құрамдас бөліктері, тұрмыстық бұйымдар, жиһаз және басқа да осындай жүйенің құрамдас бөліктерінің тіршілікқамы жүйесінің әртүрлі функцияларымен танысу көшпелілердің әлемді түсінуін осы экспозицияға қойылған этнографиялық экспонаттар негізінде нақты түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Экспозициялық залдың сол жақ бөлігі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына арналған. Экспозицияның композициясы құрылымдық және функционалдық тұрғыдан төмендегідей схема бойынша жасалады: үй шаруашылығы, аңшылық, қолөнер және т.б.

Шаруашылық. Бұл бөлім экспозицияда негізгі бөліктердің бірі болып табылады, себебі шаруашылық түрі материалдық мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктерін құрайтын тұрғын үй, тұрмыстық бұйымдар, тамақтану жүйесі сияқты, сондай-ақ рухани мәдениетке де әсер етті.

Көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақтардың мал отары жылдың төрт маусымында да табиғи жайылымдарда бағылды. Мал азығын қамтамасыз ету мақсатында қазақтар жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырып, қыстау, көктеу, жайлау, күздеуге көшіп-қонды. Көшпелілер үш негізгі мал түрін өсірді – жылқылар, қойлар және түйелер, ал аз мөлшерде ешкілер де болды.

Арнайы назар жылқыларды өсіруге аударды. Жылқылардың қазақы тұқымын негізін үй шаруашылығының ерекшеліктеріне сай бейімделген, ет пен сүтпен қамтамасыз ететін ұзақ сапарларға, жорықтарға, бәйгелерге, аң аулауға жылқылар негізгі міндет атқарды.

Қазақтар мал шаруашылығында қой өсіруді ерекше орынға қойды. Мал өсірудің ешбір түрі қысы-жазы табиғи жайылымдарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін, шөл, шөлейт, құрғақ және таулы аймақтардағы қой шаруашылығымен салыстырала алмайды. Көшпелілердің тамақтану рационында қой етінің және сүтінің маңызы зор болды. Қой сүті мен сүт өнімдері күнделікті өмірде сұранысқа ие болды. Қойдың шикі және қайнатылған сүтінен әр түрлі тағамдар дайындалды: қаймақ, ірімшік және т.б. Күнделікті өмірде қой жүнінен жасалған өнімдерге деген қажеттілік, кең сұранысқа ие болуына ықпал етті, сондықтан жүн қырқу жыл сайын жүргізіліп отырды.

Түйелер негізінен қос өркешті болып өсірілді. Олардың жүндері жоғары бағаланды, одан жылы киімдер жасалды, ал ет және сүт азық ретінде пайдаланылды. Түйелер көшпелі өмірде, әсіресе көші-қон кезінде, әртүрлі жүк тасымалдау жұмыстарында орны толмас көмекші болды.

Құрғақ ауамен және көктем мен жазда жауын-шашынның аз болуымен сипатталатын Қазақстанның ерекше климаттық жағдайында жасанды суармалы егіншілік кең тарады. Егіннің тұрақтылығы агротехникалық шаралар кешені мен жеткілікті дамыған ирригациялық желімен қамтамасыз етілді. Егістікке арналған топырақты өңдеу үшін егістік құралдар – тісағаш, омаш, жерағаш, соқа, сабан, мала,

тырма қолданылды. Қазақстанда егіншілік негізінен Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда, Сырдария бойы, Жетісу аймақтарында дамыды. Бұл аймақтардың қазақтары суармалы егіншілікпен айналысқан, ал солтүстік аудандарда суарылмайтын егіншілікпен айналысқан.

Жерді қопара аударып жер жырту үшін соқа қолданған. Сондай-ақ жерағаш, тісағаш, омаш, түрен сияқты құрал түрлері де пайдаланылған. Егін, шөп оруға арналған құралы орақ болған. Сондай-ақ айыр немесе аша, күрек, тырма, шалғы сияқты шаруашылық құралдары да қолданыста болған.

Жартылай көшпелі, жартылай отырықшы қазақтар ірі қара мал өсіре бастады, ол жер өңдеу жұмыстарында қара күш ретінде қолданылды. Ірі қара малдың еті мен сүті тамаққа пайдаланылды. Сонымен қатар, бай шаруашылықтарында ірі қараның мол басын иемденумен қатар, оларды кедейлерге «сауын» ретінде беру орын алды, олар ірі қара өнімдерін пайдаланып, иелері үшін белгілі бір міндеттерді атқарды. Ірі қара мал, жылқылар, аздап қойларға қыста жем дайындау үшін шөп шабу жұмыстары ұйымдастырылды.

Бұрын қазақ халқының арасында балық аулау баяу дамыған. Балық аулау шаруашылық қызметтің қосалқы түрі ретінде Арал мен Каспий теңізінде жүзеге асырылды, сонымен қатар жаппай сипат алмаса да Қара Ертіс, Зайсан көлі мен Балқаш көлінің батыс жағалауында дамыды. 19 ғасырдың екінші жартысынан бастап, жаңадан келген орыс-украин халқының саны мен үлесінің артуымен байланысты балыққа тұрақты сұраныс пайда болды. Дәстүрлі түрде қазақтар балықты азық ретінде тұтынған жоқ. Қазақтар үшін балық аулаудың дәстүрлі құралдары – қармақ, үш таспалы тұзақ (шанышқы), сүзек болды.

Мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулау бойынша экспонаттар киіз үйдің сол жағында орналасқан витриналарға орналасқан.

Осы сияқты аңшылық, шаруашылық, тұрмыстық бұйымдар, кілем, тоқыма бұйымдары, киіз үй, оның жабдықтары бәрі толығымен ғылыми тұрғыда жазылған.

Қалыпты жолға қойылған музейдің экспозициялық қызметі музей жұмысын толық ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Олар экспозицияларды жобалау, ғылыми тұжырымдамасын (концепциясын), құрылымын дайындау, нақты мазмұнына сәйкес тақырыптық экспозициялық жоспарын әзірлеу, сәулеттік-көркемдік қағидалары мен шешімдерді әзірлеу, экспозицияларды бөлшектеу, тұрақты жұмыс істейтін экспозицияларды ішінара жаңарту жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар түсіндірме мәтіндер, экспонаттарға берілген этикеткалар құрастырылып, міндетті түрде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді.

Диссертациялық жұмыста этнографиялық заттарды экспозициялауда Орталық музей негізінде ғана көрсетуді жөн санадым. Алайда этнографиялық материалдарды жинақтау барысында басқа да музейлердің экспозиция құру концепциялары да басты назарда болды.

Халықаралық және республикалық көрмелерде дәріптелінуі. Көрме жұмысының негізгі бағыты музей қор коллекциясындағы материалдық және рухани

мәдениет заттарын экспозициялауға бағытталған. Музей қорында сақтаулы экспонаттардың барлығын музей залдарындағы экспозицияға қоюға орын болмайтындығы белгілі. Осыған орай, музей саласында уақытша экспозиция, яғни көрме құру тәжірибесі қалыптасқан.

Музей көрмелері жүйелі, сондай-ақ тақырыптық экспозициялық әдіс бойынша құрылады. Топтау тәртібі мен экспозициялық материалдарды ұйымдастыру экспозиция құрудың әдісін анықтайды. Музей экспозициясын құру кезінде келесідегідей принциптерді пайдаланады: ғылымилығы, заттылығы, тарихи-хронологиялық және кешенді-тақырыптық принцип. Көрме төрінен орын алған экспонаттардың музейге келуші жалпы қонақтардың бәріне түсінікті болуы басты назарға алынуы шарт.

Орталық музей 2006 жылдан бастап мемлекеттік ресми аттестациядан өтіп, ғылыми-зерттеу мәртебесіне ие болды. Бұл музейдегі ғылыми-зерттеу, соның ішінде музей қорындағы сан алуан құндылықтарды және жаңа түскен музейлік мәнді бұйымдарды камералық өңдеу, атрибуциялау, паспорттау сынды профильдік зерттеу жұмыстары ғана емес, мәдени білім беру жұмысын да тиімді ұйымдастыруға серпін берді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында Орталық музейдің жылдық есептері қаралды. Сол жылдық есептердің ішінен этнографиялық коллекциялар қойылған бірнеше көрмелерге қысқаша тоқталуға жөн санадық. Музейдің қорынан ұйымдастырылған көрмелер – музейлік көрмелердің қалыптасқан типі. Оның мақсаты – музейлік жиынтықтарды ғылыми айналымға енгізу және көпшілікке таныту.

Қазақстанның астанасы – Астана күніне орай «Орталық музей қорынан кілем және тоқыма бұйымдары коллекциясы» атты көшпелі көрме ұйымдастырылды. Хан шатырының қасында киіз үйлер тігіліп, шығыс базары, қолөнер шеберлері, зергерлер концерттер өтетін шеберханалары, сахналық алаңдар мерекелік қойылып, жауынгерлік қойылымдар көрсетіліп, үлкен этноауыл орналастырылды. Музей қазақ халқының қолданбалы өнерін паш ететін кілем-тоқыма бұйымдарының аса бай этнографиялық жинағын ұсынды. Астанада өткен көрмеде барлық экспонаттарды көрсету мақсатында, қазақ ұлттық үй жиһаздары мен текемет, сырмақ, тұскиіз сияқты сән салтанатты заттармен іші толтырылған, өзара біріктірілген үш киіз үй тақырып бойынша қойылды. Астана қаласындағы көрмеге Орталық музей қорында сақталған бірнеше кілем-тоқыма бұйымдары: қалы кілем, тақыр кілем, алаша, түскілем сияқты негізгі түрлерімен қатар тұрмыс пен шаруашылықта қолданылған кілем бұйымдары (боқша, бөстек, сауырша, сандыққап және т.б.) қойылды. Көрмеге қойған кілем-алаша жинағы, киіз үй интерьеры безендірудегі сан алуандылығымен, ерекше мазмұндылығымен, бояу-нақыш, ою-өрнегі, орындау техникасының үйлесімділігімен ерекшеленеді. Көрмеге музей қорынан барлығы 80 сақтам бірлік музейлік зат қойылды.

Қазақ хандығының 550 жылдығы мерекесіне орай Тараз қаласында еліміздің

ең көне музейі «Орталық музей қорындағы кілем-киіз бұйымдары», «Орталық музей қорындағы қазақтардың дәстүрлі қару-жарақтары» атты екі көшпелі көрме өткізді. «Музей қорындағы кілем-киіз бұйымдары» көрмесін тамашалауға келген көрермендерге этнографиялық кілем киіз бұйымдарының аса бай коллекциясын, қазақтардың халықтық-қолданбалы және сәндік өнер бұйымдары: текемет, сырмақ, түскиіз, кілем-тоқыма бұйымдары және жиһаздардың сәндік үлгілері ұсынылды.

Кілем-киіз бұйымдары – қазақтардың дәстүрлі қолөнерінің негізгі түрінің бірі болып табылады. Қолөнердің бұл түрінен жасалған ең қымбат бұйымдар хандар, сұлтандар және бектердің шеберханаларында жасалған. Орталық мемлекеттік музейдің көрмесі қазақтың дәстүрлі кілемдерін, қалы кілем, тақыр кілем, алаша, қоржын, керме, атжабу, кесеқап пен аяққап, сандыққап, жайнамаз және т.б. жан-жақты таныстырды. Сонымен бірге, көрмеге келушілер қазақтардың басқа да төсеме және қабырғаға ілінетін кілемдері текемет, сырмақ, түскиіз, алаша және т.б. бұйымдарымен де танысты. Көрмеге музей қорынан 61 сақтам бірлік қойылды.

«Орталық музей қорларынан алынған қазақтардың дәстүрлі қару-жарақтары» көрмеде Орталық музейі қорларындағы XVIII ғ. соңы – XX ғ. басы уақыт кезеңін қамтитын қазақтардың дәстүрлі қару-жарақтары коллекцияларынан алынған заттар көрсетілді. Қазақ ұғымындағы қару-жарақ атауы екі сөзден - құралды білдіретін қару, жау қаруынан жауынгерді қорғайтын қажетті құрал жарақ сөздерінен тұрады. Таразда Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу кезінде қазақтардың дәстүрлі қару-жарақтарының мынадай түрлері көрсетілді: шабушы, шанышқылы, кесуші, күрзілі соққылы, лақтырма құралдар, сондай ақ әскери сауыт-саймандар. Мәселен, көрмеде музей қорларынан алынған қазақ халқының жауынгерлік өнерін бейнелейтін экспонаттар – алғашқы кезекте мынадай бес қару (ер қаруы – бес қару) қойылды: лақтырма (садақ, жебелер); шаншыма (найза, сүңгілер); кесуші (семсер, алдаспандар, қылыштар); соққылы (шоқпарлар, күрзілер, қол шоқпарлар); кесуші (балталар, айбалталар, жекендер).

Сондай-ақ көрмеге келушілер назарына қазақ жауынгерінің сауыт-саймандары мен басқа да керек жарақтары: кісе белдік, адалбақан, ер тоқым, жарғақ шалбар және басқалар ұсынылған. «Қазақтардың дәстүрлі қарулары» көрмесінде барлығы ҚР МОМ қорларынан алынған барлығы 53 сақтау бірлік экспонаты көрсетілді. Көрмеге екі күн ішінде – 7 200 адам келген.

Наурыз мейрамы қарсаңында «сырлы аяқтың сыны кетпес» атты қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяғы мен үй бұйымдары көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрменің мақсаты – көрмеге келушілерді қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқ, үй бұйымдарымен таныстыру, олардың қолданысына, көлеміне, пішініне, көркемдеп безендірілу ерекшеліктеріне қарай түрлерін көрсету. Көрме экспозициясында заттар тұтынылуына қарай: азық-түлік өнімдерін сақтауға және тасымалдауға, тағам дайындауға және оны таратуға және т.б. сияқты 5 бөлімге топтастырылды.

Дәстүрлі ортада көшпелі тұрмыс талаптарына сай ыдыс-аяқ түрлері, негізінен, ағаш, тері тәрізді сынып бүлінуге көп ұшырай бермейтін материалдардан жасалған.

Ыдыс-аяқтар мен ас үй бұйымдары негізінен экологиялық таза табиғи материалдан – ағаш, тас, сонымен бірге сүйек, үй жануарларының терісі және металдан жасалатын болған. Сондықтан көрмеде былғарыдан жасалған: саба (қымыз сақтауға арналған үлкен ыдыс), торсық (былғары ыдыс), мес (орташа көлемдегі былғары ыдыс, қымыз сақтауға арналған), көнек, жанторсық, металдан құйылған қазандардың түрлері және кепсер, ожау сияқты заттар қойылды.

Көшіп-қону кезінде ыдыс-аяқтарды және азық-түлік салынған ыдыстарды, әсіресе сұйық тағамдар салынған ыдыстарды тасымалдау, оны дұрыс сақтау көп қиыншылықтар тудырғаны белгілі. Осыған байланысты қолданылған әртүрлі қаптар, шкафтар және де басқа бұйымдар көрмеге қойылған. Атап айтқанда көрмеге сабааяқ (саба астына қойылатын ағаш қойғыш), аяққап (ыдысқа арналған қап), керме (матадан жасалған ағаш аяқтар, оқтау, тақтайларды салуға арналған матадан жасалған сумка), шайкиіз, асадал және ағаштан, былғарыдан, киізден жасалған ас үй бұйымдары мен ыдыс-аяқтарды сақтауға, тасымалдауға арналған заттар экспозицияланды. Көрмеге Орталық музей қорынан 141 с.б. ыдыс-аяқ бұйымдары қойылды.

Орталық музей «Мыңжылдықтар тоғысындағы Астана» көшпенділер өркениеті фестивалінің аясында «Орталық музей қорындағы қару-жарақ және ат-әбзелдері коллекциясы» атты көрме ұйымдастырылды. Оған 117 с.б. құрайтын екі коллекция (ат әбзелдері және қару-жарақ коллекциясы) келушілер назарына ұсынылды. Көрмені 6 жұмыс күні аралығында 5000 адам тамашалады.

Бүгінгі таңда Орталық музей ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында таяу және алыс шетелдердің музейлерімен, мұрағаттарымен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен көпжақты қарым-қатынасты сәтті дамытып келеді. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде соңғы жылдары Италия, Германия, Оңтүстік Корея, АҚШ, Франция, Біріккен Араб Әмірліктері, Қытай, Ресей сияқты мемлекеттерде Орталық музей табыспен өткізген ірі көрмелерді айтуға болады.

«Рухани жаңғыру» Ұлттық бағдарламасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы музей ісі саласындағы халықаралық мәдени ынтымақтастықты іске асыру шеңберінде 2019 жылы қыркүйек айында Чех Республикасының Ұлттық музейінде «Ұлы Даланың тарихи-мәдени келбеті» атты халықаралық көрме мен осы іс-шараның аясында конференция өтті. Бұл көрме шет елдердің Қазақстан тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының арттырғандығы сөзсіз. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде Қазақстан Республикасының мәдени-тарихи бейнесі мемлекет құрушы этникалық топ ретінде әрқашан оның ежелгі жергілікті халқы – қазақ ұлтымен байланысты. Көрмеде ежелгі дәуірден бастап XX ғасырдың басына дейінгі Орталық Азия салт атты көшпелі өркениетінің өзіндік ерекшелігі көрсетілуі – палеоэтнографиялық және тарихи этнографиялық артефактілердің үндестігі.

Жетісу, Оңтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстан сақтарының, Батыс

Қазақстан савроматтары мен сарматтарының, сондай-ақ үйсіндер, ғұндар, содан кейін түркілердің алғашқы көшпелі мәдени қауымдастығының қалыптасуы дүниежүзілік тарихтағы ең маңызды оқиға болды және жаңа тарихи дәуір – көшпелі өркениеттер дәуірінің келгенін көрсетті. Осы көшпелі көрменің жұмыс істеуі кезінде келушілердің әртүрлі санаттары қазақтың дәстүрлі мәдениетімен, сондай-ақ көшпенділердің табиғи тіршілік ету ортасы сияқты мәліметтермен танысты. Бұл кез-келген халықтың этникалық мәдениетінде оның барлық экзистенциялық мәні, әлеуметтік-мәдени табиғаты, ғасырлар бойы қалыптасқан субъективті-трансформациялық, шығармашылық субъективті миссияны қамтылатын көпке белгілі аксиомамен түсіндіріледі. Көрменің мақсаты Орталық музей экспозициясының негізінде Қазақстанның ежелгі көшпелілері және дәстүрлі қазақ мәдениетінің сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төлтума ерекшелігін көрсету болып табылды. Жалпы көрме тақырыптық құрылымы бойынша екі бөлімнен тұрды. Біріншісі «Ұлы Даланың көшпелілер мәдениеті» және екіншісі «Дәстүрлі қазақ мәдениеті» [16, б. 39].

Осы тұста диссертация тақырыбына орай, этнографияға жақын екінші бөлімге егжейлі тоқталғанды жөн санадық. Көрменің «Дәстүрлі қазақ мәдениеті» атты екінші бөлімі сан алуан тарихи-этнографиялық артефактілер арқылы қазақтың көшпелі тіршілік салтының музейлік образын берді. Осыған орай, дәстүрлі қазақтың ортаның тарихи-этнографиялық болмыс-бітімі жөнінде артефактілер көрмеде шаруашылық және тұрмыстық бұйымдар, әрқайсысының қолданыстық ерекшеліктеріне байланысты орналастырылды (ат әбзелі, қолданбалы қолөнер және зергерлік өнер бұйымдары, дәстүрлі киім үлгілері, үй жиһаздарының кейбір элементтері – ыдыс-аяқ, кілем, киізден жасалған бұйымдар және т.б.). Сонымен қатар, әсіресе тұрмыстық заттарды экспозициялау барысында киіз үй кеңістігінің дәстүрлі сегменттерге бөлінуі ерекшелігі ескерілді (ерлер жағы, әйелдер жағы, қонақ орналасатын орын, шаруашылық орындар тұратын орын деген сияқты). Көрмеде алғаш рет көрсетілген басқа да тұрмыстық және шаруашылық бұйымдар, соның ішінде ғұрыптық қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Көрменің танымдық тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында карталар, қазақ даласында сақталып отырған біраз тарихи-мәдени ескерткіштердің орналасу сызбасы, сан алуан фотосуреттер, реконструкциялар, мәтіндер, этикеткалар топтамасы сияқты ғылыми-көмекші материалдар да жан-жақты пайдаланылды.

Көшпелі тұрмыс пен шаруашылыққа тән бітімдерімен және қолданыс ерекшеліктерімен дараланатын көрмеге қойылған дәстүрлі бұйымдар көшпелі тіршілік салтының кеңістігінде қалыптасты. Сонымен бірге олар аталмыш кеңістіктің этноэкологиялық жүйе ретіндегі қалыпты функциясын қамтамасыз етіп отырған факторлардың қатарына жатады. Көрменің мақсаты Орталық музей коллекциясының негізінде Қазақстанның ежелгі көшпелілері және дәстүрлі қазақ мәдениетінің сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төлтума ерекшелігін көрсету

болатын.

Көрменің экспозициялық шешімінің негізгі принциптері, көрменің экспозициялық шешімі бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы нақтылық және функционалдық принциптерге негізделіп жасалынған. Яғни бір-бірін өзара толықтыратын бұлар кең хронологиялық ауқымда көшпелілердің күнделікті тұрмысы мен шаруашылық-мәдени өмірінің тартымды музейлік образын жасақтаудың негізгі композициялық принциптері болып табылады.

Қорыта айтқанда, отандық музейлер тәжірибесінде тұрақты экспозицияға біртекті экспонаттардың көрнекті өкілдерін ғана қойып, біртекті қалған экспонаттарды қорда сақтау ісі басым. Отандық музейлер қордағы этнографиялық артефактілер жоспарлы кезекті уақытша көрмеде көрсету әдісі жалғасып келеді.

Музей атаулының негізгі функцияларының бірі де, бірегейі болып табылатын құндылықтарды, соның ішінде этноартефактілерді дәріптеу ісі, өкінішке орай, ірі музейлерде ғана Орталық музей, Ұлттық музей және өнер музейінде біршама жолға қойылған. Осыған байланысты үстіміздегі жүзжылдықтың басынан бері ұлттық құндылықтарды дәріптеудің ғылыми, ғылыми-инвентарлық каталогтарды жарыққа шығару, кейбір артефактілерге зерттеулер жүргізу мен оның нәтижелерін басылымдар түрінде жариялау, әртүрлі форматта – халықаралық, республикалық, аймақтық (облыстық), жергілікті деңгейлерде көрмелер өткізу, түрлі ғылыми және ғылыми-практикалық форумдар – конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер сынды ұйымдастыру сынды формалары қалыптасты. Алайда өңірлік музейлер осы бағытта назар аударарлық нәтиже көрсетпей отыр. Біздің ойымызша өңірлік музейлерге, ең алдымен, облыстық өлкетану музейлеріне тиісті аймақтық құндылықтарды зерттеу мен дәріптеу ісін жолға қою мақсатында аталмыш бағытта жұмыс атқаруды қолға алу қажет деп санаймыз.

4.2 Этнографиялық артефактілерді ғылыми паспорттау, каталогтау және арнайы зерттеу мәселелері

Музейдің арнайы ғимаратта сақтауға қолайлы сан алуан мәдени және тарихи құндылықтарды бүлінуден, жойылудан, жоғалудан сақтайтын және оларды зерттейтін және дәріптейтін институт ретінде сан салалы функция атқаратындығы мәлім. Яғни, аталмыш институт негізінен бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы ғылыми-зерттеу және мәдени-білім функцияларын атқарады. Осы қос функцияның тиімділігін қамтамасыз ететін іргелісі, ғылыми-зерттеу жұмыстары болып табылады. Бұл озық елдердегі музей саласында сан ғасыр бойы жинақталған және түзілген іс-тәжірибеден туындайтын аксиома – еш дәлелдеуді қажет етпейтін парадигма-ұстаным. Негізгі және басты аргумент – біріншіден, музейдегі құндылықтарды жүйелі де дәйекті зерделеп-зерттемейінше, олардың, жоғарыда айтылғандай, тиімді сақталуын да, жойылмауын да, жоғалмауын да, әлбетте, дәріптелуін де қамтамасыз ету мүмкін емес. Екіншіден, ғылыми дайындығы мол, методологиялық мәдениеті жоғары қызметкердің ғана музейдің

зерттеу жұмысынан басқа мәдени-білім функциясын жоғары деңгейде атқаруға, соның ішінде тарихи және мәдени құндылықтарды жүйелі дәріптеуге дәрмені жетеді. Дамыған елдерде, әсіресе, Батыс Европа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея сынды мемлекеттердегі музейлердің іргелі ғылыми-зерттеу мекемелері ретінде функция атқаратындығы сондықтан. Осыған байланысты олардың ғылыми мекеме ретіндегі материалдық-техникалық базасы және білікті мамандармен қамтамасыз етілу потенциалы айрықша жоғары. Осы ретте мәдени және әлеуметтік, құрылымдық антропологияның ғылыми әлеуетін әлем мойындаған Эванс Причард, Р. Малиновски, Виктор Тэрнер, Клод Леви-Стросс сынды ғалымдардың ең алдымен музей қызметкерлері екендігін жоғарыдағы қисынның көрнекі мысалы ретінде айтуға болады. Осыған тағы бір мысал келтірсек, ғылыми және музейтануға байланысты еңбектердегі деректерге сүйенсек, археология, мәдени, әлеуметтік, құрылымдық антропология (этнология), физикалық антропология, палеонтология салаларындағы жаңалық атаулының басым бөлігі музей кеңістігінде жасалады екен [233].

Музейдің әуел бастан-ақ қалыптасқан институционалдық табиғатына байланысты оның ғылыми функциясы бір-бірін толықтырып отыратын екі салаға бөлінеді. Біріншісі – ғылыми-қолданбалы зерттеу жұмысы. Екіншісі – ғылыми «академиялық» зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу. Ғылыми зерттеудің де, мәдени-білім жұмысының да негізгі және басты объектісі, нысаны қор мен экспозициядағы құндылықтар болғандықтан, мұндағы ғылыми-зерттеу, соның ішінде, әсіресе, ғылыми-қолданбалы жұмыс, ең алдымен, қор жұмысымен тікелей байланысты болып келеді (осы ретте «қор жұмысы» ұғымының экспозициядағы құндылықтарды да қамтитынын еске саламыз). Демек, ғылыми қор жұмысы – музей қызметіндегі материалдық және рухани құндылықтар нысандарын жинақтап, өңдеп, ғылыми және жалпы мәдени айналымға енгізумен байланысты ғылыми «академиялық» зерттеу ісімен бірге басты бағыттардың бірін құрайды. Орталық музейдің ғылыми қызметкерлері Қазақстанға ғана емес, шетелде де жоғарғы бағаға ие болған әртүрлі ғылыми-зерттеу жобаларын жемісті жүзеге асырып келеді.

Музейлік ғылыми-зерттеу ісінің негізі және негіздемесі музей құндылықтарын камералық өңдеу, олардың әрқайсысының ғылыми атрибуциясын, паспортын, ғылыми инвентарлық каталогын жасақтау іс-шараларын және олардың тарихи-мәдени деректің ерекше категориясы ретіндегі танымдық мән-мағынасын, тағылымын зерделеу сияқты методологиялық жағынан да, технологиялық тұрғыдан да аса күрделі үрдісті қамтиды. Қазіргі таңда Орталық музейінің қорында 274 662 сақтам бірлік мемлекеттік тіркеуге алынған, оның ішінде: негізгі қор – 219 662 с.б., ғылыми-көмекші қор – 53 710 с.б., уақытша қор – 1290 с.б. құрайды.

Ғылыми-қор жұмысы – негізгі мақсаты музей қорын қалыптастыру, толықтыру және оларды болашақта пайдалану үшін (сақтау, зерттеу, насихаттау) тиімді жағдай туғызу болып табылатын музей қызметінің жеке бір бағыты [234, с. 200].

Қор жұмысы музейлердегі ғылыми-зерттеу жұмысының ең негізгі «профильдік» бағыты (түрі) болып табылады. Орталық музейдің құрамында дербес құрылымдар – қорды есепке алу және қор сақтау бөлімшелері музей Жарғысының негізінде функция атқарады. Қор қызметкерлері тиісті тарихи немесе мәдени бұйымдардың музейге түсуінен бастап, камералық өңдеу, бүлінгендерін қалпына келтіру үшін тиісті шеберханаға (шетелде – ғылыми-зерттеу лабораториясына) табыстау, ғылыми есепке алу, алғашқы атрибуциялау, толық атрибуциялау, паспорттау, инвентарлық каталогтау, ғылыми каталогтау сияқты негізгі ғылыми жұмысты ұйымдастырып, жүргізеді әрі құндылықтардың (экспозициядағы да, қордағы да) сақталуын қатаң қамтамасыз етіп отырады.

Тиімді ұйымдастырылып, орындалған мұндай іс-шаралар, біріншіден, ғалымдарға іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді, екіншіден, музейдің көрмелік-экспозициялық функциясының да тиімді атқарылуының кепілі болып табылады.

Сондай-ақ қор сақтау тобының мамандары жоғарыда аталған өзінің тікелей кәсіби міндеттерімен қатар, тақырыптық көрмелер құру, экспозициялар жасақтау, әртүрлі дәрістер оқу, экскурсия жүргізу сынды жұмыстарымен де айналысады. Сонымен қатар қорды есепке алу тобы жұмысының жоғарыда аталған негізгі бағыттарының заңды логикалық жалғасы ретінде төмендегідей іс-шараларды да атқарады: есепке алу құжаттамаларын рәсімдеу; анықтамалық картотекалар жүргізу (бұл кез келген мүдделі адамға мемлекеттік есептегі музейлік құндылықтарды оңай әрі жылдам тауып алуға мүмкіндік береді); жаңа түсімдерді қор сақтаушыларға тапсыру, музейлік мәнді бұйымдарға есептік белгілерін қою актілері арқылы олардың материалдық жауапкершілігін заңдастырады; музейден тыс мекемелерге уақытша берілген музейлік заттардың есеп құжаттарын жүргізу және бақылау жасау (актілер, хаттар мен картотекалар); музейлік заттарды қабылдау-тапсыру және салыстырып тексеру жұмыстарына қатысу; қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясы отырысын ұйымдастыру және т.б. [233, б. 78].

Жоғарыда айтылғандай, қор жұмысындағы негізгі бағыттардың бірі музей қорын есепке алу болып табылады. Қорларды есепке алу үздіксіз орындалатын жұмыс, өйткені музей қоры үнемі толықтырылып, олардың қозғалысы мен сақталу жағдайына бақылау жасалып отырылады. Музей қорын есепке алу барысында тиісті формада есепке алу құжаттамасы жасалады. Мемлекеттік есепке алу а) жаңа түсімдерді алғашқы есепке алу және ә) музей затын ғылыми тіркеу сынды екі кезеңмен жүргізіледі. Сөйтіп, қорды есепке алу және сақтау бөлімдері музей қорына тапсырылған музейлік заттарды тіркеу, есепке алу және олардың сақталуын ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырады.

Музей қоры үздіксіз қозғалыста болады. Мәселен, жаңа түсімдер қабылданады, тұрақты немесе уақытша тапсыру-қабылдау жұмыстары, есептен шығару және т.б. жағдайларда музей заттарының саны өзгеріп отырады. Қорлардың қозғалыс үрдісі жаңа түсім, музейлік затты көрме немесе экспозицияға, қалпына

келтіруге, зерттеу жұмыстарына беру, ғылыми-көмекші қордан негізгі қорға ауыстыру, есептен шығару және т.б. жағдайларда анық көрінеді.

Жоғарыда аталғандай этнографиялық коллекцияларды есепке алу, қорды түгендеу және олардың қозғалысы отандық музейлерде барлығы бір жолға қойылған. Дегенімен, келесідей бір мәселе бар. Ол музей коллекцияларын сақтауды қамтамасыз ету.

Музей қорларында сақталатын жәдігерлердің барлығы дерлік физикалық, химиялық өзгерістерге ұшырайды немесе табиғи ескіреді. Бұл өзгерістер негізінен ауа мен жарықтың әсерінен болады. Жәдігерлер биологиялық зиянды жәндіктердің: шыбын-шіркейлер, құрт құмырсқалардың және кеміргіштер мен микроорганизмдердің де әсерінен бұзылуы мүмкін. Температураның белгілі бір деңгейі және ылғалдылық дәрежесі жәдігерлердің табиғи көнеру процесін тездетуі немесе бәсеңдетуі, не баяулатуы мүмкін.

Осындай қолайсыз жағдайлардан сақтану үшін музей жәдігерлерін сақтау тәртібі, ережесі болады. Олар:

1. Температуралық-ылғалдылық режимі;
2. Ауадағы зиянды заттардан қорғау режимі;
3. Биологиялық режим;
4. Механикалық бұзылудан, нұқсаннан қорғау;
5. Музейдегі жарық түсу тәртібі режимі сияқты алдын-ала дайындық шаралары жасалынады [235, с. 401].

Музей жәдігерлерін кешенді сақтау жүйесі бойынша бір бөлме ішінде түрлі материалдардан жасалған заттар орналастырылады. Бұл жүйеге мәжбүрліктен ғана, яғни музейлердің қор сақтау қоймасының жалпы алаңының тарлығынан, ондағы жеке бөлмелердің жоқтығынан немесе музей қорының жетіспегендігінен жүгінеді. Бұл жүйеде әдетте жәдігерлер өздерінің атауына қарай, материалдарына, бағытына және мазмұнына сәйкес орналастырылады.

Осы жерде айта кететін жайт, диссертациялық зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында бірнеше музейлердің қорымен танысудың мүмкіндігі туды. Арнайы музей үшін салынған республикалық және облыстық маңызы бар музейлерді алмағанда, аудандық және жергілікті музейлер қорларындағы этноартефактілердің әртүрлі түрлерінің басым көпшілігінің сақталу күйі сын көтермейді. Яғни музей ғимаратында жоғарыда атап өтілген жарық, ылғал және температура режимдерінің қатаң сақтала бермейтіндігінде. Әрине бұл барлық музейлерге қатысты емес. Дегенімен көп жағдайда музейде музей қорының бөлмелерінің жетіспеуінен, оның тарлығынан туындайды.

Музейлік заттарды қолайлы жағдайда сақтау үшін қор сақтау қоймаларында қажетті температура мен салыстырмалы ылғалдылықты бір қалыпта ұстау қажет. Музей қоймаларындағы ауа температурасы шамамен $18 \pm 1^\circ\text{C}$, салыстырмалы ылғалдылық $55\% \pm 5\%$ аралығында болуы керек [236].

Музей құндылықтарын сақтау жүйесі заттардың физико-химиялық

ерекшеліктеріне, олардың санына, заттардың көлеміне, орналасуына, қор сақтау қоймасының керекті құрал-жарақтармен техникалық жабдықталуына да тікелей бағынышты. Жәдігерлерді сақтауға қажетті алғышарттар тек сақтау жүйесі бір-бірінен оқшауланған жағдайда ғана тиімді іске асырылады. Ол бір оқшауланған бөлме ішінде бір типтес материалдардан жасалған заттар мен сақтау режимі бойынша бір-біріне өте жақын материалдарды орналастыруға негізделген.

Жоғарыда айтылған отандық музей қорын және экспозициялық кеңістіктегі саналуан құндылықтарды, соның ішінде көбісі органикалық материалдардан жасалған этноартефактілерді сақтаудың тағы бір жолы – аталмыш құндылықтарды халықаралық стандартқа сай реставрациядан өткізу. Өкінішке орай, осы саладағы қалыптасқан ахуал музей мамандары тарапынан әжептәуір алаңдаушылық туғызып отыр. Өйткені қазір кейбір ресми басылымдарда айтылып жүрген музейлік құндылықтарды қалпына келтіретін бөлімдер зертхана емес, небәрі шеберханалар ғана. Сондықтан да оларда музейлік құндылықтарды қалпына келтіру ісінде айырықша орны мен рөлі бар химиктер, физиктер, биологтар, әсіресе микробиологтар сынды мамандар мүлде жоқ.

Музей құндылықтарын каталогтау мәселесі. Музей қорларында жинақталған кең ауқымды этнографиялық коллекцияларды (тек этнографиялық коллекция емес, жалпы музей құндылықтарын) каталогтау мәселесі бүгінгі күні музей қызметкерлері үшін маңызды әрі негізгі қызмет болып табылады. Себебі музей құндылықтары көпшілік қауым назарынан, әсіресе зерттеуші ғалым, сол саланың мамандарының назарынан тыс қалатын жағдайда болса, онда халықтың этномәдени мұрасын сақтау, зерттеу, оны болашаққа толық аманат етіп жеткізу мүмкін емес.

Этнографиялық коллекциялар тақырып жағынан болсын, саны жағынан болсын басқа коллекцияларға қарағанда өте көлемді әрі ауқымды. Сондықтан бұл коллекцияға жататын бұйымдардың барлығын экспозицияда көрсету мүмкін емес. Ал зерттеушілер үшін каталог болмаған жағдайда, оларды түсім кітапшалары арқылы түгендеп, санын анықтау, ғылыми айналымға енгізу, оларды зерттеуге өте қиынға соғады. Бұл бір мәселесі болса, екінші назар аудартатын мәселе тек түсім кітапшасында ғана тіркеліп, паспорты жасалғанымен, олар ғылыми айналымға еңбегендіктен ғалымдар тарапынан дұрыс баға берілмей, онсыз да қолданыс аясынан шығып кеткен бұйымдар, мүлдем ұмыт болып, жоғалып кету қаупі бар. Егер де осылай жалғаса беретін болса, онда этномәдени мұрамыздан айырылып қалатынымыз әбден абзал екендігін естен шығармаған жөн.

Бұл мәселелердің барлығы, музей құндылықтарын каталогтаудағы маңыздылығын әрі қаншалықты өзекті екендігін көрсетеді. Қазақстандағы этнографиялық артефактілерді каталогтау және оларды зерттеу мәселелеріне тоқталмас бұрын, әуелі «каталогтау» ұғымына қысқаша тоқталғанды жөн санадық.

«Каталогтау» ұғымы кең мағынада коллекцияларды (бұл жерде музей қорында жинақталған заттарды) ғылыми сипаттау, жүйелеу процессі, сондай-ақ баспа кітаптарын басып шығару мағынасында қолданылады. Ал тар мағынада «ғылыми

каталогтау» – қарастырып отырған музей құндылықтарының музей қорындағы орнын анықтау мақсатында, сол құндылықтарды ғылыми негізде анықтама беру, олардың типологиясын жасау үшін мамандардан жоғары біліктілікті қажет ететін күрделі үрдіс болып табылады [237, с. 16].

Қазіргі кезде музейлердің шығарып жүрген каталогтарын саралай келе, музей қорындағы құндылықтарының сан алуан екендігін көруге болады. Осыған сәйкес музей құндылықтарын каталогтау үшін оларды жүйелеудің өзіндік принциптері қалыптасқан. Е.Г. Щурина өзінің «Каталогизация музейного собрания. Система музейных каталогов. Подготовка к изданию музейных собраний» атты мақаласында музей каталогтарын бірнеше критерийлер бойынша жіктеп көрсеткендігі туралы жазған [238]. Оның ішінде келесідей каталогтардың түрлері көрсетілген. Олар анықтамалық каталог, нұсқаулық каталог, сөздік каталог, альбом каталогы, сондай-ақ музейдің жеке еңбектер жинағында шыққан каталогтар.

«Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жоба аясында «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің этнографиялық коллекциясы» (серия) каталогтар жүйесін шығарды. Сол этнографиялық каталогтардың бірінші томы «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі» атты иллюстрацияланған ғылыми каталог 2009 жылы қазақша, орысша және ағылшын тілдерінде жарық көрді [3, б. 7]. Каталогқа Орталық музейдің қазақ этносына қатысты киім-кешектің барлық дерлік түрі енген. Жалпы саны 371 бірлік болатын киімдер коллекциясы иллюстрацияланған.

Каталог материалдарын ғылыми жүйелеуде «антропоморфтық» принцип таңдалған. Соған сәйкес музейдегі киім-кешек коллекциясы келесідей құрылым бойынша жіктеліп, топтастырылған: а) бас киімдер; ә) сырт киімдер; б) бой киімдер; в) аяқ киім. Киім-кешектің әр бір түрлері бойынша түсінік беру мақсатында, каталогтың әрбір бөлімше басталар алдында мақалалар берілген. Осы тұста «антропоморфтық» принцип бойынша жүйелеудің маңызы әрбір киім түрі мен типінің жалпыэтникалық, жастық, жыныстық, аймақтық, уақыттық ерекшеліктерін айғақтауға мүмкіндік береді.

Барлық коллекцияларды дерлік каталогтауда музей қызметкерлерінің алдында коллекцияларды сипаттау мәселесі маңызды орын алады. Аталмыш бұл каталогта музей құндылықтарын келесідей сипаттау үлгісі көрініс тапқан: 1) киім-кешек атауы; 2) оның қандай аймаққа жататындығы; 3) заттың жасалу уақыты немесе жылы (мүмкіндігінше); 4) бұйымның материалы және оның жасалу техникасы; 5) өлшемі; 6) ісмері жөнінде; 7) сақталу күйі; 8) пішілуі, пошымы және әшекейі; 9) музей қорына қашан және қалай түскендігі туралы ақпарат; 10) сыйлаған адамдар жөнінде; 11) КП № (бұйымның есептеу анықтамасы болып табылатын нөмірі).

Каталогта киім-кешекке ғылыми сипаттамалар әртүрлі есептік картотека, музей қорына түскен бұйымдарды есепке алу, тіркеу жөніндегі кітапша және Орталық музейдің әр жылдары Қазақстан өңірлері мен Моңғолия, Түркіменстан, Қырғыз, Қытай қазақтары арасында жүргізілген этнографиялық экспедициялардың материалдары негізінде жасалынған. Сондай-ақ каталог соңында қазақтың дәстүрлі

киім-кешектің жасалу, пайдалану және оларды әшекейлеу бітімі туралы ақпарат беретін арнайы терминологиялық сөздік – глоссарий берілген.

2012 жылы «Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан» атты ғылыми каталог жарық көрді [2, б. 16].

Кілемдер каталогы қысқаша, ғылыми анықтамаларға толы әрі типология бойынша бөлініп жазылған. Әрбір кілем түрлеріне тоқталып, әр қайсысына сипаттама беріп кеткен. Жалпы каталогта кілемнің аты, қалай музей қорына қосылғаны, тарихы мен сипаты баяндалған. Кілемдер каталогына XVIII ғасырдың аяғы мен қазіргі күнге дейінгі жасалған кілемдердің әртүрлі ерекше түрлері мен музей қызметкерлерінің этнографиялық экспедиция барысындағы жинаған шетелдік, Қазақстанның әр аумағындағы кілемдер мен жекеленге адамдардың тапсырысы бойынша тоқылған музей қорындағы барлық кілем түрлері кірген. Ғылыми каталогта кілемдер мен тоқыма бұйымдардың типологиясы жасалынып, ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Мұндай күрделі ғылыми жұмыс, әрине музей мамандарының жоғары ғылыми дайындығын қажет етеді.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы өнер музейі фотоальбом басып шығарды [239]. Бұл альбомда 70 жылда жинақталған айтулы туындылар мен музейдің барлық бөліктері көрініс тапқан. 207 иллюстрациялар музей қорынан молынан хабар береді. Әуелі Қазақстанның көне дәуір өнері бөлімінен басталады. Бұл бөлімде қола дәуіріне жататын ыдыс, ат басы бейнеленген тас таяқ, темір дәуірінің бас кезіндегі құрбандық, тас мүсін, табақша, қойтас сияқты музей құндылықтары иллюстрацияланған. Одан кейінгі бөлімде Қазақстанның халық қолөнер туындылары текемет, сырмақ, түкті кілем, тақыр кілем, арабы кілем, басқұр алаша, басқұрдың кейбір түрлері, қоржын, шым ши, сандық, жағлан, кебеже, асадал, ат-әбзелдері, кісе белдік, түскиіз түрлері, төсекжапқыш, сондай-ақ зергерлік бұйымдар бейнеленген. Әрі қарай бейнелеу өнері кескіндеме, мүсін, графика иллюстрацияланған. Каталогта назар аудартатыны қазақ қолөнер туындылары. Каталогта музей құндылықтарының аты, қолданыста болған уақыты, географиясы, материалы және көлемі берілген.

Өнер музейі 2008 жылы «XIX-XX ғғ. Қазақстанның зергерлік өнері» атты каталогты басып шығарды [226, б. 11]. Аталмыш каталогта Өнер музейі жылдар бойы жинақтаған дәстүрлі зергерлік өнердің бай коллекциясы насихатталған. Каталогтағы зергерлік өнер туындылары бас киім, мойын, кеуде, қол, белге тағатын әшекейлер және олардың қолдану орны мен тәсіліне қарай орналастырылған. Кейін гигиеналық бұйымдар тіс шұқығыш, құлақ тазалағыш сияқты әшекей бұйымдары иллюстрацияланған.

Жалпы саны 2021 сақтам бірлік әшекей бұйымдарға қысқаша ғылыми мәліметтер берілген. Зергерлік әшекейлерге келесідей принцип бойынша сипаттама берілген: 1) заттың атауы мен жасалу уақыты; 2) таралу аймағы; 3) ұстаның аты; 4) материалы мен техникасы; 5) өлшемі; 6) бұйымның музейге түскен жылы мен

шыққан жері; 7) түгендеу нөмірі.

Бұл жоғарыда мысал келтірілген каталогтар еліміздегі озық тәжірибелі мамандардың шығарған ғылыми каталогтары. Зерттеу барысында басқа да облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің каталогтарын да қарастырдық. Ол каталогтар жоғарыда көрсеткендей каталогтың альбом-каталог түріне жатады. Алайда, айта кету керек, каталог тек музей қорындағы этнографиялық артефактілердің суретін ғана беріп, суреттің астына сол этноартефактілердің атауын үш тілде ғана жазумен шектелген. Әрине кейбір музей каталогтарында, айта кету керек, олардың қай ғасырға жататындығын көрсеткен. Одан артық мағлұмат берілмеген. Бұл жерде әңгіме жалпы каталог қандай принцип бойынша жасалынды, этноартефактілерді қандай принцип бойынша топтастырды, типологиялық ерекшеліктері, қайдан және қашан музей қорына түсті, сақталу деңгейі қандай деген сияқты мағлұматтар жоқтың қасы [240-242]. Сондай-ақ әр топтастырған этноартефактілердің алдында академиялық түсініктеме беретіндей ғылыми сипаттаулар да мүлде кездеспейді. Әрине бұл жайтты ең алдымен музей кадрларының сол салаға бейімделген мамандардың жетіспеушілігінен түсіндіреміз.

Осы жайттарды ескере отырып, келесідей қорытынды жасауға болады. Жоғарыда атап өткендей, музейдің ғылыми функциясы, біріншісі – ғылыми-қолданбалы зерттеу жұмысы болса, екіншісі – ғылыми академиялық зерттеу жұмысы. Бұл функцияларды еліміздегі ғылыми-зерттеу мекемесі деген статусты алған музейлер ғана атқарып отыр. Алайда қалған музейлер тек ғылыми-қолданбалы бағытында ғана қызмет атқаруда.

Әр жылдар сайын заманның өзгеруіне қарай музейдің де функциялары өзгеріп отырды. Қазіргі заманда музей сан алуан мәдени және тарихи құндылықтарды бүлінуден, жойылудан, жоғалудан сақтайтын ғана емес, оларды зерттейтін және дәріптейтін ғылыми институт ретінде қалыптасу керек.

4.3 Қалалық, өңірлік және қорық музейлердегі сирек кездесетін этнографиялық артефактілер

Қалалық, өңірлік музейлердегі тұрмыстық, шаруашылық-еңбек құралдарының сирек түрлері. Жоғарыда Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық қордың қалыптасу мәселелерін зерттеу барысында қалалық және өңірлік музейлердегі тарихи-этнографиялық құндылықтар да бірге барынша толық қарастырылды (әрі қарай өңірлік). Осыған байланысты бұл тараушада этнографиялық құндылықтардың сирек кездесетін түрлеріне, соның ішінде бірегей үлгілеріне де тоқталамыз. Қалалық, өңірлік және қорық музейлердің каталог, мақала, жолсерік сияқты музейлік басылымдары болғанымен, оларда этнографиялық қордың қалыптасу тарихына, сондай-ақ жекелеген бірегей этнографиялық музейлік бұйымдарға, соның ішінде шаруашылық пен мәдени бұйымдардың жалпыэтникалық және аймақтық ерекшелікті айғақтайтын бірегей үлгілеріне жеткілікті көңіл бөліне бермейді.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, әрбір өңірлік музейдің этнографиялық қорында сирек те болса, бірегей артефактілер кездеседі. Бұл жайтты өңірлік музейлердің әлі де болса дәстүрлі шаруашылықты, ежелгі кәсіпті (мысалы қолөнер кәсіпшілігі) дамытып отырған ауылдарға жақын орналасуымен де түсіндіру қажет. Мысал ретінде Ақтөбе мен Қызылорда облыстарында осы аймақтардағы қазақы ортадағы ас қабылдау рационындағы өзіндік орны ерекше тары егіншілігінің Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда әжептәуір дамығандығын айғақтайтын бірқыдыру тарихи-этнографиялық артефактілер – аталмыш дақыл өндірісінің негізгі құралдары – тары түйетін келі мен келісаптың біраз нұсқаларынан тұратын коллекцияның қалыптасқандығын айтуға болады. Сол сияқты кілем тоқу өнері (кәсіпшілігі) басым дамыған оңтүстік өңір музейлерінде осы қолөнер дәстүрінің көптеген артефактілері – кілемнің дәл осы аймақтарға ғана тән сан алуан үлгілірімен қатар, тоқу өрмегінің біраз нұсқалары мен олардың мысалы, шанақ, қылыш, тоқпақ сынды бөліктері де жинақталған. Сондай-ақ еліміздің үлкен қалаларындағы ірі музейлер қорларында да шаруашылық және тұрмыстық бұйымдардың (мысалы еңбек құралдарының) кейбір түрлерінің жасалуы, қолданыс аясы отандық этнология ғылымында аз зерттелген тақырыпқа жатады. Бұл жайтты аталмыш музейлік бұйымдардың және осы тәрізді тағы басқа да этноартефактілердің тым сирек сақталғандығымен түсіндіруге болады. Осы ретте, мысалы, өте сирек кездесетін қатынас көлігі –күйменің, оның шатыры, қоңырауы және осы құралыптас басқа да бөліктерінің үлгілерінің, сондай-ақ егістікке су жіберуге қолданған гидротехникалық құрал – шығырдың ағаш шелегінің біраз нұсқаларының, ағаш тесуге қолданған ағаштесердің, тері өңдеуге қажетті талқының, бөріауыз сияқты өздерінің атқаратын маңызды қызметі бар музейлік бұйымдардың айтқан ләзім.

Күнделікті тұрмыста қолданылатын темір бұйымдардың ішінде, әсіресе, *қант шаққыш*, *қазан қырғыш* немесе *қаспақ қырғыш* күміспен қақталған, өрнек шекілген түрлері назар аударады. Күнделікті қолданыстағы зат болса да, аталмыш және осы құралыптас темір бұйымдарды күміспен қақталуы қазақы ортаның бұлардың эстетикасына да айырықша көңіл бөлгендігін дәлелдесе керек. Сонымен бірге бұл жайтты қазақ тұрмысы мен шаруашылығында аталмыш бұйымдардың жоғары функционалдық маңызымен де түсіндіру қажет. Осындай өзіндік эстетикалық әспеттелуі ерекше назар аударатын бұйымдардың қатарына, тіпті, өңір музейлерінде көп кездесетін қарапайым қазан қырғыштарды, өрнек шекілген шымшуыр сияқты тұрмыстық-шаруашылық құралдың түрлерін және осы құралыптас көптеген бұйымдарды жатқызуға болады (Қосымша В, сурет В. 2).

Қазақстанның ірі, орталық музейлерінде этнографиялық кезеңге саятын ошақ пен қазан негізінен қорда сақталып, уақытша көрмелерге шығарылады. Ал, өңірлік музейлердің негізгі денінде ошақ, қазан тұрақты экспозицияға қойылады. Темір ошақтарға ұсталар тапсырыс берушінің қалауына қарай қадаубас қалыптармен ою-өрнектер шекіп, қазан тұғыр, ошақ құлақ соққан. Ошақтарға шекілген қазақы ою-

өрнектер ұсталардың ошақ соғуға ерекше мән бергендігінің, әрі ошақтың қасиетті саналуымен байланысты көрінісі (Қосымша В, сурет В. 3-5).

Қазанды әдетте оттан алғанда да, оны ошақтан алып үйге кіргізгенде де әдетте темірден жасалған тұғырдың үстіне қояды. Тұғырдың бірнеше түрлері кездеседі. Көп тараған түрі темір шеңбері арнайы үш темір аяққа бекітіліп әртүрлі пошымда жасалады (Қосымша В, сурет В. 3-5). Бұйымның осы түрлерін таған деп те атай береді. Осы тұғырдың әртүрлі нұсқаларының ішінде сирек кездесетін ерекше түрі *түпкіш* деп аталады. Бұл құрал бір-біріне керттік-ойық арқылы бекітілетін ағаш шынжырдан тұрады. Сондықтан онда шеге болмайды. Яғни, біз көзіміз үйренген темір шынжырдан айырмашылығы – әрбір буыны дөңгелете құйған темір шеңбер емес, алмағаш, емен, жиде, қайың сынды мықты ағаштан жасалады. Оның екі басы ара тісті болып келеді, кетік ойығы ортасында болады. Бір басының ара тісі жерді, екінші басының ара тісі қазанның түбін тіреп тұрады. Тамаққа толы қазанды қойғанда икемделіп жайылады. Функциясы – қойылған қазанның тепе-теңдігін ұстап тұру. Түпкіштің бір буыны сынса, қалғандары осалданып, босайды. Босаған сайын жайыла түседі де, қазан бір жағына қисаяды. Түпкіштің әрбір буынының сақталуына ерекше көңіл бөлінетіндігі сондықтан. Бұл аспаптың буындарының бір-біріне мейілінше икемді бекітілуі қойылған қазанның тепе-теңдігін қамтамасыз етіп отырады (Қосымша В, сурет В. 6).

Өңірлік музейлер қорларында тағы сирек кездесетін этноартефактілер – шаруашылық құралдар салуға қолданған зергер, ұстаның *талыс* деп аталатын дорбасын жылқының немесе ірі қара малдың, өгіз, тайыншаның бас терісінен тіккен (осы тұста өгіздің өңделген терісін де талыс деп аталатынын қаперге саламыз) (Қосымша В, сурет В. 7). Дорбаның аталмыш түліктердің бас терілерінен дайындалуы, біріншіден, мұндай материалдың темірден жасалған ұсақ құрал-саймандардың өткірлігіне төтеп беретіндігімен, екіншіден, шаруабасты малшылардың малдың бас терісін де шаруашылық және тұрмыстық қажеттілікке жарата білетіндіктерімен байланысты болса керек. Осы ретте ұста мен зергерлік құрал-жабдықтар мен бұйымдар барлық өңірлік музейлерде кездескенімен, талыс сирек кездесетін музейлік құндылықтардың қатарына жатады. Бұл олқылық бір жағынан, отандық музейлерде, әсіресе өңірлік музейлерде, шаруашылық пен тұрмыс құралдарын жинап, жүйелеу, зерттеу ісіне жеткілікті көңіл бөлінбей отырғандығымен де байланысты деп ойлаймыз.

Үй тұрмысында да, шаруашылық қажеттілігіне де байланысты тұзды сақтауға арналған әзірше тек Маңғыстау өңірінде ғана кездесетін тері ыдыстың жергілікті атауы *тұзбасқақ*. Аймақтық ерекшелікті танытатын бұл бұйымның жоғарыда аталған тіршілікқамы функциясын тұздың, біріншіден, қазақы ас-тағамға ерекше қажетті зәрулігімен деген айырықша қажеттілігімен, екіншіден, өндірілу үрдісінің технологиялық қиыншылығымен түсіндірген ләзім. Дәстүрлі қазақы ортада ас-тағамның осы компонентінің айырықша қастерленетіндігі сондықтан болса керек (осыны айғақтайтын «тұзды аяқ асты етуге болмайды», «тұзды төгуге болмайды»

деген және осы тәрізді сан алуан тұрақты сөз орамдарына айналған тыйым сөздерді келтіруге болады). Бұл бұйымды жылқының бас терісінен дайындайды. Лингвомәдени когнитивтік атаулардың типологиясы тұрғысынан алғанда тұзбасқақты аймақтық диалектологиялық бірлік ретінде де қарастыруға болады (Қосымша В, сурет В. 7ә-г). Аталмыш бұйымның аймақтық типологиялық ерекшелігін көрсету мақсатында функциясы тұзбасқаққа ұқсас оңтүстік өңірде тұз сақтау үшін асқабақ типтес іші қуыс көкөністен жасалатын тұз ыдысты айтуға болады. Сондықтан оңтүстік өңір музейлерінің қорында арнайы тұз сақтайтын «қауақ ыдыстар» көп кездеседі. Материалы мен жасалу пошымы болмаса қауақ ыдыс тұзбасқақтың функциясын атқарады.

Қазақ халқының шай ішу мәдениетінде жез, мыс самаурынның атқаратын қызметі ерекше болды. Біз қарастырып отырған дәстүрлі кезеңде сауда-саттық жолымен зауыт-шеберханаларда соғылған самаурындар болғанымен, қазақ ұсталарының қолынан шыққан шоқ салар ұңғысы бар самаурындардың да өзіндік маңызы ерекше болды. Су сиымдылығы 2-5 литр аралығында болатын *шоқ самаурындар* жезден соғылғандықтан тез қайнайды. Қазақстан музейлеріндегі шоқ самаурындардың ою-өрнектірінің бірін бірі қайталауын, бүйірі, шүмек пішімінің әркелкі болуын ұсталардың өз қолтаңбасының әсеріне байланысты болды. Жергілікті ұсталар соққан шоқ самаурындар Алматы тарихы музейі, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі, Дәркембай Шоқпарұлы музейінде, «Қорқыт Ата» кешенінде экспозицияланған (Қосымша В, сурет В. 8). Сондай ақ, шай демдейтін жасалу материалына қарай күміс құман, жез құман, мыс құман, қыш құман сияқты музейлік заттар экспозицияда да, қорда да кездеседі. Алайда жоғарыда айтылған шоқ самаурын сияқты аталмыш құмандардың түрлерінің қазақы ортадағы шай ішу мәдениетіндегі қолданыс аясы һәм коммуникативтік функциясы арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

Жергілікті ұсталар соққан аттың аяғын тұсауға кілтпен ашылатын кісен *темір-тұсаудың* соғылу технологиясы ерекше, әрі күрделі. Күрделігі темір кісенге арналған темір шыбығын аттың аяғын қимайтындай етіп жұмырлауы және темірден түйін түйіп, ширатып орап, бекітуінде жатыр. Бұл құралдың тұрқы кішісі *тай кісен* деп аталады. Темір кісендердің бір басы арқылы кигізіліп, екінші аяғындағы басы құлыптың қызметін атқарады. Бірақ музей қорларындағы өрім-шідерлермен салыстырғанда темір-тұсаулар сирек кездеседі (Қосымша В, сурет В. 9).

Ер-тоқымның әртүрлі типі барлық өңір музейлерінде кездеседі. Бірақ түйе ері – *ашамай* көбінесе оңтүстік-батыс, батыс, солтүстік-батыс аймақтарындағы музейлер қорында сақталған. Бұл жайт аталмыш өңірлерде түйе түлігінің мал шаруашылығындағы жетекші орны және маңызымен тікелей байланысты. Алайда аталмыш музейлерде де XX ғасырдан бері, әсіресе, қазіргі кезеңде түйе түлігі мініс көлігі ретінде қолданыстан шығуымен байланысты аз кездеседі. Түйе ашамайы жылқының еріндей күміс, қымбат тас, сүйектермен әшекейлене бермейді. Әшекейі барының өзі жұтаңдау келеді. Түйешілердің өздері-ақ ашамайды кесіп алған

ағашты төртқырлап сүргілеп, бір-біріне арнайы жасалған ойық арқылы біріктіріп жасап алатын [243]. Осы тұста ашамайдың, бір жағынан қазіргі кезде өте сирек кездесетіндігін, екінші жағынан, жасалу технологиясының өзіндік ерекшелігін ескеріп, оның архитектурасына (құрылымына) және дайындау әдіс-тәсіліне тоқтала кетуді жөн көрдік. «Ашамай – нардың немесе нарға жақын қоспақ түйенің (нар қоспақ) өркешіне жүк салмағын түсірмей тұратын ағаш. Сом ағаштан шауып істелген екі жақтау, ол екі жақтаудың басын бір-біріне қашап айқастырады да шегелейді. Мұны ашамайдың басы дейді. Ашамайдың артқы басы да осындай екі ағаштан айқастырылып жасалады. Алдыңғы баста екі-екіден төрт жерден, артқы баста да екі-екіден төрт жерден тесілген шабақ орны бар, оған төрт шабақ өткізіледі. Ашамайды нардың өркешінің үстінен бастырса, аттың ері сияқтандырып кигізген кезде ашамайдың алқымы жазының екі жақ шыбығын қабады. Ердің оқпаны сияқты ашамайдың оқпаны да нардың өркешіне тимей, арасына қол сияқты боп тұрады. Түйенің үстіне артқан жүк салмағы ашамайға түсіп, жазы шыбығының салмағы жабдықпен қалыңдатылған күйде түйенің жонына көлбей түсіп, түйенің (нардың) өркешіне түк салмақ сезілмейді» [10, б. 376-377]. Сонымен бірге ашамайдың аттың еріне ұқсас түрі де болады » [10, б. 377-378]. Өңірлік музейдегі жергілікті түйе ашамайының бірі Арал тарихи-өлкетану музейі экспозициясында тұр (Қосымша В, сурет В. 10). Ал түйе түлігіне қатысты мұрындық, қом, түйежабу және осылар құралыптас басқа да бұйымдардың коллекциясы түйе шаруашылығы басым дамыған Арал және қазақ жерінің батыс өңірі музейлерінде шоғырланған.

Осылардың ішіндегі *тоғанақ* тарихи дәуірлерде күнделікті тіршілікте қолданылған көшпелі өмір салтымен байланысты қарапайым құралдың бірі болғанымен, барлық музейде бірдей кездесе бермейді. Бұл құрал буылған теңді, жүкті түйеге артқанда арқанмен тартып буып екінші басын қайтарып қайыра байлау үшін қолданылатын ағаштың иір басынан кесілген бұйым. XX ғасырдың 20-жылдарынан бері көшпелі шаруашылықтың тоқтауына байланысты тоғанақ та қолданыстан шығып қалды (Қосымша В, сурет В. 11).

Шаруашылық бұйымдардан музейлерде сирек кездесетін тағы бір музейлік мәнді құндылықтардың бірі – *шәңгек*. Бұл құрал кезінде жергілікті ұсталар қолынан шыққан. Ол төрт құлақты темірден иіп соғылып жасалады. Бас жағында сопақтау келген қыстыруға арналған тұйық ілмегі болады. Аяқ жағында пошымы қармаққа ұқсас төрт ілмек орнатылады. Ол екі функция атқарады: біріншісі, шәңгектің тұйық ілмегі шаруашылыққа арналған киіз үй сияқты тошаланың (шошаланың) керегесінің басына, уыққа немесе бақанға іліп, төменгі ілгектеріне жаңа сойылған мал етінің қанын, сары суын сорғыту мақсатында іліп қояды; екіншісі, құдықтан шелекпен немесе қауғамен су алу үшін қолданылады. Сонымен бірге жазатайым құдыққа түсіп кеткен шелекті де іліп алып шығу үшін пайдаланылады. Шәңгектің үлгілерінің бірі Ақтөбе облысы Темір ауданы тарихи-өлкетану музейінде және осыған құрылымы жағынан ұқсас нұсқасы Қызылорда облысы Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінде сақталған (Қосымша В, сурет В. 12).

Дәстүрлі қоғамда «*теріқауға/месқауға/көншелек/долы/долық*» деп аталған сиымдылығы әртүрлі тері шелектер қалың да, төзімді келген түйенің мойын терісінен жасайды. Оның аузын «*шанықбақ*», «*шаңбақ*» деп аталған темір құрсауға керіп бекітіледі [244, с. 69; 245, с. 63; 246, с. 95; 247, с. 140; 248, с. 25]. Бұл ыдыс құдықтан су тартуға арналған. Шанықбақ қауғаның жасалу бітіміне қарай дөңгелек немесе төртбұрышты болып келеді. Аталмыш ыдыстың шанықбақ деп те аталуы сондықтан. Бұл құралдың шеңберіне шаңырақтың күлдіреуіші тәрізді етіп, екі темірді айқастыра бекітіп, түйісетін тұсына арқан байлайтын шеңбер орнатады. Қазақстанның батыс, оңтүстік-батыс, солтүстік-батыс өңірлерінде кең қолданыста болған шанықбақтың біраз нұсқалары Әбіш Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінде, Үстірт қорығы музейінде, Форт-Шевченко этнографиялық музейінде, Мұрын жырау музейінде, Маңғыстау ауданданы музейінде, Жаңаөзен музейінде, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде экспозицияға қойылған. Шанықбақтың кергішіне арқан байлайтын шығыршығы *шылбыр* деп аталады (Қосымша В, сурет В. 13).

Егіншілік дамыған өңірлерде егістік алқабындағы дәнді дақыл біткенде қауыздағы дәнді торғайлар жеп кетпеу үшін *сақпанды* қолданған. *Сақпанды* жасау әдісі келесідей: Саз кесектен күйдіріп жасаған «*құмыршақ*» деп аталатын қыштасты теріге орап ағаштың ашасына тартылған баумен байлайды. Сақпан көбінесе қайыстан, кейде жылқының қылынан да есіп жасалынады. Сақпанның қос бауы, бір бауының ұшында өрме тұтқасы мен бүлдіргесі болады. Оны *тұйық бау* дейді. Екінші бауын *азат бау* деп атайды. Азат баудың алақанға қарсы ұшы сүйірлене бітеді. Бауларының ұзындығы 100-120 см болады. Сақпанның алақанына құмаршақты салып, бүлдіргесін оң қолдың білегіне іліп, азат баудың ұшын тұтқаға бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы қыса ұстап, үйіре жылдам айналдырып азат бауды босатып жібереді. Қатты шиырып тартып қалғанда сақпанның алақанындағы құмыршақ тас алысқа ұшып (шамамен 200 м астам) қатты тиіп, торғайларды ұшырған, осылайша тары алқабын қорыған. Сақпанды жүгері алқабын жабайы шошқалардан қору үшін де пайдаланған. Түнде жабайы шошқа, қабанды қору үшін құмаршақ орнына сексеуілдің шаласын да қолданған (қосымша В, сурет В. 14). Сақпан атауымен қол қаруы ретінде қоян қолтық шайқаста қолданған қару-жарақтың бір түрі кездеседі [14, б. 86-87].

Балық аулау кәсібі дамыған өңір музейлерінде балық аулау құралдарының қалыптасуы заңдылық. Қызылорда облысы, Арал балықшылар музейі балықшылар қолданған кеме, ескек, ау тартатын шығыр, балық аулау құралдарының коллекциясын экспозициялайтын – «кәсіптік этнографиялық музей», әрі балық аулаумен байланысты аймақтық құндылықтар қоры деп қарастыруға болады. Балықшылар қыстың кезінде мұзды ою үшін *сұңгі*, мұз астынан балық аулау үшін ұшы қайырылған темірден соғылған *ілме* деген құралдарды қолданған. Мұндай құралдарды жасауға темір ұстасына арнайы тапсырыс берген. Балық аулауға құратын цилиндр тәрізді сеткі-аудың *жадыра* деген түрі балық аулау кәсібі

дамыған өңір музейлерінің өзінде сирек кездеседі. *Жадыра* – аймақтық ерекшелікке тән. Балық аулайтын ау-сеткілердің жіптерін ертеде кендірден ширатып өрген [10, б. 547-549]. Ау, сеткі, сүзекі тоқуға қалың жібек жіпті де қолданған. Ау, сеткінің қай түрі болсын, оның торы майда, көзі тар болғандықтан, шыдамдылық пен ептілікті талап ететін тоқымашылықтың бір түрі болғанын ине, сызғыш сияқты ау тоқу құралдары айғақтайды (Қосымша В, сурет В. 15). Әлем музейлерінде «балықшылар музейін», техникалық музейлер санатына кіретін «су музейі» ретінде қарастырады.

Марданды жергілікті қазақтар күздің бас кезінде жартылай кепкен, яғни әлі жұмсақтығы бар қамыстан қолдан тоқыған. Себебі қатты қураған қамыс сынып кетеді. Сондықтан марданды тоқып алып, дайын болған соң кептіретін. Арал музейінде сақталған мардан киіз үйдің шиі тәрізді қамыс қурайларын ширатып бұрып, оны тігінен қойып, он үш жерден көлденеңнен қамыстың тек өзінен өріп шыққан. Ғани Мұратбаев музейі этнографиялық қорындағы мардан қамыстан шақпақтап өрілген. Бұл мардан өрудің жергілікті жерде әртүрлі әдістерінің болғандығын дәлелдейді, әрі қамыс қолды қиятын болғандықтан, бұны тоқымашылықтың өнердің қиын түріне жатқызуға болады. Мардан балықшылардың дәстүрлі тоңазытқышы, мұздатқышы қызметін атқарған. Аулаған балықты марданның үстіне тастап, балық үстінен тағы мардан жапқан. Қамыстың арасынан жердің ызасы өтіп кететіндіктен балық бұзыла бермейтін (Қосымша В, сурет В. 16). Алайда мардан балық аулау кәсібі дамыған өңір музейлерінің бәрінде кездесе бермейді. Себебі қазіргі кезеңде тіпті балық аулау кәсібі сақталған өңірлердің өзінде, аулаған балықты марданда жинау қолданыла бермейді.

Қорық-музейлердің этнографиялық қоры. Отандық музейлердің осы түріндегі этнографиялық қордың құрамын, соның ішінде жекеленген бірегей артефактілерді Абай облысындағы ұлы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, соның құрамындағы ақынның Жидебай қыстау-үйі, «Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы», Маңғыстау облысы Үстірт тарбиғат қорығы, «Есік» тарихи-мәдени қорық музейі артефактілердің негізінде қарастырамыз. Абайдың Жидебайдағы қыстау-үйі, Мұхтар Әуезовтың Бөрілідегі қыстау үйі мен Жәңгір ханның резиденциясының әр бөлмесі бір этнографиялық экспозициялық залды құрайды. Абайдың қыстау үйінің өзі – ашық аспан астындағы этнографиялық ескерткіш, қазақ сәулеттік өнерінің, құрылыспен байланысты халықтық білімінің туындысы (Қосымша В, сурет В. 17-18). Абайдың қыстау үйі экспозициясындағы сүйектелген асадал, сандық, кебежелер, қымыздық ыдыстар – ағаш ұқсату, сүйек өңдеу, ал тұскестелер – кесте тоқу, кілемдер – тоқымашылық өнердің озық үлгілері. Тошала үйдің тастан қаланған қабырғасы мен бөрене қимасынан күмбездеп көтерген төбесі жергілікті табиғатты дәстүрлі пайлануды сараптауға негіз болар этнографиялық құндылық, әрі этнографиялық заттай дерек. Алайда қыстау үйге соңғы кезде жасалған жөндеу жұмыстары, соның ішінде

тошала қабырғасының лакпен сырлануы оның дәстүрлі келбетіне нұсқан келтірді.

Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, Хан Ордасы ауылында орналасқан «Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы» кешеніндегі Жәңгір хан резиденциясы Жәңгір ханның әрі тұрғын үйі қызметін қоса атқарған. Қорық музейдегі «Қару жарақ палатасы» бөліміндегі қару жарақтар коллекциясы, зергерлік бұйымдар қорының құрамында қайталанбас бірегей этнографиялық ескерткіштер шоғырланған. Жәңгір ханның «Қару жарақ палатасы» коллекциясына енген қарулар қазақ жауынгерлерінің қарулану үрдісінің ерекшелігін айғақтайды. Осы тұста Хан Ордасы қорығы қару-жарақтары Жәңгір ханның жеке коллекциясы ретінде ғана емес, бұл құндылықтарды музей тарихымен бірге этнографиялық коллекцияларды халық қолынан жинау, іздеу нәтижесінде қалыптасқан мұра екендігін айтамыз. Найзаға жауынгерлер әр түрлі дәреже белгілері ретінде ту, байрақ, қыл шашақтар, жалаулар, қоңыраулар тағатын. Қорық-музейде сақталған қоңыраулы найзаның бірегей туынды екені еш дау туғызбайды. Найзаға тағылатын белгілерге байланысты халық аузында «қоңыраулы найза» да жиі айтылады. Хан Ордасы қорығының тарихи Бөкей Ордасы хандығының орталығы болған жерде Нарын құмдарында орналасуы этнографиялық мұраларды қалыптастыруына, қорда жинақталуына қолайлы жағдай тудырды.

Қорық-музейдің қару-жарақ коллекциясының бірегей құндылығы – дулыға. Дулығаның екі жағы мен артқы етегіне темір тор *жыға* ілініп, адамның мойны мен иығын, тымақ тәрізді тұтас жауып тұрады. Дулығаның биік төбесі *қасабасы* ұшы үшкір қырлы темірмен көтерілген.

Қорық музей қорындағы *білте мылтық* – оқдәрімен атылатын қол от қаруы. Қазақтар мылтықты XVII ғасырдан қолдана бастады да, ер қаруы – бес қаруда мылтық бірте-бірте садақ, жақтың орнын басты. Металдан жасалып, тұтанған оқдәрінің күшімен оқ атуға арналған бөлігі – «*оқпаны*», оқпанындағы дәріге от беріуге арналған тетігі – «*құлып*», ату процесі кезінде оқпанды қолда ұстап тұруға арналған, ағаштан жасалатын бөлігі – «*құндағы*», оның иыққа тірейтін жағы «*дүмі*» деп аталады. Ескі мылтықтардың бас жағында ағаштан жасалып, ұштары, жерге тіреу үшін, мүйізбен немесе темірмен қапталған жиналмалы «*сирағы*» болды. Оқпанның қазынасындағы оқ-дәріге шоқтанған пілтемен от беру арқылы атылатын мылтықтар *пілтелі мылтық*, ал дәріні шақпақпен тұтататын мылтық *шақпақты мылтық*, пистонмен атылатын мылтық *шиті мылтық* деп аталды. Сонымен бірге ауыз әдебиетінде қазақ жауынгерлері қолданған мылтықтардың «жезайыр», «құлдырмамай», «қозыкеш», «самқал» (шамқал) деп аталатын түрлері айтылады. Мылтықтар қолдану мақсатына қарай екі топқа бөлінеді – қамал қорғанысында қолданылатын оқпаны жуан, ауыр мылтықтар және оқпаны ұзын, қолға ұстап атуға арналған жеңіл мылтықтар [13, б. 430-435]. «Қару-жарақ палатасы» экспозициясына шығарылған мылтық екінші түріне жатады (Қосымша В, сурет В. 19).

Тұрақты экспозициядағы зергерлік бұйым коллекциясын «хан қазынасы» деп қарауға болады. Өңіржиек, алқа, тамақша, қапсырма, жүзік, білезік, тұмар, шекелік, шолпы, белдік, түймелердің асыл тастар орнатылған, сымкәптеу әдісімен жасалған түрлері қазақ әйелдерінің эстетикалық талғамының өте жоғары болғанының айғағы (Қосымша В, сурет В. 20).

Қалалық, өңірлік музейлердің этнографиялық коллекциялары жалпы отандық музейлердің этнографиялық коллекциясының құрамының қомақты бөлігін құрайды. Мысалы, Алматы тарихы музейіндегі аю қақпан шығыс қазақтарының аңшылық өнеріндегі аю алу әдісіне қолданған құрал (Қосымша В, сурет В. 22). Ал осы музейдегі тал шыбығынан тоқылған кесе қап оңтүстік және сыр өңірі қазақтарының шыбық тоқу қолөнерінің туындысы. Сондай-ақ «Жаркент мешіті» сәулеттік көркем музейіндегі кимешектер коллекциясы қазақ киімінің рулық, аймақтық ерекшелігі болғандығын дәлелдейді (Қосымша В, сурет В. 23). Маңғыстау облысы музейлерінің барлығының дерлік этнографиялық қорында осы өңірдегі киімнің аймақтық үлгісі «адай орамал» атауымен танымал кесте орамал, белді орап буынатын жібек түрме белбеу кездеседі. Сондай ақ, қазақ жерінің Батыс өңірін құрайтын Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, БҚО облыстары тарихи-өлкетану музейлеріндегі – зергерлік бұйымдар коллекциясы зергерлік өнердегі сіркелеу, сымкәптеу, алтындау әдісімен соғылған «батыстық» үлгі деп айғақталатын туындылардың ерекше үлгілері [240, б. 12].

Өңірлердегі тарихи-өлкетану музейлерінің барлығының этнографиялық қорының құрамынан қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі киімдер, ыдыстар, жиһаздар, қару-жарақ, музыкалық аспаптардың ерекше үлгілерін көруге болады. Типологиялық жағынан бір топқа кіргенімен, әр этнографиялық бұйымның өз ерекшелігі жасаған шебердің өз қолтаңбасы көрініп тұрады [178, б. 9-10; 241, б. 12].

Қорық музейлердің этнографиялық мол қор қалыптастыру жұмысынан Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласындағы Үстірт қорығы музейін ерекше атауға болады. Үстірт қорығы музейінің ауласындағы шыңырау құдықтың тас ернеулері, әйкелі, шығыры, шанықбағы ашық аспан астындағы этнографиялық ескерткіш ретінде, әрі ашық қор, ашық экспозиция қызметін қоса атқарып тұр. Музейдің этнографиялық коллекциясы Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан. Бірегей экспонаттар қатарын Жаңаөзенге қоныс аударған Иран қазақтарынан алынған кестелі орамал, кестелі әйел көйлегі, қаракөл тон, «түрме белбеу» деп аталатын жібек белдік, қамзолдар құрайды. Құланның терісінен төселген «құлан-тулақ» басқа музейлерде кездеспейтін құндылық. Құлан-тулақ тарихи дәуірлерді Маңғыстау, Үстірт өңірінде үйір-үйірмен жосыған құланның бірінің терісі. Құланның аңшылық құрбаны болып, ол өңірден ғана емес қазақ даласынан жойылып кетіп, қазіргі таңда қайта жер сіндірілген түркімен құланының өкілдері өмір сүретіні белгілі [13, б. 32-34].

Үстірт қорығы музейінде сандық, кебеже, жозы сияқты үй жиһаздары жақсы сақталған. Үстірт үстінен шыңырау қазуға қолданған темір тастесер, сүймен,

шоқыр, шот балта, темір құрсаулы ағаш күрек жергілікті темір ұсталарының қолынан шыққан (Қосымша В, сурет В. 21). Темір құрсаулы ағаш күрек те аймақтық ерекшелікті айғақтайтын құралдың бірі. Үстірт жерінің қиыршық тасты келуіне байланысты ағаш күректің басы желінбес үшін темірмен құрсаулаған.

Семей, Тарбағатай, Қатон Қарағай өңіріндегі марал өсіру, марал мүйізін кесу, оны этномедициналық мақсатта қолданысынан басқа, оны өңдеп тұрмыс қажетін өтейтін түрлі заттар жасауға қолданған. Жергілікті «мүйіз ұқсату» өнерінің туындысының бірі мүйіз ожаулар коллекциясы. Мүйіз ожаулар қымыз сапыру, оны құйып беруде қазақы дәстүрдің сән салтанатын арттырғандығының айғағы ретінде ерекше үлгілері Семей тарихи өлкетану музейінің тұрақты экспозициясына қойылған, әрі қорда сақталған да нұсқалары бар (Қосымша В, сурет В. 24) [13, б. 413-414].

Қазақ халқының саз аспаптарының көне үлгісі, әрі халық арасында «қалақ домбыра», «Абайдың домбырасы» деген атаулармен аталып кеткен үш шекті домбыраның кең тараған өңірі қазақ жерінің шығыс өңірі екендігі белгілі жайт. Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі визит орталығының, Абайдың Жидебайдағы қыстау-үйінің, Семей тарихи-өлкетану музейінің тұрақты экспозициясында үш ішекті домбыраның жергілікті шеберлер қолынан шыққан көне нұсқаларының қойылуы заңдылық (Қосымша В, сурет В. 25) [11, б. 72-79].

«Есік» қорық-музейі құрылған уақыттан бері бағыты тарихи, археологиялық музей болса да жергілікті халық қолынан этнографиялық бұйымдарды жинап, экспозициялауды үрдіске айналдырған. Киіз үйдің оймышталған сықырлауық есігі, сырмақ, аяқ қап, керме, құсбегілік өнердегі құс ұстау, баптауда қолданылған тұғыр, балдақ, томаға, балақ бау, биялай, жемқап, т.б. тұрмыстық және шаруашылық бұйымдар қазақтың дәстүрлі мәдениетінің, сәндік-қолданбалы өнерінің бірегей туындылары ретінде ғана емес, археологиялық кезеңде өмір сүрген тайпалар мәдениетінің заңды жалғасы ретіндегі заттай деректер деп тұжырымдауға болады.

Сонымен аймақтық өңірлік тарихи-өлкетану музейлері және қорық музейлердегі этнографиялық коллекциялар отандық музей ісіндегі аймақтық ерекшеліктерді айғақтайтын әрі толық зерттелмеген мұраларды қамтитын этноартефактілердің ерекше тобы ретінде қарастыруға болады. Аймақтық ерекшелікті танытанын этноартефактілерді тек өңірлік музейлер ғана береді деп түсінбеуіміз қажет. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық және Ұлттық музейлерінің этнографиялық қоры қазақ жерінің барлық өңіріне тән шаруашылық-мәдени болмысы мен бітімін бейнелейді. Ал Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік Өнер музейі және еліміздің ірі музейлер қорындағы сәндік қолданбалы өнер туындылары да қазақ жерінің барлық өңірінен жинақталған. Осыған байланысты бұл музейлердегі дәстүрлі өнер бұйымдары және осы өнер дәстүрінің желісімен һәм әдіс-тәсілімен жергілікті шеберлер қолынан шыққан аймақтық сәндік қолданбалы өнер туындылары қазақ ұлтының мәдени тарихын,

оның бірегей үлгілерін дәріптейтін айырықша құнды артефактілер тобын құрайды.

Осы ретте Астана және Алматы сынды қалалардағы ірі музейлердің тұрақты экспозициясында сәндік-қолданбалы өнердің жасалуы күрделі, аса қымбатқа бағаланатын туындыларын экспозицияласа, өңірлік музейлерде қазақтың күнделікті тіршілігін қамтамасыз етуде маңызды тіршілікқамы, эстетикалық, кейде коммуникативтік функциялар атқарған қарапайым шаруашылық еңбек құралдары мен тұрмыс бұйымдарын экспозициялау тәжірибе-дәстүрі қалыптасты. Сонымен қатар өңірлік музейлердегі саз аспаптар коллекциясының да этнографиялық деректілігі, құндылығы аса жоғары. Бұлар қазақ этнографиясын дәстүрлі шаруашылық, тіршілікқамы жүйесі, соның ішінде киім-кешек, ас-тағам, тіпті дәстүрлі дүниетаным сынды іргелі мәселелерді зерттеудің тарихи нақтылығы һәм ақпараттылығы аса жоғары деректердің құнды категориясы болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселелерді зерттеудің нәтижесінде Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекцияға қатысты төмендегідей қорытындылар жасалды:

– отандық музейлері қорларындағы және экспозицияларындағы этнографиялық құндылықтардың қалыптасу үрдісі, ең алдымен, еліміздегі ең көне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің төл тарихымен тығыз байланыста қалыптасты. Яғни Орталық музейдің ұйымдық-институционалдық, материалдық-техникалық, әдістемелік жағынан қалыптасу және жетілу үрдісі, сондай-ақ оның маман кадрлар потенциалы еліміздің басқа да музейлерінің аталмыш параметрлер тұрғысынан орнығу барысында іргелі рөл атқарды. Отандық музейлердегі қор және экспозициялық коллекциялардың дені әуел бастан тарихи-этнографиялық артефактілерден тұрғандығын осы ретте ерекше атап өткен ләзім. Еліміздегі музейлік коллекциялардың басты құрылымдық ерекшелігі болып табылатын бұл фактіні қазақ этносының совет дәуіріне дейін, тіпті ішінара болса да осы кезеңнің алғашқы онжылдығында көшпелі тіршілік кешкендігімен негіздеуге болады. Мұндай шаруашылық-экономикалық, мәдени, институционалдық тіршілікқамы кеңістігінде тарихи, тарихи-этнографиялық артефактілердің сақтала бермейтіндігі түсінікті жайт болса керек. Оның үстіне қазақтардың социализмге «ұлы секірісінің» нәтижесінде пролетарлық интернационализм деп аталатын моноидеологияға негізделіп орныққан тоталитарлық жүйе үшін ғасырлар бойы жасап келген ұлттық құндылықтардың біразы ескіліктің символдары ретінде аяусыз жойылғандығы тағы бар. Еліміздегі тарихи музейлік құндылықтардың басым көпшілігінің хронологиясы әрі кеткенде XIX ғасырдан ғана бастау алатындығы сондықтан. Отандық музейлердегі этноартефактілер коллекциясының тағы бір ерекшелігі – өңірлік музейлердің ғана емес (облыстық, қалалық, аудандық, ішінара ірі ауылдық және т.б.), Астана қаласындағы 2014 жылы бой көтерген Ұлттық музейдегі этнографиялық коллекциялардың негізгі құрамы көшпелі шаруашылық, қазақтың дәстүрлі тіршілікқамы жүйесі (тұрғын үй, киім-кешек, үй жиһазы, ыдыс-аяқ, шаруашылық және тұрмыстық қолөнер бұйымдары және т.б.) сынды параметрлер бойынша өзара ұқсас болып келеді. Бұл ретте Орталық музей қорындағы және экспозициясындағы этноколлекциялар өзінің құрамы мен біраз артефактілердің көнелілігі тұрғысынан ерекше дараланатындығын атап өтуге болады.

– біздің зерттеуіміз қазақтың байырғы тіршілік салтына қатысты жоғарыда аталған параметрлер бойынша этнографиялық артефактілер Қазақстанның оңтүстік (Түркістан, Жамбыл облыстары, Шымкент қаласы), оңтүстік-батыс (Қызылорда облысы), оңтүстік-шығыс (Алматы қаласы, Алматы, Жетісу облыстары), батыс аймақтардағы (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орал облыстары), Абай, Ұлытау облыстары, Қарағанды облысына қарасты кейбір аудан орталықтарында, яғни

қазақтардың басқа аймақтарға қарағанда тығыз орналасқан елді мекендеріндегі музейлерде шоғырланғандықтарын көрсетіп отыр. Ал солтүстік, солтүстік-шығыс, ішінара шығыс өлкелердегі қалалар мен аудан орталықтарындағы музейлерде, соның ішінде Өскемен қалалық музейінде де, қазақ мәдениетіне қатысты артефактілер сиректеу кездеседі. Рас, Павлодар мен Петропавловск облыстық өлкетану және қалалық музейлерде біраз этноартефактілер бар. Алайда бұл музейлер қоры мен экспозициясындағы қазақтың байырғы тіршілігіне қатысты артефактілер мен ондағы басқа музейлік мәнді бұйымдарды өзара салыстырғанда этноартефактілердің әлдеқайда аз екендігіне көз жеткізу қиын емес. Оның үстіне қордағы және экспозицияланған этноартефактілердің басым көпшілігі – өткен ғасырдың 60-80 жылдары жергілікті шеберлердің қолынан шыққан бұйымдар. Ежелден жасап келе жатқан қазақы дәстүрге еліктеп жасалса да, бұл бұйымдарды шынайы тарихи-этнографиялық құндылықтар ретінде бағамдауға болмайтындығы түсінікті жайт болса керек. Дейтұрғанмен осы және құралыптас артефактілерді сол кездегі қазақы ортадағы мәдени дәстүрдің, әсіресе ұлттық сананың сақталу деңгейін зерттеуге ілік боларлық бірегей материал ретінде зерделеу ісінде өзіндік үлкен орны мен маңызы бар екендігін ерекше екшеп айтқан жөн (реті келген соң айта кету керек, бұл өзіндік бірегей мәселе күні бүгінге дейін арнайы зерттеудің нысаны болған емес).

– ішкі этникалық аймақтық ерекшеліктерімен дараланатын этноартефактілер барлық Қазақстан музейлерінің коллекцияларында кездеседі. Осы ретте, әсіресе оңтүстік өлкелердегі тоқыма бұйымдарының, соның ішінде кілем, алаша, қоржын сынды негізгі түрлерінің және батыс өңірлеріне ғана тән зергерлік бұйымдардың сан алуан нұсқаларының музейлердің қоры мен экспозицияларында молырақ кездесетіндіктері назар аударады. Бұл жайтты, біріншіден, аталмыш өңірлердегі тоқыма кәсіпшілігі және зергерлік бұйымдарды жасау дәстүрі Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда жан-жақты дамығандығымен түсіндіру қажет. Сондықтан да болар, бұл өңірлердегі аталмыш бұйымдар өзінің эстетикалық бірегейлігімен де ерекшеленеді. Екіншіден, олардың (мысалы түкті, шаршы кілемдер, алашалар мен қоржындар және т.б.) дәстүрлі тіршілікқамы жүйесінде қолданбалы-практикалық маңызы да ерекше болды [249]. Үшіншіден, солтүстік, солтүстік-шығыс, шығыс, тіпті ішінара болса да орталық Қазақстанның метрополияға жақын орналасқан өңірлері қазақтары арасында ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері, әсіресе кілем тоқу және зергерлік өнер сынды кәсіпшілік әлсіз дамыды. Бұл жайттың басты себебі – Ресей империясының отарлауына алдымен түскен аталмыш өңірлердің қазақтары орыс фабрикалары мен зауыттарында жасалған киім-кешектің көптеген түрлерін, біраз үй жиһаздарын, шаруашылық және тұрмыстық кейбір құрал-жабдықтарды пайдалануға көшті. Мысал ретінде ежелден «кебенекше ойып пішу» (туникообразный) әдісімен дайындалып келген шапан мен көйлектің біразының орнына қазақтар ХІХ ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап енді еуропалық үлгіге тән қондырма жеңді сырт және ішкіімдердің сатып алынған түрлерін қолдануға

көшті.

– диссертацияға қажетті мәліметті жинақтау және оларды алдын ала камералық өңдеу барысында отандық музейлердің барлығында дерлік этнографиялық құндылықтардың (әлбетте, басқа музейлік мәнді бұйымдардың да) сақталу деңгейінің музей ісі саласындағы халықаралық стандартқа, талап-талғамға сай келмейтіндігі байқалды. Осынау одағай олқылық, өкінішке орай, музейлердің қор сақтайтын және экспозициялық залдарындағы температуралық, жарық, ылғалдылық режимдердің сақтала бермейтіндігімен түсіндіруге болады. Ал аталмыш режимдердің сақтала бермейтіндігі, біріншіден, еліміздегі музейлердің басым көпшілігі орналасқан ғимараттың музей құрылысына қойылатын халықаралық стандартқа сай емес екендігімен, екіншіден, дамыған, өнегесі озық мемлекеттердегі (бірінші кезекте, әлбетте Еуропа, АҚШ, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея сынды елдердегі) музейлер үшін міндетті саналатын технологиялық жабдықтардың мүлдем жоқтығымен байланысты. Бұл жағымсыз факторлар әсіресе органикалық материалдардан дайындалған музейлік құндылықтардың уақыт өткен сайын тоза түсінуіне әкеліп отыр.

– зерттеу барысында анықталған тағы бір көрнекі жайт – тәуелсіздік жылдары отандық музейлердегі этноартефактілер коллекциясының үнемі толығу үрдісі тоқырауға ұшырап отыр десек асырып айтқандық болмайды. Осынау одағай жайттың екі себебі бар: біріншіден, аталмыш жылдары өңірлік музейлер өз алдына, Ұлттық музей, Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі сынды ірі музейлер, соңғы кезде Орталық музей де, этноартефактілердің қорлану үрдісінің ең басты факторы болып табылатын этнографиялық және археографиялық экспедициялар ұйымдастырылмады (өкінішке қарай, қазір де ұйымдастырылмай отыр). Екіншіден, ел арасында әлі де болса сақталып отырған этноартефактілерді (әлбетте, басқа да сан алуан тарихи құндылықтарды да) музейлік қорды үнемі толықтыру мақсатында жүйелі де үздіксіз мемлекеттік сатып алу ісі мүлдем доғарылды десе де болады. Үшіншіден, музейлік коллекцияларды толықтырып отырудың тағы бір жолы – ел арасында ұлттық құндылықтардың музейлерге жинақтаудың айырықша маңызын түсіндіруге бағытталған арнайы жұмыс жүргізілмей отыр. Осы ретте музейлік құндылықтардың ұлттық қорын үнемі толықтырып отыруды (және де дәріптеуді де) ұйымдастыру ісінде әрбір облыстық, әрбір аудандық әкімдіктің құрамындағы мәдениет пен білім бөлімдер өзіндік рөл атқарулары тиіс деп санаймыз.

– музей атаулының негізгі функцияларының бірі де, бірегейі болып табылатын құндылықтарды, соның ішінде этноартефактілерді дәріптеу ісі, өкінішке орай, ірі музейлерде ғана (Орталық музей, Ұлттық музей және Өнер музейінде) біршама жолға қойылды. Осыған байланысты үстіміздегі жүзжылдықтың басынан бері ұлттық құндылықтарды дәріптеудің а) ғылыми, ғылыми-инвентарлық каталогтарды жарыққа шығару; ә) кейбір артефактілерге зерттеулер жүргізу мен оның нәтижелерін басылымдар түрінде жариялау; б) әртүрлі форматта – халықаралық, республикалық, аймақтық (облыстық), жергілікті деңгейлерде көрмелер өткізу; в)

түрлі ғылыми және ғылыми-практикалық форумдар – конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер сынды ұйымдастыру сынды формалары қалыптасты. Осы ретте, әсіресе Орталық музейдің атқарған іс-шаралары өздерінің ғылыми-танымдық және практикалық тағылымдылығымен ерекшеленеді. Мысал ретінде аталмыш музейде жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Арғынбаев оқулары», «Оразбаев оқулары» сияқты халықаралық беделге ие болған ғылыми форумдарда айырықша атап өтуге болады. Бұл және осы құралыптас форумдарда отандық музей ісіне қатысты, бір жағынан, теориялық, методологиялық һәм тарихи мәселелер, екінші жағынан, отандық музей қорын ұдайы толықтырып, сақтап және жан-жақты зерттеу мен дәріштеп отырудың жолдары талқыланатындығы өте құптарлық іс. Сондай-ақ Орталық музейдің халықаралық деңгейде ірі көрмелер ұйымдастырды. Осы ретте ерекше назар аударалық көрнекі жайт – бұл көрмелердің аясында шетелдік ірі ғалымдар қатысқан арнайы ғылыми форумдар өткізілді. Мысал ретінде 2006 жылы Берлин, Мюнхен, Гамбург (Германия), 2010 жылы Париж (Франция), 2012 жылы Вашингтон мен Нью-Йорк (АҚШ), 2019 жылы Стамбул (Түркия), 2020 жылы Прага (Чехия) қалаларында, сондай-ақ Жапон, Оңтүстік Корея елдерінде ұйымдастырылған көрмелердің аясындағы өткізілген арнайы халықаралық конференциялар мен олардың жарыққа шыққан материалдардың танымдық тағылымы сонда, олар көрменің дәріштеушілік функциясын айшықтай түсті. Алайда өңірлік музейлер осы бағытта назар аударарлық нәтиже көрсетпей отыр. Біздің ойымызша өңірлік музейлерге, ең алдымен, облыстық өлкетану музейлеріне тиісті аймақтық құндылықтарды зерттеу мен дәріштеу ісін жолға қою мақсатында аталмыш бағытта жұмыс атқаруды қолға алу қажет деп санаймыз.

– жоғарыда айтылған отандық музей қорын және экспозициялық кеңістіктегі саналуан құндылықтарды, соның ішінде көбісі органикалық материалдардан жасалған этноартефактілерді сақтаудың тағы бір жолы – аталмыш құндылықтарды халықаралық стандартқа сай реставрациядан өткізу. Өкінішке орай, осы саладағы қалыптасқан ахуал музей мамандары тарапынан әжептәуір алаңдаушылық туғызып отыр. Өйткені қазір кейбір ресми басылымдарда айтылып жүрген музейлік құндылықтарды қалпына келтіретін бөлімдер зертхана емес, небәрі шеберханалар ғана. Сондықтан да оларда музейлік құндылықтарды қалпына келтіру ісінде айырықша орны мен рөлі бар химиктер, физиктер, биологтар, әсіресе микробиологтар сынды мамандар мүлде жоқ.

– музей ісі саласындағы өнегесі озық елдердегі (Еуропа, АҚШ, Канада, Жапон, Оңтүстік Корея) халықаралық іс-тәжірибе айғақтап отырғандай, жоғарыда аталған біраз кемшін мәселелерді болдырмаудың ең басты факторы отандық музейлер өте зәру – музейлерге түскен құндылықтарды арнайы зерттейтін мамандарды, қалпына келтіруші реставраторларды, экспозициялық сабақ, дәріс жүргізетін экскурсияшыларды, сондай-ақ музей саласына өте қажетті менеджерлер мен маркетингтерді дайындайтын ең болмаса ірі жоғары оқу орындардың бірінде арнайы музейтану факультетін ашу болып табылады. Сонымен бірге тарих,

археология, этнология, нумизматика, сфрагистика, геральдика, өнертану, тіпті дінтану сыны ғылыми салалардың мамандарын тарту отандық музейлердің кадрлық потенциалын күшейтудің тағы бір ілкімді жолы болар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мәдениет статистикасы. Қазақстан Республикасындағы кітапханалар мен музейлердің қызметі. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-culture/publications/157598/> 18.04.2024.
- 2 Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан (ғылыми каталог). Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. – Алматы: ICOS, 2012. – 387 б.
- 3 Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Иллюстрацияланған ғылыми каталог. Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. – Алматы: «Өнер», 2009. – 344 б.
- 4 Путеводитель. Центральный Государственный музей Республики Казахстан. – Алматы: «imago», 2003. – 105 с.
- 5 Хлудов Н.Г. Шығармалар каталогы: кескіндеме және графика (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – Алматы: Эффект, 2003. – 288 б.
- 6 Қазақстанның нумизматикалық мұрасы. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – Алматы: IntercinemaTV service, 2008. – 88 б.
- 7 Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті. ҚР МОМ археологиялық коллекция. Ғылыми басылым (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – Алматы: Ди-Пи-Эс, 2009. – 428 б.
- 8 Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика/ Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Ғылым, 2004. – 395 б.
- 9 Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология және этнология, фольклортану. II басылым / Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – 536 б.
- 10 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. - Т. 1. – 856 б.
- 11 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. - Т. 2. – 848 б.
- 12 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. - Т. 3. – 856 б.
- 13 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. - Т. 4. – 832 б.
- 14 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. - Т. 5. – 816 б.

- 15 Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде). – Алматы-Стамбул: Intellservice, 2018. – 368 б.
- 16 Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог және конференция материалы (қазақ, чех, ағылшын, орыс тілдерінде). Ғылыми басылым. – Алматы: Intellservice, 2020. – 800 б.
- 17 Nomads and Networks. The Ancient Art and Culture of Kazakhstan. – New York: Institute for the Study of the Ancient World at New York University and Princeton University Press, 2012. – 195 p.
- 18 Фестиваль «Культурное разнообразие и диалог в Центральной Азии». – ЮНЕСКО: Издано во Франции (французская версия). Русско-английская версия подготовлена к печати САСА (Ассоциация в поддержку ремесел Центральной Азии). Издано в Кыргызстане (русско-английская версия), 2005. – 221 с.
- 19 Алиясова В.Н. Музеи Северного и Восточного Казахстана как центры сохранения и популяризации палеонтологических коллекций: автореф. ... канд.культур.наук: 24.00.03. –Кемерово, 2009. – 25 с.
- 20 Станюкович Т.В. Этнографическое музееведение // Этнография и смежные дисциплины. Этнографические субдисциплины. Школы и направления. Методы. – М.: Наука, 1988. – С.111-112.
- 21 Станюкович Т.В. Этнографическая наука и музеи. – Ленинград: Наука, 1978. – 286 с.
- 22 Дмитриев В.А., Калашникова Н.М. О принципах комплектования этнографических экспонатов на современном этапе // Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 3-15.
- 23 Коновалов А.В., Тимофеева Е.Я. Понятие «Этнографический предмет» // Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 16-22.
- 24 Котова Е.Н. Опыт комплектования фондов отдела этнографии народов Поволжья и Приуралья на современном этапе // Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 29-37.
- 25 Торчинская Э.Г. Опыт комплектования фондов отдела этнографии народов Кавказа в 1930-1980-е годы // Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 38-47.
- 26 Корсун Э.А. Комплектование изделий художественной промышленности для экспозиционно-выставочного показа в этнографическом музее // Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 48-61.
- 27 Ивановская Н.И. Из истории собирательских программ по этнографии (середина XIX – середина XX вв.) // Проблемы комплектования, научного описания

и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 86-92.

28 Фишман О.М. Методика типологической классификации деревянной утвари (на примере бондарной утвари) // Проблемы комплектования, научного описания и атрибуции этнографических памятников. Сборник научных трудов. – Ленинград, 1987. – С. 93-100.

29 Станюкович Т.В., Чистов К.В. Этнография и актуальные проблемы развития этнографических музеев // Советская этнография. 1981. - №1. – С. 24-37.

30 Фишман О.М. КATALOGИ этнографических музеев (опыт и проблемы) // Советская этнография. 1984. - №1. – С. 130-134.

31 Фишман О.М. Проблемы каталогизации музейного фонда // Изучение этнических аспектов советского образа жизни и проблемы их отражения музейными средствами: Тезис докладов науч.-практ. многосторон. конференции «Музей и этнографические проблемы современности». – Ленинград: Государственный музей этнографии народов СССР, 1984. – С. 19-21.

32 Сулейменов Р.Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане: исторический опыт развития социалистической культуры народов, миновавших стадию капитализма. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 494 с.

33 Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов: (История строительства советской культуры Казахстана. 1917-1965 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1967. – 424 с.

34 Халитова И.Р. Проблемы народного образования в Казахстане (1867-1914). Становление, этапы, уровень развития на материалах Северо-Восточного Казахстана: автореф. дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алматы, 1993.

35 Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. – Алматы: Казахстан, 1982. – 168 с.

36 Отчеты ЦКМК за 1923–24 гг. 1925 – Отчеты ЦКМК за 1923–24 гг. // Труды общества изучения Казахстана. – Оренбург. 1925. - Т.6. – С. 308–313.

37 Вестник Центрального Музея Казахстана. №1. – Алма-Ата: Казиздат. 1930.

38 Жиренчин А. Из истории Центрального музея Казахстана // Вестник Академии Наук Казахской ССР. 1947. - №8. – С.58–61.

39 Кайназарова А.К. Музейное дело в Казахстане (1831-1925 гг.): автореф. ... канд.ист.наук: 07.00.02. – Алматы, 1995. – 24 с.

40 Ибраева А..Г. Қазақстандағы музей жүйесінің қалыптасуы (1920-1940): тарих.ғылым.канд. ... автореф.: 07.00.02. – Алма-Ата, 1999. – 26 б.

41 Тайман С.Т. Қазақстанда музей жүйесінің дамуы: тәжірибелер және проблемалары (1946-1970 жж.): тарих.ғылым.канд. ...автореф.: 07.00.02. – Қарағанды, 1999. – 28 б.

42 Санақұлова Б.Қ. Қазақстан Республикасындағы музей құрылысы мен қызметі(1991-2004 жж.): тарих. ғылым. канд... дис. автореф.: 07.00.02. – Орал, 2006. – 30 б.

43 Мусаханова М.З. Развитие музеев Казахстана (1991-2001 гг.): автореф. ...канд.ист.наук: 07.00.02. – Алматы, 2007. – 26 с.

44 Файзуллина Г.Ш. Культурно-образовательная деятельность музеев Казахстана в период независимости (1991-2005 гг.): автореф. ...канд.ист.наук: 24.00.03. – М., 2005. – 26 с.

45 Ибраева А.Ғ. Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831-2006 жж.). тарих ғыл. докт. ... дис.: 07.00.02. – Астана, 2010. – 308 б.

46 Райымхан К.Н. Музей жәдігерлері тарихи дереккөз ретінде (Қазақстан музейлері негізінде). тарих. ғылым. док... дис.автореф: 07.00.09. – Астана: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2010. – 47 б.

47 Кунанбаева Ш.Б. Материалы музейных собраний г. Санкт-Петербурга как источник по истории традиционного казахского общества (XVIII- нач. XX вв.):дисс. ...док PhD: История, 6D020300. – Астана, 2016. – 123 с.

48 Джасыбаев Е.А. Казахские музейные коллекции на российских и международных выставках (XIX–нач. XXв.) // Культуры и народы Северной Азии и сопредельных территорий в контексте междисциплинарного изучения. Сборник музея археологии и этнографии Сибири им. В.М. Флоринского Томского Государственного университета. Томск, 2008. – Вып. 2. – С. 77–84.

49 Ермекбай Ж.А. Из истории казахских коллекций на российских и международных выставках второй половины XX - начала XX вв. // Казахи Евразии: история и культура: сб. науч. труд. / гл. ред. Н.А. Томилов. – Омск: Издательство Ом. гос. университет им. Ф. М. Достоевского; – Павлодар: Издательство Павлод. гос. пед. ин-та., 2016. – С.105-111.

50 Кожахметов Б. К., Сафарова Г. М., Усманова Э. Р. Музеи Казахстана в XXI веке. Анализ ситуации // Гороховские чтения: материалы первой региональной музейной конференции / отв.ред.: Н.О. Иванова. – Челябинск: типография «Проспект», 2010. – С.95-128.

51 Файзуллина Г., Асанова С., Джасыбаев Е. Современный музей в Казахстане: вопросы, факты, мнения / Сборник статей. – Germany: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2012. – 316 с.

52 Файзуллина Г.Ш., Асанова С.А. Музейное дело Казахстана: вопросы истории и практики. – Алматы: Университет «Туран», 2022. – 344 с.

53 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство.– Алматы: Өнер, 1986. - Т.1. – 256 с.

54 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство.– Алматы: Өнер, 1987. - Т.2. – 282 с.

- 55 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алматы: Өнер, 1994. - Т.3. – 248 с.
- 56 Муқанов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата: Кайнар, 1981. – 223 с.
- 57 Муқанов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – 79 с.
- 58 Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми зерттеу еңбек. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
- 59 Арғынбаев Х. Қазақтың ер-тұрман жабдықтары // Казахстан в XV-XVIII веках. – Алма-Ата, 1969. – С. 171-202.
- 60 Востров В.В. Кауанова Х.А. Материальная культура казахского народа на современном этапе. – Алма-Ата: Наука, 1962. – 272 с.
- 61 Джанибеков У. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 144 с.
- 62 Джанибеков У. Эхо... по следам легенды о золотой домбре. – Алма-Ата: Өнер, 1990. – 301 с.
- 63 Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 120 б.
- 64 Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алма-Ата: Қазақстан, 1977. – 57 с.
- 65 Масанов Э. А. Кузнечное и ювелирное ремесла в Казахском ауле (2-я пол. XIX – начале XX в.) // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР, Т.12. – Алма-Ата, 1961. - С. 148-170.
- 66 Масанов Э.А. Из истории ремесла казахов // СЭ. 1958. - №5. – С. 31-49.
- 67 Масанов Э.А. Казахские войлочное производство во второй половине XIX – начале XX в. // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т.6. – Алма-Ата, 1959. – С. 104-126.
- 68 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 178 с.
- 69 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Мужская и женская одежда казахов XIX-XX вв. // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. – Алма-Ата, 1963. - Т. 18. – С. 51-87.
- 70 Ерофеева И.В., Усманова Э.Р. Внешние знаки отличия правящей казахской элиты XVIII – первой четверти XIX века // Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах. Письма казахских правителей. 1675–1780 гг. Составитель и отв редактор И.В. Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. - Т.1. – 696 с.
- 71 Тохтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 472 с.
- 72 Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері. – Алматы: Алматыкітап, 2011. – 383 с.
- 73 Русайкина С.П. Музейные этнографические фонды как источник для составления историко-этнографического атласа Средней Азии и Казахстана // Советская Этнография, 1956. - №4. – С. 153-158.

74 Әлімбай Н. Қазақ кісесі: зерттелуі, құрылымы, типологиясы, функциясы (Шоқан Уәлиханов еңбегінің қисыны тұрғысынан). // «Қазақ тарихы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. 2016. - № 7-8 (146,147). – Б. 50-63.

75 Әлімбай Н. Ресейдегі қазақ этнографиясының құндылықтары: жинақталу географиясы, құрамы, қалыптасу тарихы // Қазақ тарихы. 2017. - №8. – Б. 6-11.

76 Әлімбай Н. Өткенді зерделеу, бүгінгіге қам жасау» (ұлы ғалымның өмірі мен шығармашылық жұмысының кейбір қырларының музейлік артефактілердегі көрінісі) // «Қазақ тарихы» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы. 2016. - № 7-8 (146,147). – Б. 1-5.

77 Әлімбай Н. Ресейдегі қазақ этнографиясының құндылықтары: жинақталу географиясы, құрамы, қалыптасу тарихы // Қазақ тарихы. 2017. - №8 (қазан). – Б. 6-11.

78 Әлімбай Н. Ғасырдан астам тарихы бар музей // Бегманов Қ. Дәстүр: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: «Баспа», 2017. – Б. 337-375.

79 Әлімбай Н. Ғасырдан астам тарихы бар музей және отандық ғылыми кеңестіктегі тарихи (әлеуметтік-мәдени) антропологияның болашағы жөнінде бірер сөз (сұхбат) // Дәстүр (журнал). 2018. - № 1. – Б. 4-27.

80 Алимбай Н. Ресей этнографиялық музей қорындағы (Санкт-Петербург қ.) қазақтың тарихи этнографиясына байланысты құндылықтар хақында // «Вестник КазНУ. Серия историческая. 2015. - № 3 (78). – С. 253-260.

81 Алимбай Н. Традиционный порядок установки юрты «үй тігу» у казахов: некоторые этнографические и когнитологические уточнения и дополнения // Қазақ тарихы. 2018. - № 4. – С. 57-64.

82 Alymbai Nursan, Kartaeva Tattigul, Meirmanova Guljan. Features of national craftsmanship in the construction of winter housing of the Kazakh people // International Multidisciplinary Scientific Conference on Social Sciences and Arts SGEM (26 August – 01 September). – Bulgaria: Alexander Malinov, 2018. – P. 329–338.

83 Алимбай Н. Традиционный порядок установки юрты «үй тігу» у казахов: некоторые этнографические и когнитологические уточнения и дополнения // Материалы международной научно-практической конференции «III-Аргынбаевские чтения. Современная этнографическая наука и ее роль в модернизации общественного сознания», посвященной выдающемуся ученому-этнографу, д.и.н., профессору Халелу Аргынбаеву (Алматы, 13 – 14 апреля 2018 г.). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 4–15.

84 Алимбай Н. Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Кіріспе ретінде. // Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде). – Алматы-Стамбул: Intellservice, 2018. – Б. 43-48.

85 Алимбай Н. Қазақтың дәстүрлі тіршілік қамы мәдениетінің типологиялық сипаттамасы // Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде). – Алматы-Стамбул: Intellservice, 2018. – Б. 249-271.

86Алимбай Н. Дәстүрлі қазақ кілемі мен шаруашылық және тұрмыстық тоқыма бұйымдары: түрлері, композициясы, семантикасы //Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде). – Алматы-Стамбул: Intellservice, 2018. – Б. 271-323.

87 Alimbay N., Yermekbayeva A. Kazakh traditional clothing complex: composition, history of formation, geography of accumulation (From the fund of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan) // Хабаршы. Тарих сериясы. 2020. - №4 (99). – Б. 33-43.

88Алимбай Н. Традиционные казахские ковры и ковровые изделия: виды, композиция, семантика (на материалах Центрального Государственного музея Республики Казахстан) // Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы.– Алматы: Қазақ университеті, 2020. - №4 (74). – Б. 55-71.

89Картаева Т. Сыр өңірі қазақтарының сандық жасау өнері және қолданыс аясы (Қызылорда облысы музейлері материалдары бойынша) // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының зерттеулері мен далалық жұмыстарының материалдары: 1 шығарылымы. Қазақтың дәстүрлі мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау. – Алматы, 2012. – Б. 130-137.

90Картаева Т. Сандық жасау өнері және қолданыс аясы (музей материалдары негізінде) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2017. - №1 (84). – Б. 254-262.

91Картаева Т., Нұрғожа Қ. Музейлік маталар және матадан жасалған бұйымдарды музейде сақтау // ҚРҰҒА Хабарлары. 2017. - №5. – Б. 230-234.

92Картаева Т., Шойбеков Р. Кимешек атрибуциясы // ҚРҰҒА Баяндамалары, 2017. - №6. – Б. 267-276.

93Картаева Т. Даубаев Е. Мөрлі жүзік және зергерлік өнер // «Арғынбаев оқулары» Халықаралық конференциясы. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. – Б. 145-150.

94Картаева Т., Шойбеков Р. Сәукелелер атрибуциясы (ҚРМӨМ қоры негізінде). Оразбаев оқулары материалдары. – Алматы: Қазақ университеті. – Б. 366-370.

95 Картаева Т., Кабдолдина Г. Жаулық және орамал: қолөнер туындысы ретінде. Отан тарихы. 2019. - №1 (85). – Б. 173-189.

96 Егізбаева М. Қазақ халқының ұлттық киімі: ерекшеліктері мен өзгерістері. Отан тарихы. 2016. - №1 (73). – Б. 170-176.

97 Егизбаева М.К. Семей өңірінің қазақтары мен татарлары арасындағы мәдени байланыстар (ҚР МӨМ қорларындағы музей заттарын атрибуциялау мәселесіне байланысты) // Вклад ученых КазНУ им. Аль-Фараби в реализацию программы «Культурное наследие. Достижение и перспективы развития». – Алматы, 2009. – С.57-60.

98 Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 88 б.

99 Файзуллина Г.Ш. Инновационные формы презентации этнокультурного наследия в Центральном государственном музее Республики Казахстан (ЦГМ РК). Проект «Прошлое в настоящем» // Этнография Алтая и сопредельных территорий: Материалы международ. Научн. Конф. Вып. 7 / Под ред. Т.К. Щегловой, И.В. Октябрьской. – Барнаул: БГПУ, 2008. – С. 194-197.

100 Файзуллина Г.Ш. «Мәсі» или «ичиги» (к вопросу об использовании этнографизмов в музейной терминологии) // Тюркское историко-культурное наследие в евразийском и центральноазиатском контексте: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию Казахского национального педагогического университета имени Абая, 29-30 апреля 2008 г.: в 3-х ч. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2008. - Ч. 3. – С. 50-53.

101 Хатран Д. XIX – XX ғ. басындағы Шығыс Қазақстан қазақтарының қолөнері // Ұлттық өнер - құндылығым. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – Б. 108-115.

102 Хинаят Б. Қазақ қолданбалы мәдениетіндегі ою-өрнектің мәні туралы // “Ұлттық өнер – құндылығым” жинақ. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – Б. 89-108.

103 Қатран Д. Шай және самаурын // «Қазақстандағы этностардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты музей жинақтары: зерттеу мәселелері мен сақтау перспективалары» атты ғылыми-практикалық семинардың материалдары 28-29-қараша 2008 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – Б. 33-39.

104 Қатран Д. Орта Азия және Қазақстандағы шай мен самаурын: таралуы, дамуы хақында // Музей еңбектері-2. ҚР МОМ ғылыми жинағы. – Алматы, 2009.

105 Файзуллина Г.Ш. Единичные музейные предметы из этноколлекций (проблемы атрибуции, презентации) // Материалы республиканского научно-практического семинара «Музейные собрания по традиционной культуре этносов Казахстана: проблемы изучения и перспективы сохранения». 28-29 ноября 2008 г. / Отв. ред. К.Н. Райымхан. – Алматы: КазНУ, 2009. – С. 22-26.

106 Файзуллина Г.Ш. Этнографизмы в музейной терминологии (к вопросу о стандартизации описаний предметов традиционных культур) // Этнос. Общество. Цивилизация: II Кузеевские чтения. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию Р.Г. Кузеева / Под ред. А.Б. Юнусовой. – Уфа: Уфимский полиграфкомбинат, 2009. – С. 423-425.

107 Даутова С.С. Отражение традиционной культуры этносов Казахстана в коллекциях и экспозициях ЦГМ РК // «Память во имя будущего»: Сборник материалов Форума историков стран Содружества «От истории к современности». – Астана, 2010. – С. 342-347.

108 Файзуллина Г.Ш. Вопросы атрибуции предметов из коллекции войлочных постилочных ковров (сырмаков) ЦГМ РК // Казахи России: история и современность: материалы Международной научно-практической конференции

(20-22 мая 2009 г., Омск): в 2 т. / отв. ред. Ш.К. Ахметова, И.В. Толепко, Н.А. Томилов. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2010. – Т. 2. – С. 265-272.

109 Қатран Д. Традиционная посуда казахов в контексте традиционного мировоззрения тюркских народов на выставке "Табактас" Центрального государственного музея РК (концепция, интерпретация) // "Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселері. IV халықаралық ғыл.-тәж.конф. материалдары. 4 - 6 қазан, 2012 жыл. – Түркістан: Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейы, 2012. – С. 168-173.

110 Әлім О. Қазақ халқының кілем тоқу дәстүріндегі кейбір беймәлім аспектілері жөнінде // «II Арғынбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б.265-268.

111 Болсынбек Т. Қазақтың алаша тоқу дәстүрінде қолданылатын халықтық терминдер // «II Арғынбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 268-271.

112 Жунусова М. Высокое искусство казахских зергеров (по материалам коллекции ювелирных украшений из фондов ЦГМ РК) // Материалы Международной научно-практической конференции «II Арғынбаевские чтения». – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – С.436-437.

113 Қатран Досымбек. Үй мүлкіне қатысты қазақтың дәстүрлі терминологиясы // «II Арғынбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 201-203 .

114 Тұрсымбекова Р.О. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музей қорында сақталған «Киелі киіз үй» // «II Арғынбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 407-409.

115 Қақабаев Б. Аққу ішік. Қазақ тарихы. 2014. - № 7-8 (146-147). – Б. 67-69.

116 Орынбасар Ә. Қазақтың дәстүрлі киіз басу өнері (ҚР Мемлекеттік Орталық музейі қорының материалдары негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2015. - №4 (47). – Б.199-202 .

117 Болсынбек Т. Қазақ тұрмысындағы дәстүрлі ши тоқу өнері (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі материалдары негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2015. - №4 (47). – Б.195-198.

118 Смағұлов Б., Ермекбаева А. 1920 жылдардағы Қазақстанда этнографиялық зерттеулердің кейбір қырлары // Хабаршы. Тарих сериясы. 2022. - №1 (104). – Б. 125-134.

119 Болсынбек Т. Жүн ұқсату үрдісіндегі халықтық атаулар мен ұғымдар // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары»

халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 20–21 мамыр, 2021 жыл. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – Б. 339-344.

120 Қақабаев Б.С. Тері өңдеу ісі – қазақтың дәстүрлі кәсіпкерлігінің негізгі бағыттарының бірі // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 20–21 мамыр, 2021 жыл. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – Б. 327-331.

121 Ахметжан К.С. Казахские кинжалы и тесаки (исследование на основе музейных и иконографических материалов) // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 20-21 мамыр, 2021 жыл. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – Б. 384-398.

122 Ибраева Л.К. Орталық Мемлекет музейінде ағаш,тері, сүйек қорының қалыптасу тарихы // «Ежелгі және ортағасырлардағы мәдени байланыстар: жаңа зерттеулер мен ашылымдар» тақырыбында Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың 100 жылдығына арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 28-29 қазан, 2022 жыл. –Алматы: «Қазақ университеті», 2022. – Б.169-172.

123 Казахский народный костюм. Альбом. М-во культуры Казахской ССР; Центр. гос. музей Казахской ССР. Отв. ред. С.С. Есова. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. – 60 с.

124 Ахметова Ш.К. Этнографическая коллекция Омского городского дворца творчества детей и юношества // Проблемы музееведения и народная культура. – Новосибирск: Наука. Сиб. Предприятие РАН, 1999. – С. 179-198.

125 Ахметова Ш.К. Казахи Западной Сибири и их этнокультурные связи в городской среде. – Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН, 2002. – 104 с.

126 Захарова И.В. Казахская этнографическая коллекция в музее археологии и этнографии Омского государственного университета // Музей и общество на пороге XXI века. Материалы Всероссийской научной конференции, посвященной 120-летию Омского государственного историко-краеведческого музея. – Омск: Издательство ОГИК музея, 1998. – С. 245-246.

127 Захарова И.В., Патрушева Г.М. Культура казахов в коллекциях омских музеев // Степной край Евразии: историко-культурные взаимодействия и современность: Тезисы докладов и собраний III научной конференции. – Омск: Издательство ОмГУ, 2003. – С. 110-111.

128 Захарова И.В., Патрушева Г.М. Музейные коллекции по этнографии казахов в Омске // История, археология и этнография Павлодарского Прииртышья. – Павлодар, 1999. – С. 59-61.

129 Захарова И.В., Патрушева Г.М. Основные этапы формирования музейных коллекций по культуре и быту казахов в Омске // Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII-XX вв.): Международная научная конференция, посвященная 175-летию образования Омской области. Тезисы докладов и сообщений. – Омск: Омский гос. университет, 1998. – С. 192-194.

130 Каримова М.С. Особенности коллекций по культуре и быту казахов в Новосибирском областном краеведческом музее // Прошлое Прииртышья. – Омск: Издательство Омск. гос. университета, 1990. – С. 32-33.

131 Томилов Н.А. Казахи // Музей археологии и этнографии Омского государственного университета. Этнографическая экспозиция. – Омск, 1994. – С. 41-47.

132 Томилов Н.А. Музей и этнографические краеведение Сибири на современном этапе // Словцовские чтения. – Тюмень, 1997. – С. 38-41.

133 Томилов Н.А. О каталогизации и издании серии каталогов этнографических фондов сибирских музеев // Известия Омского государственного историко-краеведческого музея. – Омск: ОГИК музеев, 1999. - №7. – С. 72-77.

134 Томилов Н.А. О научной паспортизации и каталогизации этнографических фондов музеев Западной Сибири // Ежегодник Тюменского областного краеведческого музея. – Тюмень, 1999. - С. 170-187.

135 Томилов Н.А. Этнографические коллекции в омских музеях // Советская этнография. – 1984. - № 5. – С. 84-95.

136 Томилов Н.А. Этнографические работы среди казахов Омской области 1976 г. // Народная культура: личность, творчество, досуг (Этнокультурный и творческий потенциал личности в пространстве досуга). – Омск, 2003. – С. 93-95.

137 Томилов Н.А. Этнография и этнографическое музееведение Сибири во второй половине XX в. // Музей и общество на пороге XXI века. Материалы Всероссийской научной конференции, посвященной 120-летию Омского государственного историко-краеведческого музея. – Омск: Издательство ОГИК музея, 1998. – С. 16-19.

138 Культура казахов в коллекциях Омского государственного историко-краеведческого музея. Отв. ред. И.В. Захарова, Н.А. Томилов. – Томск: Издательство Том. Университета, 1995. – 191 с.

139 Культура казахов в коллекциях Омского государственного историко-краеведческого музея. Отв. ред. И.В. Захарова, Н.А. Томилов. – Омск: Издательский дом Наука, 2004. – 48 с.

140 Смелякова А.В. Казахские этнографические коллекции в музейных собраниях Западной Сибири: дисс. ...канд.культ.:24.00.03. – Омск, 2008. – 189 с.

141 Стасевич И.В. Брак и семья у казахов в конце XIX- в начале XX вв. Время и традиция // Центральная Азия: традиция в условиях перемен. – СПб.: МАЭ РАН, 2009. – Вып. 2. – С. 93-111.

142 Стасевич И.В., Попова Л.Ф. Казахский костюм в собраниях РЭМ и МАЭ РАН // Альманах «Тюркский мир». – Астана, 2012. – Вып. 1. – С. 604-627.

143 Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность. – СПб.: Наука, 2011. – 199 с.

144 Прищепова В.А. Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX – начала XX века в собраниях Кунсткамеры. – СПб.: Наука, 2011. – 452 с.

145 Прищепова В.А. Коллекции заговорили. История формирования МАЭ по Средней Азии и Казахстану (1870-1940). – СПб.: Наука, 2000. – 324 с.

146 Прищепова В.А. К 150-летию со дня рождения С.М. Дудина – художника, этнографа (по материалам МАЭ РАН) // Антропологический форум, 2011. - № 15. – С. 608-649.

147 Прищепова В.А. Черманова М.Б. Из коллекций по этнографии казахов // Известия Национальной Академии Наук Республики Казахстан, Серия общ. наук. 1993.- № 5. (191). – С. 69-76.

148 Прищепова В.А. Традиционная культура народов Центральной Азии по фотоколлекциям Музея народоведения в собраниях МАЭ (1920-1930-е гг.) // Центральная Азия: традиция в условиях перемен. – СПб.: МАЭ РАН, 2009. – Вып. 2. – С. 323-375.

149 Курылев В.П. Некоторые древнетюркские элементы в традиционной культуре казахов // Кунсткамера: Этнографические тетради. – 1993. – Вып. 2-3. – С. 51-57.

150 Курылев В.П. Казахский женский свадебный головной убор: к истории происхождения (по коллекции МАЭ) // Лавровские (Среднеазиатско-Кавказские) чтения, 1996-1997 гг. – СПб.: МАЭ РАН, 1998. – С. 65-67.

151 Курылев В.П. Казахские войлочные изделия в собраниях Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН // Лавровские (Среднеазиатско-Кавказские) чтения, 1998-1999 гг. – СПб.: МАЭ РАН, 2001. – С. 87-90.

152 Курылев В.П. Скот, земля, община у кочевых и полукочевых казахов (вторая половина XIX – начало XX века). – СПб.: МАЭ РАН, 1998. – 296 с.

153 Попова Л.Ф. Вышивка в традиционном костюме казахов (по материалам коллекции РЭМ) // Лавровские (Среднеазиатско-Кавказские) чтения, 1996-1997 гг. – СПб.: МАЭ РАН, 1998. – С. 71-73.

154 Попова Л.Ф. Казахские женские свадебные головные уборы саукеле: опыт локальной классификации (по материалам РЭМ) // Музей. Традиции. Этничность. XX-XXI вв. Материалы международной научной конференции, посвященной 100-летию Российского Этнографического музея. – СПб.: Кишинев: Славия, 2002. – С. 136-140.

- 155 Попова Л.Ф. Богатство в системе традиционных ценностей казахов в XIX в. // Лавровские (Среднеазиатско-Кавказские) чтения, 2003-2005 гг.: Тезисы докладов. – СПб.: МАЭ РАН, 2005. – С. 90-92.
- 156 Попова Л.Ф. Коллекция казахской одежды в собрании Российского этнографического музея // Лавровские (Среднеазиатско-Кавказские) чтения, 2002-2003 гг.: Тезисы докладов. – СПб.: МАЭ РАН, 2003. – С. 127-129.
- 157 Дмитриев В.А. Фонд Этнографического отдела Русского музея по культуре народов Востока: история формирования и судьба (1901-1930-е гг.). – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2012. – 832 с.
- 158 Дмитриев В.А., Попова Л.Ф. Экспозиция Российского этнографического музея «Народы Средней Азии и Казахстана», «Народы Южного Кавказа» как опыт регионального подхода // Музей. Традиции. Этничность. – СПб.: Славия, 2012. - №2. – С. 86-98.
- 159 Ермекбаева А., Әлімбай Н., Смагулов Б. Оренбургский период в истории Центрального государственного музея Республики Казахстан (1831–1929) // Oriental Studies. 2022. - Vol. 15, Is. 3. – P. 436-450.
- 160 Станюкович Т.В. Этнографическое музееведение // Этнография и смежные дисциплины. Этнографические субдисциплины. Школы и направления. Методы. – М.: Наука, 1988. – С. 111-112.
- 161 Этнография: Учебник/под ред. Ю.В. Бромлея и Г.Е. Маркова. – М.: Высш. школа, 1982. – 320 с.
- 162 Томилов Н.А. О музееведении и некоторых дефинициях // Проблемы музееведения и народная культура. – Новосибирск, 1999. – С. 7-24.
- 163 Российская музейная энциклопедия. Интернет ресурс http://museum.ru/rme/col_vid.asp?etn 25.12.2021.
- 164 Дмитриев В.А., Калашникова Н.М. Этнографические коллекции // Российская музейная энциклопедия. – Москва: Прогресс, «РИПОЛ КЛАССИК», 2001. – Т.2. – С. 363-364.
- 165 Ермекбаева А. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорындағы Орталық Азия түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты этнографиялық коллекциялар жинағы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2022. - №1(72). – Б. 132-145.
- 166 Модестов Н. Исторический очерк. Владимир Иванович Даль в Оренбурге. – Оренбург: Тург.Обл.Правления, 1913. – 97 с.
- 167 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің жеке қоры материалдары. Түсім кітабы № 4372-4393.
- 168 Кереева-Канафиева, Кальсим Шакировна. Дореволюционная русская печать о Казахстане: Из истории русско-каз. лит. связей. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1963. – 303 с.

169 Музейное дело России: монография. Акад. переподгот. работников искусства, культуры и туризма, Рос. ин-т искусствознания М-ва культуры РФ ; Под общ. ред. М. Е. Каулен (отв. ред.), И. М. Коссовой, А. А. Сундиевой. – М.: ВК, 2003. – 612 с.

170 ҚР ОМА Ф. 44. Оп. 1. Д. 38604. Л. 40

171 Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для высшей школы. – 2-е изд. – М.: Академический Проект, 2004. – 560 с.

172 Малышев М., Познанский В. Чингис Валиханов как этнограф, собиратель казахской старины // Первые этнографы Казахстана. – Алматы: Білім, 2019. – С. 17-34.

173 Скопа В.А. Вклад статистических комитетов степного края в формирование музейных фондов в последней трети XIX — начале XX в. // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, – 2012. – № 2, Ч. 1. – С. 185-187.

174 Касымбаев Ж. История города Семипалатинска (1718–1917 гг.) – Алматы: Өлке, 1998. – 276 с.

175 Ыбраева А.Ғ. Қазақстан музейлерінің коллекциялық қорын қалыптастырудың теориялық мәселелері // М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Хабаршысы. – Петропавл: «М. Қозыбаев атындағы СҚУ», 2019. – № 1 (42). – Б. 89-95.

176 Ибраева А.Ғ., Құнанбаева Ш.Б. Қазақстан жеріндегі алғашқы музейлердің коллекциялық қорын қалыптастырудың ерекшеліктері // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. – 2016. – № 3 (07).

177 Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің жеке қоры материалдары. Болат Сарыбаевтың жеке коллекциясынан алынған музыкалық аспаптар. № 43 акт. 10.10.2014 ж.

178 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы дәстүрлі қазақ мәдениетінің этнографиялық бұйымдар каталогі. – Ақтөбе: Хабар-Сервис, 2013. – 148 б.

179 Сарыарқаның тарихи-мәден құндылықтары. Ғылыми каталог. 2 бөлім. – Қарағанды: Типография «Tengri LTD», 2018. – 194 б.

180 Жетісу облысының Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі. <http://museum.zhetisu-gov.kz/pages/8/> 09.09.2024

181 Столпянский П.Н. Город Оренбург: материалы к ист. и топогр. города. – Оренбург: Губерн. тип., 1908. – 399 с.

182 Райский П.Д. Путеводитель по городу Оренбургу. – Оренбург: Оренбург книжное издательство, 2000. – 176 с.

183 Әлімбай Н. Қазақстан республикасы мемлекеттік орталық музейіне 190 жыл // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «ХІІІ Оразбаев

окулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – Б. 4-5.

184 Дебу И.Л. Топографическое и статистическое описание Оренбургской губернии в нынешнем ее состоянии. – М.: В Унив. тип., 1837. – 224 с.

185 Мусаханова М.З. Из истории Центрального государственного музея Республики Казахстан // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2006. – №2. – С. 93-98.

186 Еремина Н.А. История становления и развития музейного дела в Оренбургском крае в XIX–XX вв.: автореф. ...канд.ист. наук: 07.00.02 – Оренбург, 2006. – 26 с.

187 Модестов Н. Исторический очерк. Владимир Иванович Даль в Оренбурге // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – Оренбург: Тург.Обл.Правления, 1913. – Вып. 27. – 92 с.

188 Модестов Н. Н. Магистр философии Фома Карлович Зан в Оренбурге // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – Оренбург: Типография Тургайской Областной Управы, 1917. – Вып. 35. – С.7 - 56.

189 Комлев Ю.Э. Музей в трех веках (из истории Оренбургского областного историко-краеведческого музея) // Материалы Лихачевских чтений. 5-7 апреля 2006. – Казань: РИЦ «Школа», 2007. – С. 105-117.

190 ЦГА. Ф.1308. Оп.1. Д.5. св.1. Л.1.

191 ЦГА РК. Ф. 81. Оп.1. Д. 437.

192 Доклад о деятельности Кирнаркомпроса за 1921–22 учебный год. Киргизская АССР Нар. ком. просвещения. – Оренбург, 1922. –109 с.

193 ЦГА РК. Ф. 1308. Оп. 1. Д. 39.

194 Ибраева А.Ғ., Колумбаева З.Е. Кеңес кезеңіндегі қазақстан музейлерінің қорларын жабдықтаудың ерекшеліктері // Отан тарихы. 2016. – №3 (75). – Б. 133-141.

195 Административно-территориальное устройство Казахстана с 26 августа 1920 г. по 17 января 1928г. (губернское деление). Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920-декабрь 1936г.). – Алма-Ата: Управление МВД Казахской ССР, 1959. – С. 13-21.

196 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі. Фотоальбом. – Алматы: Өнер, 2009. – 176 б.

197 Алимбай Н., Смагулов Б., Какабаев Б., Ермекбаева А. К предистории центрального государственного музея Республики Казахстан (1831-1929 гг.): оренбургский период // Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы Қалыш Аманжол Боранбайұлының 70 жасқа толуына орай «Еуразия кеңістігіндегі этнология мен антропологияның және музеологияның өзекті мәселелері: дәстүрлер мен инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференция материалдары. 30 наурыз 2024. – Алматы: «Қазақ университеті», 2024. – С. 272-293.

198 ЦГА РК. Ф. 1308. Оп.1. Д.63.

199 ЦГА РК. Ф. 1308. Оп. 1. Д. 202

200 ЦГА РК. Ф. 1876. Оп. 1. Д. 301

201 ЦГА РК. Ф. 1308. Оп. 1. Д. 6

202 ЦГА РК. Ф. 1876. Оп. 1. Д. 42.

203 ЦГА РК. Ф. 1876. Оп. 1. Д. 78.

204 ЦГА РК. Ф. 1308. Оп. 2. Д. 18

205 ЦГА РК. Ф. 1308. Оп. 3. Д. 378

206 Ашимова Ү. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы ұлттық киімдердің жинақталу тарихы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2011. – № 1 (60). – Б.154-157.

207 Әлімбай Н., Уәли Н., Шойбеков Р. Киіз үй // Қазақстан тарихы. Энциклопедия. – Алматы: «Литера-М» ЖСШ, 2019. – Т.2. – Б. 259-273.

208 Тайжанова Г.Е. Казахи. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.

209 Маковецкий П. Юрта (летнее жилище киргиз) // Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО. Кн.XV, вып.III. Омск, 1893. – С. 1-16.

210 Вайнштейн С.И. Мир кочевников Центральной Азии. – М.: Наука, 1991. – 296 с.

211 Әлімбай Н. Қазақтың дәстүрлі тіршілікқамы мәдениетінің типологиялық сипаттамасы // Ұлы даланың тарихи келбеті. Ғылыми каталог. – Алматы: ҚР Мемлекеттік орталық музейі, 2018. – Б. 249-254.

212 Маргулан А. Казахская юрта и ее убранство // Мир казаха. – Алматы: Институт развития Казахстана, Международный фонд им. академика Алькея Маргулана, 1997. – С. 45-55.

213 Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография, 1976. – №4. – С. 42-62.

214 Қақабаев Б. Жолым үй // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. - Т.2. – 562 б.

215 Жолдасбаев С. Материальная культура казахов XV – XVIII вв. (по археологическим данным): автореф.дисс. ... канд.ист.наук: 07.00.06. – Алматы, 1975. - 43 с.

216 Труды Частного совещания, созванного двадцатого мая 1907 года степным генерал-губернатором по вопросам о нуждах киргизов Степного края. – Омск, 1908. – 93 с.

217 Шнэ Е. Зимовки и другая постоянная сооружения в кочевников Акмолинской области // Записки Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. Кн. 17, – Омск, 1894. - Вып. 1. – С. 1-18.

218 Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков // Казаки. Антропологические очерки. – Вып. 2. (М-лы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып. 11. Серия казахстанская). – Ленинград, 1927. – С. 108-134.

219 Харузин Н. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России. – Москва: Т-во скоропечатни А. А. Левенсон, 1896. – IV. – 124, IV с. : ил. – Извлеч. из "Этногр. обозрения", 1896. - № 1-2.

220 Руденко С. Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки. Антропологические очерки. Вып. 3. Сб. статей антропол. отряда Казакстанской экспедиции Акад. наук СССР. Исследование 1927 г. (Материалы Комис. экспедиц. исследований. Вып. 15. Серия казахстанская). – Ленинград, 1930. – С. 1-72.

221 Әлімбай Н. Киім-кешек. Қазақстан тарихы. Энциклопедия. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2019. – Т.2. –Б. 273-279.

222 Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. Альбом. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.

223 Қатран Д., Қырықбаева Э. Үй мүлкіне, тағам-тамаққа қатысты қазақтың дәстүрлі терминологиясы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(77). – 2023. – Б. 244-255.

224 Ерғазықызы Қ. Е. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқтары (тарихи-этнологиялық зерттеу). Тарих. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1994. – 120 б.

225 Әлімбай Н. Дәстүрлі қазақ кілемі мен шаруашылық және тұрмыстық тоқыма бұйымдары: түрлері, композициясы, семантикасы // Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті. Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде). – Алматы-Стамбул: Intellservice, 2018. – Б. 271-323.

226 «XIX-XX ғғ. Қазақстанның зергерлік өнері». Каталогы. – Алматы: Атамұра корпорациясы, 2008. – 304 б.

227 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 248 б.

228 Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 216 б.

229 Хасенов С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар // Мәдени мұра ғылыми журнал.– Нұр-Сұлтан, 2021. - №4 (95). – Б.76-87.

230 Жәкіш Зәбира. Музыка аспаптары әлеміне саяхат // Ұлт тағылымы, 2000. – №2. – Б. 53-58.

231 Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Өнер, 1980. – 208 б.

232 Ең көне аспап немесе Ықылас музейі. <https://qazaqadebieti.kz/27391/e-k-ne-aspar-nemese-y-ylas-muzeji> 07.02.2025.

233 «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі» РМҚК 2020 жылы атқарған жұмысының қорытынды есебі. – Алматы, 2020. – 176 б.

- 234 Основы музееведения: учебное пособие. Отв. ред. Э.А. Шулепова. – М.: Книжный дом «Либроком», 2013. – 430 с.
- 235 Юренева Т. Музееведение: Учебник для высшей школы. – М.: Академический Проект, 2003. – 560 с.
- 236 Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012822> 07.08.2024.
- 237 Современный художественный музей. Проблемы деятельности и перспективы развития. Сб. науч. тр. – Ленинград, 1980. – 164 с.
- 238 Щурина Е.Г. Каталогизация музейного собрания. Система музейных каталогов. Подготовка к изданию каталогов музейных собраний // Вестник Кирилло-Белозерского музея. – Вестник 2. – Июнь, 2011. <http://www.kirmuseum.ru/issue/guide/detail.php?ID=48699> 14.03.2023.
- 239 Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы өнер музейі. Фотоальбом. – Алматы: Өнер, 2003. – 160 б.
- 240 Зергерлік бұйымдар коллекциясы. Ғылыми каталог. – Алматы: «Балауса», 2020. – 432 б.
- 241 Қару-жарақтар коллекциясы. Ғылыми каталог. – Алматы: «Балауса», 2020. – 256 б.
- 242 Саз аспаптар коллекциясы. Ғылыми каталог. – Алматы: «Балауса», 2020. – 304 б.
- 243 Бауман В. Верблюды. Краткие сведения по гигиене верблюда с описанием наиболее распространенных болезней среди верблюдов. – М.: Ленинград: Гос. изд-во с.-х. и колхоз. кооп. лит-ры, 1931. – 108 с.
- 244 Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 256 с. + 4 карта.
- 245 Ищенко М.М., Казбекова И.С., Ларина И.В., Щелокова Б.К. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Вып. VI. – Л., 1928.
- 246 Казахи. Антропологические очерки. Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып XI – Л.: АН СССР, 1927. – 223 с.
- 247 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 б.
- 248 Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. – СПб.: Издание А.Ф.Девриева, 1911. - 188 с.
- 249 Алимбай Н. Традиционные казахские ковры и ковровые изделия: виды, композиция, семантика (на материалах Центрального Государственного музея Республики Казахстан) // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии, – 2021. - №74(4). – С. 55–71.

ҚОСЫМША А

Кесте А.1 - Қазақстан Республикасы музейлерінің түрлері бойынша бөлінуі. Мәдениет статистикасы. Қазақстан Республикасындағы кітапханалар мен музейлердің қызметі (шығарылған күні: 2024 жылғы 18 сәуір)

	Музейлер саны	Оның шінде						
		тарихи	өлкетану	мемориалдық	табиғи-ғылыми	өнертану	қорық-музейлер	басқалары
Қазақстан Республикасы	275	48	112	65	4	12	14	20
Абай	9	1	5	1	-	1	1	-
Ақмола	17	х	10	2	1	-	-	3
Ақтөбе	21	2	12	6	-	х	-	-
Алматы	16	2	1	6	-	-	2	5
Атырау	16	1	10	х	х	х	1	-
Батыс Қазақстан	20	3	9	5	1	1	1	-
Жамбыл	17	3	8	5	-	-	1	-
Жетісу	13	4	1	4	-	1	-	3
Қарағанды	16	3	11	1	-	1	-	-
Қостанай	9	2	4	3	-	-	-	-
Қызылорда	14	2	8	4	-	-	-	-
Маңғыстау	7	-	5	2	-	-	-	-
Павлодар	12	-	5	4	-	1	-	2
Солтүстік Қазақстан	13	2	4	5	-	1	1	-
Түркістан	27	4	12	5	-	1	3	2
Ұлытау	6	3	2	-	-	-	1	-
Шығыс Қазақстан	9	2	4	-	-	1	2	-
Астана қаласы	8	2	-	4	-	-	1	х
Алматы қаласы	20	7	-	6	1	2	-	4
Шымкент қаласы	5	4	1	-	-	-	-	-

ҚОСЫМША Ә


Тұрғын үй типтері



Сурет Ө. 1 – Киіз үй. Тарихи этнография залы. Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік орталық музейі




Сурет Ә. 2 – Профессор Х. Арғынбаев жетекшілік еткен 1959-1960 жылдары жүргізілген этнографиялық экспедицияның материалынан. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорынан




А – дом жилой. В – пристройка жилая. С – загон для скота – сени. D – гумно, окруженное забором и рвом. 1 – кучи соломы. Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков // Казаки. Антропологические очерки. – Ленинград, 1927. – С. 111.

Сурет Ә. 3 – Ауыл қыстауының жоспары. II-ой Адаевс. вол. Адаи.
Суретті салған Шаймуханова Д.



А – дом жилой. В – сарай скотный-сени. С – гумно, окруженное валом и рвом. 1 – ток для молотбы. 2 – кучи соломы. Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков // Казаки. Антропологические очерки. – Ленинград, 1927. – С. 116.

Сурет Ә. 4 – Токсамбай ауыл қыстауының жоспары. Адаи.
Суретті салған Шаймуханова Д.



А – дом жилой. В – С – загон скотский. D – гумно, окружен забором из навоза. 1 – ток для молотбы. 2 – стога соломы. Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков // Казаки. Антропологические очерки. – Ленинград, 1927. – С. 126.


Сурет Ә. 5 – План зимника Бәсинча. Разрез жилого дома. Алимь.
Суретті салған Шаймуханова Д.



Сурет Ә. 6 – Қыстау диорамасының макеті. Профессор У. Шәлекенов атындағы этнография музейі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих факультеті

ҚОСЫМША Б

Кілем композициясының негізгі элементтері



Сурет Б. 1 – Кілем композициясының негізгі элементтерінің дәстүрлі атауы. Сурет Н. Әлімбайдың «Дәстүрлі қазақ кілемі мен шаруашылық және тұрмыстық тоқыма бұйымдары: түрлері, композициясы, семантикасы» атты мақаласынан алдынды [225, 278б.]



Сурет Б. 2 – Сыр кілемі («қоңыраткілем»). XX ғ. I-жартысы. 160х335 см. КП 879
Сурет Н. Әлімбайдың мақаласынан алынды [249. С. 55–71.]

ҚОСЫМША В

Қалалық, өңірлік және қорық музейлердегі сирек кездесетін этнографиялық артефактілер

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей «Қазақ қолөнері бұйымдары этнографиялық дереккөз ретінде» мақсатты жобасы (2018-2020) аясындағы экспедиция материалдары негізінде



Сурет В. 1 – Күміс қақталған, өрнек шекілген тұрмыстық бұйымдар:
а,ә – тістеуік; б – шымшуыр; в – қырғыш.

Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейінің Ақмешіт қала тарихы музейі филиалы



а) Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі;
ә) Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейі

Сурет В. 2 – Қазан қырғыш/қаспақ қырғыш



Сурет В. 3 – Ошақ, оның фрагменті.
Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі



Сурет В. 4 – Ошақ, оның фрагменті.
Қызылорда облысы, Қожан қожа әулие, түнеухана музей экспозициясы



Сурет В. 5 – Ошақ, оның фрагменттері.
Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейі



Сурет В. 6 – Түпкіш немесе қазан тұғыр.
Дәркембай Шоқпарұлы музейі. Алматы облысы, Ақши ауылы



а

ә

б



в


г

а) талыс – ұста, зергердің дорбасы Дәркембай Шоқпарұлы музейі. Алматы облысы, Ақши ауылы;
ә,б,в,г) тұзбасқақ – тұз сақтайтын ыдыс

Сурет В. 7 – Жылқының бас терісінен жасалған тұрмыстық бұйым
Маңғыстау облысы, Үстірт қорық музейі



Сурет В. 8 – Жез самаурын/қол самаурын, шоксалар ұңғысы, күл түсірер түбі фрагменті. Дәркембай Шоқпарұлы музейі. Алматы облысы, Ақши ауылы.



а,ә,б) Қызылорда облысы, Сырдария аудандық-тарихи өлкетану музейі;
в) Дәркембай Шоқпарұлы музейі. Алматы облысы, Ақши ауылы.

Сурет В. 9 – Темір тұсаулар



Сурет В. 10 – Түйе ері – ашамай.
Қызылорда облысы, Арал аудандық-тарихи өлкетану музейі



- а) Қызылорда облысы, Арал аудандық-тарихи өлкетану музейі;
 ә) Қызылорда облысы, Ақмешіт тарихы музейі.

Сурет В. 11 – Тоғанақ



- а) Ақтөбе облысы, Темір ауданы тарихи-өлкетану музейі;
 ә) Қызылорда облысы, Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейі;

Сурет В. 12 – Шәңгек



- а) Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі;
 ә) Маңғыстау облысы, Шетпе аудандық тарихи-өлкетану музейі;
 б) шанықбақ, тері қолғаумен. Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко этнографиялық музейі;
 в) Маңғыстау облысы, Үстірт табиғат қорығы музейі;
 г) Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко, Мұрын жырау музейі;
 д) Әбіш Кекілбаев атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі;
 е) Р.Карутц сызбасы.

Сурет В. 13 – Шанықбақ



Сурет В. 14 – Сақпан. Қызылорда облысы, Су шаруашылығы музейі.



а) жадыра; ә,б) ау тоқтитын ине, сызғыш; в) ілме; г) сүймен.

Сурет В. 15 – Балық аулау кәсібі құралдары:
Қызылорда облысы, Арал тарихи-өлкетану музейі, Арал балықшылар музейі.




а



ә

- а) Ғани Мұратбаев музейі. Қызылорда облысы, Қазалы қ.;
ә) Арал тарихи-өлкетану музейі.

Сурет В. 16 – Мардан



Сурет В. 17 – Тұскесте, масаты, парша, жібек жіп, үкі.
Абайдың қыстау үйі. «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-
мемориалдық музей-қорығы



Сурет В. 18 – Сүйек сандықтар. Абайдың қыстау үйі. «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы



а) дулыға; ә) пілтелі берен мылтық. Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы

Сурет В. 19 – Қару-жарақ палатасынан



а) өңіржиек; ә) түйме;

Сурет В. 20 – Зергерлік бұйым коллекциясы, 1 парақ



б



в

б) қапсырма; в) шекелік. Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы

Сурет В. 20 – Зергерлік бұйым коллекциясы, 2 парак



а

ә



б



в



г

а) кестелі көйлек, қаракол қамзол; ә) түрме белбеу; б) кестелі шыт орамал; в) темір сандық, ағаш сандық; г) құлан-тулақ;

Сурет В. 21 – Үстірт қорығы этнографиялық қорынан:
күрек, 1 парак



ғ) шаруашылық құралдар: шоқыр, шот балта, темір құрсаулы ағаш

Сурет В. 21 – Үстірт қорығы этнографиялық қорынан:
күрек, 2 парак



Сурет В. 22 – Аю қақпан. Шығыс Қазақстан. Қақпан қорасында төте жазумен жазу шекілген, екі сөзі өшіп кеткен. Жазуы: Би Қызылқан Ахметұлы 1961 жылы.

Алматы қаласы тарихы музейі.



Сурет В. 23 – Аймақтық, рулық ерекшелікті көрсететін кимешек коллекциясы.
«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі